

Нұр-Мұбарак Египет Ислам мәдениеті университеті

ӘОЖ 297.17

Қолжазба құқығында

БЕЙСЕНБАЕВ БАКТЫБАЙ ҚЫДЫРБАЕВИЧ

**ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ИСЛАМИ БІЛІМ БЕРУ: ТАРИХЫ, ҚАЗІРГІ
ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ ДАМУ КЕЛЕШЕГІ**

6D021500 – Исламтану

Философия докторы (Ph.D.) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған
диссертация

Отандық ғылыми кеңесші:
Философия ғылымдарының кандидаты,
доцент
Альмухаметов Алий Рауфович

Шетелдік ғылыми кеңесші:
Саясаттану ғылымдарының докторы,
профессор
Мухамедшин Рафик Мухамедшович

Алматы, 2025

МАЗМҰНЫ

	НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....	3
	КІРІСПЕ.....	4
1	ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ИСЛАМДЫҚ БІЛІМ: ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ МЕН ДАМУЫ.....	15
1.1	Ислам дінінің қазақ даласына енуі: тарихи кезеңдері мен ерекшеліктері.....	15
1.2	Исламдық білім беру жүйесінің қалыптасуы және өркениеттік ықпалы.....	32
	1.2.1 Ислами білім берудің негізгі «әл-Аслия» ғылымдары.....	40
	1.2.2 Ислами білім берудің қосалқы «әл-Әлаат» ғылымдары.....	56
1.3	Орталық Азия мен қазақ өлкесіндегі ғұламалар мұрасы мен медреселердің әлеуметтік рөлі.....	86
	Бірінші бөлім бойынша тұжырым.....	107
2	ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ИСЛАМДЫҚ БІЛІМ БЕРУДІҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ: ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ ҚҰРЫЛЫМДАР МЕН ОҚУ ӘДІСТЕМЕЛЕРІ.....	109
2.1	Қазақстандағы исламдық білім беру: әдеби шолу.....	109
2.2	Қазақстандағы қазіргі исламдық білім беру мекемелерінің қызметі.....	119
2.3	Медресе-колледждердегі білім беру құрылымы.....	137
	Екінші бөлім бойынша тұжырым.....	156
3	ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ИСЛАМИ БІЛІМНІҢ ДАМУ КЕЛЕШЕГІ.....	158
3.1	Қазақстан Республикасындағы исламдық білім беру жүйесін жетілдіру: зерттеу нәтижелері.....	158
3.2	Исламдық білім: шетелдік тәжірибе.....	163
3.3	Қазақстандағы исламдық білім берудің келешегі және жетілдіру бойынша ұсыныстар.....	171
	Үшінші бөлім бойынша тұжырым.....	173
	ҚОРЫТЫНДЫ.....	175
	ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	178

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Диссертациялық жұмыста келесідей мемлекеттік құжаттарға сілтемелер жасалды:

- «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы.

- «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 11 қазандағы № 483-IV Заңы.

- «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 18 ақпандағы N 31 Заңы.

- «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 13 шілдедегі N 416-I Заңы.

- Дін саласындағы Салалық біліктілік шеңбері // <https://career.enbek.kz/storage/ork/docs/1715327582СБШ.pdf>

- «Дін саласындағы қызмет» кәсіптік стандартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің 2023 жылғы 5 қазандағы № 391-НҚ бұйрығы.

- «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы// Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 15 шілдедегі № 281 бұйрығы// <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1400009691>

- «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің мамандықтары мен біліктіліктерінің сыныптауышын бекіту туралы» Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 27 қыркүйектегі № 500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы//Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 8 сәуірдегі № 157 бұйрығы. // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2100022527#z4>

- «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 13 қазандағы № 569 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы//Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 5 маусымдағы № 234 бұйрығы.// <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800017565>

КІРІСПЕ

Зерттеу жұмысына жалпы сипаттама. Диссертациялық жұмыста ислам өркениетінің қазақ даласына таралуының тарихи кезеңдері мен оның дәстүрлі исламдық білім беру жүйесіне ықпалы ғылыми негізде талданды. Қазақстан аумағындағы ислами білім беру жүйесінде оқытылған пәндердің қалыптасуы мен даму үдерісі, олардың тарихи-танымдық негіздері мен эволюциясы терең зерттелді. Аталған пәндерге қатысты тарихи мұралар талдамалық әдістермен сараланып, олардың ғылыми және рухани-мәдени құндылығы бағаланды. Орта Азия мен Қазақстан аумағынан шыққан ортағасырлық көрнекті ойшылдар мен ғалымдардың исламдық білім беру ісіне қосқан үлесі ғылыми талдау нысанына алынып, олардың еңбектеріне мазмұндық және тарихи-танымдық тұрғыдан шолу жүргізілді. Зерттеу аясында қазіргі Қазақстандағы исламдық білім беру жүйесінің институционалдық құрылымы, оқу бағдарламалары зерделеніп, оның даму болашағы мен құрылымдық ерекшеліктері айқындалды. Бұдан бөлек, бірқатар шет мемлекеттердің исламдық білім беру тәжірибесі салыстырмалы түрде талданып, олардың тиімді тұстары мен ерекшеліктері анықталды.

Жалпы, зерттеу нәтижесінде Қазақстандағы исламдық білім беру жүйесінің тарихи қалыптасуы, қазіргі жай-күйі, даму перспективалары жан-жақты сараланып, оны жаңғыртуға бағытталған ғылыми негізделген стратегиялық ұсыныстар тұжырымдалды.

Зерттеу жұмысының өзектілігі. Ислам діні қазақ халқының этномәдени болмысы мен ұлттық бірегейлігін қалыптастыруда маңызды рөл атқарған рухани жүйе болып табылады. Қазақ даласында білім беру дәстүрі ғасырлар бойы мұсылман мектептері мен медреселер арқылы жүзеге асырылып, бұл білім беру үлгісі халықтың дүниетанымдық құрылымының ажырамас бөлігіне айналды. Осы тұрғыдан алғанда, исламдық білім беру дәстүрін зерттеу – ұлттық руханиятты жаңғырту, тарихи-мәдени мұраларды қайта зерделеу және қазіргі заманғы ислами білім беру жүйесінің тиімділігін арттыру мақсатында ерекше өзектілікке ие.

Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың [1]: *«Халқымыз мың жылдан астам уақыттан бері мұсылман өркениетінің құрамына кіреді. Ислам елімізде мәдениеттің, білім мен ғылымның өркендеуіне оң ықпал етті. Әбу Насыр әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Махмұд Қашқари сынды шығыс Ренессансындағы ұлы ғалымдар мұсылмандық ізгілік дәстүрлерін қалыптастыруға елеулі үлес қосты. Абай, Шәкәрім, Мәшһүр Жүсіп бастаған қазақ халқының рухани дүниесі Ислам ағартушылығы шеңберінде қалыптасты»*, - деген тұжырымы исламның қазақ халқының мәдени-тарихи дамуына ықпалының және ислам өркениетінің ғылыми тұрғыда кешенді зерттелуінің маңыздылығын да негіздейді.

Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алуымен діни қатынастарды құқықтық тұрғыдан реттеу қажеттілігі туындады. Бұл бағыттағы маңызды қадам ретінде 2011 жылы қабылданған «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы»

№483-IV Қазақстан Республикасының Заңы [2] атап өтуге болады. Аталған заң діни ұйымдардың құқықтық мәртебесін, қызмет ету салаларын, сондай-ақ, діни білім беру мекемелерінің заңдық негіздерін айқындап берді.

Қазақстанда исламдық білім беру саласын дамытуда құқықтық-нормативтік база қалыптасып, арнайы нормативтік актілермен және бекітілген білім беру бағдарламаларымен реттеледі. Бұл бағыттағы маңызды қадамдар ретінде 2014 жылы ҚР Білім және ғылым министрлігінің №281 бұйрығымен [3] жалпы білім беретін мектептердің 9-сыныптарына «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәнінің енгізілуін, Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің мамандықтары мен біліктіліктерінің сыныптауышын бекіту туралы ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 27 қыркүйектегі №500 бұйрығына [4] сәйкес, «Исламтану» мамандығы 022 – Гуманитарлық ғылымдар (тілдерден тыс), 0221 – Дін және теология мамандықтары қатарына қосылғанын, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының да 2018 жылғы 13 қазандағы №569 бұйрықпен [5] бекітілген сыныптаушысында «Исламтану» мамандығының мәртебесі «Гуманитарлық ғылымдар» бағыты саналатынын атауға болады.

Сонымен қатар, «Дін саласындағы қызмет» кәсіптік стандартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің 2023 жылғы 5 қазандағы № 391-НҚ бұйрығы [6] дін саласындағы мамандардың кәсіби біліктілігін жүйелеу, олардың білім мен дағдыларын нақтылау және еңбек нарығында тиімділігін арттыру мақсатында әзірленген маңызды құжат болып табылады. Ол дін саласындағы кадрларды даярлау мен дамыту жүйесін жетілдіруге, сондай-ақ, дін саласындағы қызметтің сапасын арттыруға ықпал етеді. Дін саласындағы Салалық біліктілік шеңбері [7] дін саласындағы мамандардың кәсіби деңгейлерін жүйелеу үшін қолданылады. Мысалы, 7-8 деңгейдегі діни бірлестік басшыларына стратегиялық басқару, ислам теологиясы мен құқығы, қаржы, маркетинг және халықаралық қатынастар салаларында терең білім мен дағдылар талап етіледі. Ал 3-4 деңгейдегі мамандарға діни рәсімдер мен шараларды ұйымдастыру, діни-ағартушылық пен ақпараттық түсіндіру топтарының құрамында жұмыс атқару, деструктивті діни ағымдардың алдын алуға атсалысу және діни мәселелер жөнінде кеңес беру міндеттері жүктеледі.

Бұл аталған нормативтік актілер жоғары оқу орындары мен колледждерде «Исламтану» мамандығы бойынша білім берудің заңдық негіздерін бекітіп, олардың білім беру жүйесіндегі орнын нақты айқындайды. Бұл құқықтық база исламдық білім беру жүйесінің реттелуін қамтамасыз етіп қана қоймай, оны ұлттық білім беру кеңістігіне интеграциялау мүмкіндігін де кеңейтеді.

Мемлекет тарапынан қабылданған реформалар мен құқықтық актілер исламдық білім беруді зайырлылық қағидаттары шеңберінде реттеуге және оның тиімділігін арттыруға бағытталады. Бұл реттеу исламтанулық білім беру құрылымын ұлттық білім кеңістігіне толыққанды ендіру, сондай-ақ, қоғамдағы

діни тұрақтылық пен конфессияаралық келісімді қамтамасыз ету үшін қолайлы алғышарттар қалыптастырады.

Зерттеу жұмысының зерттелу деңгейі. Исламдық білім беру жүйесін зерттеу соңғы жылдары ғылыми қауымдастықтың назарын ерекше аударып отыр. Осы саладағы бұл зерттеу тарихи-эволюциялық даму жолдарын зерделеуден бастап, қазіргі заманғы ислами білім беру құрылымдарының қалыптасу ерекшеліктері мен олардың қоғамдағы функционалдық рөліне дейінгі кең ауқымды қамтиды. Диссертациялық жұмыстың ғылыми негізін осы бағыттағы отандық және шетелдік зерттеушілердің еңбектеріне сүйене отырып қалыптастыру көзделді.

Қазақстанда діни білім беру жүйесінің тарихи қалыптасуы мен құрылымдық ерекшеліктері, сондай-ақ, медреселік білімнің қазақ қоғамындағы орны мен оның әлеуметтік-философиялық қырлары отандық зерттеушілер тарапынан жан-жақты талданған. Бұл бағытта айрықша үлес қосқан ғалымдардың қатарында Дербісәлі А. [8], Керім Ш. [9], Кенжетай Д.Т. [10], Кусаинов Д.У., Сейтахметова Н.Л., Нуров М.М., және Куттыбекқызы Г. [11], Байтенова Н.Ж. [12], Бегалинова К.К. [13], Раздыкова Г. М. [14], Сабитов Н. [15], Абдрасилова А. [16], Альмухаметов А. [17], және Шаповал Ю.В. [18] еңбектері маңызды орын алады.

Діни білім беру кеңістігіне секуляризация үдерісінің ықпалы, зайырлы және діни білім беру жүйелерінің арасындағы өзара бәсекелестік, оқыту әдістемелерінің жаңғыру қажеттілігі, діни идеологиялық қайшылықтар, сондай-ақ, радикалды ағымдардың таралу мәселелері бойынша мазмұнды және сындарлы талдаулар Жолмұхан Т., Қайырбеков Н. [19], Mustafayeva A., Paltore Y., Pernekulova M., және Meirim I. [20] тарапынан ұсынылған.

Діни және зайырлы білім беру жүйелерінің үйлесімді қатар өмір сүруінің маңыздылығына назар аударған зерттеулер қатарында Nadirova G., Kaliyeva S., Mustafayeva A., Kokeyeva D., Arzayeva M., және Paltore Y. [21] еңбегі ерекшеленеді. Бұл авторлар исламдық білім беру арқылы рухани бірегейлік пен мәдени мұраны сақтау және дамыту мәселесін көтере отырып, білім беру жүйелері арасындағы түсіндірмелік және институционалдық қайшылықтарға да назар аударады.

Исламдық білім беру жүйесінің қазақы мәдени болмысты сақтау және рухани сабақтастықты қамтамасыз етудегі рөлі Muratkhan M., Kalmakhan Y., Tussufkhan I., Askar A., және Samet O. [22] зерттеулерінде кеңінен қарастырылған. Алайда, бұл жүйенің басқа білім беру жүйелерінен оқшаулану қаупі мен мазмұндық шектеулеріне қатысты сын-пікірлер де айтылған.

Kartabayeva Y., Soltyeva B., және Beisegulova A. [23] зерттеулерінде исламдық білім беру жүйесінің қоғамдағы орны мен трансформациясы мәселесі исламның қоғамдық өмірге енуі, діни рәміздердің белсенді көрініс табуы және заманауи технологиялардың білім беру жүйесіне енуі тұрғысынан талданған. Бұл

еңбекте деструктивті діни ағымдардың таралуына, экстремизм мен радикализмге қарсы тұру тетіктеріне ерекше мән берілген.

PhD дәрежесін алу үшін орындалған диссертациялық зерттеулер арасында М.Н. Смағұловтың (2017) «Ценностные парадигмы исламского образования: традиции и новации» зерттеу жұмысы исламдық білім берудің рухани-адамгершілік дүниетанымды қалыптастырудағы орны мен оның радикалдану үдерістерінің алдын алудағы маңызын ғылыми негізде көрсеткен [24], ал У.А. Тұңғатованың (2023) «Қазақстандағы дінтанулық білім берудің қазіргі жағдайы және даму перспективалары» тақырыбындағы диссертациялық зерттеуі дінтану саласының қалыптасуы мен оның болашағына қатысты терең теориялық тұжырымдар ұсынады [25].

Исламдық білімнің посткеңестік кеңістіктегі ерекшеліктері Мухаметшин Р. М. [26], Амирханов Р. [27], Валиуллин Р. [28], Абдуллаев М.А. [29] және басқа да зерттеушілердің еңбектерінде кеңінен қарастырылған. Бұл еңбектерде кеңестік идеологиядан кейінгі кезеңде исламдық білім беру құрылымының жаңғыруы, оның аймақтық ерекшеліктері мен діни институттардың даму динамикасы ғылыми тұрғыда сипатталады.

Исламдық білім беру жүйесін тарихи-теориялық және құрылымдық аспектіде зерделеген А. Метц, А. Мюллер, В.В. Бартольд және А.Е. Бертельс сынды ғалымдардың зерттеулері аталған білім жүйесінің институционалдық дамуын, педагогикалық ұстанымдары мен мазмұндық трансформацияларын тереңінен сипаттайды. Бұл еңбектер исламдық білімнің дәстүрлі үлгілерінен қазіргі заманғы жүйелерге дейінгі эволюциялық үдерістерді кешенді түрде талдауға мүмкіндік береді. Ал исламдық білімнің жаһандық рөлі мен тарихи сабақтастығына арналған зерттеулер қатарында Hassan N., Makdisi G., Tibawi A.L., Panjwani F., Ameen R., Samaeng R.A., Bozkurt N., және Ayhan Ö.Z. сияқты халықаралық ғалымдардың ғылыми еңбектері маңызды орын алады. Бұл зерттеулерде исламдық білім беру феномені әлемдік білім кеңістігіндегі орны, мәдени ықпалы мен тарихи дәстүрлермен сабақтастығы тұрғысынан қарастырылады.

Жалпы алғанда, бұл зерттеулер ислами білім беру мен зайырлы білім беру арасындағы өзара ықпалдастық, білім беру мазмұны мен әдістемелік тәсілдер, сондай-ақ, діни танымның қалыптасуына әсер ететін әлеуметтік факторлар сынды түрлі аспектілерге талдау жасауға мүмкіндік береді. Алайда, қазіргі исламдық білім беру жүйесін ұлттық білім кеңістігімен ықпалдастыру, оқу бағдарламалары мен әдістемелік негіздерін жетілдіру, сондай-ақ, исламтану мамандарын даярлаудың кадрлық әлеуетін арттыру сынды аспектілер толыққанды зерттелмегені байқалады. Осыған орай, исламдық білім беру жүйесінің тарихи эволюциясын, құрылымдық ерекшеліктерін және қазіргі даму үдерістерін кешенді ғылыми талдауға алу, осы ғылыми-зерттеу жұмысы үшін өзекті міндеттердің бірі болып табылады.

Қазақстандағы зайырлы қағидаттар мен діни дәстүрлер арасындағы қатынастарды талдау, исламдық білім беру жүйесінің трансформациясын заманауи білім философиясы мен дінтанулық парадигма шеңберінде зерделеу – осы саладағы қайшылықтар мен сын-қатерлерді түсінуге және алдын алуға жағдай жасайды. Бұл өз кезегінде елдегі қоғамдық тұрақтылық пен мемлекеттік-конфессиялық қатынастардың үйлесімділігін қамтамасыз етуге, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының халықаралық аренадағы беделінің артуына үлес қосады.

Зерттеу нысаны. Қазақстан Республикасындағы исламдық білім беру жүйесі және білім беру мекемелері.

Зерттеу пәні. Қазақстан Республикасындағы исламдық білім беру мекемелерінің білім беру бағдарламалары.

Зерттеу мақсаты. Қазақстан Республикасындағы исламдық білім беру жүйесінің мазмұндық және құрылымдық ерекшеліктерін жан-жақты сипаттап, оның қазіргі даму жағдайын ғылыми тұрғыда талдау, сондай-ақ, болашақ зерттеулер үшін перспективалық бағыттарды анықтау болып табылады.

Зерттеу міндеттері. Зерттеу жұмысының мақсатына сәйкес төмендегідей ғылыми міндеттерді шешу көзделеді:

1) Қазақстан аумағына ислам дінінің алғашқы таралу кезеңдерін тарихи тұрғыда талдау және исламның мәдени, әлеуметтік, рухани өмірдегі орны мен ықпалын бағалау;

2) Исламдық білім беру жүйесінің қалыптасу кезеңдерін, тарихи даму заңдылықтарын зерттеу және Қазақ даласына тараған исламдық білім беру дәстүрлерінің эволюциясын айқындау;

3) Орталық Азия және Қазақ даласынан шыққан діни ғұламалардың шығармашылығын сараптап, олардың исламдық білім беру жүйесіне қосқан үлесін зерттеу, сондай-ақ, тарихи медреселерді сипаттау;

4) Исламдық білім беру жүйесінің теориялық-әдіснамалық негіздерін және білім берудің артықшылықтары мен кемшіліктерін анықтау, халықаралық және отандық тәжірибелерге талдау жасау;

5) Қазақстан Республикасындағы исламдық білім беру жүйесінің институционалдық құрылымдарын талдау, исламдық оқу орындарының құқықтық мәртебесі мен қызметтік бағыттарын қарастыру, білім беру мекемелерінің қызметін анықтау және оның негізгі даму тенденцияларын айқындау;

6) медресе-колледждердегі білім беру құрылымын анықтау, «Исламтану»мамандығы бойынша білім беру бағдарламаларын талдау, заманауи моделін сипаттау;

7) Қазақстан Республикасындағы исламдық білім беру жүйесінің зерттеуде алынған нәтижелерді ғылыми негіздеу;

8) Қазақстандық исламдық білім беру жүйесін дамыту мақсатында шетелдік озық тәжірибелерді зерттеу және халықаралық үлгілерді қарастыру;

9) Қазақстандағы исламдық білім беру саласының өзекті мәселелерін шешуге бағытталған ұсыныстар әзірлеу, исламдық білім беруді дамытудың ғылыми негізделген стратегияларын ұсыну.

Аталған міндеттердің орындалуы Қазақстандағы исламдық білім беру жүйесінің тарихи даму кезеңдерін, қазіргі жай-күйін және болашақтағы даму перспективаларын кешенді түрде зерделеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл зерттеу исламдық білім беру саласын жетілдіруге бағытталған ғылыми негізделген практикалық ұсыныстарды жасауға жол ашады.

Зерттеудің ғылыми әдістері мен тәсілі. Зерттеу жұмысының әдіснамасы оның мақсаты мен міндеттеріне сәйкес теориялық және тәжірибелік деңгейде талдауға бағытталған ғылыми тәсілдер жиынтығына негізделеді. Бұл тұрғыда институционалдық және сипаттамалық, тарихи-генетикалық, салыстырмалы және жүйелі құрылымдық әдістер үйлесімді қолданылды. Сонымен қатар, эмпирикалық мәліметтерді жинау және интерпретациялау мақсатында контент-талдау мен герменевтикалық тәсілдер пайдаланылды.

Ғылыми-теориялық әдіс. Зерттеу барысында исламдық білім беру жүйесінің құрылымын, мазмұнын, тарихи эволюциясын және діни-ағартушылық ерекшеліктерін пайымдауда ғылыми-теориялық әдіс қолданылды. Исламдық білім беру жүйесіне қатысты отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттерге кешенді және жүйелі шолу жүргізілді. Бұл шолу әртүрлі ғылыми бағыттар мен тұжырымдамалық негіздерді, сондай-ақ, зерттеушілердің теориялық көзқарастарын талдауға бағытталды. Іріктелген теориялық материалдар зерттеу мақсатына сай жинақталып, құрылымдалып, ғылыми негізде өңделді. Ақпараттық дереккөздерді сұрыптау, сүзгілеуден өткізу және талдау кезеңдері PRISMA әдіснамасына сәйкес жүргізілді. Аталған тәсіл тарихи деректерді жүйелеуге, сонымен қатар құқықтық және ғылыми әдебиеттерге терең теориялық талдау жасауға мүмкіндік берді.

Тарихи-генетикалық әдіс. Зерттеу барысында ислам дінінің Қазақстан аумағында таралу тарихы мен оның қалыптасу кезеңдері тарихи-генетикалық әдіс негізінде талданды. Бұл тәсіл исламдық білім беру институттарының эволюциясын тарихи контексте зерделеуге мүмкіндік берді.

Салыстырмалы әдіс. Қазақстандық исламдық білім беру моделі Мысыр, Түркия, Малайзия және Өзбекстан сияқты бірқатар мұсылман елдеріндегі білім беру жүйелерімен салыстырылды. Медреселер мен қазіргі колледж үлгісіндегі ислами білім беру мекемелерінің оқыту тәжірибесі арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтары қарастырылды.

Жүйелі-құрылымдық талдау. Исламдық білім беру құрылымының ішкі компоненттері мен олар арасындағы өзара байланыстар кешенді түрде

қарастырылды. Бұл әдіс білім беру мазмұнының, сатыларының және институционалдық формаларының логикасын айқындауға мүмкіндік берді.

Эмпирикалық әдістер. Оқу үдерісін тікелей бақылау, сауалнама жүргізу, сараптамалық пікірлерді жинақтау арқылы діни білім берудегі практикалық аспектілер талданды. Бұл әдіс исламтану саласындағы білім алушылар мен мамандардың пікірін зерделеу мақсатында қолданылды.

Контент-талдау. Оқу бағдарламалары, нормативтік құжаттар, әдістемелік нұсқаулықтар және исламдық оқу орындарының ресми материалдары талданып, шариғат ғылымдарының оқытылу ерекшеліктері мен мазмұндық құрылымы анықталды.

Интерпретациялық (герменевтикалық) әдіс. Құран, хадис, фикһ және ақида секілді классикалық діни мәтіндер қазіргі білім беру контекстінде қайта түсіндірілді. Бұл тәсіл діни дәстүр мен заманауи талаптар арасындағы үйлесімділікті анықтауға бағытталды.

Институционалдық және сипаттамалық әдістер. Исламдық оқу орындарының құқықтық мәртебесі, әкімшілік ұйымдастырылуы және олардың зайырлы қоғаммен өзара әрекеттесу ерекшеліктері сипатталды.

Зерттеуде қолданылған бұл әдістер жиынтығы исламдық білім беру жүйесін пәнаралық және кешенді тұрғыдан саралауға, теориялық тұжырымдарды негіздеуге және тәжірибелік ұсыныстар әзірлеуге толық мүмкіндік туғызды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы. Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы төмендегідей нәтижелермен сипатталады:

1) Қазақ даласына ислам дінінің таралу тарихы мен кезеңдері жүйелі түрде талданды, соның нәтижесінде исламның әлеуметтік-мәдени институт ретінде қалыптасуындағы рөлі, сондай-ақ, оның жергілікті дәстүрлермен өзара ықпалдасу үдерісі мен рухани құндылықтар жүйесіне ықпалы алғаш рет кешенді түрде зерделенді.

2) Исламдық білім беру жүйесінің эволюциялық дамуы тарихи, мәдени және педагогикалық аспектілер негізінде жан-жақты зерттелді, білім мазмұны мен құрылымындағы өзгерістер ғылыми негізде сарапталып, дәстүрлі және реформалық бағыттардың өзара байланысы көрсетілді.

3) Орталық Азия мен Қазақстаннан шыққан көрнекті ислам ғұламаларының діни-ағартушылық қызметі мен ғылыми мұрасына исламтанулық тұрғыда талдау жасалып, олардың білім беру жүйесіне қосқан үлесі мен рухани-ғылыми дәстүрді жалғастырудағы орны айқындалды.

4) Исламдық білім берудің халықаралық және отандық тәжірибелеріне салыстырмалы талдау жүргізілді, бұл арқылы ислами білім беру жүйесінің артықшылықтары мен кемшіліктері ғылыми тұрғыда анықталып, тәжірибелерді тиімді бейімдеудің жолдары ұсынылды.

5) Ислами оқу орындарындағы қолданыстағы білім беру бағдарламаларына кешенді салыстырмалы талдау жүргізіліп, олардың мазмұндық тиімділігі, діни-ағартушылық әлеуеті және исламтану сапасына ықпалы айқындалды.

6) Қазақстандағы медресе-колледждердегі білім беру бағдарламалары кезеңдік тұрғыда сарапталып, олардың тарихи даму сатылары, құқықтық мәртебесі және қазіргі заман талаптарына бейімделу үдерістері ғылыми негізде зерделенді.

7) Исламдық білім беру жүйесінде кәсіби маманның қалыптасу моделі әзірленіп, оның мазмұны ұлттық құндылықтармен, дәстүрлі діни ілімдермен және заманауи білім беру стандарттарымен ұштастырылды.

8) Мысыр, Түркия, Малайзия, Өзбекстан және өзге де елдердегі исламдық білім беру жүйесінің озық тәжірибелері талданып, оларды Қазақстан жағдайында тиімді бейімдеудің ғылыми негіздері тұжырымдалды.

9) Исламдық білім беру жүйесін жетілдіруге бағытталған стратегиялық және қолданбалы сипаттағы ғылыми ұсыныстар әзірленді, бұл саладағы өзекті мәселелерді шешуге мүмкіндік беретін нақты бағыттар айқындалды.

Қорғауға ұсынылатын негізгі ғылыми тұжырымдар. Зерттеу нәтижесінде алынған ғылыми тұжырымдар исламдық білім беру жүйесін тарихи, мәдени және әлеуметтік-функционалдық қырларынан жан-жақты сипаттап, Қазақстандағы қазіргі ислами білім беру кеңістігін жаңғырту мен ғылыми пайымдау тұрғысынан келесідей ғылыми нәтижелермен түйінделді:

1) Қазақ даласына ислам дінінің таралуы тарихи кезеңдерге жіктеліп, оның әлеуметтік-мәдени институт ретінде қалыптасу үдерісі жүйелі түрде талданды. Ислам дінінің жергілікті рухани дәстүрлермен өзара ықпалдасуы нәтижесінде діни сана мен білімнің өзіндік құрылымы қалыптасқаны дәлелденді.

2) Исламдық білім беру жүйесінің тарихи-мәдени және педагогикалық эволюциясы ғылыми негізде сарапталып, оның мазмұндық және құрылымдық трансформациялары анықталды. Ортағасырлық медреселерден қазіргі медресе-колледждерге дейінгі даму сатыларының сабақтастығы көрсетілді.

3) Орталық Азия мен Қазақстаннан шыққан көрнекті ислам ғұламаларының діни-ағартушылық қызметі мен ғылыми мұрасына талдау жасалып, олардың исламдық білім беру жүйесіне қосқан үлесі мен рухани дәстүрді жалғастырудағы тарихи орны айқындалды.

4) Исламдық білім беру бағдарламаларына салыстырмалы талдау жүргізіліп, олардың мазмұндық құрылымы, діни-ағартушылық бағыттары және қазіргі заман талаптарына бейімделу деңгейі бағаланды.

5) медресе-колледждерде қолданылып жүрген білім беру бағдарламалары кезеңдік тұрғыда сараланып, олардың құқықтық мәртебесі, институционалдық құрылымы және кәсіби білім берудегі рөлі анықталды.

6) Исламдық білім беру жүйесінде кәсіби маман қалыптастырудың моделі әзірленді, ол ұлттық құндылықтарды, діни дәстүрлерді және заманауи педагогикалық талаптарды біріктіру арқылы ұсынылды.

7) Мысыр, Түркия, Малайзия, Өзбекстан секілді елдердегі исламдық білім беру тәжірибелері талданып, оларды Қазақстан жағдайына бейімдеу мүмкіндіктері мен шектеулері ғылыми тұрғыда негізделді.

8) Исламдық білім беру жүйесін жетілдіруге арналған стратегиялық және қолданбалы ұсыныстар әзірленді, олар саладағы өзекті мәселелерді шешуге бағытталған нақты ғылыми-негізделген тетіктер ретінде ұсынылды.

Зерттеу жұмысының теориялық және тәжірибелік мәні. Зерттеу Қазақстан Республикасындағы исламдық білім беру жүйесінің қалыптасуы мен дамуындағы көпвекторлы, тарихи және әлеуметтік-педагогикалық үдерістерді талдауға бағытталған.

Зерттеудің теориялық мәні. Зерттеу барысында алынған нәтижелер исламдық білім беру жүйесінің тарихи-теориялық негіздерін, құрылымдық эволюциясын және мазмұндық ерекшеліктерін ғылыми тұрғыда пайымдауға мүмкіндік береді. Қазақ даласында исламның әлеуметтік-мәдени институт ретінде орнығуы және оның рухани дәстүрмен сабақтасуы туралы жасалған тұжырымдар исламтану ғылымының әдіснамалық базасын кеңейтеді.

Зерттеу исламдық білім берудің мазмұнын педагогикалық, мәдени және тарихи тұрғыда ұғынуға мүмкіндік беріп, дәстүрлі діни білім үлгілерінің қазіргі білім беру стандарттарымен ұштасу жолдарын теориялық тұрғыдан негіздеді. Сонымен қатар, кәсіби діни маман моделін жасау арқылы бұл саладағы ұғымдық-терминологиялық аппараттың дамуына үлес қосылады. Жұмыс исламтану, дінтану, педагогика және мәдениеттану ғылымдарының тоғысқан тұсында теориялық негіз бола алатын үлгілік зерттеу болып табылады.

Зерттеудің тәжірибелік мәні. Зерттеу нәтижелері исламдық білім беру жүйесінің мазмұнын жаңғырту, оны ұлттық және халықаралық талаптарға бейімдеу, оқу үдерісін жетілдіру ісінде қолдануға болады. Атап айтқанда:

- медресе-колледждер мен жоғары оқу орындарындағы қолданыстағы білім беру бағдарламаларын жетілдіруге арналған салыстырмалы талдау нәтижелері оқу жоспарларын жаңартуда қолдануға жарамды;

- ұсынылған маман даярлау моделі діни және зайырлы білім талаптарын тиімді ұштастыратын практикалық нұсқа ретінде білім беру мекемелеріне енгізілуі мүмкін;

- практикалық ұсынымдар исламдық білім беру ұйымдарының оқу бағдарламаларын жаңғыртуға, заманауи білім беру технологияларын енгізуге және оқу үдерісін тиімді ұйымдастыруға септігін тигізеді;

- зерттеу нәтижелері «Исламтану» мамандығы бойынша білім беру мекемелерінде (колледждер, медреселер, ЖОО) әдістемелік құрал ретінде пайдалануға мүмкіндік береді;

- Мысыр, Түркия, Малайзия, Өзбекстан секілді елдердің тәжірибелері негізінде ұсынылған бейімдеу жолдары Қазақстандағы исламдық білім беру жүйесін жетілдіруге бағытталған қолданбалы механизм ретінде қызмет етеді;

- зерттеу нәтижелері білім беру мекемелері, ғылыми орталықтар мен мемлекеттік құрылымдар үшін исламдық білім беруді реформалауға арналған ғылыми-негізделген ұсыныстар жасауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, зерттеу материалдарын оқу құралдарын әзірлеу, мамандардың біліктілігін арттыру, дінтану және исламтану пәндері бойынша оқу курстарының мазмұнын байыту сияқты практикалық міндеттерді жүзеге асыруда қолдануға болады.

Қорытындылай келе, бұл диссертациялық зерттеу исламдық білім беру жүйесін тек тарихи-теориялық тұрғыдан ғана емес, оның заманауи трансформациясы мен практикалық іске асу жолдарын талдай отырып, Қазақстандағы ислами білім беру кеңістігін ғылыми тұрғыдан жаңаша пайымдауға және тиімді дамытуға бағытталған маңызды үлес болып табылады. Зерттеу нәтижелері исламдық білім беруді ұлттық және халықаралық білім беру жүйелерімен үйлесімді интеграциялау үшін тұғырлы негіз қалыптастырады.

Зерттеу жұмысының жариялануы мен сыннан өтуі (апробация). Зерттеу тақырыбының аясында ҚР ҒЖЖБМ Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған республикалық басылымдарда мақалалар жарық көрді. Нақтылап айтқанда, диссертациялық жұмыстың негізгі нәтижелері мен қорытындылары отандық және шетелдік ғылыми басылымдарда барлығы 3 ғылыми мақала түрінде жарық көрді. Оның ішінде 2 мақала Скопус (Scopus) мәліметтер базасында, 1 мақала – Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынатын ғылыми басылымдар тізбесіне енетін журналда.

1) Scopus базасындағы мақала:

- Beisenbayev B., Almkhametov A., Mukhametshin R. The Dynamics of Islam in Kazakhstan from an Educational Perspective //Religions. – 2024. – Т. 15. – №. 10. – С. 1243, (<https://www.mdpi.com/2077-1444/15/10/1243>), Процентиль – 90 (Q1).

- Beisenbayev B., Almkhametov A. The Current State and Ways of Improving Islamic Education in the Republic of Kazakhstan //Pharos Journal of Theology. – 2024. – Т. 105. – №. 3, (<https://pdfs.semanticscholar.org/8747/4906afc54d81a1a329bf27366317cae4a016.pdf>), Процентиль – 65 (Q2).

2) Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда жарияланған мақалалар тізімі:

- Beisenbayev B. (2024). The current state and ways of improving Islamic education in the Republic of Kazakhstan. Eurasian Journal of Religious Studies, 40(4), 43–57. <https://doi.org/10.26577/EJRS.2024.v40.i4.a5>

3) Халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар жинақтарында:

- Бейсенбаев Б.К. Исламдық білім беру мәселесін зерттеудегі ғылыми тарихи талдау. Международный научный журнал «Journal of Science and Research (JSR)» 1 (1) сентябрь, 2023, 14-24 стр.

- Керім Ш., Бейсенбаев Б.К., Курбанов Б.О. Исламдық білім беру жүйесінің дамуы: теориялық және практикалық аспектілер. Орталық Азия және Қазақстандағы ислам тарихи дәстүр мен заманауи көзқарас» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция. –Алматы, 2025 ж.

Диссертация Нұр-Мұбарак Египет Ислам мәдениеті университетінің Исламтану кафедрасында орындалып, осы кафедрада талқыланып қорғауға ұсынылды.

Диссертациялық жұмыстың құрылымы. Диссертациялық жұмыс құрылымы зерттеу мақсаты мен міндеттеріне сәйкес құрастырылған. Зерттеу жұмысы кіріспеден, 3 негізгі бөлімнен, 9 бөлімшеден, қорытынды және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Жалпы көлемі – 190 бет. Қолданылған деректер тізімі – 193.

1 ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ИСЛАМДЫҚ БІЛІМ: ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ МЕН ДАМУЫ

1.1 Ислам дінінің қазақ даласына енуі: тарихи кезеңдері мен ерекшеліктері

Қазақстандағы исламдық білім беру жүйесінің қалыптасу үдерісі - елдің тарихи эволюциясымен және ислам өркениетінің өңірге тигізген мәдени-діни ықпалымен тығыз байланысты, кешенді тарихи-әлеуметтік феномен ретінде сипатталады. Ислам дінінің қазіргі Қазақстан аумағына таралуы Орталық Азиядағы ірі мәдени және діни орталықтар - Ташкент, Самарқанд және Бұхара қалалары арқылы жүзеге асқан. Алғашқы кезеңде ислам діні елдің оңтүстік өңірлерінде орнығып, кейін біртіндеп солтүстік және шығыс аймақтарға таралды. Бұл тарихи үдеріс өңірдің мәдени-рухани құрылымына, әлеуметтік қатынастар жүйесіне және діни дүниетанымға айтарлықтай ықпал етіп, исламның Қазақстан қоғамындағы жетекші конфессия ретінде орнығуына негіз қалады [30]. Исламдық білім беру жүйесінің тарихи қалыптасу траекториясын шартты түрде келесі бес кезеңге бөлуге болады:

1) Ерте және классикалық ортағасырлық кезеңі (VIII–XII ғғ.) - ислам діні қазақ даласына таралуымен қатар, рухани және интеллектуалдық өрлеудің жаңа дәуірі басталды. Отырар, Сайрам, Тараз, Түркістан және Сығанақ секілді ірі қалалар ислам ілімі мен мәдениетінің маңызды орталықтарына айналып, ислами білім беру жүйесінің берік негізі қаланды;

2) Моңғол шапқыншылығы және кейінгі орта ғасырлар кезеңі (XIII–XIV ғғ.) - исламдық білім беру құрылымдары елеулі тоқырауға ұшырады. Дегенмен, XIII ғасырдың екінші жартысынан бастап Алтын Орда билеушілерінің ислам дінін қабылдауы нәтижесінде исламдық институттар біртіндеп қайта жанданды. Әсіресе, 1312 жылы Өзбек ханның исламды мемлекеттік ресми дін ретінде жариялауы бұл үдерістің жедел дамуына серпін берді;

3) Қазақ хандығы кезеңі (XV–XVII ғғ.) - ислам діні мемлекеттік идеологияның құрамдас бөлігіне айналды. Қазақ хандары шарифат қағидаларын билік құрылымына енгізіп, ислами білім беруді мешіттер мен медреселер арқылы жүйелі дамытуға көңіл бөлді. Бұл кезеңде ислам қоғамның рухани іргетасы ретінде орнықты;

4) Ресей империясы және Кеңес билігі кезеңі (XVIII ғ. – XX ғ.) - исламдық білім беру жүйесі отарлық және идеологиялық саясат ықпалында елеулі трансформацияға ұшырады. Мешіт пен медреселер қызметі шектеліп, мемлекеттік бақылауға алынды, нәтижесінде ислами білім беру үдерісі формалды сипатқа ие болды;

5) Тәуелсіз Қазақстан кезеңі (1991 жылдан қазіргі кезеңге дейін) - исламдық білім беру жүйесі қайта жаңғырып, мемлекеттің дін саласындағы саясаты және қоғамдық институттармен өзара ықпалдастық негізінде қарқынды дамып келеді.

Діни оқу орындарының құқықтық базасы айқындалып, оқу бағдарламалары жүйелендірілді. Ислами білім беру құрылымы біртіндеп ұлттық білім беру кеңістігіне интеграциялану үдерісін бастан өткеруде.

Аталған тарихи кезеңдерді зерттеу барысында ислам дінінің қоғамның рухани-мәдени және ғылыми-интеллектуалдық дамуына ықпалы жан-жақты сараланады.

Умауилер халифаты (661–750) кезеңінде, әсіресе Әл-Уалид бин Абдулмәликтің (705–715) билігі тұсында, Құтайба бин Муслим бастаған әскери жорықтар нәтижесінде Балх, Байкент, Бұхара, Самарқанд, Шуман, Кеш, Хорезм, Кашан, Ферғана, Шаш, Исбижаб және Қашғар сынды Орталық Азияның маңызды қалалары ислам халифатының құрамына қосылып, мұсылман билігінің өңірдегі ықпалы айтарлықтай күшейді [31, б. 34–35]. Бұл Құтайба бин Муслимнің Мәуараун-наһр мен Сырдарияның жоғарғы ағысы бойындағы аумақтарды ислам өркениетінің ажырамас бөлігіне айналдырудағы тарихи рөлін айқын көрсетеді. Оның жорықтарына тек әскери қолбасшылар ғана емес, танымал ғалым табиғиндер мен хадис білгірлері де қатысты. Олардың қатарында фикһ ғылымының көрнекті өкілі, басралық табиғин Мұхаммед бин Уасиф әл-Азди (660–740), атақты тәпсірші әрі хадис риуаят етуші Әз-Заххак бин Музахим әл-Ғиләли (қ. 724), тақуалығымен танылған Бұхарада шейіт болған куфалық табиғин Ләйс бин Әби Сулайм бин Зунайм әл-Қураши (682–760) және басралық табиғин Әбу әл-Алия Руфай бин Миһран (қ. 715) болды [31, б. 29–30].

Умауилер кезеңіндегі жорықтар мен бейбіт келісімдер Мәуараун-наһр аймағындағы мәдени, саяси және діни трансформацияның бастамасына айналды. Жаулап алынған өңірлерде мешіттер, медреселер мен кітапханалар салынып, исламдық білім беру институттары жүйелі түрде қалыптаса бастады. Халифат өзінің аумақтық шарықтау шегіне оныншы халифа Хишам бин Абдул-Мәликтің (691–743) билігі кезінде жетіп, солтүстік Қытайдан оңтүстік Францияға дейінгі кеңістікті қамтыды. Осы кезеңде Африка, Мағриб, Андалусия, Галлияның оңтүстігі, Синд және Мәуараун-наһр толықтай ислам халифатының құрамына енді [31, б. 38–39].

Аббасилер халифаты (749–1258) кезеңінде, 751 жылы Тараз қаласының маңындағы Талас өзені бойында орын алған Атлах шайқасында араб және түркі әскери күштері Қытай әскеріне қарсы бірігіп, стратегиялық маңызды жеңіске қол жеткізді. Бұл оқиға түркі-араб қарым-қатынастарындағы жаңа кезеңнің бастауына айналды. Атлахтағы жеңістен кейін ұзақ уақыт бойы жалғасып келген түркілер мен арабтар арасындағы әскери қақтығыстар тоқтап, олардың арасында бейбіт қарым-қатынастар орнығып, сауда-экономикалық және мәдени байланыстардың жаңа арнада дамуына негіз қаланды [31, б. 76]. Осы тарихи бетбұрыстан кейін түркі халықтарының ислам дінін жаппай қабылдау үдерісі жедел қарқын алып, олар ислам өркениетінің құрамдас бөлігіне айнала бастады. Аббасилер дәуірі ғылыми, мәдени және діни тұрғыдан ислам өркениетінің

өркендеген кезеңі ретінде ерекшеленеді. Халифаттың саяси үстемдігі 1258 жылы моңғол шапқыншылығы нәтижесінде тоқтатылғанымен, оның идеологиялық және формальды мұрагерлігі Мысырдағы Мамлюктер билігі кезінде 1262 жылдан бастап қайта жаңғыртылып, 1517 жылға дейін жалғасын тапты.

Исламдық «фатх» жорықтары әскери жеңістермен шектелмей, ислам дінін әртүрлі этностарға жеткізілуінде, сондай-ақ, ислам өркениетінің, мәдениеті мен ғылымының таралуында шешуші рөл атқарды. Жаулап алынған аумақтардағы халықтар мұсылман билігінің қорғауындағы «әһлі зимма» мәртебесіне ие болып, діни және азаматтық құқықтары сақталды. Соғыс қимылдары негізінен әскери күштерге бағытталып, бейбіт тұрғындарға - әйелдерге, балалар мен қарттарға зиян келтіруге тыйым салынды. «Фатх» жорықтары нәтижесінде жаулап алынған аумақтарда түрлі этностар мен мәдениеттердің араласуы мәдени интеграция үдерісін жеделдетіп, арабтар мен жергілікті халықтар арасындағы өзара ықпалдастық жаңа өркениеттік синтездің қалыптасуына жол ашты [32, б. 95–96].

Ислам дінін қабылдаған түркілер ислам әлемінің ажырамас бөлігіне айналып, араб, парсы халықтарымен қатар мұсылман қауымдастығының ең ірі этникалық топтарының біріне айналды. Мәуараун-наһрда ислам діні орныққаннан кейін, араб тілі ғылым, әдебиет және дін салаларында үстем тілге айналды. Әл-Азһар университетінің профессоры Мұхаммед Ахмад Амир *«Мәуараун-наһрдағы ғылыми өрлеудің негізі араб тілінің ғылым тілі ретінде қолданылуына байланысты болды»* деп атап өтеді. Араб тілін меңгеру ғылымды игеру мен ғылыми шығармашылық үшін негізгі шарттардың бірі ретіне қаралды.

Ирактың әл-Мустансирия университетінің профессоры Жинан Әлидің пікірінше, *«Мәуараун-наһр мұсылман-араб өркениетінің ықпалынан кейін қысқа уақыт ішінде жоғары өрлеу мен кеңею деңгейіне жетті»*. Бұл үдеріс ислам дінінің жергілікті мәдениетпен үйлесімді бірігуі нәтижесінде қалалардың ғылыми-интеллектуалдық дамудың жаңа деңгейіне көтерілуімен ерекшеленді. Нәтижесінде әрбір қала ғылым мен мәдениет салаларында өзара бәсекеге қабілетті орталыққа айнала бастады [33].

Тарихи орыс дереккөздеріне сәйкес, Мәуараун-наһр жаулап алынғаннан кейін Асад, Тайи, Өзди және Тәммим секілді араб тайпалары өңірге қоныс аударды. Олар жергілікті халықпен мәдени байланыс орнатып, ауыл шаруашылығына бейімделіп, жаңа ортада орнықты. Ресейлік шығыстанушы В. В. Бартольдтің мәліметтеріне сәйкес, Түркістанда араб тайпалары өз этникалық құрылымын XX ғасырдың басына дейін сақтап келген [34].

Қарлұқтар (756-940) 751 жылы Талас өзені бойында Қытай және Араб әскерлері арасындағы шешуші шайқаста арабтар жағына шығып, олардың жеңіске жетуіне ықпал етті. Бұл әскери-саяси оқиға Қытай әскерлерінің Жетісу өңірінен ғана емес, сонымен қатар Шығыс Түркістаннан да шегінуіне себеп болды. Талас аңғарында арабтар да тұрақтап қала алмады, олар Шаш аймағына шегінді. Осы жағдайдан кейін бұл аумақ Қарлұқ қағанатының билігіне өтіп,

Жоңғар Алатауынан Сырдарияның орта ағысына дейінгі кең географиялық кеңістікті қамтыды. Қарлұқ тайпалары Балқаш пен Ыстықкөл аралығында, Шу, Іле және Талас өзендері бойында, сондай-ақ, Отырар өңіріне дейінгі кеңістікте көшпелі-отырықшы өмір салтын ұстанды [35, б. 31]. 775-875 жылдар аралығында Қарлұқ тайпалары ислам дінін қабылдап, қалаларда бекіністер мен мешіттер салып, алғашқы діни оқу орындары - медреселер ашты. Осылайша, өңірде исламдық білім беру жүйесінің негізі қаланып, оқу-ағарту дәстүрі қалыптаса түсті.

Қарлұқ қағандығының негізгі қалалары Ұлы Жібек жолы бойында орналасып, аймақтық мәдени және экономикалық орталықтарға айналды. Сауда мен өркениет тоғысқан маңызды мекендердің бірі - Тараз қаласы мұсылман саудагерлерінің басты орталықтарының біріне айналып, тұрғындарының басым бөлігін мұсылмандар құрағаны тарихи деректерде көрсетілген. Бұл қала сол дәуірде «саудагерлердің қаласы» және «Қарлұқ қақпасы» деген атаулармен белгілі болған [35, б. 38].

Оғыздар (766–1055) қазіргі Қазақстан аумағында Сарысу, Торғай және Ембі өзендері бойындағы далалық аймақтарда, сондай-ақ, Балқаш көлінің солтүстігіндегі өңірлерде қоныстанғаны тарихи деректерде айтылады [35, б. 61]. Бұл тайпалар ислам дінінің таралуына және ислам өркениетінің кеңеюіне елеулі үлес қосты. Оғыз тайпаларының ішінен шыққан Селжұқ әулеті алғаш рет Селжұқ Дұқақтың билігі кезінде ислам дінін қабылдап, кейінірек Иран аумағына өтіп, 1038 жылы Ұлы Селжұқ империясының негізін қалады. Аталған империя ислам әлемінің саяси, экономикалық және мәдени орталықтарының біріне айналып, ортағасырлық мұсылман өркениетінің дамуына зор ықпал етті [35, б. 64–65]. Оғыз тайпаларынан тараған түркі халықтарының бір бөлігі кейінірек Анадолыға қоныс аударып, 1299 жылы Осман әулеті негізін қалаған Осман империясын құрды. Османлылар империясы үш құрлықты қамтыған алып мұсылман мемлекетіне айналып, бірнеше ғасыр бойы ислам мәдениетінің, ғылымы мен құқықтық дәстүрінің ірі орталығы саналды. Осылайша, оғыздар ислам дінін таратуда және мұсылман өркениетінің кеңістіктік ауқымын ұлғайтуда маңызды тарихи рөл атқарған. Ұлы Селжұқтар мен Османлылар империялары арқылы ислам мәдениеті мен өркениеті Еуразия құрлығының әртүрлі өңірлеріне тарап, тарихи-өркениеттік ықпалын кеңейтті.

Саманилер әулеті (819–999) ислам дінінің Қазақстанның оңтүстік өңірлеріне таралуына елеулі ықпал етті. Бұл үдеріс әсіресе Тараз қаласы мен оның маңындағы аймақтарда айқын көрініс тауып, жергілікті тұрғындардың исламды жаппай қабылдауымен сипатталды. Саманилер ислам дінін мемлекеттік идеология деңгейіне көтеріп, оны нығайту мен кеңінен тарату мақсатында жүйелі саясат жүргізді. Нәтижесінде Тараз және басқа да қалалар ислам мәдениетінің маңызды орталықтарына айналды [34, б. 624].

Парсы-мұсылмандық сипаттағы бұл мемлекет Хорасан мен Мәуаран-наһр өңірлеріне билік жүргізіп, бастапқыда астанасы Самарқандта орналасқанымен, кейіннен Бұхара қаласына көшірілді. Исмаил бин Ахмет Самани (849–907) тұсында Саманилер мемлекеті өзінің геосаяси және экономикалық тұрғыдан ең жоғарғы өрлеу кезеңіне жетіп, қазіргі Ауғанстан, Иранның солтүстік-шығыс аймақтары, Тәжікстан, Түрікменстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Қазақстанның оңтүстігі мен Пәкістанның солтүстік бөлігін қамтыған кең аумаққа үстемдік етті. Исмаил Самани қазіргі Тәжікстан халқының ұлттық-рухани символына айналып, ұлттық сананың қалыптасуына негіз болған тарихи тұлға ретінде құрметтеледі. Саманилер билігі кезінде парсы тілі ресми мемлекеттік тіл ретінде енгізілсе, араб тілі дін мен ғылым саласында қолданыста болды. Бұхара мен Самарқанд қалалары ислам өркениетінің ірі мәдени-ғылыми орталықтарына айналып, Бағдадпен деңгейлес мәртебеге ие болды.

Bennigsen A., Bryan F. E. зерттеуінде [36]: *«Саманилердің рөлі тек әскери жорықтармен шектелмеді, олар сондай-ақ, шығыс түркі әлемін ислам өркениетіне интеграциялауда маңызды рөл атқарды. Олар бір жағынан, қарулы жорықтар жүргізсе, екінші жағынан, бейбіт насихат арқылы исламды тарату саясатын ұстанды. Бұхара, Самарқанд және Ферғана қалаларында медреселер белсенді түрде жұмыс істеп, дін ғұламаларын даярлады»*.

Аталған кезеңде ислам ғылымы мен мәдениетінің өркендеуіне зор үлес қосқан көптеген көрнекті ойшылдар мен ғалымдар шықты. Олардың қатарында Әбу Абдулла Рудаки (858-940), Әбу Қасым Фирдоуси (935-1020), Әбу Әли әл-Балами (996 ж.қ.), математик және астроном Әбу Абдулла Мұхаммед бин Муса әл-Хорезми (781-847), хадис ілімінің негізін қалаушылардың бірі Әбу Абдулла Мұхаммед бин Исмаил әл-Бұхари (810-870), Әбу Иса әт-Тирмизи (824-892), философ әрі логик Әбу Наср әл-Фараби (874-950), матуридилік сенім мектебінің өкілі Әбу Мансур әл-Матуриди (852-944) және энциклопедист ғалым бин Сина (980-1037) секілді тұлғалар бар [34, б. 626-630].

Саманилер сунниттік ислам бағытын ұстанып, шииттік ағымдарға қарсы саясат жүргізді. Осы дәуірде исламдық білім мен ғылым ерекше қарқынмен дамып, бұл кезең Орталық Азиядағы ислам өркениетінің «алтын ғасыры» немесе «парсы ислам дәуірі» ретінде тарихи сипатқа ие болды. Саманилер мұрасы кейінгі Қараханилер, Ғазнауилер, Хорезмшахтар, Селжұқтар және Османлылар империяларының саяси-діни жүйесіне елеулі ықпал етіп, исламдық білім беру дәстүрінің сабақтастығын қамтамасыз етті.

Қарахан мемлекеті (940–1212) Орталық Азия аумағында билік құрған алғашқы мұсылман-түркі империясы ретінде ислам дінінің түркі халықтары арасында таралуына елеулі ықпал еткен саяси құрылым. Тарихи деректерде Қараханилер әулеті «Қара қаған», «Афрасиаб» немесе «Қара хан» атауларымен де белгілі. Олар Қазақстанның оңтүстігі мен Орталық Азияда билік жүргізіп, Қытай және Аббасилер халифатымен тұрақты дипломатиялық әрі сауда

байланыстарын орнатқан. Қараханилер мемлекеті Саманилер, Ғазнауилер, Селжұқтар және Хорезмшахтар секілді көрші мұсылман мемлекеттерімен қатар өмір сүрді.

Қараханилердің ислам дінімен байланысы Сатук Бұғраханның билігі кезінде жаңа деңгейге көтерілді. Білге Күл Қадыр-ханның ұрпағы саналатын бұл билеуші исламды мемлекеттік дін ретінде жариялаған алғашқы түркі қағаны болып есептеледі. Оның тұсында Қарахан мемлекетінің билігі Мәуаран-наһр, Шығыс Түркістан, Қазақстанның оңтүстік өңірлері мен Жетісу аумағына таралып, Баласағұн қаласы исламдық мәдениеттің аймақтық орталықтарының біріне айналды [35, б. 120]. Тарихи деректер бойынша Сатук Бұғраханның билігі кезінде шамамен 200 мың отбасы, яғни миллионға жуық адам ислам дінін қабылдаған [35, б. 121]. Билеуші исламды ресми дін ретінде жариялап, оны нығайту мақсатында саяси және әкімшілік реформалар жүргізді. Дегенмен, XIII ғасырдағы моңғол шапқыншылығы Қарахан мемлекетінің әлсіреуіне және соңында ыдырауына алып келді. Соған қарамастан, Қараханилердің саяси және мәдени мұрасы Орталық Азия тарихында терең із қалдырды.

Қарахан әмірлері жартылай көшпелі өмір салтына қарамастан, сәулет пен қалалық инфрақұрылымды дамытуға айрықша мән берді. Олардың билігі кезінде сәндік сарайлар, медреселер, бекіністер, мешіттер, моншалар және қоғамдық ғимараттар кеңінен салынып, Қазақстанның оңтүстік өңірлерінде сәулет өнері мен қалалық мәдениет ерекше қарқынмен дамыды. Бұл дәуірде көптеген жаңа қалалар бой көтеріп, мәдени өрлеу байқалды. Айша Бибі кесенесі, Алаша хан күмбезі, Әулие Ата мазары, сондай-ақ, кәріз жүйелері мен монша кешендері Қараханилер дәуіріндегі сәулет өнерінің көрнекті үлгілері саналады. Бұхара, Самарқанд және Қашғар қалалары ислам өркениетінің маңызды орталықтары ретінде танылды [35, б. 171]. Қараханилер кезеңі ислам өркениетінің дамуымен қатар түркі тілінің де қоғамдық, әдеби және ғылыми кеңістікте орнығуымен ерекшеленді. Бұл дәуірде алғаш рет түркі тілі мемлекеттік тіл мәртебесіне ие болып, ғылым мен әдебиет тіліне айналды. Түркі тілінде жазылған алғашқы маңызды шығармалар дәл осы кезеңде дүниеге келді. Атап айтқанда:

- Махмұд Қашқаридің «Диуану лұғат ат-түрк» (1072–1074) атты еңбегі – түркі халықтарының тілі мен мәдениетін жүйелі сипатта зерттеген алғашқы лексикографиялық еңбек;

- Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» (1069–1070) атты шығармасы – ислам саяси философиясына негізделген дидактикалық туынды;

- Қожа Ахмет Ясауи (1093–1166) – түркі тіліндегі сопылық әдебиеттің негізін қалаған алғашқы ақындардың бірі. Оның «Диуани хикмет» еңбегі түркі халықтарының рухани дүниетанымын қалыптастыруда ерекше орынға ие.

Қараханилер дәуірінде ғылым мен білімнің барлық салалары - араб тілі мен әдебиеті, тәпсір, хадис ілімі, фикһ, тарих, математика, астрономия, инженерия, философия, этика және медицина айрықша дамыды. Бұл кезеңде шыққан

көптеген ғұламалар мен ойшылдардың еңбектері ислам өркениетінің құрамындағы түркі халықтарының интеграциясы мен зияткерлік әлеуетінің айқын көрінісіне айналды. Түркі тілі ислам өркениетімен қатар дамып, Қараханилердің мәдени мұрасының беріктігі мен ұзақ сақталуына ықпал етті [35, б. 145].

Моңғол империясының (1206–1368) жаулап алу жорықтары Орталық Азия мен Қазақстан аумағындағы көптеген қалаларға, ғылыми және мәдени орталықтарға, сондай-ақ, мешіттер мен медреселерге айтарлықтай зиян келтіріп, олардың көпшілігін толықтай қиратып жіберді. Бұл үдеріс сонымен қатар Ұлы Жібек жолының сауда инфрақұрылымына да елеулі түрде әсер етіп, аймақтық экономикалық байланыстарды әлсіретті [37, б. 233]. Моңғол шапқыншылығы ислам өркениетінің даму динамикасын тежеген тарихи факторлардың бірі ретінде бағаланады. Осыған орай әйгілі араб тарихшысы бин Халдун былай деп жазады: *«Сол кезеңде (моңғолдардың басып кіруіне дейін) исламдық білім мен ғылым шығыс ислам әлемінде өзінің ең жоғары шегіне жеткен еді. Өркениет пен интеллектуалдық жетістіктер Персияда, Хорасанда, Мәуаран-наһр мен Иракта тұрақтап, дами бастаған болатын. Алайда жаулап алу нәтижесінде бұл өңірлер ойранға ұшырап, өркениет пен гүлденудің басты тетіктері - білім мен өндірістік әлеует біртіндеп жойыла бастады»* [38].

Алтын Орда (1242–1502) тарихта Қыпшақ-Моңғол мемлекеті, Солтүстік Моңғол мемлекеті немесе Жошы ұлысы деген атаулармен белгілі болған саяси құрылым. Бұл мемлекеттің негізі моңғол империясының құрамындағы жеке ұлыс ретінде Батый хан (1208–1255) тарапынан қаланды. Оның билігі тұсында Алтын Орда аумағы Ертіс өзенінен бастап Балқар жерлері мен Еділ өзеніне дейін, солтүстік Ресей мен Славян аймақтарынан бастап Кіші Азия мен Илханилер билеген Иранға дейін, сондай-ақ, Мәуаран-наһр мен Түркістан аймағын қамтыды. Алғашқы астана ретінде Батый хан салдырған Сарай-Бату қаласы қызмет атқарса, кейінірек Берке хан (1209–1266) Сарай-Берке қаласын жаңа астана ретінде тұрғызды [37, б. 392]. Берке хан билігі кезінде, нақтырақ айтқанда 1260 жылы, Алтын Орда моңғол империясынан саяси тәуелсіздігін жариялап, ішкі және сыртқы саясатта түбегейлі бағыт өзгерістеріне бет бұрды. Мемлекет біртіндеп ислам дінін таратуға және оны мемлекеттік идеология деңгейіне көтеруге бағытталған діни-саяси трансформация жолына түсті [37, б. 394]. Бұл кезеңде Алтын Орда мен ислам әлемінің ірі орталықтарының бірі – Мәмлүк мемлекеті (Шам мен Мысыр) арасында дипломатиялық әрі әскери одақтастық қалыптасып, қос мемлекет Ирандағы Илханилер әулетіне қарсы бірлескен саяси мүдделер негізінде әрекет етті.

Ислам дінінің Алтын Ордада толық орнығуы Өзбек ханның (1312–1341) билігі кезінде аяқталып, ислам ресми түрде мемлекеттік дін ретінде бекітілді [37, б. 404]. Өзбек хан тұсында Алтын Орда саяси тұрақтылыққа қол жеткізіп, экономикалық және мәдени өрлеу кезеңін бастан кешірді. Бұл дәуірде Сарай

қаласында 13 мешіттің бой көтеруі және ханның бес уақыт намазын қатаң орындауы ислам құндылықтарының мемлекеттік деңгейде терең орныққанын айғақтайды [39]. Берке хан мен Өзбек хан кезеңдерінде ғылым мен мәдениеттің дамуына айрықша мән берілді. Мемлекетте медреселер мен мешіттер салынып, исламдық білім беру жүйесі дамып, қала мәдениеті мен рухани өмір жаңаша қарқынмен өрістеді. Моңғол шапқыншылығынан кейінгі дәуірде Алтын Ордамен қатар Ақ Орда мен Моғолстан мемлекеттері қалыптасып, қазіргі Қазақстан аумағындағы саяси үдерістерге белсенді араласты. Бұл мемлекеттердің билеуші топтары, әсіресе түркіленген моңғол элитасы, ислам дінін қабылдап, біртіндеп жергілікті түркі ортасына сіңісіп кетті.

Моғолстан (1348 - 1514) Шағатай ұлысындағы ішкі саяси тұрақсыздықтар мен тайшалық күштердің ықпалынан бөлініп шыққан тәуелсіз моңғолдық хандық ретінде құрылды. Оның билік жүргізген географиялық аумағы қазіргі оңтүстік-шығыс Қазақстан, Жетісу және Орта Азияның кейбір шығыс бөліктерін қамтыды. Бастапқы кезеңде Моғолстан билеушілері арасында ислам дінін қабылдау үрдісі баяу жүріп, көбіне номиналды сипатта болғанымен, Тоғылық-Темір ханның (1347-1363) билікке келуімен бұл бағыт түбегейлі өзгеріске ұшырады. Оның тұсында ислам діні Моғолстан мемлекетінің ресми діні ретінде жарияланып, бұл діннің қоғамда орнығуына жүйелі негіз қаланды.

Моғолстан тарихын жазған көрнекті тарихшы Мырза Мұхаммед Хайдардың «Тарих-и Рашиди» атты еңбегінде Тоғылық-Темір ханның исламды қабылдауы мен оны мемлекеттік идеология деңгейіне көтеру ісі кең сипатталған [40].

Темір әулеті (1370-1507) Орта Азия мен көршілес өңірлерде ислам өркениетінің жаңа серпінмен дамуына ықпал еткен ірі түркі-мұсылмандық империя. Бұл мемлекеттің негізін Әмір Темір (1336–1405) қалап, билігі тұсында қазіргі Өзбекстан, Тәжікстан, Қырғызстан, Қазақстан, Түрікменстан, Иран, Ауғанстан, Пәкістан, Солтүстік Үндістан, Ирак, Армения және Өзербайжан аумақтарын қамтитын кең ауқымды империя құрды. Әмір Темір өзін өнер мен білімнің меценаты ретінде танытып, ғылым мен дін салаларында ауқымды реформалар жүргізуге тырысты. Оның билігі дәуірінде исламдық ғылымдар мен білім жүйесі қайта жанданып, жаңа интеллектуалдық өрлеу кезеңі басталды [36, б. 320].

Әмір Темір әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдарға, соның ішінде дін, философия, тарих және құқық салаларына ерекше көңіл бөлді. Ол әйгілі ислам ойшылы әрі тарихшы бин Халдунмен (1332–1406), сондай-ақ, географ және картограф Хафиз Абрұмен (шамамен 1430 ж.) ғылыми байланыста араласты. Ислам білім беру құрылымын жандандыру мақсатында Әмір Темір фикһ ғылымына және діни құқық жүйесіне ерекше қолдау көрсетті. Осы мақсатта ол мемлекетінің астанасы Самарқандқа көрнекті мұсылман ғұламаларын жинады. Солардың бірі – парсы философы әрі Кәләм ілімінің өкілі Саад ад-Дин Масуд бин

Умар ат-Тафтазани (1322–1390) болды. Оның логика, құқық, поэтика, грамматика, риторика, математика және Құран тәпсірі салаларындағы еңбектері Орта Азиядағы медреселерде негізгі оқулық ретінде қолданылды. Сол дәуірде Самарқанд қаласында әйгілі Құран оқу шебері, хадис, фикһ және тәпсір ғылымдарының маманы Шамс ад-Дин Мұхаммад бин Мұхаммад әл-Жәзари (1350–1430) де қызмет атқарып, дәріс оқыды.

Темір әулеті тұсында Шағатай-түркі тілі мемлекеттік элитаның, әдебиет пен мәдениеттің негізгі тілі ретінде қолданылды. Roxburgh D.J. зерттеуінде көрсетілгендей, Тимурилер үшін түркі тілі ана тілі мәртебесінде болса, мемлекеттік заңды құжаттар екі тілде – парсы және түркі тілдерінде рәсімделген [41, б. 130]. Әмір Темірдің немересі Искандар Сұлтан-Мирза (1384–1415) өз сарайында ақындар тобын ұстаған, олардың қатарында танымал тарихшы және ақын Мир Хайдар Дулати да болған. 1501 жылы Өзбек ұлысынан шыққан Мұхаммед Шайбани хан Самарқандты басып алып, соңғы Тимур әулетінің өкілі Бабурды ығыстырды. Осылайша, Темір мемлекетінің саяси үстемдігі жойылғанымен, оның мәдени, діни және ғылыми мұрасы кейінгі түркі-мұсылман мемлекеттерінің қалыптасуына зор ықпал етті.

Қазақ хандығы (1456–1847) мемлекетінің негізін қалаған алғашқы билеушілер Керей (1425–1473) және Жәнібек (1428–1480) сұлтандар ислам дінін ресми идеологиялық негіз ретінде қабылдап, оның қоғамдық және мемлекеттік өмірдегі рөлін нығайтуға бағытталған саясат жүргізді. Бұл кезеңде исламдық нормалар мен құндылықтар қазақ қоғамындағы басқару құрылымының, құқықтық қатынастардың және әлеуметтік-мәдени жүйенің негізіне айналды [35, б. 75]. Қазақ хандығы тұрғындарының басым көпшілігі Ханафи мәзһабын ұстанған сүнниттік мұсылмандар болды. Шарифат қағидалары хандықтың құқықтық жүйесінің маңызды құрамдас бөлігі ретінде қабылданып, мемлекеттік басқару ісінде кеңінен қолданылды [35, б. 76]. Қазақ билеушілері ислам құқық нормаларын дәстүрлі әдет-ғұрып заңдарымен үйлестіре отырып, құқықтық жүйені бейімдеп жетілдірді. Бұл синтездің көрінісі ретінде Қасым хан (1511–1518) мен Есім хан (1598–1628) қабылдаған заңдар жүйесін атап өтуге болады [42]:

- «Қасым ханның Қасқа жолы» – исламдық шарифат қағидаларын көпшелі қоғамның дәстүрімен ұштастырып, алғашқы жүйеленген құқықтық кодекстердің біріне айналды;

- «Есім ханның Ескі жолы» – хандықтың саяси құрылымын нығайтуға бағытталған құқық нормалары кешені.

Ислам дінінің құқықтық және идеологиялық деңгейде орнығуы Тәуке ханның (1680–1718) билігі тұсында шарықтау шегіне жетті. Бұл кезеңде қабылданған «Жеті Жарғы» заңдар жинағы хандықтың әкімшілік, азаматтық және қылмыстық істерін реттеген кешенді құқықтық құжат болып табылды. «Жеті Жарғы» ислам шарифаты мен көпшелі қоғамның дәстүрлі әдет-ғұрыптарын

үйлестіре отырып, әлеуметтік тәртіпті қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарды [43]. Ислам діні қазақ халқының рухани өмірі мен мәдени құрылымының ажырамас бөлігіне айналды. Ол тек діни сенім жүйесі ретінде емес, сонымен қатар этникалық бірегейліктің, қоғамдық-саяси идеялардың және рухани-мәдени мұраның қалыптасуында шешуші фактор саналды. Қазақ қоғамындағы ағартушылық қызмет мұсылман мектептері мен медреселердің желісі арқылы жүзеге асты. Бұл білім беру институттары исламдық педагогикалық дәстүрді сақтап, ұлттық сананың қалыптасуына ықпал етті. Тіпті көшпелі өмір салты жағдайында да сауаттылық деңгейі жоғары болып, дәстүрлі әдебиет, этнопедагогика және этнопсихология дамыды [44]. Түркістан, Сығанақ, Сауран, Отырар, Тараз, Исфиджаб қалалары Ташкент, Самарқанд және Бұхара сияқты исламдық білім беру жүйесінің маңызды орталықтарына айналды. Бұл өңірлерде ахундар, ишандар және қожалар діни-ағартушылық қызмет атқарып, ислам дінінің кең таралуына және оның рухани, мәдени ықпалының нығаюына елеулі үлес қосты. Қазақ хандығының алғашқы кезеңінен бастап соңғы кезеңіне дейін ислам құқықтық принциптері мемлекеттік басқаруда маңызды орын алды. Бұл үрдіс Керей мен Жәнібектен бастау алып, Кенесары Қасымұлының (1802-1847) билігі кезеңіне дейін жалғасын тапты [45].

Ресей империясы (1731-1917) отарлаудың бастапқы кезеңінде жергілікті халықтың діни сенімдеріне белгілі бір дәрежеде төзімділік танытты. Бұл саясат мешіттер мен медреселердің ашылуына рұқсат беру, діни әдебиеттердің таралуына қолдау көрсету, сондай-ақ, діни істерді Орынбор мүфтилігіне қаратумен ислам дініне қарсы еместігі көрініс тапты [46]. Алайда XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап билік исламның таралуына тосқауыл қойып, жергілікті халықты христиан дініне тарту арқылы орыстандыру саясатын белсенді түрде жүргізе бастады. 1868 жылы қазақтар Орынбор мүфтилігінің құзырынан шығарылып, олардың христиан дініне өтуіне алғышарттар жасау әрекеті қолға алынды [46, б. 125].

Империялық билік орыс тілін сауаттылықтың негізгі өлшемі ретінде қарастырып, бұл талапты әкімшілік құрылымдар мен оқу жүйесі арқылы жүзеге асыруға тырысты. Мысалы, С.М. Граменицкий мұсылман оқу орындарының оқу бағдарламасына орыс тілі мен тарихын міндетті пән ретінде енгізуді ұсынып, барлық ресми құжаттардың орыс тілінде жүргізілуі қажеттігін бірнеше еңбегінде көтерген [46, б. 129]. Нәтижесінде мұсылман мектептерінде орыс тілі міндетті пән ретінде енгізілді. 1867-1868 жылдардағы әкімшілік реформалар мұсылман дін иелерінің құқықтарын шектеп, діни істерді азаматтық әкімшілікке бағындырды. Уақып институты жойылып, діни құрылыс нысандарын салу қатаң бақылауға алынды. Әр болыста тек бір молда қызмет етуге рұқсат етіліп, оның тағайындалуы әскери губернатордың бекітуіне тәуелді болды [46, б. 134].

Жетісу өңірінде исламдық білім беру жүйесі отарлау кезеңіне дейін-ақ айтарлықтай дамыған болатын. Архивтік деректер бойынша, 1840 жылдары

Лепсі уезінде мұсылман мектептері жұмыс істеп, халыққа білім беріп отырған. П.П. Румянцевтің мәліметіне сәйкес, Қапал уезінде 6265 адам мұсылман оқу орындарында оқыған [46, б. 130]. 1886 жылғы есеп бойынша, Жетісу облысында 7909 білім алушы исламдық білім алып, оларға 361 молда дәріс берген [46, б. 132]. Бұл деректер Жетісу өлкесінде ислами білім беру құрылымы мен діни кадрлардың жеткілікті деңгейде болғанын көрсетеді. Ішкі Ордада 1872 жылы 154 мұсылман мектебі жұмыс істеп, онда жыл сайын 3821 білім алушы білім алған. Оқу бағдарламасы бірнеше кезеңнен тұрды:

- фонетикалық жүйе (абжад);
- Құран үзінділерін (әптиек) жаттау;
- Құранды толық мәнерлеп оқу және ислам негіздерін меңгеру. Сонымен

қатар «Иман шарт», «Чар-Китаб», «Суфи Аллаяр» сынды діни әдебиеттер мен ақын, прозашы және ойшыл ғалымдар Үндістандық парсы тілінде жазатын Мирзо Абдулқодир Бедилдің (1644-1720), Азербайжан тілінде жырлаған Магомед Сүлейман оғлы Физулидің (1494-1556), түркі ақыны, сопы, мемлекет қайраткері Алишер Науаидің (1441-1501) шығармалары оқытылған [46, б. 142]. Алайда арифметика, тарих, география секілді зайырлы пәндер шектеулі көлемде ғана берілген.

1874 жылы Халық ағарту министрлігі исламдық оқу орындарын мемлекеттік бақылауға алу туралы қаулы қабылдап, оларды халық училищелері инспекторларына бағындырды. 1891 жылғы 30 маусымда қабылданған қаулы мұсылман мектептері мен медреселерді ашу үшін ресми рұқсат талап етті, ал 1893 жылғы жаңа жарғы Түркістан өлкесіндегі исламдық білім беру мекемелерін оқу бөлімдерінің құзырына берді. 1893 жылғы ереже бойынша оқу орындарында тек орыс цензурасынан өткен кітаптарды қолдануға рұқсат етіліп, қолжазба және шетелдік әдебиеттерге тыйым салынды [46, б. 126]. 1899 жылы Түркістан генерал-губернаторлығы уезд және учаскелік басқармаларға, оқу инспекторларына діни білім беру жағдайына қатысты толық есеп тапсыру міндетін жүктеді. Шымкент уезінің деректері бойынша, 15 болыста 171 мешіт, 32 мазар, Шымкент қаласында 30 шағын мешіт және бір Жәми мешіті болған [46, б. 127].

XIX ғасырдың соңында қазақ жастары Қазан, Уфа, Орынбор және Бұхарадағы беделді медреселерде діни және зайырлы білім алды. Уфадағы «Ғалия» медресесінде 1907-1917 жылдары 950 шәкірт оқыса, оның 154-і қазақ жастары еді. Олардың ішінен 59-ы мүфтилік емтихан тапсырып, 51-і мүдәріс, 8-і имам-хатиб ретінде танылды. Отарлау кезеңінде патша үкіметі славян халықтарын қазақ жеріне күштеп қоныстандыру арқылы мұсылман қауымының дәстүрлі мәдени-діни құрылымын ыдырату саясаты жүргізілді. Православиелік Ресейге қарсы рухани күш ретінде ислам дінінің ықпалын жақсы түсінген патша билігі бұл дінге қарсы күресті күшейтті. Ресей империясының саясаты мен исламдық ағартушылық арасында күрделі ықпалдасу орын алды [47]. Исламдық

білім беру жүйесі жергілікті халықтың рухани тұтастығын сақтаудың маңызды құралына айналды. Бұл кезеңдегі ең ірі реформаторлық қозғалыс - жәдидшілдік қозғалысы атанды. Қырымдағы Бақшасарайдың Зинжирлы медресесінен басталған осы жаңаша оқыту әдісі санаулы жылдарда Ресейдің күллі мұсылман аймағына тарады. Қырым татары И. Гаспринскийдің (1851-1914) бастамасымен мұсылман халықтарын жаңаша біліммен қамту, дәстүрлі білім беруді реформалау арқылы заманауи дүниетаным қалыптастыру көзделді. 1881 жылы жарық көрген «Орыс мұсылмандығы» атты еңбегінде И. Гаспринский мұсылман білім беру жүйесін сынға ала отырып, оның тарихи мазмұн мен заманауи талаптар арасындағы алшақтықты жою қажеттігін көтереді. Ол былай деп жазады: *«Сауатты мұсылманның бәрі, ең кемінде жартысынан астамы, ислам өркеніетінде ғылымның әртүрлі салалары – медицина (илм-тыб), физика (илм-хикмет), химия (илм-кимя), ботаника (илм-набатат), астрономия (илм-нужум), геометрия (илм-һандаса) сияқты пәндер оқытылғанын білуі тиіс»*. Халифат дәуірінде Бағдат, Кордова және өзге де ірі қалаларда ғылыми-тәжірибелік бағыттағы бір медресенің өзінде 20-30-ға жуық профессор (мүдәріс) қызмет еткен. Алайда бүгінде бұл туралы тек бұлыңғыр естеліктер мен аңыздар ғана сақталған. Қазіргі татар медреселерінің бағдарламасы негізінен араб тіліне, теологиялық ілімдер мен схоластикаға бағытталған. Оқыту тәсілдері жаттауға және мәжбүрлеуге негізделген [48, б. 53-54]. Осылайша, Гаспринский мұсылман оқу орындарының білім беру жүйесін жаңғырту қажеттігін айқын көрсетеді. Ол діни-схоластикалық сипаттан арылып, ғылым мен тәжірибеге негізделген оқу мазмұнын енгізуді талап етіп, жаңашыл бағыттағы реформалардың қажеттілігін негіздейді. Жәдидшілдік идеяларын таратуда Шиһабуддин әл-Маржани да үлкен рөл атқарды. Оның жүргізген реформаларының ғылыми-теологиялық концепциясы мынадай:

- әрбір мұсылман ижтиһад ұғымына басымдық беруі. Оның көзқарасы бойынша, әрбір мұсылман өз заманына сай ойлау еркіндігіне, сындарлы пікір айту, ашықтық құқығына ие;

- бастапқы исламға қайту, яғни исламның бастапқы кезеңдерінде ғылым мен рационалдыққа негізделген дәстүр кейіннен формализм мен догматизмге ұласты, бұл тоқырауға алып келді, ойшыл мутакаллимдердің орнын соқыр мукаллиттер басты, деген тұжырымын ол бірнеше еңбегінде ашық түрде білдірді.

Жәдидшілдік қазақ даласына да кеңінен таралып, жаңа әдісті (усул-жәдид) мектептердің пайда болуына ықпал етті. Семей, Қарқаралы қалаларындағы медреселерде Әл-Маржанидің шәкірттері қызмет жасады. Белгілі ғалым А. Машанов атап өткендей, Абай Құнанбайұлы осы медреселерде әл-Маржанидің шәкірттерінен білім алған.

XX ғасыр басында «ибтидаия» мен «ғалия» оқу жүйесі қалыптасып, бастауыш деңгейде діни пәндермен қатар тілдер, тарих, орыс тілі, арифметика, география оқытылды. Жоғары деңгейде (ғалия) діни ғылымдарға басымдық

беріліп, Құран тәпсірі, хадис ілімі, ислам тарихы оқытылды [49, б. 97–102]. 1906 жылы Верный қаласында Түркістан өлкесінің мұсылмандарының тұңғыш құрылтайы өтіп, дін қызметкерлерін халықтың өзі сайлауы және білім беру мәселелері қарастырылды [50]. Мұсылмандық қозғалыс отарлық езгіге қарсы күрестің рухани және мәдени негізіне айналып, ұлттық жаңғыру үрдісіне серпін берді. Ислам діні халықтың рухани тұтастығының тірегіне айналып, жәдидтік ағартушылық қозғалыс қазақ зиялыларының қалыптасуына жол ашты. 1917 жылы Орынборда өткен жалпықазақ съезінде Алаш партиясы мемлекет пен діннің бөлінуі, барлық діни ұйымдардың заң алдында теңдігі және діни насихат еркіндігі мәселелерін көтерді [51].

Кеңес үкіметі (1917-1991) 1917 жылғы Қазан төңкерісінен кейін атеистік идеологияны мемлекеттік саясат деңгейіне көтеріп, Қазақстандағы исламдық білім беру жүйесіне және діни өмірге түбегейлі өзгерістер енгізді. Кеңес мемлекеті дінді қоғамдық өмірден ығыстыруға бағытталған секуляризация саясатын жүйелі түрде жүзеге асыра бастады [52]. Кеңестік дінге қатысты саясат өз дамуында бірнеше кезеңнен өтті.

Д.Ю. Арапов [53] пен В.А. Ахмадуллиннің [54] зерттеулеріне сәйкес, 1917–1929 жылдар аралығында Кеңес билігінің исламға деген ұстанымы салыстырмалы түрде жұмсақ болған. Бұл кезеңде кейбір діни мекемелер қызметін жалғастырып, молдалар кеңестік мектептерде сабақ өткізуге мүмкіндік алған. Мешіттерде діни білім беру ісі әлі де жанданған болатын. 1920 жылы Еуропалық Ресей, Сібір және Қазақстан мұсылмандарының Орталық діни басқармасы құрылып, діни ұйымдарды орталықтандыру саясаты қолға алынды [55]. 1923 жылы Уфада өткен II Бүкілресейлік мұсылмандар съезінде Қазақстан қазияты осы басқарманың құрамына енгізілді. Алайда 1926 жылы Бакуде өткен түркологтар съезінен кейін түркі халықтарының жазу жүйесін реформалау басталып, 1928 жылдан бастап қазақ жазуы араб графикасынан латын әліпбиіне ауыстырылды. Бұл реформа Кеңес үкіметінің түркі мұсылман халықтарын тарихи, мәдени және діни бірегейліктен ажырату саясатының бір бөлігі болды [57]. Айта кетерлігі, мұндай реформа Грузия, Армения және Балтық жағалауындағы халықтарға қолданылған жоқ. Бұл айырмашылық Кеңестік биліктің ислам өркениетіне тән жазба мәдениетті жою арқылы түркі мұсылмандарын тарихи жад пен діни танымнан алшақтату мақсатын көздегенін көрсетеді. 1932-1937 жылдар аралығы тарихта «дінсіз бесжылдық» атауымен белгілі. Бұл кезеңде діни мекемелер мен медреселер жаппай жабылып, дін қызметкерлері қуғын-сүргінге ұшырады. Соған қарамастан, ислам діні халық жадынан өшпей, бейресми түрде өмір сүруін жалғастырды.

1943 жылы кеңес үкіметі Орталық Азия мен Қазақстан мұсылмандарының рухани басқармасы САДУМ-ды Ташкент қаласында ресми түрде құрып, діни қызметті реттеуді осы құрылымға тапсырды [56]. Бұл құрылым кеңестік биліктің исламға қатысты сыртқы саясаттағы позициясын нығайту құралына айналды.

САДУМ-ның құрылуымен бірге Бухара қаласында Мир Араб медресесі және Ташкенттегі Барақхан медресесін ашуға рұқсат берілді. Алайда, 1949 жылы қабылданған шешімге сәйкес, Барақхан медресесінің ашылуына тыйым салынып, тек Мир Араб медресесі ғана қызметін жалғастыруға мүмкіндік алды. Мұнда тек кеңестік мектептің бастауыш немесе орта білімін алған жастар қабылданды, ал білім алушы саны мен оқу мерзімі үнемі шектеуде болды. Кеңестік исламдық білім беру жүйесі шынайы діни білім беру институты болудан гөрі, кеңестік идеологияны насихаттауға бейімделген сыртқы саяси құралға айналды. Мир Араб медресесі мен кейінгі Жоғары ислам институты шетелдік делегациялар алдында КСРО-дағы «діни еркіндіктің» символы ретінде ұсынылды. Білім алушылардың киімі, тәртібі және оқу бағдарламалары кеңестік биліктің талаптарына сәйкес қатаң реттелді.

1950-жылдардың ортасынан бастап САДУМ білім алушылары әл-Азхар (Египет), Дамаск (Сирия), Бенгази (Ливия), әл-Карауийин (Марокко) және Иордания секілді ислам әлемінің жетекші оқу орындарында тағылымдамадан өту мүмкіндігіне ие болды. Бұл сапарлар арнайы есеп берумен және мемлекеттік органдардың қатаң бақылауымен жүргізілді. Сонда да бұл үрдіс кеңестік шеңберде діни кадрлардың даярлануына жағдай жасап, білім алушылардың кәсіби деңгейін көтеруге мүмкіндік берді. САДУМ мүфтилерінің ішінде Зияуддин Бабахановтың рөлі ерекше болды. Ол сыртқы саясат шеңберінде шетелдік серіктестіктермен байланыс орнатып, исламдық білім беру сапасын арттыруға күш салды. Өзінің бастамасымен әл-Азхар университетінде және басқа да беделді орталықтарда кеңестік студенттердің білім алуына жол ашты. Сонымен қатар ол өзі де медреселерде дәріс оқып, оқытушылар құрамын нығайтуға үлес қосты. Дегенмен, кеңестік билік исламды мемлекеттен шеттету саясатын жалғастырып, діни сенім мен тәжірибеге шектеу қоюды тоқтатпады. Араб жазуының жойылуы, діни мекемелердің жабылуы және діни қайраткерлердің репрессиялануы халықтың діни санасының әлсіреуіне ықпал етті [59]. Соған қарамастан, дәстүрлі дін қайраткерлері бейресми түрде діни білім беру ісін жалғастырып, ислам мұрасын сақтап қалуға тырысты. Мысалы, Сыр өңірінде Қалтай ахун, Ақмырза ахун, Марал ишан сынды тұлғалар діннің халық арасындағы ықпалын сақтауда маңызды рөл атқарды. Алайда олардың көбі кеңестік репрессияның құрбаны болды.

Кеңестік кезеңде исламдық білім беру жүйесі формалды түрде тоқырауға ұшыраса да, діни таным мен тәжірибе халық арасында бейресми түрде өмір сүріп, ислам өркениетінің үздіксіздігін камтамасыз етті [60]. 1980-жылдың соңында Қазақстанда жүргізілген зерттеулер халықтың әртүрлі аймақтарында дінге сенушілер мен діни тәжірибеге бейім азаматтардың үлесі 20-70% аралығында екенін көрсетті [58]. 1990 жылғы 12 қаңтарда Қазақстан мұсылмандарының діни басқармасы (ҚМДБ) құрылып, діни институттардың ұлттық деңгейдегі дамуының жаңа кезеңі басталды. Бұл ұйымның алғашқы төрағасы және Бас

мүфтиі ретінде Ратбек Нысанбайұлы сайланды. Осы кезеңнен бастап исламдық білім беру жүйесі қайта жаңғырып, тәуелсіз Қазақстан жағдайында жаңа институционалдық негізде дами бастады.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан кейінгі алғашқы жылдардан бастап Қазақстанда ислам дінін қайта жандандыру және діни білім беру жүйесін калыпқа келтіру бағытында маңызды қадамдар жасалды. Кеңестік кезеңде тежелген діни өмір біртіндеп жаңарып, мешіттердің кең ауқымды құрылысы басталды, медреселер мен исламдық оқу орындары өз қызметін жандандырды [61]. 1990 жылы құрылған Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы (ҚМДБ) елдегі исламдық институттарды орталықтандырып, діни кадрлар даярлау мен діни білім беруді үйлестіруде шешуші рөл атқара бастады. Бүгінгі күні ҚМДБ-ның құрылымы кеңейіп, көпсалалы әрі кәсіби басқару тетіктерін қамтитын ауқымды ұйымға айналды. Оның құрамында ҚМДБ төралқасы, мүфтилер алқасы, қамқоршылар кеңесі, ғұламалар кеңесі, ақсақалдар алқасы және сарапшылар кеңесі сияқты алқалы органдар жұмыс істейді.

ҚМДБ-ның функционалды құрылымы бірнеше бағытты қамтиды. Атап айтқанда: «Шариғат және пәтуа», «Уағыз-насихат», «Діни білім және ғылым», «Діни оңалту», «Жастар ісі», «Қажылық», «Халықаралық байланыстар», «Ақпараттық-насихат», «Діни талдау мен сараптама», «Әйел-қыздар секторы», сондай-ақ, «Қоғаммен байланыс», «Заң», «Кадр», «Есеп», «Кеңсе және Цифрлық даму» бөлімдері жұмыс істейді. Бұдан бөлек, ҚМДБ-ның бастамасымен бірқатар медиа және қайырымдылық құрылымдар құрылған. Атап айтқанда, «Муфтият» баспасы, «Иман» журналы, «Мұнара» газеті мен телеарнасы, «Халал даму» мекемесі, «Зекет және қайырымдылық» қоры, «Уақып» қоры, «Қамқор-Шарапат» діни рәсім қызметі орталығы және «Тауаф» қажылық туризм ұйымы қызмет атқарады.

ҚМДБ Қазақстандағы исламдық білім беру мекемелерінің құрылтайшысы ретінде де маңызды орынға ие. Қазіргі уақытта басқарма 1 университет пен 9 медресе-колледждің құрылтайшысы болып табылады [62]. Бұл мекемелерде діни білім беру жүйесі мемлекет заңнамасы мен діни нормаларға сәйкес жүзеге асырылып, зайырлы және діни білімнің үйлесімділігіне басымдық беріледі.

ҚМДБ өзінің жарғысына сәйкес діни сауат ашу курстарын ұйымдастыру, Құран оқыту, медреселердің жұмысын үйлестіру және діни кадрлар даярлау үдерісін қадағалау құқығына ие. 2025 жылдың бірінші тоқсанындағы мәліметтерге сәйкес, исламдық білім беру жүйесі келесі жеті институционалдық бағыт бойынша жүзеге асырылуда [65]:

1) Мешіттер жанындағы діни сауат ашу және Құран жаттау курстары - базалық діни білім мен Құран оқуға үйрету орталықтары;

2) Діни оқу орындарына түсушілерге арналған дайындық курстары - медреселер мен исламтану факультеттеріне түсуге бағытталған білім беру орталықтары;

3) Қайырымдылық ұйымдары жанындағы діни оқу-тәрбие орталықтары - әлеуметтік осал топтарға арналған исламдық тәлім-тәрбие орталығы;

4) Қарилар даярлайтын орталықтар - Құранды толық жаттан оқитын қариларды даярлау орталығы;


5) 9 исламтану колледжі (медресе) - орта білім беретін кәсіби оқу орындары медресе-колледждер;

6) 1 (университет) жоғары оқу орыны және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мекемесі - исламтану саласында жоғары білімді мамандарды даярлайтын құрылым;

7) 2 біліктілікті арттыру және қайта даярлау институттары - имамдар мен дін қызметкерлерінің кәсіби деңгейін жетілдіру орталықтары.

Аталған құрылым исламдық білім беру жүйесінің жүйелілігі мен институционалдық негізінің қалыптасқанын көрсетеді. Бұл жүйе Қазақстанда радикалды діни ағымдардың алдын алуға, діни сауатты қалыптастыруға, сондай-ақ, жастардың рухани-адамгершілік иммунитетін нығайтуға бағытталған әлеуметтік маңызды институт ретінде танылып отыр. Сонымен қатар, ҚМДБ-ға қарасты оқу орындары зайырлы білім беру стандарттарымен үйлестірілген оқу жоспарларын жүзеге асыру арқылы, заманауи исламтанушылар мен діни кадрлардың кәсіби даярлығын қамтамасыз етуде. Бұл үрдіс ислам дінінің дәстүрлі құндылықтарын сақтай отырып, оны заманауи қоғамдық талаптарға бейімдеуге мүмкіндік береді.

Зерттеу нәтижесінде Қазақ даласына Ислам діні таралу тарихының негізгі кезеңдерін көрсететін инфографика (1.1-сурет) дайындалды.



Сурет 1.1 - Қазақстандағы ислам тарихының хронологиясы

Ескерту - Автор құрастырған

Бұл хронологиялық талдау исламның қазақ даласында таралу үдерісін сипаттап, оның аймақтағы мәдени және әлеуметтік ықпалын айқындайды. Қорытындылай келе, Қазақстан аумағына исламның таралуы бірнеше тарихи кезеңдерден өткен, тек діни аспектілермен шектелмейтін, аймақтың әлеуметтік, мәдени және саяси құрылымына да ықпал еткен маңызды тарихи күрделі үдеріс болып табылады.

1.2 Исламдық білім беру жүйесінің қалыптасуы және өркениеттік ықпалы

Зерттеу жұмыстың бұл бөлімінде исламдық білім беру жүйесінің тарихи қалыптасуы, оның эволюциялық даму кезеңдері мен өркениеттік рөлі қарастырылады. Сонымен қатар, ислам ғылымдарының басқа мәдениеттермен өзара байланысы, олардың дамуына ықпал еткен факторлар және мұсылман ғалымдарының интеллектуалдық мұралары сараланады.

Ислам дінінің ғылыми прогреске ықпал етуіндегі ең маңызды алғышарттардың бірі - Құран Кәрімнің алғашқы түскен аятының «Оқы!» деген пәрменмен басталуы болып табылады [«Әл-Алақ» сүресі, 1-аят]. Бұл бұйрық ислам өркениетінде білім мен ғылымға деген айрықша көзқарастың негізін қалады. Құранның жазылуы, оның мазмұнын үйрену мен оқу дәстүрі ислам қоғамында оқу-жазу дағдысын дамытудың басты қозғаушы күшіне айналды. Ислам тарихындағы белгілі оқиғалардың бірі ретінде Омар бин әл-Хаттабтың Исламды қабылдауы жөніндегі риуаятта оның қарындасы мен күйеу баласының үйінде Хаббаб бин әл-Араттың «Таһа» сүресінің жазбасын оқып отырған сәтіне куә болуы баяндалады. Бұл риуаят исламның таралуында және ислами білімнің қоғамға енуінде жазба мәдениеттің маңызды рөл атқарғанын нақты дәлелдейді. Оқу мен жазудың дінмен тығыз байланысы, сондай-ақ, діни мәтіндерді түсіну мен таратудың басты құралы ретінде білімнің маңыздылығы осы оқиғалардан айқын аңғарылады.

Ислам өркениетінің дамуына ықпал еткен келесі маңызды фактор - әділетті халифалар дәуіріндегі жаулап алу жорықтары мен олардың нәтижелері. Бұл жорықтар ислам әлемінде саяси ықпалдың кеңеюімен қатар, экономикалық, әлеуметтік және мәдени дамуға да ықпал етті. Осман бин Аффанның халифалығы кезеңінде халықтың әл-ауқаты жақсарды, исламдық құқық пен басқару жүйесі жүйеленіп, өркениеттік құрылымдар дами түсті [66, б. 163]. Бұл үрдіс тек материалдық салада ғана емес, сонымен қатар ғылыми және мәдени салада да көрініс тапты. Ислам өркениетінің маңызды ерекшелігі - өзге өркениеттермен интеллектуалдық өзара әрекетке бейімділігінде болды. Мұсылмандар өзге қоғамдардың мәдени және ғылыми жетістіктерін зерттей отырып, оларды өз таным жүйесімен біріктіруге тырысты. Бұл құбылыстың айқын мысалы - әл-Фарабидің (870-950) еңбектерінде көрініс тапты. Ол грек философиясының негізін қалаған Аристотельдің идеяларын мұқият зерттеп, оларды ислам философиясы тұрғысынан дамытты. Бұл ислам ғылымының универсалдық сипатын және өзге өркениеттермен сабақтастығын көрсетеді [66, б. 164].

Исламдық дүниетанымда адамзат тарихы мен пайғамбарлардың өмір жолына ерекше назар аударылады. Адам, Нұх, Ибраһим, Мұса, Жүсіп, Дәуіт, Сүлеймен және Жүніс пайғамбарлар туралы баяндаулар ислам мен иудаизм және христиандық ілімдер арасындағы ортақтықтарды тануға мүмкіндік береді. Мұсылман тарихшылары мен ғалымдары осы пайғамбарлар туралы деректерді

негізге алып, тарихи-философиялық еңбектер жазды. Мысалы, Мұхаммед бин Исхақ (699-769) пен Мұхаммед бин Жәрир ат-Табари (839–923) секілді авторлардың еңбектері исламдық тарихи білімнің қалыптасуына негіз болды [66, б. 167]. Ислам ғылымының дамуына ықпал еткен тағы бір негізгі фактор - Құран мен Сүннеттің адамды қоршаған табиғи ортаға, аспан мен жердегі жаратылыстарға зер салып, оларды зерттеуге шақыруы. Құранда ақылмен ой жүгірту, ойлану және жаратылысты түсіну туралы ондаған аяттар келтіріледі. Бұл аяттар ғылым мен философияны ислам өркениетінде дамытудың діни-этикалық негізін қалады [66, б. 165]. Құрандағы танымдық үндеулер мұсылман ойшылдарын қоршаған әлемнің құбылыстарын бақылауға, оларды ғылыми әдістермен талдауға итермеледі. Осы парадигманың негізінде Ислам өркениетінде VIII–XV ғасырлар аралығын қамтыған «Алтын дәуір» қалыптасты. Бұл кезеңде мұсылман ғалымдары философия, медицина, математика, астрономия, химия және басқа да жаратылыстану ғылымдары саласында елеулі жаңалықтар ашып, әлемдік ғылымның дамуына зор үлес қосты [66, б. 183]. Сыни ойлаудың, логиканың, бақылау мен тәжірибеге негізделген әдістердің дамуы ислам ғылымының классикалық кезеңін ерекше айшықтайды.

Сонымен қатар, ислам ілімінде құқықтық жүйенің қалыптасуы да білім беру мен құқықтық ойдың эволюциясында маңызды орын алды. Ислам құқықтану ғылымы (фих) Құран мен Сүннетке сүйене отырып, қоғамдық қатынастарды - неке, мұрагерлік, сауда, азаматтық және қылмыстық істерді реттейтін жан-жақты құқықтық нормалар жүйесін қалыптастырды. Бұл үдерісте ислам ғұламалары өз заманының қажеттіліктеріне сай үкімдер мен қағидалар жасап, құқықтық жүйенің серпінді дамуына үлес қосты [66, б. 177–178]. Жоғарыда келтірілген аспектілер исламдық білім беру жүйесінің тек діни уағыз бен рәсімдерге ғана емес, ғылым мен құқық, философия мен мәдениетке негізделген кешенді өркениеттік жүйе екенін көрсетеді. Осы ғылыми-танымдық және әлеуметтік-құқықтық сипаттағы дамудың негізінде ислам өркениеті дүниежүзілік мәдени мұраның маңызды құрамдас бөлігіне айналды.

Исламдық ғылымдардың қалыптасуындағы алғашқы және шешуші кезең - Мұхаммед пайғамбардың (ﷺ) дәуірі, яғни ислам ғылымдарының «негізі қаланған кезеңі» (арабша: مرحلة التأسيس) болып саналады [66, б. 184–185]. Бұл тарихи кезең Меккеде алғашқы Құран аяттарының түсуінен басталып, Пайғамбардың (ﷺ) Мәдинада дүниеден өтуіне дейінгі уақытты қамтиды. Аталған дәуір шарии ғылымдардың түпкілікті негізі қаланған, Исламның құқықтық, сенімдік және этикалық қағидалары бекітілген уақыт болып табылады.

Пайғамбарлық кезең - ислами білім жүйесінің ең маңызды тарихи негізі ретінде танылып, кейінгі ғасырлардағы ислами ғылымдардың дамуына арқау болған негізгі танымдық-теориялық база қалыптастырды. Бұл кезеңде шарият ілімдерінің басты қайнар көздері Құран мен Сүннет толықтай қалыптасып, білім

беру үдерісі негізінен ауызша және тәжірибелік әдістер арқылы жүзеге асырылды.

Мұхаммед пайғамбар (ﷺ) сахабаларға ұстаз ретінде Құран аяттарын үйретіп, олардың мазмұнын түсіндіріп, күнделікті өмірде қолданудың нақты үлгісін көрсетті. Оның үйрету тәсілі тек теориялық баяндауға емес, тәжірибеге, өмірмен ұштастыруға негізделді. Осы кезеңде ислам дінінің негізгі қағидаттары - сенім (*ақида*), ғибадат (*ибадат*), моральдық-этикалық нормалар (*ахлақ*), қоғамдық қатынастарды реттейтін құқықтық ережелер (*фихх*) қалыптаса бастады [67]. Атап айтқанда, намаз, ораза, зекет, қажылық секілді парыз амалдар мен исламның бес тірегі туралы түсініктер осы дәуірде орнықты. Пайғамбарлық кезеңде қалыптасқан бұл ағартушылық, танымдық жүйе кейінгі мухаддистер, муфассирлер, фақихтер және мутакаллимдер тарапынан жүйеленіп, дамытылды. Демек, бұл дәуір ислам ілімінің бастау бұлағы, әрі тарихи-танымдық тұрғыдан шариғи білімдер эволюциясының іргетасы болып табылады.

Исламдағы білім беру құрылымдары - Дар әл-Арқамнан (арабша: دار الأرقم) бастау алады. Бұл мекен - Меккеде орналасқан, Әбу Абдулла әл-Арқам бин Әбу әл-Арқам әл-Махзумидің (590-675) үйі. Мұнда пайғамбар Мұхаммед (ﷺ) алғаш сахабаларын жасырын түрде тәрбиелеп, ислам негіздерін үйретті. Дар әл-Арқам мұсылман қауымының рухани іргетасын қалап, алғашқы «мектеп» қызметін атқарған білім беру орны ретінде тарихта ерекше орын алды [69, б. 54].

Исламдағы кең тараған дәстүрлі білім беру әдістерінің бірі «халқа» (араб.: حلقة) жүйесі. Бұл дөңгелек шеңбер түрінде ұйымдастырылатын білім алқасы. Мұхаммед пайғамбар (ﷺ) бұл үлгіні Меккеде және кейінірек Мәдинада қолданған. Мәдинадағы Пайғамбар мешітінде ұйымдастырылған халқа жиындары Құран, хадис, фихх оқыту, ашық пікір алмасу, сұхбат жүргізу және интеллектуалдық ойлауға негізделген дидактикалық алаң ретінде қызмет етті. Белгілі хадисші және тарихшы Омар бин Шабба әл-Нумайри (789-877) «Тарих» атты еңбегінде халқа жиындарын білім беру, уағыз айту, пәтуа беру, Құран оқыту және тәжвид үйрету іс-шаралары ретінде сипаттайды [69, б. 53]. Мешіттер ислам өркениетінде тек құлшылық орны ғана емес, сонымен қатар білім мен ғылымның негізгі орталығы қызметін атқарды. Ислам тарихында мешіттің білім беру орны ретіндегі маңыздылығы тұрақты және шешуші рөлге ие болды.

Ислам өркениетінде білім беру жүйесі біртіндеп құрылымдық жағынан күрделеніп, кешенді үлгілерге айналды. Осындай құрылымдардың бірі - исламға дейінгі кезеңнен бастау алып, кейін мұсылмандық білім беру жүйесінің маңызды буынына айналған куттаб немесе кататиб жүйесі. Алғашқыда араб балаларына оқу-жазуды үйрету мақсатында құрылған бұл мекемелер ислам діні тарағаннан кейін кеңінен тарап, оқу-ағарту жүйесінің негізгі компонентіне айналды [72, б. 63].

Исламның алғашқы ғасырларында ата-аналар балаларын куттабтарға оқуға беріп, оларды жазу-сызуға үйретуге мән берді. Сонымен қатар, білім алушылар

мұсылман ғалымдарының үйлерінде жеке дәрістер алып, өз білімін тереңдетіп отырды [72, б. 65]. Куттабтардың басты ерекшеліктеріне төмендегілер жатады:

- көп жағдайда мешіттердің жанында орналасты;
- оқытушылар «мұғалім», ал кейбір аймақтарда, мысалы шам елдерінде «хатиб» деп аталды;
- ұстаздар оқыту бағдарламаларын әзірлеп, әдістемелік тәсілдер мен бағалау жүйесін қалыптастырды.
- Сонымен қатар, олар қолжазбаларды көшіріп, тарату ісімен де айналысты.

Куттабтар мешіттерге қосылып жұмыс істегенімен, кей жағдайларда дербес білім беру мекемелері ретінде де қызмет атқарды. Білім алу исламда аса маңызды құндылық саналғандықтан, мұсылман қауымы мешіттермен қатар куттабтар салып, білімді тарату арқылы рухани сауапқа кенелуді көздеді.

Умауилер кезеңінде куттаб жүйесі ислам қоғамында кеңінен таралып, ірі қалалардан бастап шалғай ауылдарға дейін еніп, мешіттермен қатар өмір сүрген маңызды оқу құрылымына айналды [66, б. 163]. Куттабтар мен мешіттердің тығыз байланысы діни және дүниелік білімнің қатар жүргізілуін қамтамасыз етті. Ал Аббасилер билігі тұсында кататибтер жүйесі ұйымдасқан әрі тиімді құрылымға айналды [72, б. 67]. Бұл үдеріс мемлекеттің нығаюымен және қоғамдық-саяси тұрақтылықтың орнауымен қатар өрбіді. Ата-аналар балалардың оқуына ерекше көңіл бөліп, мұғалімдердің қоғамдық мәртебесі жоғары бағаланды. Ортағасырлық ислам педагогикасының көрнекті өкілі бин Сахнун (817–869) куттабтардағы білім беру бағдарламасын саралай отырып, Құран мұғалімінің міндеттерін төмендегідей етіп көрсеткен [72, б. 47]:

- Құран грамматикасы (иғраб) мен орфографиясы (нижа) бойынша білім беру;
- каллиграфия мен дұрыс жазу дағдыларын қалыптастыру;
- Құранды тәжвид ережелерімен әуезді әрі дәл оқу тәсілдерін (тауқиф, тартил) меңгерту;
- қажет жағдайда әдеби шығармалар мен поэзия элементтерін, әдепсіз мазмұны болмаса, оқыту;
- Құранды негізгі қырағаттардың бірі Нәфиг қырағатымен үйрету, сондай-ақ, қабылданған (мақбул) қырағаттарды да қолдануға рұқсат беру.

Оқыту процесінің маңызды құрамдас бөлігі - білім алушыларды әдеп пен тәрбиеге баулу. Мұғалім тек білім беріп қана қоймай, шәкірттеріне бағыт-бағдар беріп, оларды адами және діни жауапкершілікке тәрбиеледі. Сабақ әдетте күн шыққаннан бастап түске дейін жалғасты. Оқыту барысында мәтін оқу, диктант жазу, және өзара талдау әдістері қолданылып, жазбаша жұмыстар үнемі тексеріліп отырды. Шәкірт келесі сүреге тек алдыңғыны толық меңгергеннен кейін ғана өте алатын. Бұл тәсіл терең игеруге негізделген жүйенің бір белгісі болды. сондай-ақ,, мұғалім шәкірттерге дәрет алу және намаз оқу ережелерін үйретуге міндетті саналды. Осылайша, кататибтер қазіргі мектептердің тарихи

прототипі ретінде исламдық білім беру жүйесінің алғашқы ұйымдасқан үлгісі болып қалыптасып, мұсылман қоғамының рухани әлеуетін арттыруда шешуші рөл атқарды. Бұл институттар ислам өркениетінің интеллектуалдық және мәдени дамуына елеулі үлес қосып, бүгінгі дәстүрлі ислами білім беру жүйесінің тарихи негізіне айналды.

Исламдық білім беру жүйесінің қалыптасуындағы маңызды кезеңдердің бірі - сахабалар мен табиғиндер дәуірі болып табылады. Бұл кезеңді шартты түрде екі тарихи сатыға бөлуге болады: әділетті халифалар дәуірі және табиғиндер кезеңі. Пайғамбар Мұхаммедтің (ﷺ) дүниеден өтуімен бірге уахи тоқтап, Исламның алғашқы кезеңі аяқталды [72, б. 49]. Осыдан кейін мұсылман қауымы үшін Құран аяттарын оқу, оларды түсіну және өмірде қолдану - білім беру мен құқықтық танымның жаңа міндетіне айналды. Сахабалардың рөлі бұл үдерісте айрықша болды. Олардың бірқатары әскери және саяси ықпалымен ерекшеленсе, енді бір тобы шариғи білім беру мен тәпсір, хадис, фикһ сияқты ғылым салаларында танымал болды [66, б. 166]. Табиғиндер буынына жататын әйгілі ғалым Мәсруқ бин әл-Ажда сахабалар арасындағы ең білімділерді зерттей келе, Омар бин әл-Хаттаб, Әли бин Әби Тәліп, Абдулла бин Масғұд, Муаз бин Жәбәл, Әбу Дәрда және Зәйд бин Сәбитті ерекше атап өтеді [66, б. 167]. Бұл сахабалар Құран мен Сүннетті түсіндіруде және шариғат үкімдерін тұжырымдауда жетекші рөл атқарды.

Сахабалардың беделі мен білім деңгейіне қатысты көптеген риуаяттар сақталған. Мысалы, Әбу Саид әл-Худридің (р.а.) риуаятында Пайғамбар (ﷺ) сахабалар туралы былай деген: «Менің үмбетімнің ішіндегі ең мейірімдісі - Әбу Бәкір әс-Сыддық, Алланың діні мәселесінде ең күштісі - Омар бин әл-Хаттаб, ұяттылығы жағынан ең сенімдісі - Осман бин Аффан, ең әділ төреші - Әли бин Әби Тәліп, мұрагерлік мәселелерді ең жақсы білетін - Зәйд бин Сәбит, Құранды ең жетік оқитын - Убай бин Кааб, адал мен арамды ең жақсы танитын - Муаз бин Жәбәл, ал осы үмбеттің ең сенімді адамы - Әбу Убайда бин әл-Жаррах, білімнің қазынасы - Әбу Һурайра» [73]. сондай-ақ, Мұхаммед бин Сахл бин Әбу Хайсәмнің риуаятында: «Пайғамбар дәуірінде пәтуа беруге алты сахаба тағайындалған. Олар - Мұһажирлерден: Омар бин әл-Хаттаб, Әли бин Әби Тәліп, Абдулла бин Масғұд; Ансардан: Убай бин Кааб, Муаз бин Жәбәл, Зәйд бин Сәбит», - деп көрсетілген.

Ислам ілімінің жүйелі түрде таралуын қамтамасыз ету мақсатында Пайғамбар Мұхаммед (ﷺ) кейбір сахабаларды әртүрлі өңірлерге жіберіп, оларға діни білімді насихаттау, ислам қағидаларын үйрету және құқықтық мәселелерде шешім қабылдау міндеттерін жүктеген. Бұл тұлғалар барған аймақтарында жергілікті мұсылман қауымына пәтуа беріп, туындаған күрделі жағдайларда Құран мен Сүннетке негізделген ижтиһад жолымен құқықтық үкімдер шығарды. Осы қызметі арқылы олар фикһ ғылымының дамуына айтарлықтай үлес қосты [74, б. 28].

Сахабалардың білім беру қызметі ислам ілімінің тек кеңістікте таралуымен ғана шектелмей, оның құрылымдық қалыптасуына да серпін берді. Уақыт өте келе олардың жетекшілігімен құрылған орталықтар білім беру ғана емес, сонымен қатар ғылыми-танымдық ізденістер жүргізілетін ижтиһад институтына айналды. Мұндай білім беру орындары кейінірек «медресе» деген атауға ие болып, ислам ғылымдарының алғашқы институционалдық үлгілері ретінде қалыптасты [74, б. 53]. Медреселердің негізгі мақсаты - исламдық білімді жүйелі түрде тарату және шариғи мәселелерде терең білімді, мужтаһид деңгейіндегі ғалымдарды даярлау болды. Бұл оқу орындарында фикһ, тәпсір және хадис ілімдері жүйелі түрде дамытылды. Білім беру процесі белгілі ғалымдардың жетекшілігімен жүзеге асырылып, олардың айналасына ғалым шәкірттер топтасып, теориялық әрі практикалық даярлықтан өтті. Мұндай орталықтар ғылыми пікір алмасу мен құқықтық мектептердің (мәзһабтардың) қалыптасуына зияткерлік негіз қалады.

Тарихи деректерге сүйенсек, алғашқы құрылымданған медреселердің бірі - Мәдина қаласындағы Хижаз медресесі болған. Кейіннен бұл үлгі Мекке мен Куфа қалаларында жалғасын тауып, исламдық білім беру тарихында маңызды орынға ие болды [74, б. 54]. Бұл білім ошақтарының негізін қалаушылар - белгілі сахабалар, олардың әрқайсысы ислам ілімін нақты аймақта жүйелі түрде таратуда шешуші қызмет атқарды. Мәдинадағы медресенің қалыптасуы Зәйд бин Сәбит (611-665) пен Убай бин Каабтың (қ.650) есімдерімен тығыз байланысты. Олар Құран тәпсірі мен хадис ілімін жүйелеуде маңызды рөл атқарды. Меккедегі медресе Абдулла бин Аббастың (618-687) жетекшілігімен дамыды. Ол тәпсір және хадис салаларында терең білім иесі ретінде танылып, өзінің ғылыми мектебін қалыптастырды [76, б. 69]. Куфа медресесінің негізін қалау үшін әділетті халифа Омар бин әл-Хаттаб Абдулла бин Масғұдты (қ.653) арнайы жіберген. Бұл оқу орталығы кейінгі ғасырларда ханафи мәзһабының интеллектуалдық іргетасын қалауға ықпал етті [76, б. 79]. Басра қаласында да осындай ілім орталығы пайда болды. Оның қалыптасуына Әбу Мұса Әл-Әшғари (602-665) басшылық жасап, бұл өңірде фикһ, хадис және тәпсір ғылымдарының дамуына негіз қалады [76, б. 87]. Осылайша, сахабалар дәуірі ислами білімдердің жүйелене түсуіне, ижтиһад институтының қалыптасуына негіз болды. Бұл кезеңдегі сахабалардың рөлі тек ислами білімді тарату ғана емес, сонымен қатар мұсылман қоғамының әлеуметтік және құқықтық жүйесінің негізін қалыптастырумен де ерекшеленді.

Табиғиндер - ислам білімдерінің дамуына елеулі үлес қосқан, шариғат ғылымдарын меңгеріп, діни ілімді кейінгі ұрпаққа жеткізуде маңызды рөл атқарған тұлғалар. Олар ислами білім беру дәстүрінің сақталуы мен жүйеленуіне, сондай-ақ, ислам өркениетінің интеллектуалдық іргетасының қалануына тікелей әсер етті. Табиғиндер өз кезеңдерінің ерекшеліктеріне, сахабалармен қарым-

қатынасына және білім алудағы тікелей сабақтастығына қарай бірнеше буынға бөлінеді [74, б. 49]:

Үлкен буындағы табиғиндер - Пайғамбар (ﷺ) дәуірінде өмір сүрген, бірақ оны көрмеген, алайда сахабалардан тікелей білім алған тұлғалар. Олар сахабалармен ұзақ уақыт бірге болып, исламдық білімнің тереңдей түсуіне және алғашқы өңірлік медреселердің құрылуына себепші болды. Бұл буынның көрнекті өкілдері аймақтық тұрғыда келесідей ерекшеленеді: Меккеде - Ата бин Әбу Рабах; Мәдинада - Саид бин әл-Мусайиб; Йеменде - Товус бин Кайсан; Басрада - Хасан әл-Басри; Куфада - Ибраһим ән-Нәхайи; Шамда - Макхүл аш-Шами; Хорасанда - Ата әл-Хорасани [74, б. 50].

Орта буын табиғиндер - сахабалардан немесе үлкен табиғиндерден білім алған, бірақ сахабалармен қарым-қатынасы қысқа мерзіммен шектелген тұлғалар. Олар исламдық ілімді жинақтау мен жүйелеуге үлес қосты. Мысал ретінде Қатада бин Диамә мен бин Шихаб әз-Зуһриді атауға болады [74, б. 51].

Кіші буын табиғиндер - бірнеше ғана сахабамен кездескен немесе тек табиғиндерден білім алған, кейінгі ислам ғылымының дамуына негіз қалаған көрнекті ғалымдар. Олардың қатарында ислам құқықтануының негізін қалаушылар - Имам Әбу Ханифа, Имам Малик бин Анас және Суфьян әс-Сәури бар [74, б. 52].

Табиғиндер сахабалардан алған білімдерін ислам әлемінің әртүрлі өңірлеріне таратып, исламдық оқу жүйесінің негізін қалады. Бұл кезеңде фикһ, ақида, хадис және тәпсір ғылымдары белсенді дамыды. Табиғиндердің қызметі нәтижесінде исламдық білім жинақталып, жазбаша жүйеге түсіріле бастады. Хадис жинақтау, фикһ негіздерін қалыптастыру және құқықтық мәзһабтардың пайда болуы дәл осы кезеңде бастау алды [74, б. 53]. Осылайша, табиғиндер ислами білімнің құрылымдық дамуына негіз салып, мұсылман өркениетінің ғылыми-интеллектуалдық өрлеуінде шешуші рөл атқарды. Олар мұра еткен білім беру дәстүрі кейінгі ғасырлардағы исламдық оқу орындары мен ғылыми мектептердің қалыптасуына серпін берді.

Исламдық ғылымдардың ресми түрде жүйеленіп, жазбаша түрде бекітілуі VII ғасырдың соңы мен VIII ғасырдың басында басталған кодификация кезеңімен тығыз байланысты. Бұл дәуір мұсылман құқықтық ойының дамуындағы жаңа белес ретінде сипатталып, «мүжтәһид имамдар дәуірі» деген атаумен ғылыми әдебиетте орнықты [66, б. 183]. Ислам білімінің ауызша таралуынан жазбаша жүйеге көшуі шарият ғылымдарының тұрақтануына, құқықтық мәзһабтардың пайда болуына және медреселік білім беру құрылымының қалыптасуына жол ашты. Ижтиһад негізінде құрылған медреселер ислам құқығының ғылыми жүйесін қалыптастырып, фикһтың әдіснамалық негіздерін дамытуда шешуші рөл атқарды. Бұл оқу орталықтарынан шыққан ғалымдар ислам өркениетінің интеллектуалдық өрлеуіне айтарлықтай үлес қосып, кейінгі мұсылман қоғамдарының құқықтық және білім беру жүйелерінің іргетасын қалады.

Исламдық ғылымдардың жүйелену үдерісі бірнеше негізгі факторлардың ықпалымен жүзеге асты:

Біріншіден, халифат билігінің ислам білімін қолдауы маңызды рөл атқарды. Умауи және Аббаси халифалары ислами білім мен ғылымның дамуына ерекше мән беріп, көрнекті ғұламаларды қолдап, оларды сарай маңына тартты. Бұл қолдау нәтижесінде ғылым мен білім беру саласында тұрақты орталар құрылып, ғылыми шығармашылыққа қолайлы жағдай жасалды.

Екіншіден, ислам дінінің кең географиялық аумақта таралуы түрлі этникалық және мәдени топтардың шариғатқа негізделген құқықтық реттеуін қажет етті. Ислам мемлекетінің аумағы Испаниядан Қытайға дейін созылып, құқықтық нормаларды әртүрлі жағдайларға бейімдеу қажеттілігін туындатты. Бұл жағдай фикһ ғылымының аясын кеңейтіп, құқықтық ілімнің мазмұндық жағынан байи түсуіне септігін тигізді.

Үшіншіден, осы кезеңде ірі ислам ғұламаларының қызметі ерекше маңызға ие болды. Олар мемлекет пен қоғамның қажеттіліктеріне сәйкес құқықтық нормаларды жүйелеп, ислам ғылымдарының теориялық негіздерін қалыптастырды. Сонымен қатар, олардың басшылығымен медреселер мен ғылыми орталықтар құрылып, бұл мекемелер діни және құқықтық білімнің кәсіби деңгейде берілуін қамтамасыз етті.

Исламның алғашқы ғасырларында білім беру негізінен ауызша жүзеге асырылғанымен, сахабалар мен табиғиндер және мүжтәһид имамдар ислам ілімдерін жатқа баяндаумен қатар, жазбаша түрде жүйелеу және сақтау ісін қолға алды. Осы кодификациялық үдеріс білімнің ұрпақтан-ұрпаққа дәл әрі сенімді түрде берілуін қамтамасыз етіп, мұсылман қоғамында білімнің кеңінен таралуына негіз болды. Осылайша, ислам ғылымдарының жүйеленуі мен кодификациясы мұсылман өркениетінің зияткерлік дамуының басты кезеңі ретінде бағаланады. Бұл үдеріс құқықтық, теологиялық және педагогикалық дәстүрлердің қалыптасуына негіз болды және ислам білім жүйесінің болашақ дамуына ықпал етті.

Исламдық білім беру жүйесі ислам дінінің түрлі аспектілерін зерттейтін ғылымдар кешеніне айналды. Бұл салаға келесі негізгі пәндер жатады:


- Құран және оның тәпсірі;
- Хадис және оның түсіндірмесі
- Хадис ілімдері;
- Ислам сенім негіздері (ақида);
- Фикһ және оның методологиясы (усул әл-фикһ).

Мысырлық зерттеуші Хоссам Жабер өз еңбегінде [77] ислами білімдерді төрт негізгі ғылыми бағытқа бөліп көрсеткен (1.2-сурет). Олар:

- Дереккөз ғылымдары: Құран және оның тәпсірі, сондай-ақ, Хадис пен оның түсіндірмесі (Шурух әс-Сунна).
- Мақсатқа жету ғылымдары: Ақида, Фикһ және Ахлақ.

- Қосалқы ғылымдар: Құран ілімдері (тәпсір негіздері), Хадис ғылымы және Фикһ негіздері.

- Ғылымның өзегі: Ислам ғалымдарының өмірбаяны, оның ішінде Пайғамбардың (ﷺ) сирасы және тарихи қиссалар.



Сурет 1.2 - Хоссам Жабердің исламдық білімді игерудің төрт негізгі ғылыми бағыты

Ескерту: Әдебиет негізінде құралған [77]

Ислами білімдер исламдық дүниетанымды жан-жақты түсіндіруді мақсат етеді. Сонымен қатар, олар араб тілі грамматикасы (наху және сарф), жаратылыстану ғылымдары, тарих және әдебиет сияқты қосымша салалармен тығыз байланысты. Ислами білім беру жүйесі Ислам шарияты ғылымдарын үйретуге негізделген. Бұл ғылымдар негізгі (Илм әл-Аслия) және қосалқы (Илм әл-Әлаат) болып екі үлкен санатқа бөлінеді (1.1-кесте) [78].

Кесте 1.1 – Исламдық білім беру пәндерінің атаулары

Негізгі (әл-Аслия) пәндер	Қосалқы (әл-Әлаат) пәндер
Тәпсір Хадис Ақида Фикһ	Құран ілімдері Араб тілі Фикһ негіздері Хадис терминологиясы Фикһ қағидалары
Ескерту: Әдебиет негізінде құралған [78]	

1.2.1 Ислами білім берудің негізгі «әл-Аслия» ғылымдары

Ислами білім беру жүйесінде «әл-Аслия» ғылымдары негізгі ислами білімдердің өзегін құрайды.

Құран тәпсірі Құран Кәрім - Алла Тағаланың елшісі Мұхаммед пайғамбарға (ﷺ) мәтіні мен мағынасы қатар уахи түрінде түскен қасиетті кітабы болып табылады [66, б. 32]. Ғылыми тұрғыдан алғанда, Құран тек діни мәтін ретінде ғана емес, сонымен қатар араб тілі мен әдебиетінің, тарих пен мәдениеттің, философия мен құқықтың аса маңызды дереккөзі ретінде де қарастырылады [79]. Сонымен қатар, ол мұсылман қоғамының әлеуметтік құрылымына, құқықтық жүйесіне, мәдениеті мен өнеріне, сондай-ақ, білім беру жүйесіне елеулі ықпал етті.

«Тәпсір» сөзі араб тілінде «түсіндіру», «баяндау», «жасырын нәрсені ашу» мағынасында қолданылады. Терминологиялық тұрғыдан алғанда, тәпсір - адамның танымдық шеңберінде Алланың жіберген аяттарын түсінуге, Құран мәтінінің мағыналарын талдау мен түсіндіруге бағытталған ғылым саласы болып табылады [80, б. 173]. Ислам тарихында тәпсір ғылымының орны айрықша. Құран Кәрімнің алғашқы тәпсіршісі Мұхаммед пайғамбар (ﷺ) болды. Ол аяттардың мағынасын ашып, сахабаларға олардың мазмұнын түсіндіріп отырған. Мұсылмандар Құранды дұрыс түсіну мақсатында Пайғамбардың тікелей тәпсіріне сүйенді. Сондықтан уахи үдерісіне куә болған және Пайғамбардың түсіндірулерін өз құлағымен естіген сахабалардың тәпсірлері ислами білім беру саласында аса маңызды дереккөзі болып табылады [80, б. 177]. Сахабалар дәуірінде Құран аяттарын түсіндіру және насихаттау үдерісі қарқынды дамып, тәпсір ғылымының негізі қаланды. Бұл кезеңде сахабалардың араб тілін терең меңгеруі, сол заманның мәдени-әлеуметтік жағдайларын жақсы білуі және ислам құқықтық нормаларын жетік меңгеруі Құран мазмұнын терең талдауға мүмкіндік берді [80, б. 178]. Алайда әр сахабаның Пайғамбармен (ﷺ) қарым-қатынас уақыты мен өмірлік тәжірибесі әртүрлі болғандықтан, олардың тәпсірлік білім деңгейінде белгілі бір айырмашылықтар орын алғаны байқалады.

Сахабалардан кейінгі буын табиғиндер Құран мен сүннет мұрасын жалғастырып, тәпсір ғылымын жүйелеу және жинақтау ісінде маңызды рөл атқарды. Олар өздері өмір сүрген өңірлердегі сахабалардан алған білімдерін жинақтап, аяттардың түсіндірмелерін жүйеледі. Сонымен қатар, Пайғамбардан жеткен хадистер мен уахи контекстіндегі мәліметтерді сақтап, келесі ұрпаққа сенімді түрде жеткізуге ұмтылды. Аймақтық ерекшеліктерге сәйкес, табиғин ғалымдары белгілі бір сахабалардың тәпсір мектебіне сүйеніп жұмыс істеді. Мәселен, Меккеде өмір сүрген ғалымдар Абдулла бин Аббастың тәпсірлік мұрасына жүгінсе, Куфа қаласындағы табиғиндер Абдулла бин Масғұдтың аяттарға берген түсіндірмелерін негізге алды. Бұл үрдіс әртүрлі тәпсірлік мектептердің қалыптасуына жол ашып, тәпсір ғылымының кейінгі дәуірлердегі даму траекториясына негіз болды. Табиғиндер мұсылман қоғамының кеңеюімен бірге жаулап алынған елдердегі халықтарға Құран аяттарының мағынасын түсіндіруде айрықша рөл атқарды. Бұл халықтардың көпшілігі араб тілін жетік меңгермегендіктен, Құран мәтіндерін дұрыс ұғыну барысында елеулі

қиындықтар туындады [80, б. 178]. Осыған байланысты тәпсір жұмыстары ерекше маңызға ие болды, ал табиғиндер осы үдерісте білім мен тәжірибеге сүйене отырып, түсіндірмелік дәстүрдің сақталуы мен дамуына негіз қалады. Аталған кезеңде тәпсір ғылымының құрылымдық негіздері қаланып, оған құқықтық нормалардың қалыптасуына ықпал еткен насх (үкімдердің күші жойылуы) ілімі де әсер етті.

Насх ұғымының тәпсір ғылымына енуі Құран аяттарының түсіндірмесін уақыт пен контекстке сай түсіну қажеттігін айқындады. Осылайша, тәпсір ілімі алғашқы дәуірден бастап Құран мазмұнын ұғынуға бағытталған ғылыми сала ретінде дамыды. Оның жүйеленуі - алдымен сахабалар, кейін табиғиндердің интеллектуалдық мұрасы негізінде жүзеге асты. Бұл дәстүр кейінгі ислам тарихында одан әрі жалғасын тауып, тәпсір ғылымының жан-жақты дамуымен ерекшеленді. Ислам ғылымында тәпсір саласы екі негізгі әдістемелік бағытқа бөлінеді: риуаятқа негізделген тәпсір (*ат-тафсир бил-мәсұр*) және пікірге негізделген тәпсір (*ат-тафсир бир-рай*) [80, б. 187].

Риуаятқа негізделген тәпсір - Құран аяттарының мағынасын оның өз контексті, Пайғамбар Мұхаммедтің (ﷺ) сүннеті және сахабалар мен табиғиндерден жеткен сенімді риуаяттар арқылы түсіндіруге негізделген тәсіл. Бұл әдістің басты ерекшелігі – мәтіннің мағынасы сенімді дереккөздер арқылы анықталып, Құран аяттарын басқа аяттармен немесе хадистермен, олардың тізбегі (*иснад*) арқылы талдау. Бұл тәсіл Құран тәпсірінде нақтылық пен дәйектілікке, мәтінге деген құрмет пен ұстамдылыққа негізделеді.

Пікірге негізделген тәпсір кейде дүниетанымдық немесе рационалды тәпсір (*тафсир бид-дирая*) немесе ақылға негізделген тәпсір (*тафсир бил-мақұл*) деп те аталады. Бұл тәсілде тәпсірші ижтиһад негізінде, яғни ғылыми, логикалық және діни білімдерге сүйене отырып, аяттардың мағынасын түсіндіреді. Имам Суютидің анықтамасына сәйкес, бұл бағыт Пайғамбардың сүннеті мен шарият талаптарына қайшы келмейтін шеңберде пікір айту арқылы Құранды түсіндіруге бағытталған. Пікірге негізделген тәпсір екіге бөлінеді:

- Мақталған (мақұлданған) тәпсір - бұл түрі ислам ғылымдарына (фиqh, хадис, араб тілі, усул ат-тәпсір және т.б.) сүйене отырып, ғылыми-әдістемелік талаптарға сәйкес жүргізіледі. Мұндай тәпсірлер Құранды заманауи көзқараспен ұғынуға мүмкіндік береді, бірақ шариғи шеңберден шықпайды.

- Айыпталған (мақұлданбаған) тәпсір - қажетті діни білім мен әдіснамалық дайындықсыз, субъективті көзқарастар мен нәпсілік қалауларға сүйеніп жасалатын түсіндірмелер. Бұл тәсіл ислам ғылымында сенімсіз деп танылып, қабылданбайды. Осылайша, тәпсір ғылымы өзінің тарихи дамуы барысында тек мәтіндік дәстүрге ғана емес, сондай-ақ, ойлау мен танымдық үдерістерге де негізделген ғылым саласы ретінде қалыптасты. Құран Кәрімді тәпсірлеу үшін ғалымдар он бес негізгі ғылымды меңгерудің қажеттілігін ескерткен, олар 1.2-кестеде көрсетілген [80, б. 175].

Кесте 1.2 - Қасиетті Құранды тәпсір жасау үшін қажетті негізгі пәндер

Пәндер	Сипаттамасы
Тіл ғылымы (арабша: لغة)	араб тілі және тәпсірленетін тілдің ғылымы.
Синтаксис (арабша: النحو)	сөйлем құрылымын талдау ғылымы.
Морфология (арабша: التصريف)	сөз құрылымын зерттеу ғылымы.
Сөзжасам (арабша: الاشتقاق)	сөздердің түбірі мен мағыналарын түсіну ғылымы.
Мағына ілімі (арабша: علم المعاني)	мәтіннің семантикалық құрылымын талдау ғылымы.
Баян ілімі (арабша: علم البيان)	астарлы мағыналар мен көркемдік тәсілдерді анықтау ғылымы.
Бәдіғ ілімі (арабша: علم البديع)	әдеби және стилистикалық әдістерді меңгеру ғылымы.
Қирағат ғылымы (арабша: علم القراءات)	Құранның түрлі оқылу нұсқаларын зерттеу ғылымы.
Ақида негіздері (арабша: علم أصول الدين)	сенім және теология мәселелерін меңгеру ғылымы.
Ислам құқық негіздері (арабша: علم أصول الفقه)	жалпы құқықтық дәлелдер мен оларды пайдалану әдістерін, шариғи нормалардың сипатын, сондай-ақ, ижтиһад (дербес құқықтық талдау) және истидлал (дәлелдерден қорытынды шығару) әдістерін зерттеу ғылымы.
Құранның түсу себептері (арабша: أسباب النزول)	аяттардың тарихи және контекстуалдық жағдайларын білу.
Насих пен мансук (арабша: نسخ ومنسوخ)	үкімдердің жойылуы немесе күшінде қалуын анықтау ғылымы.
Фикһ (арабша: الفقه)	ислам құқықтық нормаларын жүзеге асыру ғылымы.
Хадис ілімі (арабша: علم الحديث)	Пайғамбардың (ﷺ) хадистерін зерттеу ғылымы.
Алла Тағаланың ерекше дарытқан қабілеті (арабша: علم الموهبة)	Құранды терең түсінуде рухани даналық пен хикмет ғылымы.
Ескерту: Әдебиет негізінде құралған [80, б. 175]	

VII–IX ғасырларда Құран ғылымдарының қарқынды дамуы нәтижесінде Құран аяттарын тәпсірлеу ісін жүйелеу қажеттілігі туындады. Бұл кезеңде ислам ғалымдары тәпсір ілімін жинақтап, өз алдына дербес ғылым саласы ретінде қалыптастырып, алғашқы тәпсір еңбектерін жаза бастады. Алғашқы тәпсірлердің мазмұны көбіне сахабалар мен табиғиндердің риуаяттарына негізделді, әрі олар *риуаятқа негізделген тәпсір (тафсир бил-мәсур)* және *пікірге негізделген тәпсір (тафсир бир-рай)* бағыттарында жазылды. Ерте тәпсір еңбектері [80, б. 180]:

Мүжәһидтің тәпсірі - табиғин ғалым Мүжәһид бин Жәбірдің (642-722) еңбегі ерте дәуір тәпсірінің көрнекті үлгісі саналады. Ол сахабалардан, әсіресе Абдулла бин Аббастан тікелей білім алып, Құран тәпсірін жасау барысында сол риуаяттарға сүйенген. Имам Шафиғи мен Имам Бухари сынды ұлы ғалымдар оның тәпсірлік әдісін жоғары бағалаған. Имам Бухари өз «Сахихының» «Тәпсір» бөлімінде Мүжәһидтен көптеген риуаяттар келтіреді.

Саид бин Жубайрдің тәпсірі – табиғиндердің көрнекті өкілі Саид бин Жубайр әл-Асәдидің (665-714) тәпсірлері де ислам ғылымында маңызды орын алады. Ол Абдулла бин Аббас, Абдулла бин Омар және Айша анамыздан (р.а.) білім алып, Куфа мектебінің жетекші муфассирлерінің біріне айналды. Оның тәпсірлік үлгісі кейінгі көптеген ғалымдарға негіз болды.

Қатада бин Днама әс-Садуси әл-Басридің тәпсірі (680-735) - хадис және тәпсір ғылымында беделді еңбектердің бірі. Қатада өз түсіндірмелерінде бин Аббастан жеткен риуаяттар мен араб тілінің лексикалық ерекшеліктеріне сүйенген.

Классикалық кезеңдегі көрнекті тәпсірлер [80, б. 181-183]:

«Тафсир әт-Табари» (*Жамиг әл-Баян фи Тафсир әл-Құран*) - риуаят пен ижтиһадты ұштастыратын алғашқы кешенді тәпсір еңбектерінің бірі. Оны Имам Әбу Жағфар Мұхаммед бин Жарир әт-Табари (839-923) жазған. Бұл тәпсірде автор Құран аяттарын түсіндіруде хадистер мен сахабалардан жеткен риуаяттарды жүйелеп, олардың ішінде ең сенімдісін ғылыми талдау негізінде іріктейді. Сонымен қатар, онда *исраилият* деп аталатын яһуди-христиан деректеріне сыни тұрғыдан баға беріледі. Бұл еңбек тәпсір ғылымының әдіснамалық дәлдігі мен интеллектуалдық негізін қалыптастыруда маңызды рөл атқарды.

«Тәуилат әһл әс-Сүннә» - Әбу Мансур әл-Матуридидің (850-944) ақида және тәпсір саласындағы классикалық еңбегі. Ол Құран мәтінін түсіндіруде ақыл (*ақл*) мен нақыл (*нақл*) әдістерін үйлестіріп, мұғтазила, мүжәссима және хашауия сияқты ағымдардың түсіндірмелеріне сын көзбен қарады.

«Бахр әл-Улум» - Әбу Ләйс әс-Самарқанди (955-995) жазған тәпсір. Бұл еңбек ханафи мәзһабының ұстанымдарына сүйене отырып жазылған әрі шариғи, тілдік және хадистік талдауларға негізделген.

«Ануар ат-Танзил» - Имам Насир әд-Дин әл-Бәйзауидің (қ.1286) ықшам әрі ғылыми тұрғыдан жүйелі жазылған тәпсірі. Бұл еңбек көптеген ғасырлар бойы әл-Азһар, әз-Зәйтуна секілді исламдық жоғары оқу орындарының ресми оқулығы ретінде пайдаланылып келген.

«Мәдарик ат-Танзил» - Абдулла бин Ахмад ан-Насафидің (1240-1310) ықшам әрі нақты баяндалған тәпсірі. Бұл еңбек Замахшаридің «әл-Кәшшаф» және әл-Бәйзауидің тәпсірлеріне сүйене отырып, әһлі сүнна уәл-жамағат көзқарастары негізінде жазылған.

«Тәпсір әл-Жәләлайн» - Құранның ең ықшам әрі кең таралған тәпсірлерінің бірі. Бұл еңбекті алғаш Жәләл әд-Дин әл-Махалли (1389-1460) бастап, кейіннен Жәләл әд-Дин әс-Суюти (1445-1505) толықтырған [80, б. 184]. Тәпсір авторлары оны қысқа әрі нақты баяндау стилінде жазып, күрделі грамматикалық және логикалық ұғымдардан аулақ болуға тырысқан. Әс-Суюти бұл жайлы: *«Қысқа әрі нақты баяндауды ұстандым, қажетсіз ұзақ әңгімелерден және күмәнді пікірлерден аулақ болдым, сондай-ақ, грамматикалық*

талдауларды арнайы тіл біліміне қатысты кітаптарға қалдырдым», - деп жазады [81].

Хадис шәріп немесе Сүннет Ислам ғылымында сүннет - мағынасы Алладан болған, бірақ оны Пайғамбар (ﷺ) өз сөзімен жеткізген хадистер жиынтығы [66, б. 30-31]. Әһлу сүнна уәл-жамағат ұстанымында сүннет Құран Кәрімнен кейінгі екінші негізгі шарифат қайнар көзі ретінде танылады. Хадис – пайғамбардың (ﷺ) сөздері, амалдары, үнсіз мақұлдаулары, сондай-ақ, оның жаратылыстық және мінез-құлықтық сипаттары мен өмірбаянына қатысты мәліметтерді қамтитын тұтас дереккөз жүйесі [82, б. 14]. Бұл мәліметтер пайғамбарлық миссияға дейінгі және кейінгі өмір кезеңдерін де қамтиды. Хадис ілімінде «хадис», «сүннет», «хабар» және «әсәр» ұғымдары өзара тығыз байланысты және кейде синоним ретінде қолданылады. Бұл терминдер пайғамбардың (ﷺ) сөзіне, іс-әрекетіне, үнсіз келісіміне, жаратылыстық немесе мінез-құлық сипаттарына, сондай-ақ, сахабалар мен табиғиндердің сөздері мен амалдарына қатысты риуаяттарды білдіреді [83, б. 29].

Мұхаммед пайғамбардың (ﷺ) пайғамбарлық миссиясының маңызды міндеттерінің бірі - Құран аяттарын түсіндіру болып табылады. Бұл тұрғыда хадис шәріптер Құранның түсіндіруші көзі (му бин) ретінде маңызды рөл атқарады. Себебі Құрандағы кейбір аяттар мен сөз тіркестері мән-мағына жағынан жалпылама немесе астарлы түрде берілуі мүмкін. Осы орайда, хадистер олардың мағынасын ашып, мазмұнын нақтылай түседі. Алайда хадис тек түсіндіруші функциямен ғана шектелмейді. Хадистер - Құранда берілген қағидалар мен үкімдерді практикалық тұрғыда іске асырудың үлгісі. Ислам шарифатында белгілі бір амалдарды жүзеге асыруда Құранның жалпы қағидаларын нақтылап, өмірде қолдануға мүмкіндік беретін нақтылық көбіне хадис мәтіндері арқылы жүзеге асады. Осы себепті, хадис шәріптер - Құранды түсіну мен оны іс жүзінде жүзеге асыруда негізгі әрі ажырамас компонент болып табылады.

Әл-Хатиб әңгімелегендей, Мұхаммед пайғамбардың сахабасы Имран бин Хусайн өз серіктерімен бірге отырғанда, адамдардың бірі: *«Тек Құраннан ғана сөйлеңдер»*, – деді. Сонда ол әлгі адамды қасына шақырды, ол жақындау келді. Имран бин Хусайн: *«Егер мен сендер мен серіктеріңе тек Құраннан ғана міндеттесем, онда Бесін намазының төрт рәкәғатын, Екінті намазының төрт рәкәғатын, Ақшам намазының үш рәкәғатын және екі рәкәғат намазда оқылатын нәрселерді қайдан таппақсыңдар? Егер мен сендер мен серіктеріңді тек Құранға беттетсем, онда Құранда Кағбаны жеті рет айналу және Сафамен Маруаның арасында сағи жасап жүруді қайдан табар едіңдер?»* – деп сұрады. Содан кейін ол өзі: *«Әй, қауым, бізден (сахабалардан) алыңдар, өйткені Құдайға ант етемін, егер сендер бұлай жасамасаңдар, адасатын боласыңдар»*, деді - делінген [83, б. 22].

Ислам үмбеті үшін Мұхаммед пайғамбардың (ﷺ) хадистерін сақтау мен жеткізу ерекше діни әрі ғылыми маңызға ие болды. Хадистерді жинау, риуаят ету және тарату үдерісінде мұсылман ғалымдары жоғары жауапкершілік танытып, Пайғамбардың (ﷺ) сөздері мен әрекеттерін дәл әрі сенімді түрде сақтау жолында елеулі еңбек сіңірді. Осы ықыластың нәтижесінде, пайғамбарлық мұра бұрынғы пайғамбарлардан жеткен риуаяттармен салыстырғанда неғұрлым кең әрі нақты түрде құжатталды. Хадис жинаушылар Пайғамбардың (ﷺ) тек діни істерін ғана емес, оның күнделікті тұрмыс-тіршілігіне қатысты әрекеттерін – тамақтану, ұйықтау, серуендеу, сөйлесу сияқты амалдарын да егжей-тегжейлі сипаттап, жазбаша түрде тіркеуге тырысты. Бұл - хадис ғылымына мұсылман қоғамының қандай жоғары деңгейде құрметпен қарағанының нақты дәлелі. Мұсылман ғалымдары хадис ілімін үйрену мен оны тарату ісін өмірлік миссия ретінде қабылдап, күнделікті тіршілігін осы мақсатқа бейімдеді. Пайғамбардың (ﷺ) сөзін дәл әрі сенімді жеткізу - олардың ғылыми әрі рухани борышы болды [83, б. 24].

Әділетті халифалар дәуірінде ислам мемлекетінің аумағы кеңейіп, жаңа аймақтар ислам дінін қабылдаған сайын, хадистерді үйрету мен тарату қажеттілігі арта түсті. Осыған орай сахабалар әртүрлі өңірлерге жіберіліп, халыққа ислам негіздерін үйрету, сондай-ақ, Пайғамбардан (ﷺ) естіген риуаяттарды жеткізу міндетін атқарды. Халифа Омар бин әл-Хаттабтың Куфа қаласына Абдулла бин Масғудты: *«Мен сіздерге Абдулланы өзімнен артық көріп жібердім»*, – деп тағайындауы хадис жеткізуші ғалымдарға артылған жауапкершіліктің жоғары деңгейін білдіреді. Сахабалар бұл миссияны әкімшілік міндет ретінде емес, діни ағартушылық қызмет деп түсінді. Олар білім мен рухани кемелдікті негізгі құндылық ретінде насихаттап, ислам ілімін сенімді түрде жеткізу арқылы діни және мәдени мұраны сақтауға зор үлес қосты.

Сахабалар хадисті тексеру мақсатында бір-бірімен ақылдасып, нақтылыққа мән берді. Бұл үрдіс хадис ғылымының алғашқы дәуірден бастап жүйелі әрі сындарлы сипатқа ие болғандығын айғақтайды. Мұндай тәжірибенің нәтижесінде сахабалар хадис ілімінің негізін қалаушы мухаддис ғалымдар қауымы ретінде танылды. Олар хадистерді тек рухани аманат ретінде емес, ғылыми мұра ретінде жүйелеуге атсалысты [83, б. 25]. Хадистердің дәл әрі сенімді түрде жетуіне әсер еткен бірнеше маңызды факторлар төмендегідей:

Сахабалардың зейін мен жаттау қабілетінің жоғары болуы: сахабалар ерекше жады мен интеллектуалдық қабілетімен танылған буын өкілдері. Олар тек ата-бабалар шежіресін ғана емес, ұзақ поэтикалық мәтіндер мен шешендік сөздерді де бір естігеннен жадына сақтап қалатын [83, б. 36]. Бұл ерекшелік исламның бастапқы кезеңінде жазбаша құралдар жеткіліксіз болған жағдайда да діни мәтіндердің дәл сақталуын қамтамасыз етті. Сахабалардың ұрпаққа қалдырған ауызша мұрасы - әлемдік тарихи-мәдени тәжірибеде сирек кездесетін феномен.

Діни ынта мен жауапкершілік сезімінің жоғары болуы: сахабалар үшін хадистерді үйрену мен жеткізу тек діни міндет емес, ақыреттегі құтқарылуға апарар жол ретінде қабылданды. Олар Пайғамбардың (ﷺ) әрбір сөзіне мұқият қарап, оны толық түсініп, мүлтіксіз есте сақтауға тырысты. Хадис тек ақпарат көзі емес, өмірлік ұстаным мен әрекет қағидасы ретінде қабылданды [83, б. 37].

Хадистің исламдағы орны мен оның тәрбиелік ықпалы: Хадис - ислам ілімінің қайнар көзі болумен қатар, сахабалардың тұлғалық қалыптасуына зор әсер еткен негізгі рухани құрал. Олар Пайғамбардың (ﷺ) әрекетін үлгі етіп, хадисті жаттаумен ғана шектелмей, оны өмірде нақты іске асыруға тырысты. Мұндай амалдық таным хадистің тек жадта ғана емес, тәжірибе арқылы да бекітілуін қамтамасыз етті.

Пайғамбардың (ﷺ) хадистерді жеткізу шеберлігі: Мұхаммед пайғамбар (ﷺ) өз хадистерін баяндауда тыңдаушының қабылдау қабілетін ескеріп, түсінікті әрі қысқа сөйлеу әдісін қолданған. Оның сөйлеу стилі туралы Айша (р.а.) былай деген: «Пайғамбарымыз (ﷺ) сіздер сияқты үздіксіз жылдам сөйлемейтін. Ол сөздерін анық және түсінікті етіп, бөлектеп айтатын, сондықтан қасында отырғандар оны оңай жаттап алатын» [83, б. 38]. сондай-ақ,, Әнәс (р.а.) риуаятында: «Пайғамбарымыз (ﷺ) сөзін үш рет қайталайтын, осылайша біз оны жақсы түсініп алуымыз үшін» – деп хабарлайды. Бұл тәсілдер хадистердің ойға сіңіп, ұмытылмауына себеп болған.

Хадис мәтіндерінің көркемдігі мен шешендік ерекшелігі: Пайғамбардың (ﷺ) сөйлеу мәнері - әсерлі, қисынды және көркем сөзге негізделген. Құран Кәрімде хадиске «хикмет» - даналық атауының берілуі оның мағыналық тереңдігі мен ой салмағын білдіреді. Оның сөздері тыңдаушының жүрегіне әсер етіп, санаға берік орнығатын сипатта болған. Бұл да хадистің ұмытылмауына ықпал етті.

Хадистердің жазбаша түрде тіркелуі: Хадистерді жазып алу - олардың жүйелі түрде сақталуына және кейінгі ұрпаққа нақты жетуіне мүмкіндік беретін маңызды құрал болды. Хадис жазуға қатысты кейбір көзқарастар әртүрлі болғанымен, көптеген сахабалар хадистерді жеке парақтарда жазып қалдырды. Бұл жазбалар кейін ресми хадис жинақтарының негізін қалады [83, б. 39]. Сонымен қатар, хадис жазу тәжірибесіне қатысты ескі және жаңа кезеңдерде көптеген еңбектер жазылғаны хадис жазбаларының кең таралғанын дәлелдейді.

VII ғасырдың соңына қарай, VIII ғасырда хадистерді жүйелі түрде жинақтау және жазып алу ісі кеңінен дамып, ресми сипат ала бастады. Бұл үрдісті жеделдеткен бірнеше себеп болды:

- сахабалар мен табиғиндердің жаппай қайтыс болуы хадистердің жоғалу қаупін тудырды;

- ислам қоғамында жалған хадистердің пайда болу қаупі артып, мәтіннің түпнұсқалығын сақтау қажеттілігі туындады.

Осы мәселелердің алдын алу мақсатында сенімді хадис жеткізуші ғалымдар Пайғамбар Мұхаммедтен (ﷺ) жеткен риуаяттарды жүйелеп жинауға кірісті. Олар иснад тізбегінің дұрыстығына ерекше мән беріп, мәтіндік (матн) және тізбектік (иснад) сын қағидалары арқылы хадистердің сенімділік дәрежесін айқындай бастады [83, б. 40]. Хадис ілімінде хадистердің жазбаша түрде тіркелуі екі тарихи кезеңге бөлініп қарастырылады:

Бірінші кезең Пайғамбар Мұхаммедтің (ﷺ) өмір сүрген дәуірінде орын алған. Бұл кезеңде хадистерді жазуға бастапқыда рұқсат берілмегенімен, кейін кейбір сахабалардың жазуға рұқсат алғаны туралы нақты деректер бар. Мысалы, Абдулла бин Амр бин әл-Астың «Сахифатус-Садықа» деп аталатын хадис жинағы Пайғамбардың тікелей рұқсатымен жазылғаны белгілі. Бұл кезеңде хадистер арнайы парақтарда немесе жеке жинақтарда сақталғанымен, олар кең таралмаған және ресми жүйеге түсірілмеген болатын.

Екінші кезең VIII ғасырдың ортасынан бастап хадистерді жүйелі түрде жинау, жазу және мұсылман қауымына тарату кезеңі. Бұл дәуірде хадистердің сенімді тізбегі мен мазмұнына баса назар аударылып, арнайы хадис жинақтары құрастырылды. Алайда алғашқы кезде хадистер белгілі бір тақырып бойынша жүйеленбей, әртүрлі риуаят түрінде жазылып сақталған.

Хадис ғылымының жазбаша жүйеленуі табиғиндер дәуірінен бастап елеулі серпін алды. Бұл кезеңде риуаят етілген хадистерді сақтап қалу және оларды кейінгі ұрпаққа дәл жеткізу қажеттілігі күн тәртібіне шықты. Табиғиндер өз ұстаздары болған сахабалардан естіген риуаяттарды жазып алып, оларды жүйелеуге ерекше мән берді. Умауилер халифаты тұсында халифа Омар бин Абдул-Азиз (681-720) хадистерді жинақтау ісін ресми түрде қолдаған алғашқы билеуші ретінде тарихта қалды. Ол Мәдинадағы әйгілі табиғин ғалымы бин Шихаб әз-Зухриді (670-742) хадистерді жинау және жүйелеу жұмысына арнайы тағайындап, өз заманындағы басқа да көрнекті ғұламаларды осы іске жұмылдырды [83, б. 45]. Осы кезеңде әртүрлі өңірлерде танымал хадис жинақтаушылар пайда болды: Мәдинада имам Мәлік, Меккеде Әбу Мұхаммед Абдулазиз бин Журейж, Шамда (Сирияда) Әузағи, Йеменде Мағмар бин Рашид, Басрада Саид бин Әбу Аруба мен Хаммад бин Сәләма, Куфада Суфян әс-Сәури, Хорасанда Абдулла бин Мұбарак, ал Уаситте Ышам бин Башир еңбектерін жазды. Бұл ғұламалардың хадис жазу ісіне қосқан үлесі хадистің тек сақталуына ғана емес, сонымен қатар оның қоғам арасында сенімді әрі қолжетімді дереккөзіне айналуына мүмкіндік берді.

VIII–IX ғасырларда хадис жинақтау ісі кеңінен дамып, бұл жинақтар тек сахих (сенімді) хадистермен ғана шектелмей, хасан (жақсы) және зағиф (әлсіз) хадистерді де қамтыды. Кейіннен фикһ жүйесі мен практикалық қолдануға икемделген хадис жинақтары тақырыптық тәртіпшен (бабтар бойынша) құрастырыла бастады. Бұл бағыттағы ең танымал жинақтар - Кутуб ас-Ситта (Алты негізгі хадис жинағы) болды. Олардың авторлары:

- Имам әл-Бұхари (*Сахих әл-Бұхари*) мен Имам Муслим (*Сахих Муслим*)- тек сахих хадистерді қамтыды;

- Әбу Дәуіт, әт-Тирмизи, ән-Нәсаи және бин Мәжа - «Төрт Сунан» авторлары. Бұл ғалымдар кейде хадистің сенімділік деңгейін атап көрсетіп отырса, кейде оны оқырманның ғылым мен сыншылдық қабілетіне сүйеніп ескерусіз қалдыратын тәсілді қолданған [83, б. 46].

Хадис ілімі тек Құран аяттарын түсіндіру құралы ғана емес, ислами білім беру жүйесінің негізгі пәніне, Ислам құқығы мен Ислам тарихының негізгі дереккөзіне айналды. Сонымен қатар, «Тіл білімі» араб тілі грамматикасы мен стиль ерекшеліктері хадистер арқылы жүйеленді және «Тәпсір ғылымы» аяттардың контекстуалды түсіндірілуінде хадистер негізгі рөл атқарды.

Ақида ғылымы (арабша: *العقيدة*) – адамның жүрегінде ешқандай күмәнсіз орныққан сенімі мен ұстанымын айқындайтын ғылым [84]. Ислам ақидасы тек діни сенімдер жүйесі ретінде ғана емес, сонымен қатар адамзаттың рухани және моральдық өмірін реттейтін кешенді ілім ретінде де қолданылады. Бұл ғылым мұсылмандарда дұрыс сенім негіздерін қалыптастыруға, олардың дінге деген көзқарасын нығайтуға, сондай-ақ, дұрыс діни өмір салтын ұстануға бағытталған. Ислам діні бойынша, мұсылман адамның салауатты өмір салты мен дұрыс тәрбиесі оның сенімдік қағидаттарына негізделеді. Бұл ғылымның негізгі мақсаты - ислам ақидасын зерттеу, оның дұрыстығын дәлелдеу және сенімдік мәселелерді Құран мен Сүннетке (нақли дәлелдер) және ақыл-ойға (ақли дәлелдер) сүйене отырып қорғау [84, б. 534]. Ақида ғылымы ислами білім беруде түрлі атаулармен белгілі, Олар:

- Имам Әбу Ханифа (699-767) бұл ғылымға «Үлкен фикһ» (әл-Фикһ әл-Акбар) деген атау берді. Ол сенімге қатысты негізгі қағидаларды жүйелеп, оларды жеке ғылым ретінде қарастырды.

- Әбу Мансур әл-Матуриди (852-944) өзінің еңбегін «әт-Таухид» деп атады. Ол ақида ғылымын жүйелеп, Матуриди ақида мектебінің негізін қалады.

- Әбу Йуср әл-Баздауи (1030-1100) бұл ғылымды «Әл-Усұл әд-Дин» (Дін негіздері) деп атады.

- Саадуддин әт-Тафтазани (1322-1390) өзінің «Әл-Ақайд ән-Нәсафия» еңбегіне түсіндірме жазып, бұл ғылымды «таухид және сипаттар ілімі» және Кәләм ғылымы, деп атады [79, б. 11].

Ақида ғылымының «Кәләм ғылымы» және ақида ғылымының «Мутакаллим» атауы көп қолданылып, бірнеше себептерге байланысты қалыптасты. *Біріншіден*, Құдайдың сөзі (кәләм) мәселесі аталмыш ғылымның ең көп талқыланатын тақырыптарының бірі болғандықтан, ғылым өзінің ең көрнекті зерттеу нысанының атауымен аталды. *Екіншіден*, кәләм адамның пікірталас жүргізу қабілетін арттыратындықтан, осы атау ғылымның басты ерекшеліктерінің бірі ретінде бекітілді.

Имам Жәләлуддин әс-Суютидің айтуынша, кәләм ілімі дінге енгізілген жаңалықтарды (бидғаттарды) сынға алу үшін қалыптасты. Бұл ғылымның негізін қалаушылар Алланың есімдері, сипаттары, сөзі, әрекеттері мен құдіреті туралы пікірталастар жүргізді. Кәләм ғылымының анықтамалары әртүрлі, алайда олардың барлығы ортақ ғылыми мазмұнды қамтиды. Әбу Наср әл-Фараби кәләм ғылымын былайша сипаттайды [79, б. 12]: *«Бұл - діннің негізін қалаушысы анықтаған мақтаулы пікірлер мен әрекеттерді қолдап, оларға қарсы бағытталған дәлелдерді теріске шығару қабілетін қамтамасыз ететін ілім»*. Саадуддин әт-Тәфтазани кәләмді былайша сипаттайды [79, б. 93]: *«Кәләм - діни сенімдер туралы күмәнсіз дәлелдер негізінде білім алу»*. Бұл анықтамалар кәләм ғылымының екі негізгі аспектісін көрсетеді: зерттеу нысаны және әдіснамасы. Зерттеу нысаны - діни сенімдер (ақида), әдіснамасы - сенімдерді дәлелдер арқылы бекіту (ад-далил әл-яқини), яғни күмәнсіз, рационалды дәлелдер негізінде діни қағидаларды қорғау.

Кәләм ғылымының зерттеу әдістерін сипаттай отырып, Шахристани «әл-Миләл уән-Нихәл» еңбегінде [79, б. 88] бұл ғылымның қалыптасуына қатысты екі түсініктеме береді:

1) Кәләм ғылымының басты тақырыбы – Алланың сөзі (кәләм) туралы пікірталастар болғандықтан, оның атауы осыдан шыққан.

2) Бұл ғылым философияға қарсы жауап беру үшін қалыптасты, себебі философтар өздерінің негізгі зерттеу әдістерін «логика» (мантық) деп атаған. Осыған сәйкес, ислам ғалымдары өздерінің ғылымын «кәләм» деп атады, бұл терминологиялық сәйкестік олардың ұстанымын айқындай түсті. Кәләм ғалымдарының өмірбаяндары мен олардың еңбектерін зерттегенде, «миллә» және «хикмә» ғылымдарын меңгерген деген сипаттамалар жиі кездеседі. Бұл олардың кең ауқымды білімін білдіреді:

- *Миллә ғылымдары* ислами білім беру салалары (Құран ілімі, Хадис, Тәпсір, Фикһ, Тіл білімі);

- *Хикмә ғылымдары* рационалды зерттеу әдістеріне негізделген білім салалары (Логика, Философия).

Осылайша, кәләм ғылымы исламдық ойлау жүйесінде ерекше орын алып, сенімдік мәселелерді рационалды әдістермен зерттеу арқылы ақида ілімінің негізгі тіректерінің біріне айналды.

Ислам тарихындағы ең кең тараған сенімдік мектептердің бірі әһлі сүннет уәл-жамағат (сүннет жолын ұстанушылар қауымы). Бұл топ Мұхаммед Пайғамбардың (ﷺ) сүннетін, әділетті халифалардың жолын, сахабалар мен табиғиндердің ұстанымдарын және фикһ мәзһабтарындағы әйгілі имамдардың дәстүрлерін басшылыққа алады. Бұл атау алғашқы Ислам дәуірінде кең таралмады. Себебі бастапқы кезеңде мұсылмандар арасында догматикалық алауыздықтар болмаған. Алайда, уақыт өте келе түрлі жат ағымдар жеке сенімдік көзқарастарды ұстанғандықтан, негізгі дәстүрлі мектепті анықтау қажеттілігі

туындады. Осы себепті «Әһлі сүнна» термині исламның дәстүрлі бағытын ұстанушыларды сипаттайтын ұғым ретінде қалыптасты [79, б. 32]. Әһлі сүннет сенімінің негіздерін дәлелдеу және қорғау міндеті хижраның үшінші ғасырында Әбу әл-Хасан Әл-Әшғари мен Әбу Мансур әл-Матуриди тарапынан жүйеленді. Олар әһлі сүннет уәл-жамағаттың негізгі сенімдерін түсіндіріп, оларды бұрмаланған көзқарастардан сақтауға күш салды. Әл-Әшғари мен әл-Матуриди кәләм әдістерін қолдана отырып, түрлі ағымдардың сенімдік доктриналарын талдап, оларға жауап жазды. Олардың негізгі көзқарасы ақли (рационалды) және нақли (Құран мен хадистерге негізделген) дәлелдер арқылы Ислам сенімін қорғау болды. Бұл екі мектептің арасында сенімдік қағидалар ортақ болғанымен, кейбір қосымша мәселелерде айырмашылықтар байқалды [79, б. 36]. Дегенмен, бұл айырмашылықтар догматикалық бөлінуге алып келмей, керісінше, ақиданың жүйелі түрде дамуына ықпал етті.

Әл-Әшғари мектебінің негізін қалаушы Әбу әл-Хасан Әли бин Исмаил Әл-Әшғари (874–936). Ол ислам теологиясының көрнекті өкілі, Әһлі сүннет уәл-жамағат ақидасының жүйеленуіне ықпал еткен ғалымдардың бірі болып саналады [79, б. 38]. Имам әл-Әшғари мутазила ағымының көзқарастарын ұзақ жылдар бойы ұстанғанымен, кейіннен бұл ағымнан бас тартып, сунниттік сенім негіздерін қорғауға бет бұрды. Ол мутазилизм пікірлеріне қарсы ғылыми аргументтер келтіріп, Ислам ақидасының негізгі қағидаларын жүйеледі [79, б. 39]. Оның еңбектері ішінде «әл-Ибана» атты кітабы ерекше орын алады, онда Әһлі сүннет сенімінің негізгі ұстанымдары баяндалған. Имам әл-Әшғари ақли (рационалды) және нақли (аят-хадиске негізделген) дәлелдерді қатар қолдана отырып, Ислам теологиясын жүйеледі. Ол кәләм ғылымында жоғары біліктілікке ие болып қана қоймай, сонымен қатар фикһ, хадис және өзге де діни ғылымдарды терең меңгерді. Оның ғылыми әдістемесі дәлелді ойлау мен пікірталас жүргізу дағдыларын қамтыды. Сонымен қатар, ол сопылық жолды ұстанды, қарапайым әрі тақуа өмір салтын ұстанған ғалым ретінде сипатталады [79, б. 40]. Имам әл-Әшғаридің еңбектері кең таралған, оның жазған шығармаларының саны 300-ге дейін жетеді деген деректер кездеседі. Оның ақида ғылымына қосқан үлесі ғасырлар бойы ғалымдар тарапынан қолдау тауып, қазіргі күнге дейін өзекті болып отыр.

Матуриди мектебінің негізін қалаушы Әбу Мансур Мұхаммед бин Мұхаммед бин Махмуд әл-Матуриди әл-Самарқанди (852-944). Ол Әһлі сүннет уәл-жамағат ақидасының негізгі теологиялық мектептерінің бірін қалыптастырған ғұлама ретінде танылды [79, б. 39]. Имам әл-Матуридидің көзқарастары Әл-Әшғари мектебіне жақын болғанымен, рационализмге көбірек мән беретіндігімен ерекшеленеді. Имам әл-Матуриди Ислам фикһының әйгілі өкілі Имам Әбу Ханифаның мәзһабын ұстанды және оның әдіснамалық ұстанымдарын дамытты. Алайда, оның ақида саласындағы көзқарастары толықтай Әбу Ханифаның тәсілдерін қайталаумен шектелмеді. Ол өз бетінше

ижтиһад жүргізіп, кәләм саласында өзіндік әдістерін қалыптастырды. Бұл оны Ислам сенімін жүйелеп, оны сыртқы ықпалдардан қорғаған жаңашыл ойшыл ретінде сипаттайды. Имам әл-Матуриди исламдық ғылымдардың әртүрлі салаларына, әсіресе ақида, фикһ, кәләм және тәпсір ғылымдарына айтарлықтай үлес қосты. Ол Әһлі сүннет уәл-жамағат сенімінің негіздерін түсіндіру, жүйелеу және қорғау жұмыстарында белсенділік танытты, сондай-ақ, исламдық сенімге қатысты теріс ағымдарға қарсы күрес жүргізді [79, б. 42-43].

Имам әл-Матуридидің ғылыми мұрасы бүгінгі күнге дейін сақталған және оның еңбектері теология мен құқықтану ғылымының негізгі дереккөздері ретінде қарастырылады. Оның басты шығармалары қатарына «Китаб ат-Таухид», «Тауилат әһли-Сүнна», «Әл-Мақалат», «Баян уахм әл-Мутазила», «Рад ала усул әл-қарамита», «Маахид аш-шариа фи усул әл-фикһ», «Әл-Дурар фи Усул әд-Дин» және басқа да еңбектер жатады [79, б. 89-90]. Имам әл-Матуриди исламның шығыс аймақтарында, ал әл-Әшғари ислам әлемінің орталық өңірлерінде қызмет етіп, мұсылман қоғамын әртүрлі теріс ағымдардан қорғау жолында айтарлықтай еңбек сіңірген. Әшғария және Матуридия мектептері Ислам әлемінде кең таралып, қазіргі күнге дейін мұсылман қауымында маңызды теологиялық бағыттар ретінде мойындалуда [79, б. 86, 96].

Ислам фикһы араб тілінде «фикһ» (арабша: **فقه**) сөзі белгілі бір нәрсені жан-жақты түсіну мағынасын білдіреді. Фикһ – мұсылман адамның өмір салтын, мінез-құлқын, діни міндеттерін, азаматтық және әлеуметтік қатынастарын реттейтін құқықтық-діни нормалардың жүйесі.

Исламның бастапқы кезеңіндегі фикһ сөзі туралы Бадрадин аз-Заркашидің еңбектерінде келтірілген мәліметке сәйкес [80, б. 400], Имам Әбу Хамид әл-Ғазали: *«Адамдар фикһ сөзін тар мағынада тек пәтуалар, олардың дәлелдері мен себептерін зерттейтін ілімге ғана тән етіп өзгертті, ал алғашқы ғасырда бұл атау нәпсінің кемшіліктерін тану, ақыретке назар аудару және дүниенің өткіншілігін түсіну ғылымы еді»*, - деп сипаттаған. Хасан әл-Басри: *«Нағыз фақих – дүниеге қызықпайтын, ақыретке немқұрайлы қарамайтын және өз нәпсісінің кемшіліктерін жақсы білетін адам»*, – деп көрсеткен. Имам Әбу Ханифа фикһты: *«Адам өзіне ненің пайдалы, ненің зиян екенін тану»*, – деп анықтаған. Бұл көзқарастар исламның алғашқы дәуірлерінде фикһтың кең мағынада қолданылғанын, бастапқыда фикһтың құқықтық үкімдер жүйесі ретінде шариғи ғылымдардан толық ажырамағанын, адамның рухани және моральдық жетілуіне қатысты ілім ретінде қолданылғанын білдіреді.

Фикһ ғылымының дамуы барысында оның негізгі мәні нақтыланып, оның негізгі мақсаты ретінде «фуруғ әл-фикһ» шариғи амалдық үкімдерді жан жақты тану ғылымына айналды. Бұл өзгерісті Имам әш-Шафиғидің анықтамасынан байқауға болады [60, б. 401]: *«Фикһ - шариғаттың нақты дәлелдерінен алынған амалдық үкімдерді білу»*. Бұл анықтама фикһтың мәнін белгілеп, оны Құран, Сүннет, ижмағ (ғалымдар келісімі) және қияс (аналогиялық дәлелдер) негізінде

қалыптасатын құқықтық жүйе ретінде бекіткен. Бұдан басқа анықтамаларға қарайтын болсақ, *фиqh ғылымы - ижтиһад нәтижесінде пайда болған амалдық шариғи үкімдер туралы білім* немесе *«Уахи арқылы келген (нақты немесе болжамды) амалдық шариғи үкімдерді және мужтаһидтер шығарған үкімдерді білу»* [85, т. 1, б. 6] - деп сипатталған. Қазіргі таңда *фиqh ғылымы* үш негізгі бағытқа бөлінеді (1.3-кесте):

Кесте 1.3 – *Фиqh ғылымының бағыттары*

Бағыт	Сипаттамасы
Фиqh негіздері (усул әл-фиqh)	Үкім шығару әдістері мен қағидаттарын зерттейтін ғылым.
Фиqh тармақтары (фуруғ әл-фиqh)	Практикалық мәселелерге қатысты шариғат үкімдерін зерттейтін ғылым.
Фиqh қағидалары (қауаид әл-фиqh)	Фиqh үкімдерін түсіну мен қолдануды жеңілдететін жалпы қағидаларды зерттейтін ғылым.
Ескерту: Әдебиет негізінде құралған [85]	

Ислам құқықтану ғылымының қалыптасуы барысында «фақиһ» термині *фиqh ғылымын* жетік меңгерген ғалымға қатысты қолданылатын ұғымға айналды [86, б. 51]. Исламның бастапқы дәуірінде *фиqh* бойынша білімді сахабалар «Қари», «Құрра» деп аталатын, себебі олар Құранды жатқа оқып, *фиqh* білімін жан-жақты, терең білетін. Бұл үрдіс туралы бин Халдун [80, б. 406]: *«Фиqhтық (құқықтық) үкімдерді шығару әдістері жетіліп, фиqh дербес ғылымға айналған кезде, осы саланың өкілдерін «фақиһтер» және «ғұламалар» деп атай бастады»,* -деп жазған.

Фиqh ғылымының тарихи дамуы бірнеше маңызды кезеңдерді қамтиды. Алғашқы кезең – Пайғамбарымыздың (ﷺ) тірі кезінде құқықтық мәселелер тікелей Алла тағаланың уахиі мен Пайғамбар үкімдері арқылы шешіліп отырған дәуір. Ол заманда *фиqh* жеке құқықтық ғылым ретінде әлі қалыптаспаса да, болашақ медреселерге негіз болатын қағидаттар мен шешімдер жинақтала бастады [86, б. 29]. Пайғамбардың (ﷺ) дүниеден өткеннен кейінгі кезеңде, әсіресе әділетті халифалар дәуірінде, жаңа әлеуметтік, саяси және мәдени жағдайлар мұсылман қоғамының құқықтық сұраныстарын арттырды. Бұл өз кезегінде *фиqh ғылымының құрылымдануына және әдіснамалық негіздерінің қалыптасуына* себеп болды. Осы уақытта *ижтиһад*, яғни Құран мен сүннетке сүйеніп отырып, құқықтық тұжырымдар жасау әдісі кеңінен қолданылды.

Ижтиһад дәстүрі уақыт өте келе ислам құқықтануының негізгі қағидаларының біріне айналды. Ол шариғи үкімдерді заманауи әлеуметтік, экономикалық және құқықтық мәселелерге бейімдеуге мүмкіндік беріп, Ислам құқығының динамикалық сипатын қамтамасыз етті [75, б. 43]. *Ижтиһад ұғымына қарама-қарсы түсінік тақлид.* Тақлид бұрынғы ғалымдардың құқықтық үкімдерін ешбір талқылаусыз қабылдау және оларды сол күйінде қолдану

практикасын білдіреді. Тақлид, әдетте, діни білім деңгейі жеткіліксіз тұлғалар арасында кең таралды. Ал ижтиһадты жүзеге асыратын ғалым **«мужтаһид»** деп аталды, оның бұл мәртебеге ие болуы үшін арнайы ғылыми және құқықтық шарттарға сәйкес келуі қажет [74, б. 101]. Осылайша, ғылыми деңгейі мужтаһид дәрежесіндегі ғалымдар ижтиһад арқылы қоғамның өзгермелі қажеттіліктеріне жауап беріп, исламдық нормалардың заманауи өмір талаптарына бейімделуіне ықпал етті.

Ислам фикһі аймақтық медреселер негізінде жүйеленіп, Хижаз (Мекке-Мәдина), Ирак (Куфа-Басра), Шам (Дамаск), Мысыр, Йемен және Хорасан өңірлерінде әртүрлі құқықтық дәстүрлер қалыптасты [80, б. 411]. Осы медреселердің нәтижесінде VIII–IX ғасырларда ислам әлемінде төрт негізгі сүнниттік мәзһаб – ханафи, малики, шафиғи және ханбали мәзһабтары қалыптасты. Бұл мәзһабтар белгілі бір мужтаһид-фақиһтердің – құқықтық тұжырым жасауда жоғары дәрежеге жеткен ғалымдардың ілімдеріне негізделді. Олар өз мектебінің құқықтық қағидаттарын белгілі бір ұсынылған әдіснамалармен дамытып, жүйелі құқықтық медреселерге айналдырды. Фикһ ғылымының дамуы тек құқықтық нормаларды жүйелеумен шектелмей, қоғамдағы этикалық, мәдени және саяси құндылықтардың қалыптасуына да ықпал етті. Мужтаһид ғалымдардың тұжырымдары мен құқықтық шешімдері тек діни өмірде ғана емес, әлеуметтік құрылымда, әкімшілік басқаруда және халықаралық қатынастарда да маңызды рөл атқарды [80, б. 408].

Ханафи мәзһабы ислам құқықтану ғылымының тарихи-теориялық тұрғыдан қалыптасып, институционалдық құрылымға айналған алғашқы және ең кең таралған сүнниттік мәзһабтардың бірі. Оның негізін қалаушы Әбу Ханифа ан-Нұғман бин Сабиттің (699–767) діни-құқықтық мұрасы ислам ой-пікір тарихында ерекше орын алады. Ханафи мәзһабының қалыптасу, даму және жүйелену тарихын шартты түрде үш кезеңге бөліп қарастыруға болады. Әрбір кезең мәзһабтың құқықтық, методологиялық және институционалдық дамуы тұрғысынан өзіндік ерекшеліктерге ие.

Бірінші кезең мәзһабтың қалыптасуы мен орнығуы (VIII – IX ғ.ғ.). Ханафи мәзһабының алғашқы кезеңі оның негізін қалаушы имам Әбу Ханифаның (699–767) ұстаздық қызметін бастаған 738-жылдан бастап, оның шәкірттерінің бірі Хасан бин Зияд әл-Лүлуи өмірден өткен 819-жылға дейінгі аралықты қамтиды. Бұл кезең мәзһабтың идеялық және құқықтық іргетасының қалануымен сипатталады. Имам Әбу Ханифа құқықтық мәселелерді шешуде өзінің шәкірттерімен кеңесіп, ұжымдық пікірталас арқылы ижтиһад жасады. Оның шәкірттері – Әбу Юсуф пен Мұхаммед аш-Шайбани ұстаздарының қағидаларын дамытып, алғашқы фикһ кітаптарын жазды, мәзһабтың құқықтық жүйесін қалыптастырды.

Екінші кезең (819–1310) Ханафи мәзһабының дамуындағы құқықтық және методологиялық тұрғыдан кемелденуінің айрықша дәуірі ретінде ерекшеленеді.

Бұл кезеңде мәзһаб географиялық тұрғыда кеңінен таралып, оның ғылыми және құқықтық негіздері жүйеленіп, терең зерттелді. Алғашқыда Имам Мұхаммед әш-Шайбанидің «Захир ар-Риуая» топтамасы мәзһабтың құқықтық іргетасын қалыптастырса, кейінгі ғалымдар бұл негізді дамытып, ханафи құқық теориясын байытты. Құқықтық қағидаларды «таржих» (артық көру) және «тахриж» (қорытынды шығару) әдістері арқылы саралау дәстүрі қалыптасып, бұл мәзһабтың ішкі логикасы мен дәлелдеу тетіктерін нығайтты. Осы кезеңде құқықтық нормаларды жинақтап, ықшамдап ұсыну мақсатын көздеген «мұхтасар» жанрындағы әдебиеттер кеңінен дамыды. Олардың қатарында әт-Тахауи, әл-Кархи, әл-Қудури, Таж әш-Шарифа сынды факихтердің еңбектері ханафи дәстүрінің негізгі арқауына айналды. Сонымен бірге, бұл кезең құқықтық мәтіндерге түсіндірме (шарх) жазу және фикһтық энциклопедиялық еңбектерді құрастыру дәуірі атанды. Атап айтқанда, әс-Сарахсидің «әл-Мабсут», әл-Касанидің «Бадаиғ ас-Санаиғ», әл-Марғинанидің «әл-Һидая» еңбектері құқықтық-практикалық шешімдердің теориялық негіздерін ашып көрсетті. Сонымен қатар, Әбу Ләйс әс-Самарқанди, Халуани, Садр әш-Шахид, Қазыхан сынды ғалымдардың пәтуалар жинақтары фикһ саласының практикалық мазмұнын толықтырды.

Бұл кезеңдегі тағы бір маңызды бетбұрыс – хадис пен фикһ арасындағы байланысты нығайту әрекеттері. Имам әт-Тахауи өзінің «Шарһ Маани әл-Әсар» және «Мушkil әл-Әсар» еңбектері арқылы ханафи көзқарастарының хадистік негіздерін дәлелдеу мен жүйелеуге үлкен үлес қосты. Бұл тәсіл мәзһабтың дәлелдер жүйесін нығайтып, құқықтық пікірлердің сенімділігі мен ғылыми салмағын арттырды. сондай-ақ,, ханафи мәзһабында екі үлкен құқықтық-методологиялық мектеп қалыптасты [90, б. 106]:

- **Ирак медресесі** бұл бағыттың жетекшісі Әбу әл-Хасан әл-Кархи болды. Аталған мектеп имам Әбу Ханифа мен оның алғашқы шәкірттері ұстанған әдістемені жалғастырушы ретінде танылды. Бұл мектептің негізгі ерекшелігі рационализмге басымдық беру және құқықтық қағидаларды қалыптастыруда истихсан әдісін кеңінен қолдану.

- **Самарқанд медресесі** бұл бағыттың жетекшісі Әбу Мансур әл-Матуриди болды. Бұл мектептің ерекшелігі усулдық (құқықтық негіздер) мәселелерін сенім (ақида) мәселелерімен тығыз байланыстыруында. Бұл ерекшелік Ирак мектебінен белгілі бір айырмашылықтарды тудырып, мәзһабтың ішіндегі құқықтық және сенімдік мәселелерге қатысты ерекше көзқарастардың қалыптасуына ықпал етті. Бұл құқықтық плюрализм мәзһабты ішкі жағынан байытып, оның фикһтық жүйесінің әмбебаптығын арттырды.

Жалпы алғанда, екінші кезең – ханафи мәзһабының ішкі жүйеленуі, құқықтық мұраның жинақталуы және құқықтық-ғылыми ойдың шарықтау кезеңі ретінде сипатталады. Осы кезеңде қалыптасқан әдіснамалар мен әдеби мұралар кейінгі ғасырларда мәзһабтың тұрақты дамуы мен беделін қамтамасыз етті.

Үшінші кезең жүйелеу және тұрақтылық кезеңі (1310 жылдан бүгінге дейін) Ханафи мәзһабының құқықтық қағидалары мен мұрасының бірізденіп, түсіндіріліп, жүйеленген дәуірі. Бұл кезеңде бұрынғы дәуірлерде жасалған ғылыми және құқықтық мұралар түсіндіріліп, пысықталды, алайда жаңашылдық пен ижтиһадтық серпін бәсеңдеді. Бұл кезеңде ижтиһад жасау дәстүрі шектеліп, фикһтық пікірлерге түсіндірме берумен шектелу басым болды. Фикһ саласында шығармалар жазылғанымен, олар негізінен бар көзқарастарды түсіндіруге бағытталды. Бұрынғы ғұламалар деңгейінде жаңа құқықтық шешімдер мен көзқарастар жасау азайды. Бұл үрдіс мәзһабтың құқықтық ойының догматизациялануына әкелді. Ғалымдар көбіне мәзһабтың ішінде бұрын бекітілген көзқарастармен шектеліп, жаңашылдыққа бара қоймады. Дегенмен, бұл кезең мәзһабтың құқықтық мұрасын нақтылау мен таратуда маңызды рөл атқарды. Ханафи фикһының барлық салаларын қамтитын түсіндірмелер мен оқулықтар жазылып, ислам әлемінде кеңінен қолданылды. Осман империясы дәуірінде ханафи мәзһабы мемлекеттік мәртебеге ие болып, оның қағидалары әкімшілік және сот жүйесінде қолданылды.

Үш кезеңнің негізінде ханафи мәзһабы ислам құқықтану тарихында терең орны бар, ғылыми негізделген, құқықтық жүйесі дамыған, кең ауқымда таралған мәзһаб ретінде қалыптасты. Оның қалыптасуы ұжымдық ижтиһадқа, рационализм мен дәстүр сабақтастығына негізделсе, даму кезеңінде құқықтық және хадистік негіздері нығайтылды. Ал үшінші кезеңде мәзһаб жүйеленіп, тұрақтылыққа ие болды. Ханафи мәзһабының құқықтық және әдіснамалық мұрасы – тек ислам тарихы үшін ғана емес, қазіргі құқықтық жүйелер мен исламдық білім беру саласы үшін де маңызды тарихи және ғылыми ресурс болып табылады. Оның қалыптасу жолы мен методологиясы құқықтың тарихи эволюциясын түсінуге және қазіргі заманғы құқықтық ойлауды дамытуға үлес қоса алады.

1.2.2 Ислами білім берудің қосалқы «әл-Әлаат» ғылымдары

«Илм әл-Әлаат» термині «Қосалқы ғылым» немесе «Құралдық ғылым» ретінде аударылады. Бұл ғылым саласы шарият ілімдерін (ақида, фикһ, хадис, тәпсір) терең әрі дұрыс түсіну үшін қажетті әдіснамалық және тілдік негіздерді қамтамасыз етеді. Атап айтқанда, «Илм әл-Әлаат» Құран ілімдері, хадис ілімдері, араб тілі, фикһ негіздері және фикһ қағидалары сияқты пәндерді қамтиды. Осы салалардың терең меңгерілуі ислами «Илм әл-Аслия» білімдерін жүйелі түсіну мен талдауда маңызды рөл атқарады.

Араб тілі ғылымы (арабша: علوم اللغة العربية) мұсылман қауымы үшін ерекше діни және мәдени мәнге ие [80, б. 471]. Ол – Құранның тілі, ғибадат пен дұғаның құралы, әрі исламдық құқықтық мәтіндердің негізгі тілі ретінде ислам өркениетінің дінгегі саналады. Сондықтан араб тілін игеру – тек тілдік білікке емес, ислам ғылымдарын терең түсіну мен талдауға жол ашады. Араб тілін

меңгеру арқылы мұсылман ғалымдары фикһ, тәпсір, хадис, ақида сынды негізгі шариғат салаларындағы дәлелдерді жүйелі түрде қарастырып, олардың мағынасын нақты әрі контекстуалды түрде ашуға мүмкіндік алады. Араб тіл ғылымдары дәстүрлі түрде 12 негізгі бөлімге бөлінеді. Аталған 12 саланы толық меңгеру исламтану, араб филологиясы және шариғат ілімдерімен айналысатын мамандар үшін міндетті болып саналады, себебі олар Құран аяттарын, пайғамбар хадистерін және ислам әдебиетін тілдік, семантикалық және риторикалық тұрғыда ұғынуға мүмкіндік береді [93, б. 24]. Осылайша, араб тілі ғылымы тек тіл үйрену құралы ғана емес, сонымен қатар ислам дүниетанымын, құқықтық жүйені және рухани мұраны түсіну мен сақтау жолындағы маңызды зерттеу алаңы ретінде танылады.

1 - Тіл ғылымы (арабша: علم اللغة) - Лексикология және сөздік ғылымы. Сөздердің мағынасын, синонимдерін, қолданыс аяларын және диалектілік ерекшеліктерін зерттейді. Сирек қолданылатын сөздер мен күрделі терминдердің мағынасын анықтайды.

2 - Жазу заңдылықтарын зерттейтін ғылым (арабша: علم قوانين الخط) араб жазу жүйесінің құрылымы мен қолдану ережелерін зерттейтін ғылыми сала [80, б. 434]. Жазудың сауаттылығы әріптердің дұрыс жазылуын ғана емес, сонымен қатар қаллиграфия, орфография мен диктант ережелерін сақтау қабілетін де қамтиды.

3 - Оқу заңдылықтарын зерттейтін ғылым (арабша: علم قوانين القراءة) араб тіліндегі сөйлеу дыбыстарының пайда болу орындарын, олардың ерекшеліктерін және дұрыс айтылу заңдылықтарын зерттейтін тіл білімінің бір саласы [80, б. 427]. Араб тілінің дыбыстық жүйесін жан-жақты зерттеу тіл үйренушілер мен зерттеушілер үшін маңызды, себебі ол сөйлеу нормаларын реттеуге, дұрыс оқу мен айтылуды қамтамасыз етуге бағытталған.

4 - Морфология ғылымы (арабша: علم التصريف) сөздердің құрылымдық жүйесін зерттейтін сала. Ол тек грамматикалық өзгерістерді ғана емес, сонымен қатар сөздің түбірлік құрылымын, оның қалыптасу және түрлену заңдылықтарын талдайды [80, б. 347]. Морфология ғылымы араб тіл білімінің өзекті бөлігі болып табылады, олардың дұрыс қолданылуын қамтамасыз етеді [80, б. 348].

5 - Синтаксис ғылымы (арабша: علم النحو), сондай-ақ, иғраб ғылымы (арабша: إعراب) деп аталады, араб тіліндегі сөздердің сөйлем құрамындағы функцияларын және олардың соңғы әріптерінің грамматикалық өзгерістерін зерттейтін тіл білімінің негізгі салаларының бірі болып табылады [80, б. 559]. Бұл ғылым сөйлем құрылымын қалыптастыру қағидаларын, сөздердің морфологиялық және синтаксистік өзгерістерін зерттейді. Наху ғылымының басты ерекшеліктерінің бірі есім, етістік және шылау сөздерді ажырату, сондай-ақ, түбір мен қосымшаның байланысын анықтау болып табылады. Наху ғылымының негізгі мақсаты араб тілін үйренушілерге сөйлемдерді дұрыс құрастыруды және сөздердің грамматикалық өзгерістері бойынша қателіктерден

сақтануды үйрету. Егер сөйлеуші синтаксистік ережелерден ауытқыса, бұл ғылым оны тілдік нормаларға қайта бағыттау арқылы сөйлеу мәдениетін реттейді [80, б. 560]. Наху ғылымын меңгеру шариғат ілімдері үшін ерекше маңызға ие, өйткені барлық исламдық құқықтық нормалар (фиqh) Құран мен Сүннетке негізделген. Осыған байланысты, шариғат ғылымдарын терең меңгеруді мақсат еткен кез келген ғалым үшін синтаксис ғылымын білу міндетті болып саналады [80, б. 562].

6 - Әл-Маани ғылымы (арабша: علم المعاني) фразеологиялық тіркестер мен көркем сөз қолданыстарын зерттеумен қатар, сөйлемдер мен хабарлардың семантикалық құрылымын талдайды [80, б. 487]. Бұл ұғым сөзге, сөйлемге және сөйлеушіге қатысты қолданылады, мысалы:

- «Көркем сөз» (арабша: الكلام البليغ);
- «Көркем сөйлем» (арабша: الجملة البليغة);
- «Көркем сөйлеуші» (арабша: المتحدث البليغ).

Осылайша, әл-Маани ғылымы тілдік мағыналардың қалыптасу және берілу ерекшеліктерін жан-жақты зерттей отырып, сөйлеу мәдениетін, тілдік нақтылық пен стилистикалық үйлесімділікті қамтамасыз ететін маңызды тілдік ғылымдардың бірі болып табылады.

7 - Әл-Баян ғылымы (арабша: علم البيان) мағынаны түрлі тәсілдер арқылы жеткізуге арналған риторикалық әдістер жүйесін қамтиды [80, б. 130]. Баян ғылымы үш негізгі риторикалық элементке негізделеді:

- Теңеу (арабша: التشبيه) екі заттың немесе ұғымның ұқсастығына негізделген салыстыру әдісі.

- Ауыспалы мағына (арабша: المجاز) сөздердің тура емес, бейнелі мағынада қолданылуын зерттейді.

- Тұспалдау (арабша: الكناية) белгілі бір мағынаны жанама түрде жеткізу әдісі, яғни мағына тура айтылмай, астарлы түрде беріледі.

Осылайша, әл-Баян ғылымы араб тілінің мәнерлі сөйлеу жүйесін дамытады, тілдік айқындық пен риторикалық әсерді қамтамасыз етеді және Құран мен хадис мәтіндерін түсіндіруде маңызды рөл атқарады.

8 - Әл-Бадиф ғылымы (арабша: علم البديع) сөйлеу шеберлігінің түрлі тәсілдерін жүйелеп, көркем сөйлеуді қалыптастыру қағидаларына негізделеді. Әл-Бадиф ғылымы төмендегі әдістерді қамтиды:

- сәйкестік (арабша: مطابقة) мағыналық қарама-қайшылықтар арқылы әсерлілік беру;

- сөзді қайталау (арабша: تكرار) маңызды ойды күшейту үшін қолданылатын әдіс;

- аллегория (арабша: إشارة) ойды астарлап жеткізу тәсілі;

- антонимдер қолдану (арабша: طباق) сөз мағыналарын қарама-қарсы қою арқылы әсерлілік тудыру;

- қысқа және ұзақ (арабша: إيجاز و إطناب) сөйлемдер арқылы сөйлеудің әсерін арттыру.

9 - **Әл-Аруз ғылымы** (арабша: علم العروض) араб өлеңдерінің дұрыс өлшемдері мен бұзылған өлшемдерін ажыратуға бағытталған. Әл-Аруз ғылымын жүйелеп қалыптастырған ғалым Халил бин Ахмед әл-Фараһиди. Ол бұл ғылымды бес негізгі топқа бөліп, он бес түрлі өлең өлшемін (баһр) жүйеледі. Кейінірек оның шәкірттерінің бірі әл-Әхфаш бір қосымша өлшем енгізіп, оны «Хабб» деп атады [80, б. 382]. Бұл ғылым арабтардың өзге халықтармен мәдени байланысы артуымен маңызды қажеттілікке айналды. Кейіннен аруз жүйесі парсы және түркі поэзиясында кеңінен таралды. Классикалық араб және парсы әдебиеттеріндегі барлық поэтикалық шығармалар осы жүйемен жазылды. Түркі поэзиясында аруз үлгісімен жазылған алғашқы шығарма Юсуф Хасс Хажиб Баласағұнның XI ғасырдағы «Құтты білік» поэмасы болып табылады [96]. Бұл ғылым Құран мен хадистің поэзияға қатысы жоқ екенін ғылыми түрде дәлелдеуге көмектеседі. Себебі поэзия белгілі бір ырғақ пен өлшемге негізделген көркем сөз өнері. Ал Құран уахи ретінде түскен және өлең өлшемдеріне тәуелсіз, демек ол поэзия емес. Әл-Аруз ғылымы араб поэзиясының өлшемдік заңдылықтарын жүйелейтін негізгі тілдік ғылым [80, б. 382].

10 - **Әл-Қауафи ғылымы** (арабша: علم القوافي) араб поэзиясындағы рифмалық жүйені зерттейтін ғылым. Ол өлеңнің соңғы жолдарындағы дыбыстық үйлесімділікті, ырғақтық құрылымды және өлеңнің музыкалық әсерін қамтамасыз ететін заңдылықтарды қарастырады [80, б. 427]. Қафия ғылымының міндеттері өлеңнің ырғақтық құрылымын реттеу, өлеңдегі дыбыстық үйлесімділікті сақтау, өлеңнің құрылымдық бірлігін қамтамасыз ету, музыкалық әуезділікті күшейту [80, б. 428]. Бұл ғылымды білмейтін адам поэзияның дұрыс құрылымын сақтауға қабілетсіз, сондықтан поэзия өнерін жетік меңгеру үшін қафия қағидаларын білу қажет.

11 - **Хат-хабар жазу (Рисәлә) және шешен сөйлеу (Хұтба) өнері** ең маңызды прозалық жанрлардың бірі. Рисәлә – ықшам, анық және түсінікті баяндалатын жазбаша өнер түрі [80, б. 115]. Хұтба шешен сөйлеу өнерінің бір түрі, ол Құран аяттарымен және діни ұғымдармен безендіріледі. Хұтба көбінесе «Бисмиллаһир рахманир рахим» сөзімен, Алланы мадақтаумен және Мұхаммед пайғамбарға (ﷺ) салауат айтумен басталады. Хұтба бұл ауызша сөйлеу өнері, оның негізгі мақсаты тыңдаушыларға нақты ойды жеткізу. Оратор аудитория алдында тұрып сөз сөйлейді, көпшілікті белгілі бір ойға сендіру немесе ақпарат беру үшін қолданылады [80, б. 117]. Аристотель ораторлық өнерді «бір нәрсеге сендіру қабілеті» деп сипаттаған. Ислам өркениетінде «Хұтбалар», «Рисәлә хаттары», өсиеттер мен мысалдар әдеби тарихты қалыптастырған ең көне жанрлардың бірі. Бұл жанрлар ежелгі және түпнұсқалық дәстүрлерге сүйене отырып, әр тарихи кезеңде өзгеріске ұшыраған. Олар араб әдебиеті мен

прозасының негізгі элементтерінің бірі бола отырып, заманауи әдебиет пен шешендік өнерге ықпал етті.

12 - Лекциялар ғылымы (арабша: علم المحاضرات) қарым-қатынас барысында сөздерді жағдайға сәйкес қолдануды, оның мағыналық мазмұнын және құрылымдық реттілігін сақтауды үйретеді. Оның басты мақсаты басқа ғалымдардың айтқан сөздерін нақты әрі дұрыс жеткізу, сөйлеу барысында мағыналық қателіктерге жол бермеу. Абу әл-Хайр өзінің «Мифтах ас-Саада» еңбегінде [80, б. 479]: *«Бұл ғылым – адамның басқа біреуге сөз жеткізу дағдысын қалыптастыру, сөйлеу мазмұны мен құрылымын дұрыс меңгеруге бағытталған»* деп сипаттайды. Лекциялар ғылымы Шам мен Андалусияда Умауилер, ал Бағдатта Аббасилер билігі кезінде әдеби процестің маңызды бөлігіне айналды. Халифтер мен әмірлер ақын-жазушыларды өз сарайларына шақырып, олардан әдеби әңгімелер мен нәзік жырларды тыңдауды ұнататын. Әдебиетшілер мен ғалымдар тарихи оқиғаларды, әдебиет үлгілерін және қызықты қиссаларды жаттап, оларды халифтердің алдында айтып беру арқылы өз білімдерін көрсететін. Осы мақсатта олар өлеңдер, шешендік сөздер және тарихи оқиғалар жинақтарын жазып қалдырды. Бұл білім саласы «әл-Мұхадарат» (Лекциялар ғылымы) деп аталды. Лекция шығармашылық қабілетті талап етеді, себебі лекция оқу процесінде бірнеше негізгі принциптер бар. Олардың бірі өз-өзіне сенімділік. Тыңдаушылар саны көп болған сайын, лектордың сөйлеу қабілетіне әсер ету ықтималдығы жоғарылайды. Сонымен қатар, сөз құрылымы мен мәтіннің мәнерлілігі лекцияның тыңдармандарға әсерін арттырады [80, б. 481]. Осылайша, лекциялар ғылымы тілдік қарым-қатынасты жетілдіру, әдебиетті сақтау және дамыту, сондай-ақ, білім беруде тиімді оқыту әдістерін қалыптастыруға бағытталған ғылыми сала. Оның дамуы араб әдебиетінің, Ислам мәдениетінің және педагогикалық жүйенің маңызды бөлігін құрайды. Араб тілі ғылымының атақты тұлғалары:

Әбу әл-Асуад әд-Дуәли (603–688) атақты табиғиндердің бірі, көрнекті ғалым, ақын, фақих және хадис жеткізуші. Ол араб грамматикасының негізін қалаушы ретінде танылып, Құран аяттарын дұрыс оқу үшін әріптерге дауысты белгілерді (фатха, дамма, касра) енгізген алғашқы ғалымдардың бірі болды [80, т. 3, б. 37]. Оның еңбектері Басра медресесінің грамматикалық әдіснамасының қалыптасуына ықпал етті.

Әл-Халил бин Ахмад әл-Фараһиди (718–786) араб тілінің көрнекті ғалымы, поэтика мен филология саласында үлкен жаңалықтар ашқан тұлға [80, т. 3, б.37]. Ол араб поэзиясының ырғақтары мен өлшемдерін жүйелейтін «аруз» ғылымының негізін қалаушы ретінде белгілі [96]. Сонымен қатар, араб тілінің алғашқы толыққанды сөздігі «Китаб әл-Айн» еңбегін жазған.

Амр бин Осман бин Қанбар әл-Хариси Сибәуәйһ (765–796) араб тілінің ең танымал грамматистерінің бірі [80, т. 3, б. 38]. Оның «әл-Китаб» еңбегі араб тілінің алғашқы жүйелі грамматикасы болып табылады. Бұл еңбек араб тіліндегі

синтаксис (наху) пен морфология (сарф) негіздерін ғылыми тұрғыда жүйелеген және кейінгі ғасырларда араб филологиясының дамуына негіз болды.

Әбу әл-Хасан Әли бин Хамза Әл-Кисаи (737–805) Куфа медресесінің грамматикалық мектебінің негізін қалаушы және Құран оқу дәстүрлерінің беделді тұлғаларының бірі [80, т. 3, б. 39]. Ол араб грамматикасын практикалық тұрғыдан зерттеп, поэзия мен халықтық сөйлеу ерекшеліктерін ескере отырып, тілдік нормаларды жүйелеуді қалыптастыруда маңызды рөл атқарған.

Әбу Зәкәрия Йахия бин Зияд Әл-Фарра (761–822) араб тілінің көрнекті ғалымы [80, т. 3, б. 39], Куфа медресесінің беделді өкілдерінің бірі. Оның «Маани әл-Құран» еңбегі Құран мәтіндерінің грамматикалық және мағыналық түсіндірмелеріне арналған және Құран тілін грамматикалық, семантикалық тұрғыдан терең талдауға мүмкіндік береді.

Әбу Бәкір Абдулқаһир Әл-Журжани (1009–1078) араб тілінің көрнекті ғалымы, риторика (балаға) ғылымының негізін қалаушы [80, т. 3, б. 48]. Ол әдеби стильдер мен бейнелі сөйлеу тәсілдерін, оның ішінде метафора (истиара), теңеу (ташбих) және қарама-қарсылық (мухалафа) ұғымдарын жүйелеген. Оның зерттеулері Құранның әдеби стилін тереңірек түсінуге жол ашты.

Осылайша, араб тілі семит тілдері тобына жататын және қазіргі әлемдегі ең кең таралған тілдердің бірі. Оны шамамен 467 миллионнан астам адам қолданады және ол 27 елдің ресми тілі болып табылады. Сонымен қатар, араб тілі БҰҰ-ның ресми алты тілінің бірі болып саналады және жыл сайын 18 желтоқсан «Араб тілі» күні ретінде атап өтіледі. Араб тілі дін, мәдениет, ғылым, сауда және саясат салаларында маңызды рөл атқаратын тіл. Оның тарихи әсері ерекше, әрі қазіргі заманғы халықаралық қатынастар мен білім беру саласында да үлкен маңызға ие.

Құран ілімдері Қасиетті Құран - ислам дінінің негізгі қайнар көзі ретінде тек рухани жетекшілік етіп қана қоймай, сондай-ақ, ғылыми-танымдық ізденістердің де өзегіне айналған ерекше мәтін. Құран ілімдері - исламдық білімдер ішіндегі ең күрделі әрі кең тараған бағыттарының бірі. Бұл сала исламның теориялық және практикалық негіздерін түсіндіруде маңызды рөл атқарады. Ғылыми әдебиеттерде тәпсір ғылымына берілген анықтамалар әртүрлі болғанымен, олардың мазмұндық мәні ортақ сипатқа ие. Мысалы, имам Суюти өзінің «әл-Итқан фи улум әл-Құран» атты еңбегінде бұл ғылымды аяттардың түсу себептері, олардың мағыналық, тілдік құрылымын, тарихи-контекстуалдық мазмұнын және мағыналық ерекшеліктерін зерделейтін кешенді сала ретінде сипаттайды. Сонымен қатар, Суюти тәпсірдің мақсаты тек мәтінді түсіндіру ғана емес, оның астарлы мағыналарын ашу, меккелік және мединелік аяттарды жіктеу, анық (мұхкам) және астарлы (мүтәшәбиһ) аяттарды ажырату, үкімінің күшін жойған (насих) және күші жойылған (мәнсух) аяттарды талдау, халал мен харам, бұйрықтар мен тыйымдар, уәде мен ескерту секілді шариғат қағидаларын анықтау, діни-этикалық нормаларды жүйелеу екенін атап өтеді [80, б. 174].

Құран ілімдерінің пәндік аясы өте кең. Оның құрамына Құранның түсірілу тарихы, уахидің кезеңдік сипаттары, мәтіннің жинақталу процесі, қырағат (оқу тәсілдері) және аяттардың реттік жүйесі кіреді. Сонымен қатар, мұғжизалық сипаты, Құранның әдеби әрі логикалық құрылымы, үкімдер, аяттардың грамматикалық талдауы және олардың тарих, фикһ, Кәләм, этика сынды басқа да ғылымдармен байланысы кеңінен зерттеледі. Бұл салалар тәпсір ғылымының теориялық-қолданбалы бағытымен тығыз ұштасып жатыр. Осы салаларда жинақталған білімдер Құранды танудың жан-жақты тәсілдерін қалыптастырып, мұсылман үмбетінің діни дүниетанымының дамуына негіз қалайды. Құран ілімдерін зерттеу нәтижесінде адам Құранның мазмұнына терең бойлап, оның тарихи, лингвистикалық, құқықтық және дүниетанымдық қырларын шынайы әрі ғылыми негізде қабылдай алады.

Құран ілімдерінің негізгі функцияларының бірі - Құран мәтінін ғылыми негізде түсіндіру арқылы діннің шынайы мазмұнын айқындау, жалған интерпретациялар мен догмалық пайымдарға қарсы дәлелді жауап ұсыну. Сонымен қатар, бұл ілім саласы қазіргі замандағы діни-идеологиялық қақтығыстар мен қате түсініктерге қарсы интеллектуалды қарсы тұру құралы ретінде де маңызды рөл атқарады. Барлық исламдық ғылымдар сияқты, «Құран ілімдері» де Мұхаммед пайғамбар (ﷺ) заманында қалыптасқан. Сол дәуірдегі риуаяттарға мұқият назар аударатын болсақ, бүгінгі таңда Құран ғылымдарының арасында меккелік және мәдинелік аяттар, аяттардың түсу себептері, насих және мансұх, мұхкам және мутәшабиһ сияқты ғылымдарға қатысты мағыналарға көзіміз түседі.

Құран ілімдері төрт халифа кезеңінде қолға алынды. Хазреті Әбу Бакр (р.а.) дәуірінде Құран Кәрім жазбаша түрде жинақталып, кітап түріне келтірілді. Хазреті Осман бин Әффанның (р.а.) заманында Құран Кәрімнен көшірмелер алу жұмыстары жолға қойылды, Құранның бір кітапқа жинақталуымен және бірыңғай жазу үлгісінің қалыптасуымен басталды. Бұл үрдіс кейіннен «Құран жазуы ғылымы» ретінде дамыды. Құран Кәрімді белгілі бір түрде оқыту «қирағат» ғылымына негіз салды. Төртінші халифа Әли бин Әби Тәліп кезеңінде Құран Кәрім араб тілі ережелеріне қайшы оқылып жатқанын ескере отырып, Әбу әл-Әсуад әд-Дуәлиге Құран тілін бұрмаланудан қорғау үшін грамматикалық ережелерді жасауды тапсырды [80, т. 2, б. 189]. Осылайша, араб әріптеріне нүктелер мен диакритикалық белгілер енгізіліп, араб грамматикасының негіздері қаланды. Одан кейін «Құранның иғрабы ғылымы» пайда болды. Құран Кәрімді оның ерекше ғылымдарымен қабылдап алған сахабалар, оларды кейінгі ұрпақтарға табиғиндерге аманат етіп жеткізу жолында үлкен қызметтер атқарды. Бұл құрметті істі әсіресе төрт халифа, Абдулла бин Аббас, Абдулла бин Масуд, Убай бин Кааб, Зайд бин Сабит, Әбу Муса Әл-Әшғари, Абдулла бин Зубайр (р.а.) көп үлестерін қосты [80, т. 2, б. 178].

Одан кейінгі кезеңде сахабалар мен табиғиндер Құран тәпсірін, оның түсу себептерін, үкімі жойылған және өзгертілген аяттарды, сондай-ақ, Құранның ерекше сөздерін зерттей бастады. Осы кезеңде алғашқы тәпсір еңбектері дүниеге келді. Мысалы, Мужахид бин Жабрдың (642-722) тәпсірі, Мұқатил бин Сүлейманның (767) тәпсірі, Шұғба бин әл-Хажжаждың (702-777), Суфян бин Уйайна (725-814) және Уқайл бин әл-Жаррахтың (746-812), Ата бин Әби Рабах (647-732), Қатада бин Диама (680-736), Икритма бин Абдулла әл-Барбари әл-Мадани (646-723), Хасан әл-Басри (642-728), Сағид бин Жубайр (665-714), Зайд бин Аслам (қ.753) және басқалар (р.а.) теңдессіз бейнет көрсетті [80, т. 2, б. 180]. Басқа исламдық ғылымдар сияқты, «Құран ілімдері» туралы жазбалар да екінші һижри ғасырда пайда бола бастаған. Алғашында бұл салада жазылған жұмыстар «Құран ілімдері» ғылымдарының бір бөлігіне арналып жазылған еді. Алғашқылардың бірі болып һижри үшінші, қазіргі IX ғасырда Әбу Убайд әл-Қасым бин Саллам әл-Харауи (774-838) насих және мансух ғылымы туралы «Құран Кәрімдегі насих және мансух, сондай-ақ, ондағы парыздар мен сүннеттері туралы» кітап жазды. Имам Бұхаридің ұстазы әл-Мәданий (778-849) «Асбабун-нузул» (аятардың түсу себептері) ғылымына қатысты еңбек шығарды [80, т. 2, б. 186]. Одан кейін басқа ғалымдар түрлі тақырыптарда насх туралы, меккелік және мединалық аяттар туралы, Құран Кәрімнің артықшылықтары туралы еңбектерді дүниеге әкелді.

Мұхаммед Абдулазиз аз-Зарқани (қ.1948) бұл ғылымдарды біріктіретін негізгі мәселе Құран Кәрімнің жан-жақты зерттелуі деп көрсеткен [80, т. 2, б. 188]. Оның айтуынша, әрбір ғылымның өзіндік зерттеу нысаны бар, қирағат ғылымы Құран сөздері мен олардың оқылуы мен айтылу тәсілдерін, ал тәпсір ғылымы оның мағынасы мен түсіндірмесін қарастырады. Кейін келе, тәпсірлердің кіріспелерінде де «Құран ілімдері» туралы мәліметтер берілетін дәстүр қалыптаса бастады. Имам Табаридің (р.а.) (839-923) танымал тәпсірінің кіріспесінде «Құран ілімдері» туралы «әл-ахруфус-сабаға» – жеті әріп, қирағаттар және оларға ұқсас басқа тақырыптарды көруге болады. Әбу Мұхаммад Хамид бин Ахмад бин Жафар бин Бистом (р.а.) жазған «Әл-мабаний ли назмил-мағаний» атты тафсирдің кіріспесінде «Құран ілімдері» туралы он тарау бар [80, т. 2, б. 190]. Құран ғылымдарының әртүрлі салалары бойынша арнайы жарыққа шыққан еңбектерге мысал айтар болсақ, Әбу Бәкір әс-Сижистани (қ.941) «Нузһат әл-Қулуб фи Тафсири Алламу әл-Ғуюб» атты кітап жазды, ал Әбу әл-Хасан әл-Хуфи (968-1038) Құран грамматикасын зерттеген алғашқы ғалымдардың бірі болып, «Әл-Бурхан фи Иғраб әл-Құран» еңбегін жариялады [80, т. 2, б. 191].

XI-XII ғасырларда «Құран ғылымдары» термині кеңінен қолданыла бастады. Мұхаммад Абдулазиз Зарқанийдің (р.а.) айтуынша, «Құран ілімдері» қазіргі түріндегі нұсқасының алғашқысы Әбу әл-Хасан әл-Хуфи әш-Шабрауидің (968-1038) «Әл-Бурхан фи Ғулум әл-Құран» атты кітабы. Кейінірек Ибн әл-

Жаузи (1116-1201) «Фунун әл-Әфнан фи Уйун Ғулум әл-Құран» және «Әл-Мужтаба фи Улум әт-Тәғаллуқ би әл-Құран» атты екі еңбегін әкелді. XIII ғасырда Имам Ғаламуддин ас-Сахауи (1163-1245) Құран ғылымдарын жеті бөлімге бөліп сипаттаған «Жамал әл-Құраа» еңбегін жарыққа шығарды [80, т. 2, б. 191]. XIV-XV ғасырларда бұл ғылымдар одан әрі дамып, көптеген жаңа еңбектер пайда болды. Жалауддин әл-Балқини (1361-1421) «Мәуакиғ әл-Ғулум мин Мәуакиғ ән-Нужум» атты еңбегінде Құран ғылымдарын жүйеледі. Бадруддин әл-Зарқаши (1344-1392) өзінің әйгілі «Әл-Бурхан фи Ғулум әл-Құран» атты шығармасын жазып, осы еңбегінде Құран ғылымдарының 47 түрін сипаттады. Ал ғалым имам әс-Суютий (1445-1505) «Әл-Иткан фи Улум әл-Құран» атты кітапты жазды. Бұл кітап өз саласындағы барлық шығармалардың жиынағы саналады. Ол өзінің аталмыш еңбегінде Құран ілімдерін 80-ге бөліп, олардың кейбірін жеке зерттеу тақырыптарына айналдыруға болатынын атап өтті [80, т. 2, б. 192]. Имам Суютиден кейін, бұл ғылым бойынша кітап жазу ісі тоқтап қалды. Мұндай тоқырау кезеңінің әсерінен, басқа исламдық ғылымдар сияқты, «Құран ілімдері» ғылымы да тоқырау және даму кезеңдерін көрді.

Біздің дәуірімізде, исламдық ғылымдарды қайта жазу процесінде «Құран ілімдері» туралы кітаптарды да қайта жазуға қажеттілік туындады. Бұл орайда, Мысырдағы Әл-Азһар және оған ұқсас басқа ғылыми мекемелерде «Құран ілімдері» пән ретінде оқытылады. Осыған орай, «Құран ілімдері» туралы жаңа кітаптар да жазылды. Қазіргі заманғы Құран ғылымдарына қатысты зерттеушілерден шейх Тахир әл-Жәзайридің (1892-1920) «Әт-Табиян фи Ғулум әл-Құран» атты кітап жазылды. Мұхаммед Әли Мұхаммед Сәләманың «Минһаж әл-Фурқан фи Ғулум әл-Құран» еңбектері ерекше орын алады. Мұхаммед Абдулазиз әл-Зарқанидің «Манахил әл-Әрфан фи Улум әл-Құран» еңбегімен Құран ғылымдарын заманауи ғылыми тәсілдермен зерттеуге үлес қосып, олардың маңыздылығын аша түсті [80, т. 2, б. 192].

Құран ілімдері - ислам ойшылдығының интеллектуалды жетістіктерінің шыңы ретінде бағалануы тиіс. Бұл салада жинақталған теориялық және қолданбалы білімдер жүйесі Құран мәтінін тану мен түсіндірудің ғылыми-рационалдық негіздерін қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, бұл ғылым саласы қазіргі заманғы ислами білім берудің негізгі тіректерінің бірі ретінде, дін мен мәдениеттің өзара байланысын түсіндіруде маңызды орын алады. Диссертациялық зерттеу аясында бұл ілімнің тұжырымдамалық құрылымын ашу, оның мазмұндық ерекшеліктерін саралау - исламдық білім жүйесінің негіздерін жаңаша пайымдауға жол ашады.

Хадис ғылымы діннің негізі саналатын сүннетті қорғап, шынайы мәтіндерге сүйенген құқықтық және моральдық шешімдер қабылдауға мүмкіндік беретін іргелі сала. Бұл ғылым екі түрлі мағынаға қолданылады [83, б. 32]:

1) Хадистің риуаяты ғылымы (арабша: *علم رواية الحديث*), яғни хадистің жеткізілуін зерттеу ғылымы;

2) Хадистің мағынасы мен мазмұнын түсіну ғылымы (арабша: *درایة الحديث علم*).

Хадис ғылымының құрылуындағы басты мақсат - Пайғамбар (ﷺ) хадисін бұрмалаудан, оған жалған сөздер мен өтірік деректердің араласуынан, сананы мифтер мен жалған сенімдерден қорғау және хадис жеткізушілердің жауапкершілігін арттыру [83, б. 35]. Тарихи тұрғыдан алғанда, хадис ілімі – мұсылман өркениетінің ғылыми әдістемелік негіздерінің бастауында тұрған және дереккөздерді дәлдікте саралауға бағытталған бірегей феномен. Бұл салада мәліметті жеткізу тізбегі (иснад) қағидаты ерекше орын алады. Басқа діндер мен мәдениеттерде жеткізушілердің әділдігі мен есте сақтау қабілеті секілді критерийлер назарға алынбаған болса, исламда бұл - ғылыми тұрғыдан тексеру мен валидациялаудың негізгі үлгісі ретінде танылған. Хадис ілімінің өркениеттік рөлі де айрықша. Ол рухани, құқықтық және әлеуметтік институттардың іргетасын қалап, мұсылман қоғамында әділеттілік пен парасаттылықты орнатуға бағытталды. Сонымен қатар, жалған ақпаратқа негізделген бұрмалаушылық пен діни экстремизмге қарсы ғылыми тосқауыл ретінде де қызмет етеді. Мұндай ғылыми сүзгілер арқылы мұсылман қоғамы өз дүниетанымын таза әрі сындарлы түрде қалыптастырып келеді. Қазіргі заманда хадисшілердің деректерді саралау жүйесі жоғары бағаланып, оны тарихи деректану саласында үлгі ретінде қолдануда. Осылайша, хадис ілімі тек діни емес, сонымен қатар жалпы ғылыми өріс үшін де маңызды үлес қосатын ғылыми парадигма ретінде қалыптасқан.

Хадис ғылымдарының біздің заманымызға дейінгі өткен тарихи кезеңдерін зерттеу нәтижесінде хадис ғылымдарының дамуы жеті кезеңге бөлініп, қысқаша келесі түрде сипатталды:

1 - Сахабалар дәуіріндегі хадис ілімінің қалыптасу кезеңі. Хадис ілімінің тарихи дамуында сахабалар дәуірі ерекше маңызға ие, себебі дәл осы кезеңде ислам діні өзінің алғашқы әрі таза күйінде көрініс тапты және Пайғамбар Мұхаммедтің (ﷺ) сүннеті табиғи әрі ауызша түрде берілді. Бұл кезең - хадис ілімінің пайда болу және іргетасының қалану дәуірі ретінде сипатталады. Сахабалар Пайғамбардан (ﷺ) естіген сөздерін, оның әрекеттерін және үнсіз келісімдерін ерекше мұқияттылықпен жеткізіп, оларды сақтау мен таратуда жоғары жауапкершілік танытты [83, б. 52]. Ислам шарияты мен Құран ілімін терең меңгерген сахабалар үшін хадистің мазмұны мен мақсаты түсінікті болғандықтан, бұл кезеңде иснад жүйесі (риуаят тізбегі) әлі толық қалыптаспаса да, хадистерді сенімді әрі нақты жеткізу тәжірибесі қоғамда орнықты.

Біріншіден, Пайғамбардан (ﷺ) хадис жеткізу ісінде ұстамдылық танытылып, бұл үдеріс тек шынайы қажеттілік туындаған жағдайда ғана жүзеге асырылды. Сонымен қатар, олар әуелі, халықтың Құранды жақсылап жаттап алуына көңіл бөлді. Адамдарды одан басқа нәрселермен алаңдатпауға ұмтылды. Бұл, бір жағынан, қоғамда Құранды жаттауға ерекше мән беруімен, екінші жағынан, жалған хадистің таралуына жол бермеуді көздеді.

Екіншіден, риуаят қабылдау мен жеткізу барысында сенімді дереккөздерді негізге алу қағидаты орнықты. Мәселен, Имам әз-Зәһаби Әбу Бәкір Сыддықтың (р.а.) өмірбаяны туралы [83, б. 52]: *«Ол хабарды қабылдауда сақтық танытқан бірінші адам болған»*, бин Шихаб Қубайса бин Зуайбтан риуаят еткен хадисте: *«Әжесі Әбу Бәкірге мұрагерлік туралы сұрай келді»*. Әбу Бәкір: *«Мен Құраннан саған қатысты ештеңе байқап тұрғаным жоқ, әрі Пайғамбарымыз (ﷺ) саған қатысты не айтқанынан хабарым жоқ»*, - деді. Сосын Әбу Бәкір адамдардан сұрады, сонда Муғира (р.а.) тұрып: *«Мен Пайғамбарымыздан (ﷺ) әжесің алатын үлесі алтыдан бір бөлігі екені туралы естігенмін»*, - деп жауап берді. Әбу Бәкір оған: *«Сенде басқа куәгер бар ма?»* - деп сұрады. Сонда Мұхаммед бин Маслама да дәл осылай куәлік берді. Содан кейін Әбу Бәкір бұл шешімді орындатты», - делінген. Бұл оқиға Әбу Бәкірдің (р.а.) әжеге мұрагерлік үлесі туралы шешімді Құранда немесе өзінің тікелей жадысында болмаған жағдайда, басқа сахабалардан куәлік сұрап барып шығаруы – мұсылман құқықтық дәстүріндегі деректің дәлдігін тексеруге негізделген алғашқы ғылыми амалдардың бірі болып табылады.

Үшіншіден, сахабалар хадистің мазмұнын Құран мен жалпы сүннетке салыстыра отырып қабылдады. Мұндай мысалдардың бірі екі хадис шейхтары (әл-Бухари және Муслим) Айша (р.а.) арқылы риуаят еткен хадис шәріпте: *«Мен Омар мен оның ұлы Абдуладан естідім, олар Пайғамбарымыз Мұхаммед (ﷺ) «Өлген адам, оның туыстарының оған жылағаны үшін азапқа ұшырайды»*, - деп айтқанын жеткізген», - делінген. Осы хадис туралы Айша (р.а.) былай деп жауап берді: *«Алла Омарды рақым етсін, Алламен ант етемін, Пайғамбарымыз Мұхаммед (ﷺ) ешқашан мұсылмандардың туыстарының жылағаны үшін азапқа ұшырайтынын айтқан емес. Ол тек: «Исламға қарсы адамның туыстарының жылауы олардың азаптарын арттырады» дегенді айтқан болатын»*. Айша сондай-ақ, былай деп қосты: *«Сендер үшін Құран жеткілікті «Біреудің күнәсін басқа біреу арқаламайды...»*, - («Фатыр» сүресі, 18-аят), Имам әл-Муслим қосқан сөзде Айша анамыз (р.а.) былай деді: *«Сендер маған өтірік айтпайсыңдар және мен сендерді өтірікшіге жатқызбаймын, бірақ құлақтың тыңдауы қателесуі мүмкін»*. Айша анамыздың (р.а.) Омардың (р.а.) риуаят еткен хадисіне қатысты жауабы, оның мазмұнын Құран аятына сәйкестендіріп түсіндіруі – мәтіндік сын тәжірибесінің қалыптасуын көрсетеді. Айта кету керек мәселе, сахабалар хадисті сақтық үшін сынап тексергенде тек күмәндану немесе жаман оймен әрекет етпеген. Омар былай деген: *«Мен сіздерге күмән келтірген жоқпын, бірақ мен хадисті нақтылау үшін тексергім келді»* [83, б. 54].

Һижраның бірінші ғасырында орын алған саяси қақтығыстар мен ішкі бүліктер нәтижесінде жалған хадистердің таралу қаупі күшейді. Халифа Осман бин Әффанның шейіт болуы және Имам Хусейннің қазасы сияқты ауыр оқиғалар ислам қоғамында үлкен дағдарыс пен бөлінушілікке әкелді. Осы уақытта адасқан топтар мен дін бұзарлар пайда болып, олар өздерінің көзқарастарын және саяси

мақсаттарын қолдау үшін аят, хадистерді өз мақсаттарына қолдана бастады. Бұл жағдай хадис ілімінің риуаят тізбегін (иснад) тексеру мен риуаятшы тұлғаларды зерттеу қажеттілігін туындатты. Соның негізінде «әл-жарх уә әт-тағдил» (жарамсыз және сенімді жеткізушілерді анықтау) ғылымының алғашқы негіздері қалыптасты. Сахабалар мен табиғиндер хадис риуаятшыларының сенімділігіне, тақуалығына және жаттау қабілетіне ерекше мән беріп, тек мұқият сараптаудан өткен жеткізушілерден ғана хадис қабылдауға үндеген [83, б. 55]. Сахабалардан «әл-жарх уә әт-тағдил» туралы алғашқы рет мәселе көтергендер Абдулла бин Аббас, Убада бин ас-Самит және Әнәс бин Мәликтер еді. Олардан бұл тақырыптағы жазба өте аз, өйткені ол уақытта сыни көзқарас тудыру өте сирек кездесті. Содан кейін, табиғиндерден Саид бин әл-Мусайиб (637-715), Амир бин Шағби (641-723) және бин Сирий (653-729) бұл тақырыпқа кіріскен үлкен тұлғалар қатарына кіреді [83, б. 56]. Осылайша, хадистердің шынайылығын тексерудің қажеттілігі бірте-бірте артты және хадис ғылымының мамандары осы жалған хадистерді анықтау және оларды жою үшін әдістер мен ережелер жасады. Сонымен қатар, хадис ғылымында сапар арқылы білім іздеу тәжірибесі пайда болды. Бір ғана хадис үшін ұзақ жол жүріп, оны тікелей риуаятшыдан естіп, растап алу дәстүрі – исламдағы ғылымға деген құрметтің айғағы. Бұл тәжірибе кейінгі дәуірлердегі ғылыми саяхаттардың негізін қалады.

Сахабалар кезеңінде хадисті растаудың бір тәсілі ретінде оны басқа рауилердің риуаяттарымен салыстыру тәжірибесі дамыды. Бұл тәсіл хадистің мазмұндық бірізділігі мен сенімділігін тексеруге мүмкіндік берді. Осы бірінші ғасырдың соңына қарай хадис түрлерінің алғашқы жіктелуі пайда болды. Атап айтқанда, марфуғ (арабша:المرفوع), маукұф (арабша:الموقوف), мақтұғ (арабша:المقطوع), мұттасыл (арабша:المتصل), мурсал (арабша:المرسل), мұнқатиғ (арабша:المنقطع) және мұдаллас (арабша:المدلس) хадистер. Бұл хадис түрлерінің әрқайсысы иснадтағы тізбектің үздіксіздігі, жеткізушінің сенімділігі және мәтіннің дәлдігіне қарай сараланды [83, б. 57]. Хадистер, сондай-ақ, екі негізгі топқа бөлінді. Олар:

1) Қабылданатын (арабша:المقبول) бұл атау кейінірек дұрыс (сахих) және жақсы (хасан) деп те аталды. Бұл хадистер сенімді болып саналады, себебі олар сенімді рауилерден келіп, олардың бірқалыпты байланыс тізбегі мен нақтылығы бар.

2) Қабылданбайтын (арабша:المردود) бұл атау кейінірек әлсіз (зағип) деп аталды, және оның көптеген түрлері бар [83, б. 58].

Сахабалар дәуірі – хадис ілімінің негізі қаланған, оның тәжірибелік деңгейде алғашқы қағидаттары қалыптасқан, риуаяттың шынайылығы мен сенімділігіне ерекше мән берілген маңызды тарихи кезең болып табылады. Бұл дәуірде орныққан ұстанымдар кейінгі ғасырларда хадис ілімінің жүйелі ғылым ретінде дамуының негізін қалады және ислам ғылымдары жүйесіндегі маңызды рөлін бүгінгі күнге дейін сақтап келеді.

2 - Кемелдену (интеграция) кезеңі хадис ғылымдары толықтай қалыптасып, олар бір-бірден жинақталып, ғалымдардың арасында таралған ережелерге бағынумен сипатталады. Бұл кезең VIII ғасырдың басынан IX ғасырдың орта шеніне дейін созылды. Аталмыш дәуірде хадистерді жеткізушілердің тізбегі (иснад) ұзарды. Бір хадис бірнеше сахабадан түрлі жеткізушілер тізбегі арқылы риуаят етіліп, кең географиялық аймақтарға тарала бастады. Бұл өз кезегінде хадистердің көбеюіне, сол хадистерге қатысты мәтіндік немесе тізбектік тұрғыдағы кемшіліктердің, айқын және жасырын қателіктердің пайда болуына себеп болды. сондай-ақ,, дұрыс жолдан адасқан топтар көбейді. Мұғтазила, Жәбрия, Хауариж секілді ағымдар сахабалар мен табиғиндердің жолынан ауытқып, дұрыс сенім мен амал жүйесіне қайшы келетін көзқарастар таратты [83, б. 58]. Ғалымдар мұндай өзгерістерге жауап ретінде бірқатар ғылыми және практикалық шараларды жүзеге асырды [83, б. 59]:

1) Хадистерді ресми түрде жазу. Халифа Омар бин Абдулазиз (681–720) хадистердің бұрмалану қаупін алдын ала көріп, мұсылман аймақтарына ресми хат жолдап, Пайғамбар (ﷺ) сүннетінің жазбаша түрде жинақталуын бұйырды. Бұл - хадистерді сақтау мен жүйелеудің алғашқы мемлекеттік деңгейдегі бастамасы болды.

2) Жеткізушілерді сараптау ғылымының дамуы. Ғалымдар хадисті жеткізушілерді сынға алу мен бағалау (әл-жарх уат-тағдил) және жеткізушілердің өмірбаянын зерттеу (ғилм ар-рижәл) ғылымдарына ерекше мән берді. Бұл ғылымдардың мақсаты - жеткізушілердің есте сақтау қабілеті, әділдігі мен сенімділігін анықтап, әлсіз және жалған хадистердің таралуының алдын алу еді. Осы салада танымал болған ғалымдар қатарына Шұғба бин әл-Хажжаж (702-777), Суфьян әс-Сәури (716-778), Абдуррахман бин Мәһди (752-814) секілді беделді хадисшілер жатады.

3) Хадис қабылдау талаптарының қатаңдауы. Имам Муслим өз «Сахих» еңбегінің кіріспесінде хадис алудағы талаптардың қаталдығын атап өтеді. Ол Әбу әз-Занадтан: *«Мен Мәдинада жүз адамды кездестірдім, олардың бәрі сенімді тұлғалар еді, бірақ олардан хадис алынбайтын. Себебі, олар бұл ғылым саласына жатпайтын еді»* – деген сөзін келтіреді.

Хадистерді жинау мен салыстыру мақсатында ғалымдар әртүрлі аймақтарға сапар шегіп, мұкият зерттеу жүргізді. Бұл кезеңде ғылым жолында саяхат жасау (рихлә фи талаб әл-ғилм) хадис ғылымының маңызды бөлігіне айналды. Ғалымдардың саяхаттары тек мәлімет жинау ғана емес, хадистердің түрлі нұскаларын салыстыру, иснадтың дұрыстығын тексеру, мәтіндік сәйкестікке көз жеткізу секілді маңызды ғылыми әрекеттермен қатар жүрді. Бұл кезеңде «саяхатшы», «жиһанкез», «зерттеуші» деген лақаптар – хадис ілімінде беделге ие тұлғалардың құрметті атауына айналды. Олар шығыс пен батысты аралап, алған білімдерін әңгімелер мен жазбалар арқылы кейінгі буындарға жеткізді [83, б. 59].

Имам Мұхаммад әз-Зухри (675–745) хадис ережелерін жинақтауда алғашқылардың бірі болды. Ол мыңнан астам хадисті сенімді риуаятшылар арқылы жеткізіп, барлығы 2200-ге жуық хадис қалдырды. Шәкірттеріне хадис ережелерін жазып алуды бұйырып, хадис ғылымының негізін қалаушылардың бірі ретінде танылды [83, б. 60]. Алайда, бұл кезеңде хадис ережелері жазба түрінде емес, көбіне ауызша дәстүрмен берілді, жүйелі жазбаша еңбектер әлі толық қалыптаса қоймаған еді. Имам Мұхаммад бин Идрис әш-Шафиғи (767-820) хадис ғылымына елеулі үлес қосты. Оның «әр-Рисала» және «әл-Ум» еңбектерінде хадис дәлел ретінде қолданылуы, риуаятшының есте сақтау қабілеті, хадистердің мәтіндік мағынасы, мұдаллас хадистер, мурсал хадис және хасан хадис сияқты мәселелер кеңінен қарастырылған [83, б. 61]. Бұл еңбектер хадис ғылымының алғашқы жазба үлгілері ретінде бағаланады.

3 - Жазылу немесе жіктелу кезеңі қазіргі заманғы есеппен IX ғасырдан X ғасырдың ортасына дейін созылған. Дәл осы уақыт хадис ғылымының жазба түрде жүйеленуімен ерекшеленіп, ислам ғылымының «алтын ғасыры» ретінде бағаланады. Бұл кезеңде ғалымдар Пайғамбар Мұхаммедтің (ﷺ) хадистерін жүйелі түрде жинақтау қажеттігін түсінді. Соның нәтижесінде «Муснад» деп аталатын жинақтар пайда болды. Бұл жинақтарда хадистер сахабалардың есімдері бойынша реттеліп орналастырылды. Мысалы, Әбу Бәкірдің хадистері «Муснад Әбу Бәкір» деп аталатын бөлімде топтастырылды. Сол сияқты Омар бин әл-Хаттаб, Осман бин Аффан және басқа сахабалардың хадистері де жеке-жеке жинақталды [83, б. 61].

Хадис ғылымының одан әрі дамуы барысында, Мұхаммед бин Исмаил әл-Бұхари (810-870) сенімді хадистерді жеке жинап, оларды тақырыптық принцип бойынша реттеу идеясын ұсынды. Бұл тәсіл хадистерді жүйелі түрде пайдалануға, әсіресе фикһ саласында тиімді қолдануға мүмкіндік берді. Оның «әл-Жәмиғ әс-Сахих» еңбегі - сахих хадистерді мазмұндық-тақырыптық жүйелеу әдісін алғаш қолданған шығарма саналды. Бұхаридің бұл тәсілін басқа да ғалымдар жалғастырды. Олардың қатарында бин Хузайма (837-923) мен бин Хиббан (884-965) ерекше орын алады. Аталған еңбектер хадис ғылымының зерттеу тәсілдерін тереңдетіп, сенімді хадистерді анықтау өлшемдерін жүйелеуге негіз болды. Осы кезеңде әрбір хадис түрі жеке ғылым саласына айналды, мысалы, «сахих хадис ғылымы», «мұрсал хадис ғылымы», «сирек хадистер ғылымы», «есімдер мен лақаптарды анықтау» және басқалар. Осылайша, ғалымдар әрбір түрге арнайы еңбектер жазылды. Мысалы, Йахъя бин Маййн (774-849) «Тарих ар-Рижәл» атты еңбегінде жеткізушілердің тарихын жазса, Мухаммад бин Саад (784-845) өзінің «Табақат» кітабында ислам ғалымдарын дәрежелері бойынша топтастырды [83, б. 62]. Бұл еңбектер сол дәуірдегі биографиялық және методологиялық әдебиеттің шыңына жеткен үлгілері атанды. Имам Әли бин Абдуллаһ әл-Мәдини (778–849) хадис ғылымының көп саласы бойынша 200-ге жуық еңбек жазды, әрі Имам әл-Бұхаридің ұстазы болған

беделді ғалым. Ол хадис ғылымының барлық саласына қалам тартқан тұлға ретінде танылған. Оның шығармашылығы хадис ілімінің мазмұндық және құрылымдық жүйеленуіне үлкен үлес қосты. Ғалымдар оның шығармашылық мұрасын ерекше бағалап, былай деген: *«Оның хадис ғылымында қалам тартпаған саласы жоқ»*.

Хадистерді жинақтап жазу (тәсниф) дәстүрі бұл кезеңде ғылымда тұрақты үрдіске айналды. Әрбір хадис ғалымы бұл үрдісті ұстанып, өз саласына сай еңбектер жазды. «Сунан» кітаптарының авторлары хадис ілімінің әртүрлі аспектілерін қамтитын еңбектер жазып, бұл саладағы білімді жүйелеу мен институционализациялауға айрықша үлес қосты. Осылайша, бұл кезеңде қалыптасқан ғылымдар «хадис ілімі» деп аталса, фикһ, тәпсір, ақида секілді басқа да салалар **«ислами ғылымдар»** деп атала бастады. Ғалымдар хадистердің мәтіні (мутун) мен иснадын зерттеп, олардың арасындағы сәйкестік пен сенімділікке ерекше назар аударды. Хадистердің әртүрлі түрлеріне тән терминдер мен шарттар айқындалып, ғылыми айналымға енді. Бұл тұрғыда Имам әт-Тирмизидің (824–892) еңбектері айрықша маңызды. Алайда, хадис ілімінің теориялық негіздерін жинақтап, оның терминологиялық шарттарын жүйелейтін кешенді еңбектер бұл кезеңде әлі аз болды. Көптеген білім иелері бұл ілімдерді өзінің жеке тәжірибесі мен жадына сүйене отырып меңгерді.

Осы кезеңде хадис терминологиясын біршама жүйелеуге тырысқан сирек еңбектердің бірі - Имам әт-Тирмизидің «Әл-Иғләл әс-Сағир» атты шығармасы еді. Бастапқыда оның «Жәмиғ» атты жинағының соңғы тарауы ретінде жазылғанымен, кейіннен бұл еңбек дербес кітап ретінде хадис ілімінің арнайы нұсқаулығы ретінде кең таралды [83, б. 62]. Еңбекте келесі мәселелер қарастырылды: а) хадис жеткізушілерді сынау және бағалау (әл-жарх уа әт-тағдил); б) жеткізушілердің дәрежелері; в) хадис жеткізу әдебі; г) хадисті мағынасы бойынша жеткізу; ғ) мурсал хадистерді қолдану шарттары; д) хадис хасан мен хадис ғариб ұғымдары және олардың мазмұндық жіктелімі.

4 - Жазбаша жинақтардың жаңа бағытта өңделіп, даму кезеңі X ғасыр ортасынан XIII ғасыр басына дейінгі аралықты қамтиды [83, б. 63]. Бұл кезеңде ислам ғалымдары хадис ғылымының әртүрлі аспектілерін терең әрі жүйелі түрде қарастырып, бұрынғы еңбектерді қайта қарап, жинақталған білімді бір арнаға тоғыстырды. сондай-ақ, алдыңғы ғалымдардың кемшіліктері түзетіліп, ғылыми дәстүрлер негізінде нақты қағидалар айқындалды. Бұл дәуірдің басты ерекшелігі - хадис іліміне қатысты мәтіндерді ғылыми тұрғыда қайта өңдеу, жүйелеу және түсіндіру болды. Ғалымдар хадиске қатысты бұрынғы пікірлерді иснадпен келтіріп, сол негізде өз тұжырымдарын жасап, талдау жүргізді. Осы кезеңде жазылған еңбектер хадис ғылымының теориялық әрі әдістемелік негізін құрап, бүгінгі күнге дейін өз маңызын жоғалтпай келе жатқан негізгі анықтамалық дереккөздерге айналды. Осы кезеңнің ең маңызды туындылары қатарында келесі еңбектер ерекше орын алады:

«Әл-Мухаддис әл-Фасиль бәйна ар-Рауан уә әл-Уағи» - бұл еңбекті қазы Әбу Мұхаммад ар-Рамахурмузи (Хасан бин Абдулла бин Халад, 887-982) жазған. Бұл кітап хадис жеткізушінің әдебі, хадис қабылдау және риуаят етілу әдістері, сондай-ақ, ғылымның сенімді түрде жеткізілуіне қатысты маңызды ережелерді қамтиды. Ол өз заманы үшін хадис ғылымындағы ең ауқымды әрі мазмұнды еңбектердің бірі саналды.

«Әл-Кифая фи Илм ар-Рауия» әл-Хатиб әл-Бағдади Әбу Бакр Ахмад бин Али (1002-1071) еңбегі. Бұл шығармада хадис жеткізудің заңдылықтары мен негізгі қағидалары егжей-тегжейлі талданады. Еңбек өз саласында ең көлемді және беделді шығармалардың бірі ретінде саналып, бүгінгі күні де хадис ілімінде негізгі әдістемелік негіз ретінде танылады.

«Әл-Илм фи Усул ар-Риуаят уә әс-Самағ» қазы Ияз бин Муса әл-Ихсаби (1083–1149) жазған. Бұл кітап риуаят пен тыңдау мәдениетіне қатысты құнды мәліметтерді қамтып, хадис жеткізудің дәстүрлі формаларын нақты ғылыми сипатта баяндайды [83, б. 64]. Бұл еңбектер хадис ілімінің әртүрлі салалары бойынша тұрақты әрі беделді дереккөздерге айналды. Кейінгі кезең ғалымдары осы еңбектерге сүйене отырып, олардың иснад жүйесін ықшамдап, мәтіндік дәлсіздіктерді түзетті және кейбір түсіндірмелер мен толықтырулар қосты.

Аталған кезеңде хадис ғылымының дамуына ерекше үлес қосқан ірі тұлғалар қатарында әл-Хаким ән-Нисабури (933–1015) және әл-Хатиб әл-Бағдади (1002–1071) ерекше орын алады. Әл-Хаким хадис ғылымының теориялық қағидаларын жүйелеуге тырысып, кейінгі ғалымдарға жол ашты. Оның шығармашылығы туралы бин Халдун: *«Хадис ғылымының ұлы ғалымдары мен имамдарының бірі - Әбу Абдулла әл-Хаким. Оның еңбектері кеңінен таралып, ол хадис ғылымын түзетіп, оның көрнекті тұстарын айқындады»* - деп жоғары бағалаған. Шейх Тахир әл-Жәзәйри де оның еңбектеріне жоғары баға беріп, былай деген: *«Ол кітапта маңызды және керемет пайдалы мәліметтер бар, сондықтан бұл ғылымды зерттейтіндер оларға ерекше назар аударуы керек»*. Ал әл-Хатиб әл-Бағдади хадис ғылымының әр саласына арнап жеке-жеке көлемді еңбектер жазған. Бұл шығармалар хадис ғалымдарының кейінгі буындары үшін міндетті түрде қолданылатын негізгі құралға айналды. Әл-Хафиз Әбу Бакр бин Нуқта былай деген: *«Әл-Хатибтен кейінгі барлық хадис ғалымдары оның кітаптарына тәуелді болып қалды»*. Осы кезеңде жазылған еңбектердің ерекшелігі - оларда жинақтау әдісінің ғылыми сипат алуы. Авторлар әрбір мәселеге қатысты хадис ғалымдарының пікірлерін иснадпен келтіріп, оларды тақырыптарға жіктеді. Оқырманға түсіну мен пайымдау жауапкершілігі жүктеліп, тек қажетті жерлерде түсіндірулер берілді.

5 - Хадис ғылымын жазу ісіндегі кемелдену және толықтыру кезеңі XIII ғасырдан XVII ғасырға дейінгі аралықты қамтиды. Бұл кезеңде хадис ғылымы барлық қырынан жүйеленіп, оның түрлі тармақтары мен ғылыми бағыттары бойынша толыққанды еңбектер дүниеге келді. Ғылыми анықтамалар

нақтыланып, бұрынғы жазбалар тереңдетіліп қайта қаралып, хадис ғылымының теориялық және әдістемелік негіздері жаңа деңгейге көтерілді [83, б. 65]. Бұл дәуірдің беташары ретінде ислам ғылымына зор үлес қосқан ірі хадисші, фақих, усул ғалымы **Әбу Амр Усман бин әс-Салах (1181–1245)** саналады. Оның атақты «Мағрифат ғұлум әл-хадис» (Хадис ғылымдары) атты еңбегі - хадис ілімінің бұрынғы дәстүрін жаңғыртып, жүйелеп, барлық түрлерін толық қамтыған ғылыми еңбектің үлгісі атанды. Бұл кітап бұрынғы авторлардың еңбектерінен жинақталып, оларға терең түсіндірме берумен ерекшеленеді [83, б. 66]. Оның ерекшеліктері:

1) бұрынғы ғалымдардың пікірлерінен олардың методологиялық қағидаларын терең әрі дәл шығаруы;

2) хадис терминологиясына қатысты бұрыннан бар анықтамаларды нақтыландырып, кейбір жаңа ұғымдарға алғаш рет ғылыми сипаттама беруі;

3) өз көзқарасын білдіре отырып, кейбір бұрынғы пікірлерге түзетулер мен қосымшалар енгізуі, яғни ғылымға жаңа үлес қосуы.

Осылайша, оның еңбегі хадис ілімінің классификациясында жүйелі әрі толыққанды кітап ретінде танылып, ғылымдағы жаңа дәуірдің басталуына жол ашты. Осы еңбектің негізінде көптеген кейінгі ғалымдар түсіндірмелер, қысқартулар, өлең формасында рифмалық шығармалар жазды. Алайда бұл кезең авторлары тек бұрынғылардың еңбектерін қайталап қойған жоқ, олар өз зерттеулерімен, дәлелдерімен, терең талдауларымен ерекшеленді [83, б. 67]. Осы кезеңдегі негізгі еңбектер мен авторлар:

- Әбу Зәкәрия Яхья бин Шараф әл-Нәуәуи (1233-1277) «**Иршад**» атты еңбегін ұстазы бин әс-Салахтың қағидаларына негіздеп, хадис ілімін оқытудың тиімді құрылымын ұсынды.

- Хафиз Зайнуддин Абу әл-Фадл Абдуррахим әл-Ираки (1325-1403) «**әт-Табсыра уә әт-Тәзкира**» атты шығармасын бин әс-Салахтың еңбегімен кеңейтіп, пайдалы түсіндірмелер енгізді. Сонымен қатар оның «әт-Такийд уә әл-Ийдаһ» атты еңбегі де сол тақырыпта жазылған маңызды түсіндірме болып табылады.

- Әл-Хафиз Ахмад бин Али бин Хажар әл-Әсқаланидің (1371-1449) «**Әль-Ифсах алә Нукәт бин әс-Салах**» бин әс-Салахтың кітабына арналған түсіндірмесі хадис ғылымының мәтіндік және методологиялық сараптамасына арналған еңбек ретінде Үндістанда қолжазба күйінде сақталған.

- Әл-Хафиз Шамс әд-Дин Мұхаммед әс-Сахауидің (1427-1497) «**Фәтх әл-Муғис**» еңбегі Әл-Иракидің хадис ғылымы бойынша Әлфиясына түсіндірме. Бұл еңбек хадис және сүннет ғылымдарының мәселелерін зерттеп, терең талдау жасаумен ерекшеленеді, Үндістанда үлкен көлемде басылып шыққан.

- Жалал ад-Дин әс-Суютидің (1445–1505) «**Тәдриб ар-Рауи**» атты жинағы хадис ілімінің барлық негізгі тармақтарын қамтыған. Сонымен бірге «Әлфият әс-Суюти» немесе «Нузм ад-Дарр фи ғилм әл-әсар» атты рифмалық еңбегі 970

шумақтан тұрады және хадис ғылымының мазмұнын поэтикалық формада түсіндіреді [83, б. 69].

- бин Хажар әл-Әсқаланидің (1371–1449) **«Нухбат әл-Фикр»** және **«Нузхат ән-Назар»** атты еңбектері хадис ғылымында үлкен мәнге ие.

Осы кезеңде жазылған еңбектер тек жинақтау мақсатында емес, сонымен қатар хадис ғылымына жаңаша көзқарас қалыптастыруға бағытталды. Хадис мәтіндері мен иснад жүйесі ғана емес, сонымен қатар олардың қабылдану шарттары, жеткізушілердің сенімділігі мен әдебі, хадис жіктеу үлгілері де жан-жақты зерттелді. бин әс-Салахтың еңбегінен басталған бұл кезең – хадис ғылымын жоғары ғылыми деңгейге көтеріп, жүйелі классификация мен нақты ережелер арқылы ғылымның толық қалыптасуын қамтамасыз еткен кезең болып саналады.

6 - Тұрақтылық пен тоқырау кезеңі XVII ғасырдан XX ғасырдың басына дейінгі аралықты қамтиды. Бұл кезеңде ғылымның жаңашылдық сипаты бәсеңдеп, жаңа пікірталастар мен ғылыми серпілістер тоқтап, әдіснамалық дамуда белгілі бір тежелу байқалды. Осы кезеңде ғылымда жаңа пікірталастар мен жаңашылдықтар тоқтап, классификацияда жаңа әдістер пайда болмады. Хадис ғылымының қысқартулары, поэзия мен проза түрінде көптеп жазылды. Бұл кезеңдегі маңызды кітаптар мыналар:

- **«Әл-Манзұма әл-Байқуния»** Омар бин Мұхаммед бин Фатух әл-Байқунидің (1600–1669) жазған еңбегі. Бұл кітап 36 шумақтан тұрады және басқа қысқартылған өлеңдерден өз ерекшелігімен көзге түседі. Оның өлең құрылымы мен тілінің қарапайымдылығы соншалық, бұл шығарманы студенттер үшін еске түсіру ретінде пайдалануға болады. Бұл еңбектің көптеген түсіндірмелері жазылған.

- **«Таузих әл-Афкар»** Мухаммад бин Исмаил әл-Санаанидің (1687-1768) жазған түсіндірме (шарх) кітабы.

- **«Нәхбәту әл-фикр фи мұсалихи әһл әл-әсәр»** түсіндірме шейх Мулла Әли әл-Қари әл-Харауи (1606 ж. қ) еңбегі. Бұл кітап «Шарх аш-Шарх» деп те танылған [83, б. 69]. Бұл еңбектер мазмұны жағынан жаңалықтан гөрі түсіндіруге, жүйелеуге және бұрынғы мәтіндерді қайталауға бағытталды.

Тоқырау кезеңінің жалпылама сипатына қарамастан, Үндістан мұсылман ғұламалары тарапынан хадис ғылымының қайта жандануына жол ашылды. Бұл жаңғыру – тек түсіндіру емес, зерттеу мен теориялық жаңарту тұрғысынан да маңызды бастама болды. Аталған жаңғырудың бастамашысы – әйгілі ғалым, хадисші, фақих Шах Уәлиуллаһ ад-Дәһлауи (1703–1762) болып табылады. Оның ғылыми мектебі мен шәкірттері хадис ғылымын ислам білімдерінің ең маңызды саласы ретінде ұстанып, өз еңбектерінде хадис мәтіндерін жаңаша көзқараспен зерттеді. Олар алдыңғы дәуірлерден жалғасып келе жатқан методологиялық дәстүрлерге сүйене отырып, жаңа түсіндірулер, жүйелеулер мен ғылыми тұжырымдар ұсынды [83, б. 69]. Бұл кезеңде ғалымдар хадис кітаптарына жазған

түсіндірмелерінде риуаяттарды қабылдау және қабылдамау қағидаларын сақтап, *сахих, хасан, зағиф* сияқты хадис түрлерін бір-бірінен ажыратуда жоғары дәлдікке ұмтылды. Сонымен қатар, Пайғамбардың (ﷺ) хадистерінің мазмұнын түсіндіруде тілдік, құқықтық, діни және тарихи аспектілер ескерілді. Бұл түсіндірулер ғылыми тереңдікке ие болмағанымен, хадис мәтіндерін бұрмалаудан сақтап қалу және жеткізушілер тізбегін (иснад) нақтылау бағытында үлкен қызмет атқарды.

7 - Ояну кезеңі XX ғасырдың басынан қазіргі уақытқа дейінгі кезеңді қамтиды. Бұл дәуір мұсылман әлемінің Батыс пен Шығыс арасындағы күрделі мәдени, саяси және ғылыми байланыстарға тап болуы нәтижесінде қалыптасқан жаңа ахуалмен сипатталады. Бұл кезеңде хадиске қатысты күмән туғызу, оны мансұқ ету әрекеттері күшейді. Шығыстанушы зерттеушілер тарапынан хадис ғылымының шынайылығына қарсы әртүрлі айла-тәсілдер мен ғылыми негізсіз пікірлер ұсынылды. Оларды кейбір әлсіз діни танымдағы тұлғалар мен отарлық идеологияны қолдаушылар қолдады. Мұндай сыртқы және ішкі қауіптерге жауап ретінде мұсылман ғалымдары хадис ғылымын қайта қарастырып, жаңа зерттеу тәсілдерін енгізу қажеттігін сезінді [83, б. 70]. Жаңа кезең талаптарына сәйкес, бірқатар беделді ғалымдар хадис ғылымын жаңаша форматта ұсынуға бағытталған маңызды еңбектер жазды. Олардың қатарында:

- **«Қауанд әт-Тахдис»** Жамал ад-Дин бин Мұхаммед Саид әл-Қасими (1866-1914) еңбегі. Бұл еңбекте хадис жеткізу қағидалары жүйеленіп, хадис терминологиясы заманауи түсініктермен үйлестіріліп ұсынылған [83, б. 71].

- **«Мифтах әс-Сунна әу тарих фунун әл-Хадис»** Мұхаммед Абд әл-Азиз әл-Хаулидің (1892 - 1931) еңбегі. Бұл шығарма хадис ғылымының тарихын кешенді түрде талдауға бағытталған алғашқы еңбектердің бірі саналады.

- **«Хадис және хадис ғалымдары»** шейх доктор Мұхаммед Мұхаммед Әбу Зәһудің (1327 - 1403 н.ж.) еңбегі. Бұл кітапта сахабалар мен табиғиндер дәуірінен бастап хадис жинау және зерттеу кезеңіне дейінгі ғалымдардың еңбектері жан-жақты талданған, сондай-ақ,, хадиске қарсы айтылған жалған пікірлерге ғылыми жауаптар берілген .

- **«Хадис ғылымына заманауи көзқарас»** барлық ғылым түрлерінің жинақтаушысы, құрметті ғалым, доктор, шейх Мұхаммед Мұхаммед әс-Самахидің (1907-1984) еңбегі. Бұл шығарма энциклопедиялық сипатқа ие болып, хадис ғылымының негіздерін жүйелі әрі терең түрде талдайды..

Сонымен қатар, хадис ілімін үйренуді жеңілдетуге бағытталған оқу құралдары мен әдістемелік еңбектер жарық көруде. Мұндай еңбектердің бірі – Махмуд әт-Тахханның (1935-2022) **«Тайсир мусталах әл-хадис»**, онда хадис терминологиясы мен әдіснамасы жүйелі түрде баяндалады.

Қазіргі таңда хадис іліміне байланысты қолжазбалар мен дереккөздер заманауи компьютерлік технологиялардың көмегімен зерттеліп, олардың мәтіндік дұрыстығы, риуаят тізбегі мен сенімділігі жоғары дәлдікпен

тексерілуде. Сонымен қатар, оқыту әдістемелеріне негізделген оқу құралдары мен заманауи бағдарламалар хадис ғылымын оқып-үйренуді жеңілдетіп, кең аудиторияға таралуына септігін тигізуде. Хадис ғылымы өзінің дамуында ауызша риуаят кезеңінен жазбаша жүйеге, кейін толыққанды ғылыми пәнге айналу жолынан өтті. Бұл эволюциялық даму – Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (ﷺ) дәуірінен қазіргі заманға дейін үздіксіз жалғасып келе жатқан рухани және ғылыми мұраның көрінісі болып табылады.

Хадис ғылымы – бүгінгі таңда нақты терминологиясы, ережелері, әдіснамасы қалыптасқан, заманауи технологиялармен ұштасқан дербес ғылыми саланың үлгісі. Кез келген адам хадистің сенімділігі туралы толыққанды ғылыми негізде ақпарат ала алады, әрі оны бұрмаланған дереккөздерден ажырата алады. Хадис мәтіндерінің бүгінге дейін таза әрі дәл жетуі – Алла Тағаланың мұсылман үмбетіне берген ұлы нығметі. Бұл Құран Кәрімнің мына аятында айқындалған иләһи уәденің жүзеге асуының дәлелі болып саналады. «Һижра» сүресі, 9-аятта: *«Ақиқатында, Зікірлі (Құранды) Біз түсірдік әрі Біз оны (өзгерту, бұрмалаудан), сөзсіз, сақтаушымыз»*, - делінген [83, б. 72].

Фикһ негіздері (арабша: أصول الفقه) исламдық құқық жүйесіндегі шариғи үкімдерді дәлелдер арқылы шығарудың қағидалары мен әдістемесін зерттейтін теориялық-әдіснамалық ғылым саласы. Бұл ғылым шариғат нормаларын жүйелі әрі қисынды түрде дәлелдерге сүйене отырып негіздеудің жолдарын анықтайды және құқықтық нормаларды шығарудың бірізділігін қамтамасыз етеді [80, б. 70].

Фикһ негіздері ғылымының мәні - шариғи дәлелдерді (Құран, сүннет, ижмағ және қияс) дұрыс тану, оларды қолданудың теориялық әдістерін түсіндіру, сондай-ақ, ижтиһад және истидлал секілді құқықтық-логикалық операциялардың аясында үкім шығаруға қажетті алғышарттарды қамтамасыз ету. Бұл ғылым сондай-ақ, әмір (бұйрық) мен нәһи (тыйым), ғам (жалпы үкімдер) мен хас (жекеше үкімдер), мутлақ (шексіз) пен муқайяд (шектеулі) үкімдер сынды құқықтық ұғымдарды талдай отырып, шариғи мәтіндердің мағынасын терең түсіндіруге жол ашады [80, б. 71–72]. Ғылыми тұрғыдан алғанда, фикһ негіздері төрт негізгі мазмұндық құрамдас бөліктен тұрады:

1) Шариғи дәлелдер жүйесі - Құран мен Сүннеттің құқықтық маңызын, Ижмағ пен Қиястың қолдану шектерін, сондай-ақ, маслаха, истихсан, сәдду-з-зараиғ, шәрият бұрынғы қауымдарға қатысты нормаларды (шарғу мән қаблана), сахаба сөзі, және т.б. дәлелдерді талдау.

2) Үкім шығару әдістері - дәлелдерден үкімді логикалық түрде шығару жолдары, құқықтық аргументация мен дербес ижтиһад әдістері.

3) Шариғи нормалардың болмысы – шариғат үкімдерінің мәні, оларды міндеттеу немесе тыйым салу сипаты, құқықтық және діни мәні.

4) Ижтиһад үдерісі - үкім шығарушы ғалымның (мужтаһид) қасиеттері мен рөлі, қажетті білім, әдіснамалық даярлық, тілдік және логикалық құзыреттері.

Бұл ғылым арқылы шариғи үкімдердің логикалық құрылымы мен жүйелігі қамтамасыз етіледі. Мәселен, бір үкімнің міндетті, мұстахаб, мубах, мәкруһ немесе харам екендігі дәлелдер мен интерпретация ережелеріне сүйене отырып анықталады. Фикһ негіздері дәл осы ережелер мен қағидалар жиынтығы ретінде қызмет етеді. Кейбір ғалымдар фикһ негіздерін «мүкәллафтың (шариғат жауапкершілігі жүктелген тұлғаның) іс-әрекеттеріне қатысты үкімдерді дәлелдер негізінде түсіндіретін ғылым» деп анықтайды [80, б. 74]. Бұл анықтама фикһ негіздерінің нормативтік-құқықтық функциясын айқындай отырып, оның практикалық маңызын да көрсетеді. Сонымен қатар, фикһ негіздері ғылымының тілдік құрылымы да назар аударарлық. Араб тіліндегі «أصول الفقه» (*усул әл-фиқһ*) тіркесі - күрделі қосылмалы (*мурәккәб изәфи*) термин болып табылады. Мұндағы «усул» сөзі негіздер, бастау, принциптер дегенді білдірсе, «фиқһ» сөзі исламдық құқық немесе шариғи түсінік ретінде қарастырылады. Бұл атау «дін негіздері» (*усул әд-дин*) ұғымынан ажыратылып, ислам құқықтануының нақты теориялық бағытын сипаттау үшін арнайы қолданылған.

Фикһ негіздерінің ерекше сипаты - оның шариғи дәлелдердің қайшылықтарын шешу, бір-біріне қарама-қайшы дәлелдерге басымдық беру және оларды нақтылау немесе жалпылау тәрізді күрделі мәселелерге де жауап бере алуы. Мұндай жағдайларда фикһ негіздері ғылымы құқықтық шешім қабылдауға бағытталған талдау жүйесін ұсынады. Осы себепті бұл ғылым мужтаһид ғалымдардың құқықтық танымын қалыптастыруда және үкім шығару дағдыларын дамытуда шешуші рөл атқарады. Фикһ негіздері сонымен қатар шариғи дәлелдерді тану мен оларды құқықтық мәтін ретінде пайдалану мәдениетін қалыптастырады. Бұл тұрғыда аталмыш ғылым ислам құқық ғылымының жалпы әдіснамалық тұғырын нығайтып, құқықтық білім берудің теориялық іргетасын құрайды. Шариғаттың мәңгілік және әмбебап сипатын құқықтық дәлелдемелер арқылы негіздеуде де фикһ негіздері маңызды қызмет атқарады.

Қорыта айтқанда, фикһ негіздері ғылымы исламдық құқық жүйесінің ең маңызды теориялық салаларының бірі болып табылады. Ол тек шариғи үкімдердің шығу тегі мен әдіснамасын жүйелеу ғана емес, сонымен қатар құқықтық пікірталастарды ғылыми-логикалық шеңберде жүргізу мүмкіндігін де қамтамасыз етеді. Мұсылман қоғамында құқықтық сананы қалыптастыруда, әділдік пен заңдылық принциптерін нығайтуда бұл ғылымның орны ерекше.

Ислам құқықтық танымының қалыптасу тарихына көз жүгірткенде, Пайғамбар Мұхаммедтің (ﷺ) дәуірі діни нормаларды түсіндіру мен қолданудағы басты қайнар көз екендігін көреміз. Бұл кезеңде сахабалар шариғи мәселелер бойынша Пайғамбарға (ﷺ) тікелей жүгініп, одан (ﷺ) бағыт-бағдар, түзету және ижтиһади әрекеттеріне қолдау тапты. Пайғамбар (ﷺ) тірі кезінде ислами білім мен құқықтық түсінікке жетік болған кейбір сахабалар фикһ саласының негіздерін терең меңгеріп, үмбеттің сенімді құқықтық көсемдеріне айналды. Осы

себепті Пайғамбар (ﷺ) дүние салғаннан кейін мұсылман үмбеті дін мәселелерінде сол білікті сахабалардың пәтуаларына сүйенді [80, б. 74]. Сахабалар кезеңінде ижтиһад - яғни шариғи дәлелдер негізінде үкім шығару кең таралған әдіске айналды [80, б. 75]. Сахабалар өздерінің білімдерін Құран мен Сүннетке сүйене отырып, діни-әлеуметтік мәселелерге қатысты шешімдер қабылдады, бір-бірінен кеңес алып, ұқсас жағдайларға қияс әдісін қолданды. Бұл кезеңде сахабалардың ішінде пәтуа беруде кең танылған жеті тұлға ерекше көзге түссе, кейбір сахабалар пәтуа беруге сирек жүгінген. Мәселен, Әбу Бәкр әс-Сыддық (р.а) тек санаулы мәселелер бойынша пәтуа берген. сондай-ақ,, бір немесе екі мәселеге ғана қатысты пәтуа берген сахабалар да болған.

Пайғамбар (ﷺ) дәуірінен бастап алғашқы табиғиндер кезеңіне дейін фикһ негіздері (усул әл-фикһ) ресми түрде жүйеленген ғылым саласы ретінде қалыптаса қоймағанымен, бұл білім саласы іс жүзінде сахабалар мен табиғиндердің танымдық тәжірибесінде маңызды орын алды. Араб тілін терең меңгеру, Құран мен Сүннеттің мағыналық құрылымдарын жан-жақты жете түсіну, аяттардың түсу себептері мен Пайғамбар (ﷺ) тарапынан шығарылған үкімдердің тарихи контекстін білу – олардың шариғи дәлелдерден үкім шығаруға деген қабілеттерін арттырды. Аталмыш факторлар сол кезеңде фикһ негіздерін дербес ғылым ретінде жүйелеу қажеттілігін туындатпағанымен, ол шариғи практиканың ажырамас танымдық құрамдас бөлігі ретінде белсенді қолданылды. Фикһ ғылымының қалыптасу үдерісі Ислам дінінің географиялық ауқымының кеңеюімен тығыз байланысты дамып отырды. Табиғиндер кезеңінің соңына таман мұсылман әлемінде құқықтық мәзһабтардың қалыптаса бастауы осы ғылымның дамуындағы маңызды кезеңдердің бірі саналады. Бұл кезеңде пікір алуандығы артты, Ислам дінін жаңа қабылдаған араб емес халықтар шариғи мәселелерді терең түсінуге мұқтаж еді. Араб тілін жетік білмеу және әлсіз хадистердің кең таралуы секілді факторлар мұсылмандардың шариғи үкімдерді дұрыс түсіну қажеттілігін туындатты. Осы жағдай фикһ негіздері (усул әл-фикһ) ғылымының жүйелі пән ретінде қалыптасуына себеп болды. Бұл ғылым һижраның екінші ғасырына, яғни VIII ғасырдың соңы мен IX ғасырдың басына сәйкес келеді.

Фикһ негіздері ғылымының теориялық іргетасын қалаушылардың бірі - Имам әш-Шафиғи (767–820). Оның «әр-Рисәлә» және «әл-Умм» еңбектерінде шариғи дәлелдерді түсіну мен қолдану жолдары жүйеленіп, алғаш рет құқықтық қағидалар қалыпқа түсті. Әш-Шафиғи дәлелдердің қайшылыққа түсу жағдайларындағы әдіснаманы нақтылап, ғылыми жүйеге енгізді. Бұл ғылыми әдістемелер кейіннен фикһ негіздері ғылымының өз алдына дербес салаға айналуына жол ашты. Фикһ негіздері ғылымы әр мәзһаб аясында да дами түсті. Ханафи мәзһабы өкілдерінің еңбектері бұл ғылымның дамуына елеулі үлес қосқан. Әбу Юсуф пен Мұхаммед бин әл-Хасан секілді алғашқы ханафи ғалымдары фикһ қағидаларын түсіндірумен айналысып, ғылыми мәтіндер

жазған. Әбу Зайд әд-Дабуси «Қияс» тақырыбын жан-жақты зерттеп, құқықтық дәлелдеме әдістемесін кеңейтті. Ал Сайф әл-Ислам әл-Баздауи бұл бағытты жалғастырып, фикһ негіздеріне қатысты жүйеленген еңбек қалдырды. Бин әс-Саати «әл-Бадаиғ» еңбегінде ханафи мұрасын біріктіріп, әл-Баздауи мен «әл-Ахкам» қағидаларын синтездеді [80, б. 76]. Аталған еңбектер ханафи мәзһабында фикһ негіздерінің негізгі оқулықтары ретінде кеңінен қолданылды.

Фикһ негіздері ғылымының теориялық жүйесі ортағасырлық мұсылман ойшылдары тарапынан терең талданды. Мысалы, бин Халдун өзінің «Тарих» атты еңбегінде бұл ғылымның алғашқы мұсылман буындары кезінде жүйелі түрде болмағанын атап өтеді. Оның пікірінше, араб тілін жетік меңгеру, сахабалармен тікелей байланыс және хадистердің нақтылығы фикһ негіздері ғылымының қажеттілігін туындатпаған [84 б. 454]. Алайда уақыт өте келе шариғи мәселелердің күрделене түсуі, ижтиһадтың рөлі мен ауқымының артуы бұл ғылымды қалыптастыруды өмірлік қажеттілікке айналдырды. Бин Халдун былай дейді [84, б. 455]: *«Фикһ ғалымдары мен мұжтаһидтер үкімдерді дәлелдерден шығару үшін тұжырымдар мен ережелерге сүйенуге мұқтаж болған. Сондықтан олар оны жеке бір ғылым ретінде жазып, оған «Фикһ негіздері» деп ат қойған.*

Фикһ негіздері ғылымының қалыптасуында үш негізгі қайнар көз ерекше рөл атқарады: Кәләм (дін негіздері), араб тілі және шариғи үкімдерді шығару әдістемесі. Зәркаши мен Ибн әл-Хажибтің пікірінше, бұл ғылым саласы осы үш іргелі пәннің тоғысында дамыған [91, б. 45]. Сонымен қатар, Әбу әл-Бақа әл-Футуһи шариғи дәлелдердің негізін Құран мен Сүннетке сүйенумен байланыстыра отырып, дәлелдер жүйесін ақыл-ой және логикалық пайымдау арқылы негіздеудің маңыздылығын атап өтеді. Бұл тұрғыдан алғанда, усул әл-фикһ Кәләм ғылымынан ерекшеленіп, мәтінді түсіндірудің тілдік, логикалық және әдіснамалық қырларын басымырақ қарастырады. Араб тілінің семантикалық және грамматикалық нормаларын терең меңгеру - шариғи мәтіндерді дұрыс ұғыну мен қолданудың алғышарты ретінде қарастырылады. Осылайша, фикһ негіздері ғылымы ислам құқықтық жүйесінің теориялық негізі ретінде қалыптасып, уақыт өте келе мазмұндық әрі әдістемелік жағынан дамып, әртүрлі мәзһабтар шеңберінде жетілдірілді. Бұл ғылым ислам құқықтануындағы рационалды ойлаудың және дәлелдерді жүйелі қолданудың үлгісі ретінде танылды.

Фикһ қағидалары ғылымы (арабша: علم القواعد الفقهية) ислам құқықтануындағы ең ірі зияткерлік жетістіктердің бірі ретінде бағаланады. Бұл ғылым шариғи нормаларды жүйелеу мен құқықтық ұстанымдарды жинақтаудың әдістемелік үлгісі болып табылады. Фикһ қағидалары - жалпы құқықтық үкімдер мен тұжырымдарды ықшам әрі мағыналы формулалар түрінде білдіретін, қысқа мәтіндерге негізделген, құқықтық ойдың нәтижесі ретінде жинақталған теориялық принциптер жүйесі [92]. Олар шариғат дәлелдері негізінде фикһ

ғұламалары тарапынан ғасырлар бойы қалыптастырылып, құқықтық практиканың түрлі салаларында қолданылып келеді. Бұл қағидалар ислам құқық жүйесінің универсалдылығын, рационалдылығын және дәйектілігін қамтамасыз ететін құрал ретінде қызмет атқарады. Сонымен қатар, олардың шариғи мазмұнына қоса, әділеттілік, ақылға қонымдылық және өмірлік тәжірибемен үйлесімділік сипаты - зайырлы құқықтық жүйелерде де оларды қабылдауға жол ашты. Осы орайда, көптеген фикһ қағидалары қазіргі заманғы заңгерлер тарапынан да құқықтық қағидаттар ретінде танылып, нақты құқықтық нормаларды негіздеуде қолданылады.

Фикһ қағидалары ғылымы фикһ негіздері ғылымымен тығыз байланыста дамығанымен, мазмұндық және құрылымдық жағынан ерекшеленеді. Егер усул әл-фикһ құқықтық үкімдерді шығару үшін қолданылатын дәлелдер мен әдістерге назар аударса, фикһ қағидалары фикһ саласындағы жекелеген үкімдерді жинақтап, оларды жалпы заңнамалық тұжырымдарға біріктіреді [92, б. 1]. Сондықтан фикһ қағидаларын игеру фикһ ғалымның (фақиһтің) білімін тереңдетіп, пәтуа беру әдістемесін жетілдіреді. Ал жалпы қағидаттарға сүйенбей, тек жекелеген фуруғ (тармақтық) мәселелермен шектелу құқықтық қайшылықтарға және үкімдер арасындағы жүйесіздікке әкеп соғуы мүмкін. Фикһ қағидаларының басты ерекшелігі - кең мағыналық қамту аясында қысқа әрі нақты тұжырымдалуы, жаңа әлеуметтік-құқықтық жағдайларға бейімделуге икемділігі, сондай-ақ, өткен мен болашақ оқиғаларға қатысты үкім шығару ісінде бағыт-бағдар ретінде қызмет етуі.

Мұсылман құқық ойшылы аш-Шатиби өзінің «әл-Муафақат» атты әйгілі еңбегінде фикһ қағидаларының шариғаттағы рөлі мен ауқымын былайша сипаттайды: *«Шариғаттың мақсаты - адамдарды жалпы құқықтық қағидаларға бейімдеу... Шариғат әдет-ғұрыптарды негізге алады, бірақ олар толықтай әмбебап емес. Сондықтан, фикһ қағидаларын жалпы қағидаттар ретінде қолдану орынды, алайда оларды абсолютті деп қабылдауға болмайды»* [92, б. 12]. Бұл пікірден фикһ қағидалары жалпы құқықтық бағдар рөлін атқаратыны, бірақ әрбір нақты жағдайда олардың ерекшеліктері ескерілетінін көруге болады. Аш-Шатиби келтірген мысалдардың бірі - балиғатқа жеткен адамның ақыл-есі толды деп есептелуі. Бұл - шариғаттағы негізгі қағидалардың бірі. Алайда нақты өмірде кейбіреулер балиғатқа жетпей-ақ ақыл-есін дамытса, басқалары керісінше - ересек болса да, ақыл-парасаты жеткіліксіз болуы мүмкін. Сол секілді, сапар кезінде оразаны бұзу мен намазды қысқартуға рұқсат беру қағидасы да жалпы ереже ретінде қарастырылады, алайда кейбір сапарлар қиындық тудырмайды. Дегенмен шариғат мұндай сирек жағдайларды негізге алмай, басты қағидаттарды сақтауға басымдық береді. Бұл қағидалар нисаб белгілеу, сот үкімдерін куәгерлікпен бекіту, ахад хадистерін қолдану, қияс тәсіліне жүгіну секілді фикһтық үкімдерді де қамтиды. Осылайша, фикһ

қағидалары тек теориялық емес, нақты құқықтық шешімдер қабылдауда да маңызды орын алады.

Фикһ қағидаларына заманауи анықтама берген ғалымдардың бірі - Мұстафа Ахмад әз-Зарқа (1904–1999). Ол бұл ғылымды *«қысқа мәтіндердегі жалпылама фикһи негіздер, белгілі бір тақырыпқа қатысты оқиғаларға қолданылатын заңнамалық үкімдер жиынтығы»* ретінде сипаттайды [92, б. 12]. Бұл анықтама фикһ қағидаларының табиғатын, олардың формалды құрылымын және құқықтық қолданысын нақты бейнелейді.

Қорытындылай келе, фикһ қағидалары ғылымы исламдық құқық жүйесін жүйелеу мен жеңілдетудің, әрі жекелеген үкімдерден ортақ заңнамалық принциптерді шығару мен ұсынудың тиімді тәсілі ретінде қалыптасқан. Бұл ғылым шариғаттың әмбебаптығын, заңдылыққа негізделген икемділігін және қоғамдағы құқықтық тәртіптің рухани негізін түсіндіруге мүмкіндік береді. Ол мужтаһидтер үшін құқықтық шешім қабылдауда бағдар болумен қатар, заманауи заңгерлер үшін де құқықтық жүйені құрылымдаудың ұтымды құралына айналған. Фикһ қағидалары ислам құқық жүйесіндегі теориялық тұжырымдарды жинақтайтын, қысқа әрі мазмұнды ережелер арқылы құқықтық үкімдерді жүйелеуге мүмкіндік беретін іргелі ғылым саласы ретінде қалыптасты. Бұл ғылымның қағидалары әртүрлі құқықтық қайнар көздерге негізделеді. Олардың бірқатары Құран Кәрімде тікелей мазмұндық тұрғыда көрініс тапқандықтан, мұсылман ғұламалары оларды негізгі құқықтық қағидаттар ретінде қабылдаған. сондай-ақ,, Пайғамбар Мұхаммедтің (ﷺ) сүннетінде бекітілген қағидалар мен сахабалар және табиғиндердің құқықтық тұжырымдары да осы ғылымның қайнар көздеріне жатады. Бұдан өзге, кейбір фикһ қағидалары белгілі бір кезеңдерде ғұламалар тарапынан жүргізілген ижтиһад нәтижесінде қалыптасып, шариғаттың жалпы қағидаттары мен мақсаттарына (мақасид әш-шәриға) сәйкестендірілген [92, б. 35]. Осылайша, фикһ қағидалары шариғаттың әмбебаптығы мен икемділігін бейнелейтін, теориялық және практикалық қолданысқа ие құқықтық құрал ретінде ислам құқығында маңызды орын алады. Олар шариғи үкімдерді жүйелеуге, түрлі құқықтық мәселелерді шешуге және нақты үкімдер арасындағы байланыстарды анықтауға мүмкіндік береді. Фикһ қағидалары мазмұны мен қолданылу ауқымына қарай үш негізгі санатқа бөлінеді:

1) Үлкен қағидалар (әл-каваид әл-кубра) барлық фикһ салаларында қолданыла алатын, кең ауқымды және жалпыға ортақ құқықтық тұжырымдарды қамтитын қағидалар тобы. Олардың ерекшелігі – құқықтық жүйеде мыңдаған тармақтық (фуруғ) мәселелердің осы қағидаларға бағынуы. Осы себепті оларды мужтаһид ғалымдар елеусіз қалдыра алмайды. Мұндай қағидаларды толық түсіну үшін фикһ және усул әл-фикһ салаларында терең білім талап етіледі [92, б. 40]. Мысалы:

- «Зиян келтіруге де, зиянға жауап ретінде зиян тигізуге де болмайды» (араб.: لا ضرر ولا ضرار);

- «Қиындық жеңілдетуді талап етеді» (араб.: المشقة تجلب التيسير);

- «Әдет-ғұрып заңдық негіз ретінде қабылданады» (араб.: العادة محكمة). Бұл қағидалар ислам құқықтануындағы барлық мәзһабтарда мойындалған және құқықтық жүйенің негізгі теориялық тіректері ретінде қарастырылады.

2) Кіші қағидалар (әл-қауаид әс-суғра) үлкен қағидалардан ауқымы тарлау болғанымен, кіші қағидалар да фикһтің түрлі салаларында жиі қолданылады. Олар кейде ірі қағидалардың тармақтары ретінде қарастырылып, нақты мәселелер мен жекелеген құқықтық жағдайларды шешуде қолданылады. Бұл қағидалар құқықтық тұжырымның дәлдігі мен нақтылығын арттырады [92, б. 41]. Мысалы:

- «Кедергі жойылса, бұрын тыйым салынған нәрсе рұқсат етіледі» (араб.: إذا زال المانع عاد الممنوع);

- «Ілесуші ілеседі» (араб.: التابع تابع);

- «Күмән анық нәрсені жоймайды» (араб.: لا يزول الشك باليقين). Бұл қағидалар нақтылы құқықтық шешімдерді қабылдауда, әсіресе, отбасылық құқық, сауда келісімдері және сот тәжірибесі сияқты салаларда ерекше рөл атқарады.

3) Мәзһабтық қағидалар (әл-қауаид әл-мәзһабия) әртүрлі мәзһабтардың өз ішіндегі құқықтық әдіснамасына сәйкес қабылдаған және қолданылатын қағидалар жатады. Олар мәзһабтың хадиске деген көзқарасына, ижтиһад жүргізу тәсілдеріне және дәлелдерді қолдану әдістемесіне байланысты ерекшеленіп отырады. Мысалы:

- Имам Шафиғи мурсәл хадисті дәлел ретінде қабылдамайды;

- Имам Әбу Ханифа белгілі шарттар орындалған жағдайда мурсәл хадисті дәлел ретінде қолдануға рұқсат етеді.

«Фикһ қағидалары энциклопедиясында» бұл мәзһабтық айырмашылықтар келесідей түрде сипатталады: «Басқа мәзһабтың қағидасы қандай да бір пікірталаста келтірілген жағдайда, оның мәзһабтық тиесілігі нақты көрсетілуі тиіс. Бұл қағидалардың араласуын болдырмау, дәлелдерінің сипатын, қолдану аясын және мазмұндық ерекшеліктерін айқындау үшін қажет» [92, б. 48]. Осы қағидалар әр мәзһабтың ішкі құқықтық құрылымын, шешім қабылдау логикасын және құқықтық ойлаудың ерекшеліктерін көрсетеді. Фикһ қағидалары исламның алғашқы кезеңнен бастап бірден жүйеленген түрде пайда болмағанымен, ислам құқық ойының (фикһ) тарихи даму процесінде, әсіресе фикһтың гүлдену дәуірінде, көрнекті мужтаһид ғалымдардың практикалық қажеттіліктерге жауап беретін тұжырымдамалық негіздері мен құқықтық интерпретациялары арқылы біртіндеп жетілдірілді.

Қазіргі таңдағы кеңінен қолданылатын фикһ қағидалары мен құқықтық формулалар - классикалық дәуірдегі көрнекті ғұламалардың талдауы, түсіндірмесі, құқықтық тәжірибе мен теориялық ізденістердің нәтижесінде жүйеленген және мәзһабтық құқықтық мектептердің қалыптасуымен орныққан ғылыми мұра. Фикһ қағидаларының тарихи дамуын шартты түрде үш кезеңге

бөліп қарастыруға болады. Бұл кезеңдер фикһ ғылымының эволюциясын, құқықтық принциптердің пайда болуы мен қалыптасуындағы методологиялық үрдістерді көрсетеді. Олар:

Бірінші кезең қалыптасу және даму кезеңі. Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (ﷺ) дәуірінен бастап III Һижри ғасырға дейінгі аралықты қамтиды. Бұл - ислам құқықтық жүйесінің негізі қаланған, алғашқы қағидалық тұжырымдардың пайда болған тарихи кезеңі [92, б. 48]. Бұл кезең ислам құқықтық жүйесінің негізі қаланған тарихи уақыт болып саналады. Ол Пайғамбар Мұхаммедтің (ﷺ) дәуірінен басталып, сахабалар мен табиғиндер кезеңі арқылы мәзһабтық құқық мектептерінің пайда болуына дейінгі уақытты қамтиды. Бұл дәуірде фикһ қағидалары нақты терминологиялық формада жүйеленбегенімен, мазмұндық тұрғыдан олар Пайғамбардың (ﷺ) хадистері арқылы көрініс тапқан. Пайғамбарға (ﷺ) тән болған «жәуәмиул-кәлим» – қысқа сөздер арқылы терең мағына беру қабілеті – құқықтық нормалардың негіздерін жеткізу үшін ерекше мәнге ие болды. Мұндай хадистер кейіннен фикһ қағидаларына айналды. Мысалы:

- «Табыстың жауапкершілікпен қатар жүруі» (арабша: *الخراج بالضمان*) – бұл қағида табыс пен шығынның арасындағы құқықтық байланысты сипаттайды.

- «Малдың (жануардың) келтірген жарақаты үшін өтемақы төленбейді» (арабша: *العجماء جرحها جبار*) – бұл ереже жануардың кездейсоқ әрекеті үшін меншік иесіне жауапкершілік жүктелмейтінін білдіреді.

Бұл қағидалар Пайғамбар (ﷺ) дәуірінен кейін сахабалар мен табиғиндер дәуірінде дамытылып, нақты құқықтық нормаларға айнала бастады. Сахабалар Пайғамбардан (ﷺ) алған білім негізінде ижтиһад жасап, құқықтық мәселелерге қатысты пәтуалар шығарды. Табиғиндер бұл мұраны жалғастырып, құқықтық мәселелерді жүйелеп, тәжірибеге енгізді [92, б. 48]. Хадис мәтіндерін түсіндірушілердің бірі – әл-Хаттаби (1010 ж.ж.) өзінің «Маалим әс-Сунан» кітабында нақты фикһ қағидаларын талдап түсіндірді [92, б. 49]. Оның еңбегінде келесідей қағидалар келтірілген:

- «Күдік анық дәлелденген нәрсені жоққа шығара алмайды»;

- «Кез келген тыйым салынған нәрсеге апаратын себеп те тыйым салынады».

Бұл кезеңнің ерекшелігі – фикһ қағидалары жүйеленбеген күйде болса да, олардың практикалық қолданысы мен мазмұны ислам құқығының барлық салаларында кең таралып, ғұламалар тарапынан белсенді түрде қолданылды. Осы кезеңнің соңына қарай, фикһ қағидалары біртіндеп дербес ғылым саласы ретінде қалыптасты. Алғашқы жинақтар мен жүйелеулер мәзһаб ғалымдары тарапынан жүргізіліп, бұл құқықтық қағидалар теориялық деңгейде бекітілді және фикһ ілімінің бір тармағы ретінде институцияланды. Бұл үрдіс фикһтың жүйелілігін арттырып, құқықтық нормаларды мазмұндық әрі логикалық тұрғыдан негіздеуге мүмкіндік берді [92, б. 49].

Екінші кезең жүйелеу және кодификация кезеңі (X–XVII ғғ.) Фикһ қағидалары ғылымының даму тарихында X–XVII ғасырлар аралығы ерекше маңызға ие. Бұл дәуір ислам құқықтық ойының жетілуімен және теориялық құрылымының толық қалыптасуымен сипатталады. Дәл осы кезеңде фикһ қағидалары жинақталып, жүйеленіп, мазмұны жағынан нақты ғылыми пән ретінде ресімделді. Әрі құқық ғылымында фикһ қағидаларының дербес сала ретінде бөлініп шығуымен, олардың теориялық негіздерінің бекітілуімен және жазба түрінде кодификациялануымен сипатталады [92, б. 51]. Аталған кезеңде фикһ қағидалары тек құқықтық пәтуаларда қолданылатын көмекші құрал ғана емес, құқық жүйесінің тұтас бір теориялық негізі ретінде қарастырыла бастады. Ерте кодификация жұмыстары бұл дәуірдің бастауында тұрған алғашқы еңбектер фикһи мәзһабтардың ішінде құқықтық нормаларды жүйелеуге деген қажеттілікке жауап ретінде пайда болды. Атап айтқанда:

- **Имам ад-Даббас** (IX–X ғғ.) ханафи мәзһабындағы құқықтық тәжірибені жалпылап, алғаш рет 17 негізгі фикһ қағидасын жинақтады. Бұл алғашқы систематизация ислам құқықтық ойының терең теориялық деңгейге көтерілуінің бастамасы болды.

- **Әл-Кархи** (962 ж. қ.) осы 17 қағиданы кеңейтіп, 37 қағиданы қамтыған әйгілі трактатын жазды. Оның жұмысы фикһ қағидаларының логикалық әрі қолданбалы құрылымын қалыптастыруға айтарлықтай үлес қосты.

- **Әл-Хушани** (983 ж. қ.) малики мәзһабы аясында «Усул әл-Футия» (Пәтуаның негіздері) атты еңбегінде мәзһаб ішіндегі құқықтық шешім қабылдаудың принциптерін жүйелеп берді. Бұл еңбек фикһ қағидаларының мәзһабаралық ерекшеліктерін түсінуге мүмкіндік беретін маңызды қайнар көз болып табылады.

- **Имам әд-Дабуси** (1052 ж. қ.) өзінің «Тәсис ан-Назар» (Көзқарасты негіздеу) атты еңбегі арқылы фикһ қағидаларының рационалдық негіздерін талдады. Ол фикһ ғылымының логикалық құрылымын дамытты және мәзһабтық тұжырымдардың негіздемелік қабілетін арттырды.

- **Ас-Самарқанди** (1360 ж. қ.) «Идхак әл-Кауаид» (Қағидаларды түсіндіру) атты еңбегінде фикһ қағидаларын практикалық мысалдармен байланыстырып, олардың қолданыс аясына назар аударды. Бұл еңбек құқықтық нормаларды нақты жағдайларда қолданудың үлгісін көрсетті.

XIV ғасыр - фикһ қағидалары ғылымының «алтын ғасыры» деп есептеледі. Бұл кезеңде фикһ қағидаларына ерекше назар аударылып, ірі көлемді энциклопедиялық еңбектер дүниеге келді. Мәзһабаралық тұрғыда ғылыми ізденіс күшейіп, қағидаларды теориялық негізде қарастыру дәстүрі нығая түсті [92, б. 52]. Бұл дәуірдің ірі еңбектеріне мыналар жатады:

- **Мұхаммед бин Омар бин Маки әл-Шафиғи** «Әшбәһ уән-Нәзәир» атты еңбегі арқылы шафиғи мәзһабының негізінде құқықтық қағидаларды талдап, ұқсас жағдайларды салыстырмалы түрде жүйелеу тәсілін ұсынды.

- **Мұхаммед бин Мұхаммед әл-Мақри** (1378 ж. қ.) «Әл-Кауаид» еңбегінде фикһ қағидаларын мазмұндық, логикалық және терминологиялық тұрғыдан дамытты. Бұл еңбекте теория мен практика арасы тығыз байланыстырылған.

- **Бадруддин әз-Зәркаший** (1414 ж. қ.) «Әл-Мансур фи әл-Кауаид» атты еңбегінде құқықтық қағидаларды хронологиялық және мазмұндық тұрғыда жіктеп, қолдану аясына қарай саралады. Ол қағидалар арасындағы ішкі логикалық байланыстарға ерекше көңіл бөлді.

XV–XVII ғасырлар фикһ қағидаларын жүйелеу мен стандарттау тұрғысынан жемісті кезең саналады [92, б. 53]. Бұл дәуірде көрнекті фақихтер құқықтық қағидаларды жаңадан қалыптастырып, бұрынғы жинақтарды толықтырып, оларды құқықтық оқыту мен фәтуа беру саласында негізгі құрал ретінде бекітті. Белгілі фикһ ғұламалары аталған ғылымды оқыту мен пәтуа шығаруда негізгі әдістемелік тірек ретінде пайдалануға бет бұрды:

- **бин әл-Мүлкән** қағидалардың мазмұнын ұқыпты жүйелеп, оларды ханафи мәзһабы шеңберінде практикалық қолдану әдістерін ұсынды.

- **Тажуддин әс-Субки** қағидаларды өзара салыстыра отырып, әртүрлі мәзһабтық интерпретациялардың логикалық құрылымын түсіндіруге ерекше көңіл бөлді.

- **Жалалуддин әс-Суюти** қағидалардың тілдік, логикалық және фикһтық негіздерін жан-жақты зерттеп, оларды қолдану шарттары мен шекараларын нақтылады. Оның еңбектері ислам құқық ғылымының педагогикалық тұрғыдан жетілуіне септігін тигізді.

Осы кезеңдегі фикһ қағидалары ғылымының дамуы ислам құқық теориясының терең және жан-жақты қалыптасуына негіз болды. Фикһ қағидалары тек құқықтық нормаларды түсіндірудің құралы ретінде ғана емес, сонымен қатар құқықтық ойлаудың методологиялық негізіне айналды. Олар пәтуа берудегі бірізділікті қамтамасыз етіп, құқықтық шешімдердің қисындылығы мен әділеттілігін бекітті. Бұл кодификацияланған құқықтық жүйелердің теориялық өзегін құрауға мүмкіндік берді және қазіргі ислам құқықтануындағы академиялық дискурстың негізіне айналды.


Үшінші кезең фикһ қағидаларының нығаю және үйлестіру кезеңі (XVII ғ. – қазіргі заман) XVII ғасырдан бастап қазіргі уақытқа дейінгі кезең фикһ қағидалары ғылымының институционалдық тұрғыдан толық қалыптасып, құқықтық жүйелерде нақты әрі кең көлемде қолданылуымен сипатталады. Бұл дәуірде фикһ қағидалары тек теориялық-академиялық ортада ғана емес, сонымен қатар практикалық-құқықтық нормалар жүйесінде де қолданылатын маңызды құқықтық құралға айналды [92, б. 55]. Осы кезеңнің маңызды жетістіктерінің бірі – құқықтық жүйені ислам құқығы негізінде жүйелеуге бағытталған ресми мемлекетаралық кодекстердің пайда болуы. Фикһ қағидалары ғылымының ең ірі жетістіктерінің бірі ретінде «Мәжәллә әл-Ахкәм әл-Адлия» (المدونة الأحكام العدلية), қысқаша - «Мәжәллә») аталады. Бұл – Осман империясының XIX ғасырдағы

құқықтық реформалары аясында жасалған құқық жинағы. Мәжәллә – ислам құқығы негізінде дайындалған алғашқы заңнамалық кодекстердің бірі болып саналады және ол 1851 баптан тұратын 16 кітапқа бөлінді. Мәжәллә ханафи мәзһабының фикһ қағидаларын негізге ала отырып жасалды және ұзақ уақыт бойы Осман мемлекетінің сот жүйесінде негізгі құқықтық құжат ретінде қолданылды [92, б. 56].

XX ғасырдан бастап фикһ қағидаларына деген қызығушылық қайта жанданып, ғылыми қауымдастық бұл салада ауқымды зерттеу жобаларын іске қосты. Соның ішінде ерекше атап өтуге болатын жоба – Мұхаммед Сидқи әл-Бурнудың көптомдық еңбегі. Оның «Фикһ қағидалары энциклопедиясы» (арабша: *Маусу‘ат әл-қауә‘ид әл-фикһийя*) – фикһ қағидаларына арналған ең ірі жинақтардың бірі. Энциклопедияда 4192 фикһ қағидасы жүйеленіп берілген және ол 13 томнан тұрады. Бұл еңбек ислам құқығы саласындағы терминологиялық, мазмұндық және концептуалдық жіктемелердің кең ауқымын қамтиды және қазіргі ислам құқықтану ғылымындағы ең беделді академиялық дереккөздердің бірі болып есептеледі.

XXI ғасырда Ислам Ынтымақтастық Ұйымына қарасты халықаралық ғылыми-зерттеу институттары фикһ қағидаларын сегіз мәзһаб аясында жүйелеуге бағытталған ірі масштабтағы жобаларды жүзеге асыруда [92, б. 59]. Бұл жобаларда мәзһабаралық құқықтық мұраларды салыстырмалы түрде зерттеу, фикһ қағидаларын қазіргі заманғы құқықтық жүйелермен үйлестіру және заңнама процесінде оларды пайдалану жолдары қарастырылады. Осы кезеңдегі зерттеулер мен заңнамалық тәжірибелер фикһ қағидалары ғылымын теориялық құқықтану, шариғат нормаларын құқықтық жүйеде қолдану, сондай-ақ, құқықтық білім беру саласында негізгі компонентке айналдырды. Нығая мен үйлестіру кезеңінде фикһ қағидалары біржола жүйеленіп, ғылыми және практикалық қолданыста тұрақты орын алды. Бұл қағидалар шариғаттың ішкі логикасын көрсететін, құқықтық нормалардың мән-маңызын анықтайтын, құқықтық пәтуалардың мазмұнын негіздейтін басты әдіснамалық құрал ретінде орнықты.

Қазіргі таңда фикһ қағидалары – ислам құқықтануындағы концептуалдық тұғырнамалардың бірі ретінде, құқықтық ойлау мәдениетін, шешім қабылдау этикасын және құқықтық жүйенің тұрақтылығын қамтамасыз ететін негізгі ғылыми негіздердің бірі болып саналады. Осылайша, исламдық білім беру жүйесінің қалыптасуы мен тарихи дамуын талдау негізінде исламдық білім беру траекториясының моделі әзірленді (1.3-сурет).



Сурет 1.3 - Исламдық білім беру траектория моделі

Ескерту: Әдебиет негізінде құралған [97]

Ұсынылып отырған модель исламдық білім беру жүйесінің тарихи-эволюциялық дамуын сипаттай отырып, оның қазіргі Қазақстан жағдайында жүзеге асырылу ерекшеліктерін айқындайды

1.3 Орталық Азия мен қазақ өлкесіндегі ғұламалар мұрасы мен медреселердің әлеуметтік рөлі

Зерттеу нәтижелері ортағасырлық кезеңде Орталық Азия мен қазақ даласында ислам білімінің негізгі салалары — араб тілі мен әдебиеті, Құран тәпсірі, хадис ілімі, ислам құқықтануы (фиqh), тарих, философия және этика бойынша көрнекті ғалымдар мен ойшылдардың қалыптасқанын көрсетті. Бұл ғалымдар Саманилер, Қарахан әулеті, Шағатай ұлысы және Алтын Орда кезеңінде өмір сүріп, өз заманының зияткерлік кеңістігінде маңызды рөл атқарды [98-99]. Зерттеу барысында Орталық Азия мен қазақ даласынан шыққан ғалымдардың ғылыми еңбектерінің ислам өркениетінің дамуына, құқықтық және діни жүйелердің жетілуіне қосқан үлесі кеңінен талданды. Бүгінгі таңда бұл

еңбектер ислам ойлау жүйесі мен білім беру тарихын зерттеуде ерекше ғылыми қызығушылық тудырып отыр. Ғұламалардың еңбек еткен ғылыми бағыттарын талдау арқылы олардың ғылыми мұраларын қазіргі білім беру жүйесінің тарихи негіздерімен сабақтастыра зерделеуге және мәдениетке тигізген әсерін бағалауға мүмкіндік береді. Мұндай тәсіл ислами білім берудің құрылымдық күрделілігі мен тақырыптық әртүрлілігін ашып көрсетуге жол ашады.

Ислам ғылымының өркендеуіне Орта Азиялық ғалымдар да зор үлес қосты. Бұхара, Самарқанд, Қашқар сияқты ірі қалалар түркі-ислам өркениетінің ғылыми және білім беру орталықтарына айналды. Бұл қалаларда жазылған араб және парсы тіліндегі трактаттар түрік тіліне аударылып, кеңінен қолданылды. Сонымен қатар, түркі ғалымдары өз еңбектерін исламдық медреселерде оқыту мақсатында араб және парсы тілдерінде жазды [109]. Бұл жағдай түркі халықтарының ислам өркениетімен терең интеграцияланғанын, білім алмасу мен зияткерлік ықпалдастық процестеріне толыққанды қатысқанын айқын көрсетеді.

Араб тілі мен әдебиеті саласындағы көрнекті ғалымдар ортағасырлық кезеңде араб тілі мен әдебиетінің дамуына елеулі үлес қосқан Орталық Азияға қатысты ғалымдардың рөлі ерекше болды. Бұл ғалымдар тек тілтанымдық және әдеби шығармаларымен ғана емес, сондай-ақ, логика, риторика және ислам ғылымдарының методологиясы бойынша қалдырған еңбектерімен де ерекшеленеді. Олардың мұрасы қазіргі арабистика мен исламтану ғылымының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

- **Әбу Наср әл-Жауһари әл-Фараби (X)** Әбу Наср Исмайыл бин Хамад әл-Жауһари (940–1002) – түркі текті араб лексикографы, араб тілі сөздігінің негізін қалаушылардың бірі. Оның *«әс-Сихах»* атты еңбегі араб лексикографиясында жүйелі сөздік құрастырудың алғашқы әрі толыққанды үлгілерінің бірі саналады. Ғалым әрбір сөзді фонетикалық тұрғыдан реттеп, мағыналық өрістер бойынша тізбектеген. Бұл сөздік кейінгі *«Лисан әл-араб»*, *«Таж әл-арус»* сияқты іргелі еңбектердің негізіне айналды [110, б. 129].

- **Әбу әл-Уафа әл-Ахсикиси (XII)** Әбу әл-Уафа Мұхаммед бин әл-Қасым әл-Ахсикиси – XII ғасырда өмір сүрген тілші-ғалым. Оның зерттеу нысаны ретінде грамматикалық нормалар мен стилистикалық құрылымдарды атауға болады. Ол араб тілінің диалектілік әр алуандығын түсіндіруге тырысты және әдеби норманы бекіту жолында еңбек етті [110, б. 130].

- **Әбу Рашид Ахмад әл-Ахсикиси (XII)** Әбу Рашид Ахмад бин Мұхаммед – тілтанушы әрі әдебиетші, бірқатар тарихи еңбектердің авторы. *«Тарихи Әбу Рашид»* және *«Тарихи Фарғана»* еңбектерінде тарихи оқиғалар мен тұлғалар көркем әдеби тілмен сипатталған. Бұл шығармалар сол дәуірдегі әдеби стилистикалық тәсілдерді меңгерудің жарқын үлгісі ретінде бағаланады [110, б. 130].

- **Әбу әл-Фатһ Ахмад әл-Шаши (ХІІ)** ортағасырдағы атақты ақын әрі әдебиетші Әбу әл-Фатһ Ахмад әл-Шаши өз поэзиясы арқылы әдеби тілдің көркемдік-поэтикалық мүмкіндіктерін кеңейтуге үлес қосты. Оның шығармашылығының ерекшелігі - метафоралық бейнелеу, әлеуметтік шындықты поэзиялық тәсілмен жеткізу [110, б. 131].

- **Әтира әд-Дин әл-Хазийи (ХІІ)** Әл-Хазийи – әскери және саяси тақырыптарға арналған поэзиясымен танылған ақын. Оның шығармаларында әскери жорықтар, сұлтандардың ерлігі мен тарихи оқиғалардың көркем сипаттамасы кеңінен көрініс табады. Поэтикалық туындылары араб поэзиясындағы қоғамдық оқиғаларға реакция білдіру дәстүрінің дамуына ықпал етті [110, б. 131].

- **Сирадж ад-дин ас-Саккаки әл-Хорезми (ХІІ- ХІІІ)** Саккаки (1160–1229) Хорезмде дүниеге келген, логика, риторика, тіл білімі салаларында еңбек еткен көрнекті ғалым. Ол шейх әл-Ислам Садид әл-Хаййати мен Алаад-дин әл-Маруазиден білім алған. Шағатай ханның сарайында қызмет атқарғанымен, кейін қамауға алынып, сол жерде дүниеден өткен. Оның *«Мифтах әл-улум»* атты шығармасы ислам ғылымдарын жүйелеу мен олардың методологиялық негізін түсіндіруге арналған энциклопедиялық еңбек ретінде бағаланады. Бұл еңбекте тіл білімінің морфология, синтаксис, мән-мағына және байан (баяндау) салалары жүйелі түрде қарастырылады. Кейін бұл туындыға әл-Қазуини (*«Талхис әл-Мифтах»*) және ат-Тафтазани (*«Мухтасар әл-маани»*) сынды көрнекті риторлар тарапынан түсіндірмелер жазылды. Ас-Саккакидің шәкірттері ішінде Мухтар бин Махмуд аз-Захиди кең танымал болды [111, б. 63].

- **Саад ад-Дин ат-Тафтазани (1390 ж.ж.)** Саад ад-дин Масғуд бин Умар ат-Тафтазани - ХІV ғасырдағы әмбебап ислам ғалымы. Калам, логика, риторика және тіл білімі салаларында аса көрнекті еңбек қалдырды. Ол шафиғи ғұламалары Иззуддин әл-Ижи және Қутбуддин ар-Разиден ілім алған. Хорезм мен Алтын Ордада білім таратқан соң, Әмір Темірдің шақыруымен Самарқандқа келген. Оның басты шығармалары: *«ат-Талуих»* (усул және калам мәселелеріне арналған), *«Шарх Ақайд ән-Насафийа»* (сенім негіздерінің түсіндірмесі), *«әл-Мутаууал»*, *«Мухтасар әл-Мутаууал»* (риторика және мәнерлеу ғылымдарына арналған), *«Тахзиб әл-Мантиқ уә әл-Калам»* және *«Шарх ар-Рисала аш-Шамсийа»* (логикаға арналған). Ол Әмір Темір дәуірінде Самарқанда жергілікті медреселерде дәріс берді. Тафтазани еңбектері ислам дүниесінің түрлі аймақтарында ғасырлар бойы оқытылып, ғылымның дамуына ықпал етіп келеді. Оның шәкірттері арасында Алаад-дин әл-Бұхари, ар-Руми, ас-Сайрами және Лутфаллах ас-Самарқанди сынды ғұламалар бар.

Аталған ғалымдардың ғылыми мұрасы араб тілі мен әдебиетінің, сондай-ақ, логика мен риториканың теориялық негіздерін дамытуда маңызды орын алды. Бұл ғалымдар ислам өркениетінің іргелі ғылымдарын тек дамытып қана қоймай, оларды кең аймақтарға таратты. Әсіресе Хорасан, Мауараун-наһр, Хорезм,

Самарқанд және Бұхара секілді мәдени орталықтарда олардың еңбектері исламдық білім беру жүйесінің негізіне айналды.

Құран ілімдері саласындағы көрнекті ғалымдар Орталық Азия мен қазақ даласынан шыққан көрнекті ислам ғұламалары Құран ілімінің қалыптасуы мен дамуына айрықша үлес қосты. VIII–XII ғасырлар аралығында бұл өңір исламдық өркениеттің жетекші зияткерлік орталықтарының біріне айналып, Құранға қатысты іргелі мәселелерді зерттеген муфассирлердің ғылыми қызметі қарқынды дамыды. Олардың еңбектерінде Құран мәтінін түсіндіру барысында діни мазмұнмен қатар тілдік, тарихи, құқықтық және философиялық әдістер ұштастырылып, Құран ілімінің жүйелі ғылыми негіздері қаланды.

- **Әбу Бакр Мұхаммед әт-Тарази (X)** Әбу Бакр Мұхаммед бин Ахмад бин Осман әт-Тарази (995 ж.қ.) – Құран ілімдерімен қатар хадис ғылымында да танымал болған. Ол әртүрлі мұхаддистерден, соның ішінде бин Махжәд пен Ахмад бин Әбу Бакр Зейтуни сынды әйгілі ғалымдардан білім алған. Оның тәпсір іліміндегі еңбектері ислам экзегетикасының дамуына айтарлықтай үлес қосты [110, б. 132].

- **Әбу Бакр Мұхаммед аш-Шаши (X)** Әбу Бакр Мұхаммед бин Әли аш-Шаши (904–976) – X ғасырдағы беделді тәпсірші әрі құқықшы. Ол тіл мен әдебиеттен бөлек, тәпсір ілімін терең меңгеріп, *«Тәпсір әл-Кәбир»* атты көлемді түсіндірме еңбекті дүниеге әкелді. Бұл шығармасында Құран аяттарын мазмұндық, лингвистикалық және құқықтық тұрғыдан жіктеп, әртүрлі мәзһаб өкілдерінің пікірлерін салыстырмалы түрде ұсынды. Оның ұстаздарының қатарында имам Әбу Бакр бин Хузайма, Мұхаммед бин Жәрир ат-Табари және Әбу Қасым әл-Бұғауи сияқты ірі хадисші әрі муфассирлер болған [110, б. 128].

- **Исмаил әл-Шаши (1110 ж.қ.)** Исмаил бин Әбу Зияд әл-Шаши XII ғасырда өмір сүрген және тәпсір саласына елеулі үлес қосқан ғалым. Ол Әбу Әли Ахмед бин Мұхаммед әл-Һамазани (Әбу әл-Шейх) сынды көрнекті муфассирмен бірлесіп жазған тәпсірлік еңбектері арқылы танымал. Бұл шығармалар Құран мәтінінің терең мағыналық құрылымын ашуда және аяттар арасындағы ішкі байланыстарды түсіндіруде маңызды үлгі болып табылады [110, б. 133].

- **Мұхаммед әл-Касани (1160 ж.қ.)** Мұхаммед бин Якуб әл-Касани – тәпсірмен қатар, Құран оқылымы (қырағат) және діни ғылымдардың басқа да салаларымен айналысқан. Ол Құран оқу дәстүрінің теориялық және практикалық қырларын жүйелеп, исламдық білім беру процесінде елеулі мұра қалдырған [110, б. 133].

- **Зайнад-дин Ахмад әл-Аттаби (1190 ж.қ.)** Зайнад-дин Әбу Наср Ахмад әл-Аттаби – XII ғасырдағы Бұқарадағы атақты ханафи ғалымы. Ол фикһ және тәпсір салаларында бірдей беделге ие болған. Оның *«Тафсир әл-Құран»* атты еңбегі – Құран аяттарын мазмұндық, құқықтық және стилистикалық тұрғыдан талдаған классикалық туынды. Сонымен қатар, *«Шарх әз-Зиядат»*, *«Шарх әл-Жами әл-Кабир»*, *«Шарх әл-Жами ас-Сағир»*, *«әл-Фатауа әл-Аттабия»* сияқты

еңбектерінде фикһ пен тәпсір арасындағы байланыс көрініс табады. Ол Шамс әл-Аимма әл-Кердери мен Хафиз ад-дин әл-Бұхари сынды атақты шәкірттер тәрбиелеген [111, б. 55].

- **Акмал ад-дин әл-Бабарти ар-Руми (1384 ж.қ.)** Акмал ад-дин әл-Бабарти – XIV ғасырдағы ислам ғылымының әмбебап ғалымы. Ол фикһ, усул, риторика, калам және тәпсір салаларын бірдей меңгерген. Оның *«Хашия ала әл-Кашишаф»* атты еңбегі Замахшари тәпсіріне жазылған терең түсіндірме болып табылады. Сонымен қатар, *«әл-Инайа фи Шарх әл-Хидая»*, *«Шарх ат-Талхис»*, *«әл-Анвар фи Шарх әл-Манар»*, *«Тухфат әл-Абрар»*, *«Шарх Тажрид ат-Туси»* секілді еңбектері арқылы ислам білімінің түрлі салаларына үлес қосқан. Ол Саййид аш-Шариф әл-Журжани, Шамсад-дин әл-Фанари сынды танымал шәкірттер тәрбиелеген. Әл-Бабартидің тәпсірлік мұрасы мәтінмәндік (контекстуалдық) және құқықтық әдістерді ұштастыруымен ерекшеленеді.

Құран ілімдері саласындағы жоғарыда аталған ғалымдардың мұралары – тек діни емес, сонымен қатар философиялық, лингвистикалық және құқықтық танымның қайнар көзі ретінде бүгінгі күнге дейін маңызын жойған жоқ.

Хадис ілімі саласындағы көрнекті ғалымдар ортағасырларда мұсылман әлемінде хадис ілімі жүйелі түрде дамып, оның методологиясы мен сақталу дәстүрі қалыптасты. Бұл салада Орталық Азиядан шыққан ғалымдар елеулі рөл атқарған. Олар риуаят пен дәрәя жолдарын жетік меңгеріп, мұхаддистік мектептердің дамуына үлес қосты.

- **Әбу Қасым әл-Фарғани (973 ж.қ.)** Әбу Қасым әл-Музаффар бин Хажиб бин Иркин әл-Фарғани (X) – хадис ілімінде танымал болған, көптеген әйгілі иснад иелерінен білім алған. Оның ұстаздары қатарында Әбу Әли Исмаил әт-Димашқи, Әбу Яғлә әл-Масули және Мұхаммед бин Йазид бин Абдуссамад сияқты беделді хадисші ғалымдар бар. Ол жинақтаған хадистер мен риуаяттар ислам әлемінде кең таралып, кейінгі ғалымдардың еңбектеріне сілтеме ретінде енген. Әбу Қасымның қызметі хадисті сенімді жолмен жеткізу мәдениетін орнықтыруда маңызды болған [110, б. 135].

- **Әбу Хамид әл-Мутауғи (XII)** Әбу Хамид Ахмад бин Хамза әл-Мутауғи (1131 ж.қ.) – Самарқандта өмір сүрген хадис жеткізуші. Ол алғашқы риуаяттарын әкесі Хамзадан алып, кейін өз шәкірті Умар бин Мұхаммед ән-Насафиге жеткізген. Ғалымның мұрагерлік арқылы хадисті беру тәжірибесі дәстүрлі ижаза жүйесінің айқын көрінісі болып табылады. Оның жеткізген риуаяттары кейінгі мәтіндік анализдерде де қолданылған [110, б. 135].

- **Әбу Саад Самаани (1113–1166)** Әбу Саад Абдулкарим бин Мұхаммед ас-Самаани – Мерв қаласынан шыққан, шежіре, хадис және тарих ілімдерін біріктіре зерттеген энциклопедист ғалым. Оның *«әл-Ансаб»* атты көлемді биографиялық жинағы хадис жеткізушілер мен олардың ғылыми тізбектерін жүйелеуде таптырмас дереккөз болып табылады. Самаани өз заманының көптеген

мұхаддистерінен хадис үйреніп, Ирак, Хорасан, Хижаз және Шам өлкелерінде білім алып, хадис тарату ісімен кең айналысқан.

- **Жамал ад-дин әл-Касани (XIII)** Жамал ад-дин Мұхаммед бин Мұхаммед әл-Касани – XIII ғасырда өмір сүрген Орталық Азия ғалымы, хадис пен фикһты қатар меңгерген. Ол Бұхара мен Самарқанд медреселерінде хадис ілімін оқытып, көптеген шәкірт тәрбиелеген. Оның шәкірттерінің еңбектерінде Жамал ад-диннің хадиске деген ерекше назар аударғаны, әсіресе сахих және заһип хадистерді жіктеудегі әдіснамасы атап өтіледі. Ол Муатта мен Сахих хадис жинақтарына түсіндірме жазумен айналысқан.

- **Әбу Бакр Ахмад бин Мұхаммед әл-Баззар (905 ж.ж.)** Әбу Бакр әл-Баззар – түркінің Хузистан аймағынан шыққан, әйгілі хадис жинаушы және мухаддис. Ол «*әл-Муснад*» атты хадис жинағын құрастырған. Бұл жинақта пайғамбар хадистері иснадтарымен бірге беріліп, риуаят етушілердің жағдайы сипатталған. Әл-Баззар өз еңбектерінде сирек кездесетін хадистер мен олардың иснад жолдарын нақтылап көрсетіп, кейінгі мухаддистерге талдау үшін құнды материалдар ұсынған. Оның хадисті сынау әдістемесі, әсіресе риуаялдардың сенімділігіне қоятын талаптары, ғылымда жоғары бағаланады.

- **Әш-Шейх ар-Рашид (X)** Әбу әл-Аббас Мұхаммед бин Хасан бин Аббас бин Мұхаммед бин Әли бин Харун әш-Шейх ар-Рашид бин Мұхаммед әл-Махди бин Әбу Жафар әл-Мансур (985 ж.ж.) - Орталық Азияда хадис ілімімен айналысқан, білім жолында кең аймақты аралап, Түркістан өңірінде діни қызмет еткен көрнекті ислам ғалымы. Ол Самарқанд және Бұхара қалаларында хадис ілімін үйреніп, сол дәуірдің жетекші діни орталықтарында терең діни білім алған. Ғұламаның Түркістанға қоныс аударуы - исламдық ілімді аймақтарға тарату жолындағы маңызды қадам болды. Ол сол жерде өмірінің соңына дейін тұрақтап, ілім таратып, исламның құқықтық және рухани негіздерін насихаттаумен айналысты [110, б. 147].

Жоғарыда аталған хадис ғалымдары ислам ғылымындағы риуаят дәстүрін сақтап қана қоймай, оны ғылыми-методологиялық негізде жүйелеуге және оқытуға зор үлес қосты. Олардың қызметі арқылы Орталық Азия өңірі ислам әлеміндегі сенімді хадис жеткізуші аймақтардың біріне айналды. Бұл мұра қазіргі хадистану ғылымы үшін де маңызды дереккөз болып табылады.

Калам іліміндегі түркі текті көрнекті ғалымдар ортағасырлық ислам ғылымының дамуында калам – сенім негіздерін дәлелдеу мен қорғауға арналған рационалистік ілім ретінде ерекше маңызға ие болды. Бұл салада түркі-мұсылман ойшылдары ірі теолог ретінде қалыптасып, ханафи-матуриди сенім жүйесінің іргесін бекітіп, оны ислам әлемінің түрлі аймақтарына кеңінен таратты.

- **Әлауддин Әбу Бакр әл-Исбижаби әл-Самарқанди (1062–1141)** Шейх әл-Ислам лауазымын атқарған Әбу Бакр Али бин Мұхаммед әл-Исбижаби – ханафи мәзһабының беделді фақиһы және калам ілімінің өкілі. Ол 1062 жылы Исфиджабта дүниеге келіп, алғашқы білімін туған жерінде алған. Қарахан

әулетінің шет аймақтардан діни кадрлар тарту саясаты аясында Самарқандқа шақырылып, ел астанасындағы беделді діни қызметке тағайындалған. Ғалымның «Шарх Мухтасар ат-Тахауи» атты еңбегі ханафи-матуриди құқықтық-теологиялық дәстүрін жүйелеуде маңызды рөл атқарды. Бұл түсіндірме арқылы ол Абу Жағфар ат-Тахауидің сенім мен құқық мәселелеріндегі көзқарастарын кеңінен талдап, исфиджабтық ғылыми мұраның сабақтастығын қамтамасыз етті [110, б. 138].

- **Әбу Бакр Мұхаммед әл-Асбанихти (X)** Әбу Бакр Мұхаммед бин Суфиян әл-Асбанихти (985 ж.ж.) Насаф қаласында білім алған, ұстаздарының бірі – әйгілі ханафи ғалымы Әбу Бакр Ахмад бин әл-Хасан әл-Фариси. Ол калам ілімінде фикһи негіздерді теологиялық дәлелдеумен ұштастыра отырып, сенім мен ақыл арасындағы тепе-теңдікті ұстанды. Оның еңбектері Мауараун-наһр аймағындағы фикһ пен каламның өзара ықпалдастығын көрсетеді [110, б. 136].

- **Хусам ад-дин ас-Сигнақи әл-Йасауи (1315 ж.ж.)** Сығанақтан шыққан бұл көрнекті ғалым матуриди сенім мектебін Таяу Шығыс елдеріне таратуда ерекше рөл атқарды. Бұхарада Хафиз ад-дин әл-Бұхари мен Фахр ад-дин әл-Маймарғиден ижаза алғаннан кейін, Хорезм, Ирак, Сирия және Египетте дәріс берді. Оның қызметі арқылы ханафи-матуриди мектебі халықаралық беделге ие болды. Ас-Сигнақи – тек мұғалім емес, сондай-ақ, діни дипломатиялық тұлға ретінде де танылды [112].

- **Бурхан ад-дин ан-Насафи (1289 ж.ж.)** Бурхан ад-дин Әбу-л-Фадл Мұхаммад ан-Насафи – ханафи мәзһабы мен Әл-Әшғари сенім жүйесін ұштастырған, калам мен фикһ әдіснамасының ірі ғұламасы. Оның «әл-Мұқаддима әл-Бурхания», «Маншағ ан-Назар фи илм әл-Хилаф», «Мухтасар Нихая әл-Уқул» және «МӘл-Әшғариқ әл-Анвар» еңбектері сенім, пікірталас өнері (жадал) мен әдеп ғылымын тұтастай қамтыған. Ол энциклопедист ғалым болды. Оның шәкірттері қатарында әл-Бирзали, бин әл-Фувати және әл-Хилли секілді тұлғалар бар.

- **Хафиз ад-дин ан-Насафи (1310 ж.ж.)** Ханафи мәзһабының көрнекті фақиһы әрі калам теоретигі. Оның «Канз ад-дақиқ», «Манар әл-анвар», «әл-Умда фи усул ад-дин» және «әл-Кашф» еңбектері ханафи құқық негіздері мен матуриди сенім қағидаларын жүйелеуге арналған. Ол ұстаздық қызметімен де кең танымал болды. Оның шәкірттері – Музаффар ад-дин ас-Саати, Саад ад-дин ад-Дихлави және Хусам ад-дин ас-Сигнақи – Орталық Азиядан бастап Үндістанға дейінгі аймақта калам мен фикһ мектебін өрістетті.

- **Әмір Катиб әл-Итқани әл-Фараби (1357 ж.ж.)** ғалым Мысыр, Бағдад және Дамаск қалаларында болған, кейін сол аймақта тұрақтап, ілім үйреткен. Оның «Гаяту әл-Баян» атты еңбегі Бурхан ад-дин әл-Марғинанидің «әл-Хидая» атты классикалық фикһ еңбегіне жазылған түсіндірме болып табылады. Ол ханафи-матуриди ілімін мазмұндық әрі методологиялық тұрғыда тереңдете түсті [113].

- **Кауамаддин әл-Итқани әл-Фараби (1357 ж.ж.)** XIV ғасырдың ортасындағы көрнекті ханафи ғалымы, Орталық Азия мен Ирандағы құқықтық-теологиялық білім беру дәстүрінің ірі өкілі. Ол алғашқы білімін Сырдария бойындағы жергілікті ханафи ғұламаларынан - Жалаладдин ас-Сигнақи, Хусамаддин әл-Фараби және Шарафаддин әл-Женди секілді ұстаздардан алған. Оның ғылыми еңбектеріне «Ғайат әл-Баян ва Надарат әл-Ақран», «ат-Табйин фи Шарх Мунтахаб әл-Ахсикати», және бірнеше рисалалар жатады. Киуамад-дин әл-Итқани өзінің фикһтық ой-пікірінде Бурхан ад-дин әл-Марғинанидің «әл-Хидая» еңбегіне сүйенген және оны қолмен көшірген екі томдық нұсқасы бізге дейін жеткен. Ғалымның шығармашылығы Орталық Азиядағы ханафи-құқықтық дәстүрдің сабақтастығын, ғылыми тізбекті сақтауға зор үлес қосқан.

Жоғарыда қарастырылған калам ғалымдары Орталық Азия ғана емес, бүкіл ислам өркениетінің теологиялық және құқықтық дамуына маңызды үлес қосты. Олардың еңбектері ханафи-матуриди сенім жүйесінің логикалық негіздерін күшейтіп, ислам философиясы мен фикһ ғылымының тоғысқан тұсын айқындай түсті. Бұл ғалымдардың мұрасы – заманауи ислам теологиясын зерттеуде де маңызды қайнар көз.

Фикһ іліміндегі көрнекті ғұламалары Ислам құқық ілімінің (фикһ) даму тарихында Ханафи мәзһабының өкілдері ерекше рөл атқарған. Бұл мәзһабтың дамуына айрықша үлес қосқан Орталық Азия ғалымдарының өмірі мен ғылыми мұрасы - ислам құқықтық ойының қалыптасуында ерекше кезең болып табылады. Төменде Ханафи құқық мектебінің аса танымал өкілдері мен олардың еңбектеріне қысқаша шолу ұсынылады:

- **Әбу Зайд ад-Дабуси (1037 ж.ж.)** Әбу Зайд Убайдаллаһ бин Умар ад-Дабуси - Орталық Азияда усул әл-фикһ ілімінің негізін қалаушылардың бірі. Бұқарада өмір сүрген ғұлама Әбу Жағфар әл-Уструшанидің шәкірті болған. Оның ұстаздық тізбегі Бағдадтағы атақты құқықшы Әбу Бакр әл-Жассас ар-Разиге дейін жалғасады. «Такуим әл-адиллә» атты еңбегінде құқықтық нормаларды мәтін мен ақылға негіздей отырып, рационалистік әдісті ұсынған. Бұл еңбек ханафи мәзһабындағы теориялық ойдың дамуына зор үлес қосты.

- **Шамс әл-Аимма әл-Бұхари (XI)** Әбу Мұхаммад Абдулазиз бин Ахмад бин Абдуллаһ әл-Бұхари (1057 ж.ж.) - ханафи құқық мектебінің беделді өкілі, Бұқарадағы фикһ ілімінің дамуына елеулі үлес қосқан ортағасырлық ғалым. Ол Кеш қаласында дүниеден өткен. Ғұлама Әбу Али әл-Хусайн ан-Насафиден білім алып, құқықтық және эсхатологиялық мазмұндағы «әл-Мабсут» және «Сифат ашрат әс-са'а ва мақамат әл-қиама» атты еңбектерді жазған. Оның шәкірттері арасында Шамс әл-Аимма әс-Сарахси, Фахр әл-Ислам әл-Пәздәуи сияқты танымал фақиһтер бар. Ғалымның еңбектері ханафи мәзһабының теориялық негіздерін қалыптастыруда маңызды орын алды.

- **Имам Әл-Пәздәуи (XI–XII)** Садр әл-Ислам Әбу Йуср Мұхаммад бин Мұхаммад бин Хусайн әл-Пәздәуи (1100 ж.ж.) - ханафи мәзһабының көрнекті

өкілі, усул әл-фиqh ғылымының дамуына елеулі үлес қосқан Бұқаралық ғалым. Ол Исмаил бин Абдуссадик, Юсуф ас-Саййари ан-Нисабури және өз әкесі Мұхаммад бин Хусайн сияқты белгілі ұстаздардан ілім алған. Негізгі еңбектеріне «Мағрифат ал-хужаж аш-шарғийа» және «Шарх әл-Жамиғ әл-Кабир» жатады. Оның шәкірттері қатарында Әбу Хафс ан-Насафи мен Алауддин ас-Самарқанди сияқты танымал құқықшылар бар. Ғалымның шығармашылығы ханафи фиqhының дәлелдер жүйесі мен құқықтық методологиясын жетілдіруде маңызды рөл атқарды.

- **Имам Әбу ар-Рабиғ Әл-Иляқи (XI)** Әбу ар-Рабиғ Тахир бин Абдуллаһ әл-Иляқи (1072 ж.қ.) - ханафи құқық мектебінің өкілі, Мерв және Нисапурда білім алған танымал фақиһ. Ол Әбу Бакр Абдуллаһ бин Ахмад әл-Қафал әл-Маруази және Әбу Тахир Мұхаммед аз-Зияди секілді беделді шейхтардан тәлім алған. Ғұламаның құқықтық ілім жолындағы қызметі Орталық Азияда ислам білімінің дамуына ықпал етті [110, б. 136].

- **Әбу Жағфар әл-Ашрусани (XI)** Әбу Жағфар Мұхаммед бин Хасан бин әл-Мухсин әл-Ашрусани(1077 ж.қ.) - Бағдадта құқықтық білім алған, ханафи фиqhының дамуына үлес қосқан көрнекті құқықшы. 1038 жылы Бағдадқа сапар шегіп, онда Саймари және Қазы Абдуллаһ әл-Дамғани сияқты әйгілі құқық ғалымдарынан білім алды. Оның ғылыми қызметі Қараханидтер дәуіріндегі ислам құқықтық жүйесінің институционалдық дамуына ықпал етті [110, б. 137].

- **Хусамуддин Әл-Ахсикати (XII)** Хусамуддин Әбу Абдаллаһ Мұхаммад әл-Ахсикати (1247 ж.қ.) - Ферғана өңірінен шыққан ханафи мәзһабының көрнекті өкілі, усул әл-фиqh саласында өзіндік орны бар ортағасырлық құқықшы. Ол «әл-Мунтахаб фи усул әл-мазһаб» атты еңбегі арқылы құқықтық методологияны жүйелеуге айрықша үлес қосты. Шәкірттері қатарында Бұқарада қайтыс болған Жалал ад-дин Мұхаммад әл-Изи және Захир ад-дин ан-Нужабади сияқты беделді ғұламалар болған. Ғалымның ғылыми мұрасы ханафи мәзһабының құқықтық-теориялық негіздерін қалыптастыруда маңызды орын алады [111, б. 66].

- **Бурхануддин әл-Марғинани (XII)** Бурхануддин Әбул-Хасан Әли әл-Марғинани (1197 ж.қ.) - ханафи құқық мектебінің аса көрнекті өкілі. Ол Әбу Хафс ан-Насафи және Садр аш-Шахид сынды әйгілі ғұламалардан тәлім алған. Негізгі еңбектеріне ханафи фиqhының классикалық туындыларының бірі саналатын «Китаб әл-Хидая», сондай-ақ, «ат-Тажнис уә әл-Мазид», «Мухтар ән-Нәуазиль», «әл-Фараид әл-‘Усмания» және «Китаб фи әл-Хажж» жатады. Оның шәкірттері қатарында Шамс әл-Аимма әл-Кердери, Бурхан әл-Ислам әз-Зарнужи, Махмуд әл-Уструшани сияқты беделді ғалымдар бар. Әл-Марғинанидің ғылыми мұрасы ислам құқығы тарихында ерекше орын алады және қазіргі күнге дейін ханафи мәзһабының негізгі оқу құралдарының бірі ретінде кеңінен қолданылады [110, б. 137].

- **Фахр әл-Ислам Әш-Шаши (XII)** Фахр әл-Ислам Әбу Бакр Мұхаммад бин Ахмад бин әл-Хусейн бин Әмір әш-Шаши әл-Мустәзһири (1113 ж.қ.) - ханафи

фиқһының көрнекті өкілі, құқықтық білім беру мен медреселік жүйенің дамуына зор үлес қосқан беделді құқықшы. Ол фиқһ білімін Әбу Абдуллаһ Мұхаммад бин Баян әл-Казруни мен Әбу Мансур ат-Тусиден меңгерген. Ғұлама Шаш медресесін, сондай-ақ, Тажия және Низамия медреселерін негіздеген. Оның қызметі исламдық білім беру құрылымының институционалдық нығаюына ықпал етті [110, б. 137-138].

- **Әбу Наср Әл-Исбижаби (XI)** Әбу Наср Ахмад бин Мансур әл-Мутахари әл-Исбижаби (1087 ж.қ.) - ханафи мәзһабының беделді өкілі, құқықтық түсіндірмелер мен тармақталған фиқһ жүйесін дамытуда маңызды орын алған ғалым. Оның еңбектерінің ішінде Имам Мұхаммед аш-Шайбани жазған «Жами әл-Кабир» кітабына және «Кафий» еңбегіне жазған түсіндірмелері кеңінен танымал. Бұл еңбектер ханафи мәзһабындағы құқықтық ойды жүйелеуге зор үлес қосты [110, б. 138].

- **Сиддиқ әд-Дин Әл-Тарази (XII)** Сиддиқ әд-Дин Әбу Рижа Мұхаммед бин Махмуд бин Әли бин Хасан бин Юсуф әл-Тарази (1174 ж.қ.) - ханафи мәзһабының көрнекті өкілі, Бұхарадағы діни-ғылыми ортаның белді тұлғаларының бірі. Ол өзінің фиқһтық білімін ислам әлеміндегі аса танымал құқықшылардан алып, сол дәуірдегі Бұхара медреселерінде терең ғылыми даярлықтан өткен. Ғалым Бұхарада тұрып, жергілікті діни элита арасында беделге ие болған әрі құқықтық-фиқһи мәселелерде жетекші рөл атқарған. Сиддиқ әд-Дин өзінің ілімін алдымен Абдул-Азиз бин Умар бин Мазза және Бакр бин Мұхаммед әл-Зәренжари сияқты әйгілі ғұламалардан алды. Ғалымның Бұхарада қалып, діни қызметпен айналысуы оның тек білім алумен шектелмей, кейінгі буын шәкірттерге ілім таратушы және құқықтық сұрақтарға пәтуа беруші ретінде қызмет атқарғанын көрсетеді [110, б. 139].

- **Әл-Баласағуни (XII)** Әбу Абдуллаһ Мұхаммед бин Муса бин Абдуллаһ әл-Баласағуни (1112 ж.қ.) - ханафи мәзһабы аясында фиқһ ілімінің дамуына үлес қосқан танымал құқықшы. Ол Құдс қаласында (Иерусалимде) қазылық қызмет атқарып, өз заманының көрнекті діни-құқықтық қайраткерлерінің қатарына кірді. Ғалымның шарифат заңдарын практикалық қолдану саласындағы тәжірибесі мен білім беру ісіндегі қызметі ислам сот жүйесінде үлкен маңызға ие болды. Оның «Усул әл-Фиқһ» атты еңбегі Әбу Ханифа мәзһабының қағидаларына негізделіп жазылған. Бұл еңбек құқықтық дәлелдеу, қияс, ижмағ, истихсан және насх секілді құқықтық-методологиялық мәселелерді камти отырып, ханафи құқық мектебінің теориялық негіздерін жүйелеуге бағытталған. Ғалым бұл туындысы арқылы құқықтық ойлау мәдениетін жетілдіруге және ханафи мәзһабында усул ілімінің әрі қарай дамуына үлес қосты [110, б. 145].

- **Әбу Әли Әл-Әлмиш (XII)** Әбу Әли Хусейн бин Әли бин Әбу әл-Қасим әл-Әлмиш (1121 ж.қ.) - Мауараун-наһрдан шыққан ханафи құқықшысы, саяси және құқықтық мәселелерде белсенді қызмет атқарған көрнекті ғалым. Ол өз заманында Хақан мемлекетінің атынан Аббаси халифатының басшысы әл-

Мустаршид биллаһқа ресми елші ретінде жіберілген. Бұл дипломатиялық миссия оның саяси беделін ғана емес, құқықтық және діни сауаттылығын да көрсетеді. Ғалымның «Әл-Уақиғат» және «Фатауа» атты еңбектері ислам құқық тәжірибесі мен пәтуа беру ісінің нақты көрінісі ретінде бағаланады. Бұл еңбектерінде құқықтық мәселелердің шешу жолдары, пәтуалардың негіздемесі және күнделікті өмірде туындайтын шариғи сұрақтарға жауаптар қамтылған. Оның еңбектері ханафи мәзһабы шеңберінде қолданбалы фикһты жүйелеуге бағытталған [110, б. 146].

- **Садр аш-Шариға ас-Сани (XIV)** Убайдаллаһ бин Масғуд әл-Махбуби (1346 ж.қ.) - көрнекті ханафи ғалымы, усул ал-фикһ пен логика саласында терең ілім иесі. Ол әкесі Масғуд бин Умар және нағашы атасы Бурхан аш-Шариға Махмудтан білім алған. Кирман, Герат және Бұхарада өмір сүріп, ғылыми қызметпен айналысқан. Негізгі еңбектері қатарына «ат-Танких фи усул ал-фикһ», «ат-Таузиһ» (оның шархы), «Шарх әл-Уиқая», «ан-Нуқая», «Тағдил ал-улум» және «Талиқат ала әл-Мифтах» жатады. Оның танымал шәкірті - Хафиз ад-дин Абуттахир ал-Уши, оған 1345 жылы Бұхарада ілім алу құқығы (иджаза) берілген. Садр аш-Шариға – кейінгі ханафи фикһы мен ислам философиясының ықпалды өкілі ретінде тарихта ерекше орын алады.

X-XV ғғ. түркі мемлекеттерінің билеушілерінің ғылымға, ғалымдарға үлкен мән беріп, оларды қорғауының нәтижесінде Түркістандағы ғылыми зерттеулер ғасырлар бойы өте жоғары деңгейге көтеріліп, осы кезеңде Түркістандағы медреселерде білім алған ғалымдар түрік - Ислам әлемін нұрландырып қана қоймай, Еуропаға да терең әсер етті. Философия, медицина, математика, физика, табиғат, астрономия және логика салаларында жазылған еңбектер латын тіліне аударылып, оқулық ретінде пайдаланылды. Бұлардың ішінде Фараби, бин Сина, Бируни еңбектері ерекше көзге түсіп, оларды батыстықтар Архимед, Леонардо, Лейбниц деңгейінде қабылдады [114]. Осылайша, зерттеу жұмысы Орталық Азиялық ғалымдар ислами білім берудің қалыптасуына, сондай-ақ, ортағасырлық Ислам өркениеті дамуына қосқан үлесін жан-жақты көрсетеді.

Зерттеу жұмысының нәтижелері көрсеткендей, Қазақстанның ортағасырлық ислами білім берудің дамуына айтарлықтай үлес қосқан ғалымдар келесі топтамаларға бөлінеді (1.4-сурет):

өзгерістерге бейімделе отырып дамыды. VIII ғасырда арабтардың Орталық Азияға жасаған жорықтары нәтижесінде ислам діні қазіргі Қазақстан аумағына енді. IX ғасырдан бастап Саманилер әулетінің ықпалымен ислам кеңінен таралып, оның негізінде ислами білім беру жүйесі мен жазба дәстүр қалыптаса бастады. Осы кезеңде мешіттер жанынан алғашқы мектептер мен медреселер ашылып, оларда Құран, хадис, фикһ, араб тілі және басқа да діни пәндер оқытылды. Ортағасырлық кезеңде медреселер ислам әлеміндегі ең жоғары деңгейлі қоғамдық білім беру орталықтарына айналып, онда діни қызметкерлермен қатар бастауыш мектеп мұғалімдері мен мемлекеттік әкімшілікке қажетті мамандар даярланды. Фикһ, тіл білімі, философия, медицина және жаратылыстану салаларындағы атақты ойшылдар мен ғалымдар өз білімдерін осы медреселерден алды.

Медреселердің пайда болу кезеңі мен олардың географиялық таралуы туралы ғылыми ортада түрлі пікірлер айтылып келеді. Зерттеушілердің басым бөлігі алғашқы медреселер Мауараун-наһр мен Хорасан аймақтарында құрылғанын алға тартады. Солардың бірі – Бұхара қаласындағы медресе, оның алғашқы жетекшісі ретінде Әбу Хафс әл-Кабир (767–831), толық аты-жөні – Әбу Хафс Ахмед бин Хафс әл-Бухари аталады. Ол фикһ ғылымының әйгілі өкілі Әбу Ханифаның шәкірті Мухаммед бин Хасаннан дәріс алған. Бухара медреселері туралы алғашқы дерек 937 жылы орын алған Бұхарадағы өртті сипаттайтын тарихи жазбаларда кездеседі [116]. Қашғардағы Сафийе медресесі де ерте кезеңдегі жоғары білім беретін мекемелердің бірі ретінде танымал. Бұл оқу орнында Хұсан бин Халеп, Махмуд Қашқаридің ұстазы Жамаладдин ҚӘл-Әшғари, Әбдүлғаффар бин Хусейн, сондай-ақ, әйгілі ғалым Юсуф Хас Хажиб Баласағұни білім алған [117]. Қарахан әулетінің Мауараун-наһрдағы билеушісі Тамғаш-хан (998–1068) Самарқанд қаласында арнайы ислами білім беру кешенін салуға пәрмен беріп, медресе құрылымына мешіт, оқу сыныптары, Құран жаттау сыныбы, көмекші бөлмелер мен ішкі аула-бақшаны енгізуді міндеттеді [125]. Бұл кешендер дін мен ғылымның тоғысында орналасқан ілім ордаларына айналды.

X ғасырдың екінші жартысынан бастап XI ғасырға дейінгі кезеңде Қашғар, Баласағұн, Жаркент, Хотан, Жетісу, Қаялық, Сұлхан, Тараз, Сайрам, Отырар, Түркістан, Итқан, Сауран, Сығанақ және Жент қалаларында әртүрлі деңгейдегі медреселер ашылып, исламдық оқу-ағарту жүйесі кеңінен таралды. Ауылдарда бастауыш деңгейдегі медреселер көптеп ұйымдастырылып, оларды аяқтаған білім алушылар орта медреселерге, кейін жоғары деңгейлі қалалық оқу орындарына ауысатын құрылым қалыптасты [118]. Осы кезеңдегі білім беру құрылымдарына үлгі болған оқу орындарының қатарына Каирдегі әл-Азһар (қазіргі ең беделді ислам университеттерінің бірі), Тунистегі әз-Зәйтүн (Магриб аймағындағы көне медресе), және Бағдадтағы Байт әл-Хикма (Даналық үйі) кіреді. Аббасилер халифасы әл-Мәмунның (813–833) тұсында Байт әл-Хикмада грек, парсы және үнді философтарының трактаттары араб тіліне аударылып,

философия, астрономия, медицина және басқа да ғылымдар қарқынды дамыды [125, б. 2]. Бұл үрдіс ислам әлеміндегі ғылыми ой-сананың өсуіне түрткі болды.

Медреселердің мемлекеттік институт ретіндегі қалыптасуы Селжұқтар дәуірімен тығыз байланысты. XI–XII ғасырларда бұл білім беру мекемелері сунниттік бағыттағы ислам қағидаттарын таратуда маңызды рөл атқарды. Селжұқ мемлекетінің уәзірі Низам әл-Мүлк уақып жүйесіне негізделген «ан-Низамийя» атты медреселер желісін құрды [116, б. 164]. Бұл оқу орындары діни пәндермен қатар философия, тарих, математика, астрономия сияқты зайырлы ғылымдарды да оқытатын кең көлемді білім орталықтары болды. «Низамийя» үлгісіндегі медреселер ислам әлемінің көптеген қалаларында құрылып, уақып қаражаты есебінен қаржыландырылды [136]. Бұл медреселер дербес жұмыс істеуге қабілетті болып, ұстаздары тұрақты еңбекақымен қамтамасыз етілді. Білім алушыларға баспана мен тегін тамақтану ұсынылды. Осылайша, медреселер тек діни білім ордалары емес, әлеуметтік және мәдени институттар ретінде де маңызды қызмет атқарды.

XVIII ғасырдан XX ғасырдың басына дейінгі кезеңге дейін Қазақстандағы дәстүрлі исламдық білім беру желісі негізінен уақыптық кірістер мен жеке тұлғалардың ерікті қайырымдылықтары есебінен қаржыландырылып, қоғамдық негізде қызмет етті. Мемлекеттік билік бұл жүйені қазилық институттар арқылы бақылап отырды. Қазылар уақып мүлкін рәсімдеу, құжаттарын жаңарту, нысандарды жалға беру секілді әкімшілік-құқықтық функцияларды жүзеге асырды [159]. Сонымен қатар, раис пен садр секілді лауазым иелері уақып мүлкінің тиімді пайдаланылуын бақылауға жауапты болды. Дәстүрлі азаматтық қоғам тарапынан мутавалли (уақып мүлкін басқарушы) тағайындалып, олардың қызметіне қоғамдық бақылау тетіктері орнату арқылы исламдық білім беру жүйесіне ықпал ету тетігі қалыптасты. Сонымен қатар, хадис пен калам салаларында ханафи және шафиғи мектептері арасындағы идеялық ықпалдастық байқалды. Ақида мәселесінде матуриди мен Әл-Әшғари мектептерінің тоғысуы да тән ерекшелік болды. Аталған білім беру жүйесі Темурилер дәуірінде (1370–1506) өзінің қалыптасқан үлгісіне жетіп, жаңа дәуірге дейін айтарлықтай өзгеріссіз сақталды. Бұл жүйедегі біршама жаңашылдыққа бастауыш оқулықтардың парсы және түркі тілдеріне аударылуы, қарилар дайындайтын мамандандырылған орталықтардың ашылуы, сондай-ақ, Дазулидің «Далаил әл-Хайрат» еңбегін үйретуге бағытталған мекемелердің қызметі жатады [159, б. 93]. Дегенмен, жүйе жалпы алғанда консервативті сипатта қалды.

Фикһ пәнінде Бурхан ад-дин әл-Марғинанидің «Китаб әл-Хидаясы», әл-Махбубидің «Шарх әл-Уиқаясы», сондай-ақ, «Мухтасар әл-Уиқая» (ан-Нуқая) еңбектері жаттауға арналған негізгі оқу құралдары ретінде қолданылды. Хадис ілімінде - әл-Хатиб ат-Табризидің «Мишкат әл-Масабих» (1336), ал тафсир саласында - әл-Байдауидің «Ануар әт-Танзил» (1316) және Абдалла бин Ахмад ан-Насафидің «Мадарик әт-Танзил» (1310) секілді еңбектер кеңінен оқытылды

[159, б. 94]. Медреселердегі оқыту төмендегі пәндерді қамтыды: араб филологиясы, Құран ілімдері (тәпсір), хадис ілімдері, діни-философиялық пәндер (калам), ислам құқықтануы (фикһ). Фикһ саласы негізінен ханафи мәзһабының классикалық еңбектеріне сүйенді [159, б. 94].

Медресе жүйесінің түпкі мақсаты – дін ілімін терең меңгерген діни кадрларды (имам, молда) даярлау болды. Ал кәсіби еңбекке қажетті қолөнершілер, емшілер, дихандар мен басқа да мамандар отбасылық-өндірістік ортада шәкірттік жолмен тәрбиеленді. Медреселер тек діни білім беру орталықтары ғана емес, сонымен қатар мәдени-ағартушылық және рухани орталықтар ретінде де қызмет атқарды. Олардың сәулеттік келбеті шығыс өркениетіне тән ұлттық стильде орындалып, ғимараттардың маңдайшаларына тәрбиелік-өнегелік нақыштағы эпиграфикалық жазбалар, салушылар мен құрылыс шеберлерінің есімдері, салынған уақыты жазылып отырды [159, б. 94]. Бұл элементтер – ислам сәулет өнерінің идеологиялық әрі мәдени мазмұнын көрсететін маңызды тарихи куәліктер. Медресе ішіндегі кеңістіктер екі негізгі құрылымға бөлінді: құжыра – шәкірттердің тұруына арналған бөлмелер және дәрісхана – дәріс өтетін арнайы орындар. Ірі медреселерде міндетті түрде кітапханалар жұмыс істеді. Бұхара мен Отырардағы ХІ ғасырдағы кітапханалар ислам өркениетінің ғылымға негізделген мұрасының айқын көрінісі саналды. Медресе ғимараттарының декоративті және сәулеттік безендірілуі оларды тек білім ордасы ғана емес, мәдени мұра нысаны ретінде де даралады [122].

Сәулеттік және ғылыми маңызы ерекше ортағасырлық медреселер қатарына Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи кешені жатады. Бұл кешенде медресемен қатар кітапхана да орналасты. Бұхара қаласындағы Намазгох медресесі (1119–1120), Мир Араб медресесі (1540) және Көкілташ медресесі (1568) көне білім ордалары ретінде танылды. Сол кезеңде тек Бұхарада 100-ге жуық медресе жұмыс істеген. Самарқанд қаласында 19 медресе болған, олардың ішіндегі ең ірісі - 1420 жылы салынған Ұлықбек медресесі. Ташкенттегі танымал медреселер қатарында Қожа Ахрар (1490) мен Барақ хан (1554) медреселері аталады. Ал Сайрам, Әулиеата, Түркістан және Ақмешіт қалаларында жалпы саны 31 медресе тіркелген. Қазақстан аумағындағы маңызды оқу орындарының бірі - Семейдегі Ахмет Риза медресесі, мұнда барлығы 7 медресе болған. Сонымен қатар, Орынбор қаласында 10 медресе, оның ішінде Хұсаиния медресесі айрықша орынға ие. Уфа қаласындағы Ғалия медресесі (ХІХ ғасырдың екінші жартысы) сол кезеңдегі жетекші оқу орындарының бірі болды. Бөкей Ордасында да бірнеше медресе жүйелі түрде жұмыс істеді [121].


Орталық Азия Ташкентте 1957 жылы Барақхан медресесінде кейбір пәндер (каллиграфия, диктанттар) қысқартылып, олардың орнына кеңестік тарих пен Конституция пәндері енгізілді. Бұл өзгерістер Мир Араб медресесіне де әсер етті. 1940-жылдардың соңында ашылған Бұхара қаласындағы Мир Араб медресесі кеңестік бақылауда болғанымен, бастапқы жылдары дәстүрлі исламдық білім

беру әдістемелерін белгілі бір дәрежеде сақтай алды. Оқу мерзімі 9 жылды құрады (5 жыл – бастауыш, 4 жыл – орта білім), оқу жылы қыркүйектен мамырға дейін жалғасты [68]. Медресенің материалдық-техникалық қамтамасыз етілуі мұсылман қауымының қайырымдылықтарына негізделіп, Дін істері жөніндегі кеңестің көмегімен жүзеге асырылды. Алғашқы кезеңде оқу мазмұны негізінен дәстүрлі діни пәндерден тұрды: араб тілі, фикһ, ақида, Құран және хадис, мантық, каллиграфия және т.б. Оқыту әдістері – ұстаздың жетекшілігімен мәтіндерді жаттау мен талдауға негізделді. Бұл кезеңде зайырлы пәндер қатарында КСРО Конституциясы, орыс тілі және география пәндері енгізіле бастады. Кейінірек пәндік мазмұн кеңейіп, марксистік-лениндік идеологияға негізделген пәндер (саяси экономия, кеңестік әдебиет, қоғамтану) оқу жоспарына енгізілді. 1950-жылдардың ортасынан бастап кеңестік билік тарапынан бақылау күшейіп, емтихан жүйесі, сессиялар, қабылдау тәртібі жалпы білім беру стандарттарына сәйкестендірілді. 1980 жылғы оқу жоспарында келесі пәндер қамтылған [68, б. 42]: Құран оқу (қира'ат, тәджуид), тәпсір, ислам тарихы, фикһ, араб тілінің морфологиясы мен синтаксисі (сарф, наху), парсы тілі, КСРО тарихы мен Конституциясы, география, дене тәрбиесі және т.б.

1951–1980 жылдар аралығында Мир Араб медресесін 147 студент тәмамдағаны тіркелген (көбі Өзбекстан, Тәжікстан, Қырғызстан, Қазақстан және басқа республикалардан). Аталған түлектер кеңестік қоғамда түрлі салаларда (ғылыми мекемелер, баспаханалар, мемлекеттік құрылымдар, аударма және кеңесшілік қызметтер) жұмыс істеген [68, б. 43]. Бұл олардың діни білім алуымен қатар зайырлы салада да бейімделе алғанын көрсетеді. Оқу үдерісі мен пәндердің трансформациясына кеңестік билік пен САДУМ басшылығы ғана емес, шетелдік тәжірибе де ықпал етті. Ислам әлеміндегі университеттердің (әл-Азхар, Ливия, Сауд Арабиясы және т.б.) медицина, инженерия сияқты факультеттер ашуы кеңестік жүйеге де әсер етті. Мұны шетелде оқыған САДУМ түлектерінің хаттары мен сұхбаттары растайды. 1980-жылдардың соңына қарай Орталық Азияның бірқатар қалаларында жаппай медреселер ашыла бастады. Алайда кадр тапшылығы мен оқу материалдарының жеткіліксіздігі себепті, бұл оқу орындары көбінесе кеңестік кезеңнің бейресми діни мектептерінің (хужралар) дәстүрлеріне сүйенді. Зайырлы пәндер бұл медреселерде оқытылмады. 1989 жылы САДУМ мүфтиі Мухаммад-Содиқ Мухаммад-Юсуфтың бастамасымен оқу бағдарламаларын қайта қарау қолға алынды [68, б. 47]. Жаңартылған жоспарларда діни пәндердің үлесі арттырылды, бірақ кеңестік пәндер де (КСРО тарихы, Конституция және т.б.) белгілі бір деңгейде сақталды.

Аталған деректер ислам өркениетінде медреселердің тек білім беру мен діни тәрбие ошақтары ғана емес, сонымен бірге сәулет өнерінің де көрнекті үлгілері болғанын айғақтайды. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында Қазақстан аумағында орналасқан медреселер аймақтық білім беру желісінің

ажырамас бөлігін құрай отырып, мұсылман әлеміндегі ірі оқу-ағарту орталықтарының қатарынан орын алды (1.5-сурет).



Сурет 1.5 - XIX-XX ғасырлардағы Қазақстандағы медреселері

Ескерту: Әдебиет негізінде құралған [121]

Аталмыш медреселердің тарихи картасы олардың Қазақстанның тарихи-мәдени дамуындағы маңызды орнын айқындайды. Бұл білім беру мекемелері ғасырлар бойы аймақтың ғылыми, мәдени және рухани орталықтары қызметін атқарды [123]. Медреселерде оқу мен жазудан бөлек, Құран тәпсірі мен маңызды діни білімдер де берілді. Медреселердің негізгі міндеті имам, азаншы, уағызшы, ахун және мүфти сияқты дін қызметкерлерін, сондай-ақ, түрлі кәсіптегі мемлекеттік қызметшілерді, Қазі, мұхтасиб сияқты сот қызметкерлерін, салық және кеңсе қызметкерлерін, аудармашылар мен елшілерді дайындады [120].

Бастауыш медресе деңгейіндегі білім беру, негізінен, исламның алғашқы сатысында қолданылатын оқу құралдарына қатысты бірыңғай стандарт болмағанымен, қазақ даласындағы медреселерде бірқатар дәстүрлі кітаптар кең таралды. Атап айтқанда:

- «Иман шарт» – ислам сенім негіздерін үйрететін бастауыш оқулық;
- «Әптиек» – Құранның жетіден бір бөлігін жаттауға арналған құрал;
- «Ақыр заман кітабы» («Китаб-и Сулайман Бақырғани») – Сулайман Бақырғани немесе Хаким Атаның сопылық шығармасы.

XIX ғасырдың ішінде медреселерде Шығыс әдебиетінің кейбір үлгілері оқытылды. Мысалы, «*Сабат әл-ажизин*» – Сопы Аллаярдың (1723 ж.ж.) (түрік-шағатай тілінде) еңбегі. Жергілікті ислам тәжірибесінің мазмұны саналатын (ханафи мәзһабы мен сопылық дүниетаным) «*Чор китаб*» – ислам негіздері мен әдептік қағидаларды түсіндіретін оқулық. Парсы, араб тілдерінде Қожа Ахмет Иасауи, Қожа Хафиз, Физули, Бедел шығармалары оқытылды. Абай оқыған Камали хазірет медресесі діни кітаппен қатар, Фирдауси, Хафиз, Физули, Шамси, Сайхали, Науаи өлеңдерін үйреткені белгілі [99, б. 182]. Бұл еңбектер бастауыш деңгейдегі діни білімнің басты мазмұнын құрап, шәкірттерге сенім, әдеп, сопылық және ислам рәміздері туралы бастапқы түсініктерді қалыптастырды. Халықтың көпшілігі осы бастауыш деңгеймен шектелді. Ал, қабілетті шәкірттер әрі қарай медресе деңгейінде білімдерін жалғастырды.

Медресенің орта деңгейінде тілдік дайындыққа ерекше көңіл бөлінді. Араб тілінің морфологиясы мен синтаксисіне арналған бірқатар классикалық еңбектер негізгі оқу құралдары ретінде қолданылды: Араб морфологиясы бойынша [99, б. 183-185]:

- «*Бидан*» – парсы тілінде жазылған, араб морфологиясына арналған кешенді оқу құралы;

- «*Сарф-и Мир*» – Али бин Мұхаммад әл-Журжанидің еңбегі;

- «*Муғиззи*» («*Шарх-и Абдаллах*») – Абдаллах бин Ақ-Мұхаммад;

- «*аш-Шафийа фи ат-тасриф*» – Ибн әл-Хажиб.

Араб синтаксисі бойынша кең таралған алты оқулық:

- «*Қауаид әл-играб*» – бин Хишам (1360 ж.ж.);

- «*әл-Анмузаяж*» – аз-Замахшари (1144 ж.ж.);

- «*Шарх гала-л-Анмузаяж*» – әл-Ардабили (шамамен 1480 ж.ж.);

- «*әл-Кафийа*» – Ибн әл-Хажиб;

- «*Шарх-и Мулла*» – Абдуррахман әл-Жами (1492 ж.ж.);

- «*әл-Ауамил әл-миа*» – әл-Журжани (1078 ж.ж.).

Жоғары деңгейдегі медреселердегі пәндер мен оқу құралдары:

1) Шешендік өнер және әдебиет теориясы:

- «*Талхис әл-Мифтах*» – Мухаммад бин Абдуррахман әл-Қазуини (1338 ж.ж.);

- «*Мухтасар әл-Маани*» – шешендік пен мағына теориясына арналған жинақ.

2) Логика (мантика):

- «*Исагуджи*» – Асируддин әл-Абхари (1265 ж.ж.);

- «*Хикмат әл-Айн*» – Нажмуддин Али бин Умар әл-Катиби (1276 ж.ж.);

- «*Суллам әл-Улум*» – Мұхиббуллаһ әл-Бихари (1707 ж.ж.);

- «*ар-Рисала аш-Шамсия*» – Наджмуддин әл-Катиби.

Бұл еңбектер шәкірттердің ойлау мәдениетін, дәлел келтіру шеберлігін және ұғымдық талдау қабілеттерін дамытуда маңызды рөл атқарды.

3) Калам (Теология):

- «*Рисала фи баян әл-итиқадат...*» («*Бұхарзада*»);
- «*Шұрут ас-салам*» – намаз шарттары;
- «*Ақайд ан-Насафи*» – Умар бин Мұхаммад ан-Насафи (1142 ж.қ.);
- «*Шарх әл-Ақайд ан-Насафия*» – Саадуддин ат-Тафтазани (1390 ж.қ.);
- «*Бадул-Амали*» – әл-Уши (1173 ж.қ.);
- «*Шарх әл-Фиқһ әл-Әкбар*» – әл-Мағнисауи (1532 ж. шамасы).

Бұл шығармалар матуридиттік сенім қағидаларын оқытудың негізін құрады.

4) Мұсылман құқығы (Фиқһ): Фуруғ әл-фиқһ:

- «*Мухтасар Уиқая*» – Убайдаллах бин Масғуд әл-Махбуби (1346 ж.қ.);
- «*Фиқһ әл-Қайдани*» – Лутфуллаһ әл-Қайдани ән-Насафи;
- «*Шарх әл-Уиқая*» – әл-Махбубидің түсіндірмесі.

Усул әл-фиқһ:

- «*ат-Таузиҳ*» – әл-Махбуби;
- «*ат-Талуиҳ*» – ат-Тафтазани;
- «*Манар әл-Ануар*» – Әбу-л-Баракат ан-Насафи (1310 ж.қ.).

5) Құран тәпсірі:

- «*Ануар ат-Танзил*» – әл-Байдауи (1316 ж.қ.);
- «*әл-Кашиаф*» – аз-Замахшари (1144 ж.қ.);
- «*Иршад әл-ақл әс-Салим...*» – Абуссуғуд әл-Имади (1574 ж.қ.).

6) Хадис ілімі:

- «*әл-Лубаб фил-Хадис*» – әл-Қарауи;
- «*Мишкәт әл-Масабиҳ*» – ат-Табризи (1340 ж.қ.);
- «*Мирқат әл-Мафатих*» – Али әл-Қари (1605 ж.қ.).

Аталған әдебиеттер қазақ медреселерінде жүйелі діни білім қалыптастыруға, шәкірттердің ғылыми ойлауын дамытуға, сенім, құқық және тәпсір ілімдерін терең меңгеруге бағытталған негізгі оқу құралдары болып табылды. Бұл құрылым исламдық білім беру жүйесінің тек діни емес, логикалық, тілдік және философиялық да қамтитын кешенді сипатын дәлелдейді.

Исламдық білім беру жүйесі көптеген ғасырлар бойы өз заманындағы ең озық әрі ықпалды жүйелердің бірі болып саналды. Ол тек ислам әлемінде ғана емес, сонымен қатар ортағасырлық Батыс Еуропадағы колледждер жүйесінің қалыптасуына да елеулі әсерін тигізді. Алайда уақыт өте келе, әсіресе жаңа заман кезеңінде, медреселер Еуропадағы заманауи білім беру жүйесімен бәсекелесе алмады. Бұл жағдай ислам әлеміндегі дәстүрлі білім институттарының дағдарысқа ұшырауына алып келді. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында медреселерде көне оқу жүйесін қолдайтын ағым қадимшілдікке қарсы жәдидшілдік пайда болды. Әуелде «усули жәдид» (жаңа) немесе «төте оқу» деген атпен бұл қозғалыс белгілі дәрежеде игі рөл атқарды [168].

Жәдидтік қозғалыстың ықпалымен дәстүрлі діни пәндермен қатар, жаратылыстану және гуманитарлық бағыттағы бірқатар зайырлы пәндер: физика, математика, ана тілі, география, химия және басқа да пәндер оқу бағдарламасына енгізілді. Бұл өзгерістер медресе білімін заман талаптарына сай жаңғыртуға бағытталған реформалар нәтижесі саналды. Жәдидтік ағым мен төте оқу жүйесінің Қазақстандағы кең таралуы 1900 жылдардың басынан бастап қарқын ала бастады, ал 1905 жылғы бірінші орыс революциясынан кейін бұл үрдіс жаппай сипат алды [99, б. 178]. Осы кезеңде Қазақстанның әртүрлі өңірлерінде жаңа әдіспен оқытатын жүздеген медреселер құрылып, жәдидтік білім беру желісі қалыптасты. Оқу үдерісін жаңғырту мақсатында араб графикасына алғаш рет реформалар жүргізіліп, оны үйренуді жеңілдету бағытында өзгерістер енгізілді. Бұл реформалар шәкірттердің оқу сауаттылығын арттыруға, сондай-ақ, ұлттық тілде білім алуға жол ашты. Жаңа тәсілдер оқу үдерісін жүйелеуге, рационалды білім беруге және дін мен ғылымның арасындағы үйлесімдікті арттыруға бағытталды. Бұл үрдіс исламдық білім беру мекемелерін модернизациялау мен қоғамның өзгермелі талаптарына бейімдеу жолындағы маңызды қадам еді.

Жәдидтік медреселер тек білім беру ордасы ретінде ғана емес, сонымен қатар интеллектуалдық және шығармашылық орта ретінде де қалыптасты. Медресе шәкірттері мен ұстаздары сол кезеңде түрлі қолжазбалар, ағартушылық мазмұндағы газет-журналдар шығару ісімен де айналысты. Олардың қатарында «Садақ», «Тарақият» және қазақтың тұңғыш журналы «Айқап» пен кейін жарық көрген «Қазақ» газеті ұлттық идея, теңдік пен бостандық, мәдени және білім реформасы туралы кеңінен насихаттады [159]. Бұл басылымдар жәдидтік идеяны насихаттап, жаңаша оқу жүйесінің маңыздылығы, оның тиімділігі және ұлттық мектептердің қажеттілігі туралы көптеген мақалалар жариялап, діни-ағартушылықпен қатар ұлттың рухани жаңғыруына ықпал етті. Ұлттық баспасөз беттерінде жаңаша үлгідегі мектептер мен медреселер ашқан қазақ меценаттарының есімдері жиі аталып отырды. Олар тек мектеп салып қана қоймай, мұқтаж шәкірттерге материалдық көмек көрсетіп, ұстаздарды жалдап, оқу жабдықтарын сатып алып, оқу процесіне жан-жақты қолдау білдірді. Бұндай қайырымды адамдарды халық арасында «медеткөр» деп атады [170].

Газет-журналдарда түрлі өңірлерде жаңаша медресе ашқан кісілердің аты-жөні мен атқарған істері арнайы көрсетіліп отырды. Ақтөбе, Орал, Қостанай, Семей, Павлодар, Петропавл, Көкшетау, Зайсан, Қапал, Ақмешіт, Әулиеата және басқа да өңірлерде көптеген мектептер мен медреселер салынды. 1917 жылға қарай Түркістан өлкесінде жергілікті (түземдік) мұсылман халқы үшін үш түрлі мектеп жүйесі қызмет етті [159, б. 95]:

- исламдық ескі әдіспен оқытатын мектептер мен медреселер;
- жаңа әдіспен оқытатын (жәдидтік) мектептер;

- зайырлы мектептер. Аталған үш үлгінің ішінде сан жағынан ең көп таралғаны әрі жергілікті халық үшін ең маңыздысы – біріншісі, яғни дәстүрлі исламдық оқу орындары болды. Бұл мекемелердің тамыры ғасырлар тереңіне кетеді.

Түркістанның кеңеске дейінгі кезеңін зерттеген көрнекті ғалым Н.П. Остроумов (1846–1930) [159, б. 96] бұл мектептердің схоластикалық-діндарлық сипатын сипаттай келе, олардың біртіндеп жергілікті тұрмыстық жағдайларға бейімделе отырып қалыптасқанын әрі нығая түскенін, сондай-ақ, XX ғасырдың басында да өзектілігін жоғалтпағанын атап өтеді. Оның пікірінше, орыс әкімшілік ықпалы бұл мектептерге іс жүзінде әсер етпеген. Зерттеуші бұл оқу орындарының жергілікті мұсылман қоғамына терең тамыр жайғанын ғана емес, тарихи өміршеңдігін де көрсетіп, оларды реформалау әрекеттерінің ойластырылған және мәжбүрлемейтін сипатта болуы қажеттігін ескертеді. Әйтпесе, кері регрессивті өзгерістердің пайда болуы сөзсіз екенін атап көрсетеді.

1920 жылдың мамыр айында өткен халық ағарту бөлімдері меңгерушілерінің I съезінде М.Абдурашидханов (1878–1931) Түркістандағы уақыптар туралы баяндама жасап, Халық ағарту халық комиссариатының Түркі бөлімшесі атынан сөз сөйледі [159, б. 97]. Онда уақып қаражаттарын пайдалану арқылы, үкіметтің тиісті көмегімен, мыңдаған ескі әдіспен оқытатын мектептер мен медреселерді оқыту бағдарламаларын өзгертіп, басқа да қажетті шараларды қабылдау арқылы діни оқу орындарын «мәдени-ағартушылық орталықтарға» айналдыру ұсынылды. Яғни, дәстүрлі исламдық оқу орындарын біртіндеп зайырлы мекемелерге айналдыру көзделді. М.Абдурашидханов бұл реформаның қажеттілігін былайша түсіндірді: Орталық Азиядағы ортағасырлық мектептер мен медреселерде исламдық білімдермен қатар араб тілі, логика, география, астрономия, математика, медицина сияқты зайырлы пәндер де оқытылған. Мұндай мектептерден «ұлы ғалымдар, философтар» шыққан. Алайда Ресейдің отарлық жаулап алуы нәтижесінде билік мәдени-ағартушылық уақыптарды жойып жіберді. Соның нәтижесінде бұл мектептер тек діни сипатта қалып қойды. Ендігі міндет – оларды халыққа пайдалы мекемелерге айналдыру арқылы реформалау. М.Абдурашидханов ұсынған модельге сәйкес, бұл мектептерде ислам сенім негіздері, Құран оқуы, ислам тарихы сияқты діни пәндермен қатар орыс, түркі, парсы, араб тілдері, арифметика, көркем жазу, география, жаратылыстану, әдебиет, сурет салу сияқты зайырлы пәндерді де оқыту қажет деп есептелді. Алайда кеңестік билік өзінің мақсатын бір ғана мектеп түрін – кеңестік мектепті – құру деп белгіледі. Ол конфессиялық білім беру желісін реформалауға емес, оны түбегейлі жоюға бағытталды. Осылайша, жәдидшілердің ескі исламдық оқу орнымен қатар зайырлы білім беру қағидаттарын біріктіретін жаңа мектеп құру туралы армандары коммунистік режим жағдайында жүзеге аспай қалды. Кеңес Одағы тұсындағы діни қуғын-сүргін кезеңінде барлық мұсылмандық оқу орындары жабылды. Дегенмен, тек

екі медресе – Бұхара қаласындағы Мири-Араб медресесі мен Ташкенттегі Баракхан медресесі (1971 жылдан бастап – Ташкент Ислам институты) ғана жұмыс істеуін жалғастырды [125, б. 4]. Бұл оқу орындары кеңестік кезеңдегі мұсылман діни кадрларын даярлаудың жалғыз орталықтары ретінде қызмет атқарды. Кеңес Одағы тарағаннан кейін, ТМД елдерінде исламдық діни білім берудің институционалдық құрылымдары қайта жанданып, медреселер желісі біртіндеп қалпына келтіріле бастады.

Бірінші бөлім бойынша тұжырым

Зерттеу жұмысының бірінші бөлімінде Қазақстандағы исламдық білім беру жүйесінің тарихи қалыптасуы мен эволюциялық даму кезеңдері ғылыми тұрғыда талданды. Сонымен қатар, зерттеу міндеттеріне сәйкес:

- Қазақстан аумағында ислам дінінің таралуы ұзақ мерзімді әрі күрделі тарихи-мәдени үдеріс ретінде бағаланады. VIII ғасырдан бастап ислам өркениетінің элементтері мен діни білім беру құрылымдары қазақ даласының оңтүстігінен бастап біртіндеп солтүстік және орталық аймақтарға тарала отырып, елдің рухани кеңістігінде орнықты. Зерттеу барысында қолданылған тақырыптық-хронологиялық әдіс исламдық білім беру жүйесінің қалыптасу және даму кезеңдерін жүйелі түрде сипаттауға мүмкіндік берді. Нәтижесінде исламның таралу хронологиясы жасақталып, діни білім беру құрылымдарының кеңістіктік-тарихи эволюциясы айқындалды.

- Ислам дінінің таралуы ортағасырлық кезеңде Қазақстанда ғылыми, құқықтық және философиялық ойдың дамуына серпін беріп, бірқатар ірі діни-білім беру орталықтарының пайда болуына негіз болды. Бұл үдеріс исламның тек діни емес, сонымен қатар әлеуметтік, мәдени және саяси трансформациялардың маңызды тетігі болғанын көрсетті. Исламдық білім беру жүйесі өзінің тарихи даму барысында діни іліммен қатар, зайырлы білім негіздерінің қалыптасуына да ықпал етті.

- Исламдық білім беру жүйесінің тарихи-өркениеттік негіздерін кешенді зерделеу нәтижесінде оның эволюциялық дамуын сипаттайтын құрылымдық модель ұсынылды. Бұл модель жүйенің қалыптасу заңдылықтарын, мазмұндық құрылымын және қазіргі заманға дейінгі қызмет ету ерекшеліктерін ғылыми тұрғыда сипаттайды. Сонымен қатар, ислам діні мен білімінің сабақтастығы, оның Орталық Азия мен қазақ даласындағы көрнекті ғұламалар мен медреселер арқылы жүзеге асқаны көрсетілді.

Зерттеу нәтижесінде исламдық білім беру жүйесінің тарихи дамуы, мазмұндық құрылымы мен өркениеттік рөлі ғылыми негізде тұжырымдалды. Ислам білімінің тек діни тәрбие беру құралы ғана емес, сонымен қатар жалпыадамзаттық өркениетке үлес қосқан білім мен ғылымның күрделі құрылымы екені дәлелденді. Қазақ даласында қызмет еткен медреселер мен

ғұламалардың мұрасы қазіргі исламтану, тарихи-педагогикалық және мәдени зерттеулер үшін маңызды дереккөзі болып табылады.

2 ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ИСЛАМДЫҚ БІЛІМ БЕРУДІҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ: ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ ҚҰРЫЛЫМДАР МЕН ОҚУ ӘДІСТЕМЕЛЕРІ

2.1 Қазақстандағы исламдық білім беру: әдеби шолу

Қазақстандағы исламдық білім беру жүйесі терең тарихи тамырларға ие және рухани-мәдени дәстүрлермен тығыз байланыста дамыған. Қазіргі кезеңде бұл жүйе діни сана мен рухани құндылықтарды қалыптастыруда, сондай-ақ, ұлттық бірегейлікті нығайтуды қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Осыған байланысты отандық және шетелдік ғалымдар исламдық білім беру феноменін әртүрлі теориялық және қолданбалы қырлардан зерттеуде. Зерттеу жұмысының мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес тақырып аясында жүйелі әдеби шолу жүргізу – аталған саладағы ғылыми жетістіктерді саралауға, зерттелмеген аспектілерді айқындауға және болашақ зерттеулер үшін негіз қалыптастыруға мүмкіндік береді. Осы мақсатта зерттеу барысында PRISMA әдістемесі қолданылды. PRISMA әдісі жүйелі шолулар мен мета-талдаулар жүргізу және олардың нәтижелерін жариялау үдерісін халықаралық стандарттарға сәйкес жүзеге асыруға арналған құрал [124]. Бұл әдіс зерттеу нәтижелерінің толықтығы мен ашықтығын қамтамасыз ету үшін кеңінен қолданылады және білім беру, әлеуметтік, сондай-ақ, гуманитарлық ғылымдар салаларында ғылыми ізденістердің сапасын арттыруда тиімді құрал ретінде танылған.

Зерттеудің бастапқы кезеңінде 2002–2024 жылдар аралығын қамтитын Scopus және Google Scholar ғылыми дерекқорларынан ақпараттық іздеу жүргізілді. Іздеу үдерісінде алдын ала белгіленген кілттік сөздер жиынтығы пайдаланылды (2.1-кесте). Іздеу нәтижесінде 818 жарияланған ғылыми материал анықталды. Алдын ала сүзгілеу нәтижесінде «Дінтану» және «Исламтану» саласына тиесілі, ашық қолжетімді 607 мақала іріктелді. Зерттеу тақырыбы мен мақсатына сәйкес келетін 202 мақала терең мазмұндық және әдістемелік талдауға алынды.


Кесте 2.1 - Таңдалған кілттік сөздер

Сипаттамасы		Деректер базасы	Кілттік сөздер
Жылы	Саны		
2002-2024	607	Scopus, Google Scholar	(ALL (islam AND education) AND ALL (kazakhstan) AND ALL (religion) AND ALL (central AND asia) AND ALL (social AND sciences))

Іріктеу критерийлеріне келесі талаптар енгізілді:

- мақаланың тақырыптық мазмұнының зерттеу шеңберіне сәйкестігі;
- ашық қолжетімділігі;
- мазмұндық қайталанбауы.

Алып тастау критерийлеріне сәйкес тақырыпқа қатысы жоқ, ашық қолжетімді емес немесе мазмұны қайталанатын жарияланымдар зерттеу аясынан шығарылды (2.1-сурет).




Сурет 2.1 - Prisma бойынша іріктеу процесі

Ескерту: Автор құрастырған

Қазақстандағы исламдық білім беру саласына арналған ғылыми зерттеулердің деректері аталған бағытқа деген академиялық қызығушылықтың артып келе жатқанын және зерттеулердің қарқынды даму үдерісін айқын көрсетеді. Өз кезегінде, исламдық білімге қатысты ғылыми қызығушылық деңгейін бағалауға, сондай-ақ, зерттеу тақырыптарының мазмұндық кеңеюі мен тереңдеу үрдістерін талдауға мүмкіндік береді.

Жүргізілген библиометриялық талдау нәтижелері зерттеу аясында жиі қолданылатын дереккөз түрлерін анықтауға негіз болды. Атап айтқанда, пайдаланылған дереккөздердің 36,9%-ын ғылыми мақалалар құрайды. Бұл аталмыш бағыттағы зерттеулердің негізгі ғылыми платформаларда кеңінен ұсынылатынын көрсетеді. Сонымен қатар, пайдаланылған материалдардың 51,2%-ы оқулықтардан, 7,6%-ы оқулық тарауларынан, ал 0,2%-ы конференция материалдарынан тұрады. Қалған пайыздық үлес интернет дерек-көздерден алынған ақпараттық материалдарға тиесілі. Бұл көрсеткіштер ғылыми мақалалар мен оқулықтардың исламдық білім беру саласындағы зерттеулердің негізгі әрі


басым ақпараттық базасы ретінде қалыптасқанын дәлелдейді (2.2-сурет).



Сурет 2.2 - Жарияланған құжат түрлері

Ескерту: Автор құрастырған


Жүргізілген талдау нәтижелері көрсеткендей, Орталық Азия мен Қазақстандағы дін саласы және исламдық білім беру мәселелері бойынша ең көп ғылыми зерттеу жүргізген ел – АҚШ. Одан кейінгі орындарда Қазақстан мен Ұлыбритания мемлекеттері орналасқан. Бұл деректер аталған тақырыпқа деген ғылыми қызығушылықтың белгілі бір елдерде жоғары деңгейде екендігін және зерттеу белсенділігінің артып отырғанын көрсетеді. Қазақстан тарапынан зерттеулердің көптеп жүргізілуі осы тақырыптың ұлттық маңыздылығы мен ғылыми өзектілігін айғақтайды. Ел ішінде дін және исламдық білім беру саласына қатысты зерттеу белсенділігінің жоғары болуы исламдық дәстүрлердің тарихи және әлеуметтік маңызымен, сондай-ақ, заманауи білім беру жүйесімен ұштасуының нәтижесі болып табылады (2.3-сурет).



Сурет 2.3 - Елдер бойынша жарияланымдар

Ескерту: Автор құрастырған

2.4-суретте Исламдық білім беру немесе оған қатысты тақырыптар бойынша жарияланған ғылыми құжаттар санына қарай жетекші ұйымдардың ғылыми белсенділігі көрсетілген. Бұл диаграмма исламдық білім беру саласына қатысы бар ғылыми-зерттеу институттары мен жоғары оқу орындарының үлесін айқындауға мүмкіндік береді.



Сурет 2.4 - Ұйымдар бойынша жарияланымдар


Ескерту: Автор құрастырған

Зерттеу нәтижелері бойынша аталған салада ең көп жарияланым жасаған ұйым – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (21 жарияланым). Бұл жоғары оқу орны Қазақстанда исламдық білім беру бойынша жетекші академиялық орталық ретінде танылды. Назарбаев Университеті (17

жарияланым) – қазіргі заманғы зерттеу университеті ретінде діни білім мен мәдениет аралық зерттеулер саласында белсенді қызмет атқаруда. Оксфорд университеті (University of Oxford) 10 жарияланыммен Батыс елдері арасында Орталық Азия мен исламдық білім беру мәселелерін зерттеуге елеулі үлес қосып отырған жетекші ғылыми орталықтардың бірі болып табылады. Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті (9 жарияланым) – Қазақстандағы негізгі исламдық жоғары оқу орны ретінде діни білім беру жүйесінде маңызды рөлге ие. Сонымен қатар, Канзас университеті (University of Kansas), Ресей ғылым академиясы (Russian Academy of Sciences), Сент-Эндрюс университеті (University of St Andrews), Колумбия университеті (Columbia University), Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, философия, саясаттану және дінтану институты сынды ұйымдардың әрқайсысы 7 ғылыми жарияланым ұсынып, ислам, мәдениет және діни білім беру саласына қызығушылық танытып отырғанын көрсетті.

Жалпы алғанда, Қазақстандық университеттер – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Назарбаев Университеті, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ және Нұр-Мұбарак университеті – исламдық білім беру саласында жетекші позицияны иеленуде. Сонымен қатар, University of Oxford және Columbia University сияқты беделді шетелдік университеттердің де бұл бағыттағы ғылыми белсенділігі жоғары. Аталған деректер Қазақстандағы исламдық білім беру жүйесінің тек ұлттық деңгейде ғана емес, сонымен қатар, халықаралық ғылыми қауымдастықтың да назарында екенін дәлелдейді.

Scopus дерекқорындағы жарияланымдар санына негізделген исламдық білім беру және Орталық Азиядағы діни зерттеулер тақырыбында белсенді авторлар 2.5-суретте ұсынылған.



Сурет 2.5 - Авторлар бойынша жарияланымдар

Ескерту: Автор құрастырған

Бұл авторлар – исламдық білім беру, діни саясат және Орталық Азиядағы рухани өзгерістер мәселелерін зерттеуде халықаралық ғылыми қауымдастықтың белсенді және жетекші өкілдері. Атап айтқанда, Achilov D. (University of Massachusetts Dartmouth) және Almukhametov A. (Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті) Қазақстан контексіндегі исламдық білім беру мәселелерін зерттеуде елеулі үлес қосқан ғалымдар. Олардың еңбектері исламдық білімнің институционалдық дамуы, діни сана қалыптастыру және мемлекет пен дін қарым-қатынасы мәселелерін ғылыми тұрғыда зерделеуге бағытталған.

Жүргізілген әдістемелік талдау Қазақстандағы исламдық білім беру жүйесінің қазіргі жағдайын жан-жақты әрі жүйелі зерттеу қажеттілігін айқындайды. Мұндай талдау тек қолданыстағы ахуалды сипаттаумен шектелмей, сонымен қатар исламдық білім беру сапасын арттыру, институционалдық құрылымдарды жетілдіру және стратегиялық даму бағдарларын қалыптастыруға негіз болатын ғылыми тұғыр ретінде қарастырылады. Зерттеу шеңберінде жиі сілтеме жасалған негізгі ғылыми еңбектер мазмұндық тұрғыдан сараланып, олардың ғылыми жаңалығы, әдіснамалық негіздемесі мен практикалық маңыздылығы тұрғысынан күшті және әлсіз жақтары талданды (2.2-кесте). Ғылыми нәтижелердің құрылымдық және мазмұндық сипатын тереңірек ашу мақсатында зерттеулер тақырыптық санаттарға жіктеліп, жүйеленді.

Кесте 2.2 - Scopus деректер базасындағы Қазақстандағы исламдық білім беру бойынша негізгі зерттеулердің артықшылықтары мен кемшіліктері және дәйексөз саны

Авторлар, жылы	Дәйексөз саны	Зерттеудің күшті жақтары	Зерттеу әлсіз жақтары
Kemper, M., Motika, R., & Reichmuth, S. (Eds.). (2010) [59]	53	Исламдық білім беру мәдени бірегейлікті сақтау мен қоғамдастықтың әлеуметтік тұтастығын нығайтуда маңызды рөл атқарғаны атап өтіледі. Қазақстан және Дағыстан сияқты елдер өз мәдени-тарихи мұраларына сүйене отырып, исламдық білім берудің жергілікті модельдерін қалыптастырды.	Посткеңестік елдердегі, әсіресе жаһандану мен діни экстремизм қауіптері аясындағы исламдық білімнің қазіргі жағдайы жеткілікті зерттелмеген. Мемлекеттік шектеулер мен қолдаудың білім беру мазмұны мен ұстаздардың біліктілігіне ықпалын терең зерттеу қажет.
Achilov D. (2012) [122]	20	Исламдық білім әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етіп, толерантты діни дүниетанымды қалыптастыруға ықпал етеді.	Дін саласындағы мамандарға сұраныс артып жатқанымен, оларды дайындайтын білім беру ұйымдарының саны жеткіліксіз. Бұл – әсіресе

		Демократиялық құндылықтар мен еркін таңдау ұстанымдарына негізделген.	жастар арасында айқын көрінетін ұсыныс пен сұраныс арасындағы теңгерімсіздік.
Kartabayeva Y., Soltyeva B., Beisegulova A.(2015) [23]	17	Діни білім беру рухани және мәдени бірегейлікті қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Ғылыми және бейтарап тәсіл арқылы әртүрлі діни дәстүрлерге түсіністікпен қарауға үйретеді.	Жоғары оқу орындарында діни білім беруге арналған бірыңғай әдістеме жоқ. Қазақ және орыс тілдерінде қазіргі заманға сай оқу құралдарының тапшылығы байқалады.
Achilov D. (2015) [126]	14	Исламдық білім беру жүйесін заманауи талаптарға сай жаңғырту, инновациялық және шығармашылық әдістерді енгізу қажеттілігі көрсетіледі.	Білім сапасын қамтамасыз етуге арналған бірыңғай тәсілдің болмауы жүйенің тиімділігін төмендетеді. Заманауи талаптар мен ұлттық ерекшеліктерді ескере отырып, үйлесімді және бірізді тәсілдерді қалыптастыру қажет.
Shaykhutdinov R., Achilov D. (2014) [127]	14	Ислам, саяси ислам және азаматтық белсенділік арасындағы өзара байланыстар зерттелген. Әлеуметтік капиталдың дамуына әсер ететін факторлар қарастырылған.	Діни жаңғырудың ұжымдық әрекеттер мен саяси процестерге әсеріне қатысты жүйелі зерттеулер аз. Бұл аймақтағы діни және саяси факторлар арасындағы өзара ықпалдастықты терең түсінуді шектейді.
Podoprigora R. (2018) [61]	11	Кеңестік кезеңдегі діни шектеулердің салдары қазіргі білім беру саясатына әсер етіп отыр. Мемлекет дін саласына қатысты сақтықпен қарайды.	Исламдық білім беру саласының институционалдық және ғылыми дамуы жеткіліксіз. Бұл – саланың зерттелуіне және әлеуетінің дамуына кедергі келтіреді.
Bektenova, M. K., Seitakhmetova, N. L., Kurmangaliyeva, G. K., Satershynov, B. M., &	10	Исламдық білім беру жүйесі зайырлы және діни құндылықтарды үйлестіре отырып, қоғамның зияткерлік және рухани дамуына ықпал етеді.	Қазақстанда исламдық білім берудің ұлттық даму стратегиясының болмауы оның сапасы мен тиімділігіне кері әсер етеді. Заманауи стандарттар мен технологияларды енгізу қажет.

Sartayeva, R. S. (2017) [63]			
Nadirova, G., Kaliyeva, S., Mustafayeva, A., Kokeyeva, D., Arzayeva, M., & Paltore, Y. (2016) [21]	10	Тәуелсіздік алғаннан кейін діни білімге қызығушылық артты. Мемлекеттік бақылау жағдайында әртүрлі діни дәстүрлермен танысуға бағытталған білім беру діни экстремизмнің алдын алуға септігін тигізеді. Ислам ілімдері арқылы рухани бірегейлік пен мәдени мұраны нығайту. Тепе-теңдікті сақтау, діни және зайырлы білімнің үйлесімді өмір сүруіне ықпал етуді және заманауи қоғамның мәселелерін бір мезгілде шешуді көздейді.	Діни білім берудің бірыңғай тұжырымдамасының болмауы білім беру мақсаттары мен мазмұнының сәйкессіздігіне әкеледі. Көп жағдайда маман емес тарих пәнінің мұғалімдері діни пәндерді жүргізеді. Зайырлы біліммен ықтимал қақтығыстар және исламның әртүрлі түсіндірмелерін үйлестірудегі қиындықтар.

Соңғы жылдары жарық көрген ғылыми жарияланымдар Қазақстандағы исламдық білім беру саласында бірқатар ғылыми-практикалық олқылықтардың бар екенін көрсетуде. Атап айтқанда, діни білім берудің идеологиялық, құқықтық және педагогикалық аспектілерін жеткілікті деңгейде кешенді түрде қарастыру қажеттілігі байқалады. Бұл өз кезегінде аталмыш бағыттағы болашақ зерттеулердің маңызын арттырып, исламдық білім беру жүйесінің теориялық және практикалық негіздерін одан әрі тереңдетуді талап етеді.

Қазақстандағы исламдық білім беру жүйесінің қазіргі жағдайы ұзақ жылдар бойы қалыптасқан әлеуметтік, тарихи және мәдени факторлардың өзара байланысымен ерекшеленеді. Зерттеулер қазіргі технологиялардың педагогикалық тәсілдерді өзгертуге және исламдық білім беру сапасын арттыруға мүмкіндік беретінін көрсетеді. Pham D. [128] қазіргі қоғамның сұраныстары мен әлеуметтік қажеттіліктеріне сәйкес исламдық білім беру жүйесін қайта қарау және жаңғырту қажеттілігін баса көрсетеді. Бұл ұсыныстар Қазақстандағы исламдық білім беру жүйесінің дамуын қамтамасыз етудің және оны ұлттық білім беру жүйесіне үйлесімді түрде интеграциялаудың негізгі бағыттарын анықтайды.

Интеграциялық тәсіл - исламдық білім беру жүйесінің сапасын арттыра отырып, оны заманауи стандарттарға сәйкестендіреді және ұлттық ерекшеліктерді сақтайды. Мұндай шаралар қоғамның мәдени және білім беру қажеттіліктеріне жауап беретін тиімді әрі тұрақты білім беру жүйесін қалыптастыруға ықпал етеді. Осылайша, мәдени және діни аспектілерді ескере отырып, Қазақстандағы исламдық білім беру жүйесін дамыту оқыту

стратегияларын жетілдіруді және діни-ғылыми тәсілдерді үйлестіруді талап етеді. Мұндай кешенді тәсіл ұлттық бірегейлікті нығайтады және қазіргі заманғы талаптарға жауап беретін тұрақты және тиімді білім беру жүйесін дамытуға жағдай жасайды.

Қазақстандағы исламдық білім беру жүйесі дамып келе жатқанына қарамастан, оның негізгі проблемалары – зайырлы және діни құндылықтарды үйлестіру және экстремистік идеологиялардың ықпалын азайту болып қала береді. Бұл мәселелерді шешу исламдық білімді кеңейтуге ықпал етеді. Қазақстандағы исламтану мамандығы қазіргі уақытта ерекше маңызға ие. Ол тек діни білім берумен ғана шектелмейді, керісінше, жастардың теріс идеяларды қабылдауына жол бермеуді мақсат етеді. Сонымен қатар, исламтану дәстүрлі исламдық қағидалар мен идеяларды тарихи және мәдени контексте түсіндіру арқылы радикализм мен экстремизмге қарсы тұру қабілетін арттырады. Бұл тәсіл қоғамның рухани тұрақтылығын және ұлттық бірегейлігін нығайтуға қызмет етеді.

Зерттеу жұмысы Қазақстан Республикасындағы исламдық білім беру жүйесінің дамуының негізгі үрдістері мен проблемаларын талдауға бағытталған. Осы мақсатқа қол жеткізу және бұл сала эволюциясына әсер ететін негізгі факторларды анықтау үшін тарихи, ретроспективті және мәдени әдістер қолданылды. Зерттеу нәтижелері жаһандық өзгерістердің білім беру жүйесіне және діни тәжірибеге әсерінің маңыздылығын көрсетеді (2.3-кесте). Сонымен қатар, Қазақстандағы исламдық білім беру жүйесін тереңірек түсіну және оны жетілдіру үшін үнемі ғылыми зерттеулер мен сараптамалық жұмыстар жүргізудің қажеттілігі атап өтіледі.

Кесте 2.3 - Google Scholar деректер базасындағы Қазақстанда ислами білім беру жүйесінің артықшылықтары мен кемшіліктерін сипаттап өткен ғалымдар

Авторлар, жыл	Ислами білім беру жүйесі	Артықшылығы	Кемшіліктері
Бегалинова К. К. (2022). [13]	Қазақстандағы исламдық білім беру жүйесі отандық тәжірибені нығайту арқылы мәдени даму мен діни төзімділікті арттыруға ықпал етеді.	Ислам университеттерінің құрылуы исламтану саласында мамандандырылған кадрлар даярлауды қамтамасыз етіп, ғұламалардың жаңа ұрпағын қалыптастыруға елеулі үлес қосады.	Экстремистік ұйымдардың ықпалынан қорғау және дәстүрлі ислам ілімдерін заманауи білім беру стандарттарымен үйлестіретін теңгерімді оқу бағдарламасын әзірлеу қажеттілігі.

Mustafayeva, A., Paltore, Y., Pernekulova, M., & Meirim, I. (2023). [20]	Қазақстандағы исламдық білім беру жүйесі рухани вакуумды жоя отырып, мәдени жаңғыру мен рухани өзін-өзі тануға ықпал етеді.	Кеңестік атеизмнің ондаған жылдарынан кейін ұлттық бірегейлік пен діни құндылықтарды қалпына келтіруге ықпал етті.	Радикалдық ағымдардың күшеюі және әртүрлі діни идеологияларды біріктірудегі қиындықтар.
Beisenbayev, B., Almukhametov, A., & Мұхаметшин, Р. М. (2024). [129]	Қазақстандағы исламдық білім беру жүйесі мәдени бірегейлікті нығайта отырып, дәстүрлі ілімдерді заманауи құрылымдармен үйлесімі.	Зайырлы біліммен ықпалдасу, Ислам ілімдерін заманауи білім беру тәжірибесімен ұштастыру.	Жаһандануға бейімделу және білім беру сапасын қамтамасыз ету сияқты қиындықтар, бұл тұрақты даму мен білім беру тиімділігін арттыруға бағытталған ұлттық стратегияларды қажет етеді.
Жолмухан Т., Кайырбеков Н., Марас И. (2023). [130]	Қазақстандағы исламдық білім беру жүйесі діни және ұлттық бірегейлікті нығайтып, адамгершілік құндылықтарды дамытуға ықпал етеді.	Діни білім Қазақстандағы ұлттық бірегейлік пен реформаларды қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.	Зайырлы қоғамда діни білімнің ықпалының төмендеуіне әкелетін секуляризация мен білім беру үлгілері арасындағы бәсекелестікке байланысты бірқатар қиындықтар
Alpyspaeva G. A., Abdykarimova S. (2022). [131]	-	Қазақстандағы исламдық білім беру жүйесі қоғамға жақын болу, моральдық мәселелерге назар аудару.	Ескірген оқыту әдістері сияқты кемшіліктерге тап болып, кеңестік саясат кезеңіндегідей оның құлдырауына әкелді.
Seytov, M. (2020). [132]	Қазақстандық исламдық білім беру жүйесі үлкенге құрмет пен адамгершілік құндылықтарды тәрбиелеп, қоғамды бірлікке шақырады.	Заманауи қоғамдағы интеграциясы мен тиімділігіне ислам дінінің ықпалы.	Қазіргі зайырлы дәуір мен тарихи сілкіністердің әсерінен туындаған қиындықтар.
Muratkhon, M., Kalmakhan, Y., Tussufkhan, I., Akimkhanov, A., & Samet, O. (2021). [22]	Исламдық білім беру жүйесі қазақы болмысты нығайтып, қоғамдағы білім деңгейін арттыру.	Мәдени сабақтастықты дамытады.	Білім беру мазмұнының кеңеюіндегі ықтимал шектеулер мен басқа білім беру жүйелерінен оқшаулану қаупі.


Shanbayeva, A., Kantarbayeva, Z., & Mahoney, J. B. (2024). [133]	Қазақстандағы исламдық білім беру жүйесінің рухани-адамгершілік құндылықтарды дәріптеу.	Мәдени мұраны сақтау, оқытудың заманауи әдістерін, соның ішінде ақпараттық технологияларды пайдалану.	Деструктивті діни ағымдармен, радикализммен және экстремизммен байланысты проблемалар, білім беру бағдарламаларын жетілдіру.
Yemelianova, G. M. (2014). [134]	-	Қазақтың этникалық және исламдық рәміздерінің қоғамдық өмірге енуі, сондай-ақ, мешіттер, медреселер мен исламдық білім беру мекемелерінің көбеюімен сипатталатын исламның айтарлықтай жаңғыруы.	Этникалық қазақ элитасының жанама және ішінара салафизациялануының қазақтың мемлекеттік құрылымы мен қоғамына тигізетін ықтимал зардаптары.

Қазақстандағы исламдық білім беру жүйесінің негізгі мақсаты діни білімнің сапасын арттырумен қатар, ұлттық құндылықтарды, мәдени мұраны сақтау және ғылым мен дәстүрдің үйлесімділігін қамтамасыз ету. Қазіргі қоғамда діни және зайырлы білім арасындағы шекараның айқындығы, сондай-ақ, ғылыми білім мен дәстүрлі діни оқытудың үйлесуі жастардың рухани және интеллектуалдық дамуына ықпал етеді. Бұл үдеріс қоғамның әлеуметтік және мәдени дамуына оң әсер етіп, келешек ұрпақтың әділеттілік, толеранттылық және өзара құрмет қағидаттарын бойына сіңіруіне мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе, Исламдық білім беру жүйесінің бейбітшілік пен келісімге негізделген қоғамның рухани және мәдени дамуына қосқан үлесі жан-жақты талданады және оның Қазақстанның әлеуметтік-мәдени кеңістігіндегі маңыздылығы айқындалады.

2.2 Қазақстандағы қазіргі исламдық білім беру мекемелерінің қызметі

Қазақстан Республикасы Ұлттық статистика бюросының 2024 жылғы деректеріне сәйкес, ел халқының шамамен 75%-ы өзін мұсылман деп санайды (2.6-сурет). Бұл көрсеткіш исламның өңірдегі тарихи тамырының тереңдігін және оның қазақстандық ұлттық бірегейлік пен мәдени құндылықтардың қалыптасуындағы тұрақты ықпалын айғақтайды [135].



Сурет 2.6 - Қазақстан туралы ақпарат (Ұлттық статистика бюросы, 2024 ж.).

Ескерту: Әдебиет негізінде құралған [135]

2023 жылғы статистикалық деректерге сәйкес [7], Қазақстанда 4 650 имам қызмет атқарады, олардың ішінде 1 260 бас имам, 1 004 наиб имам, 423 азаншы, 613 ұстаз және 1 325 молда бар. ҚМДБ филиалдарында жұмыс істейтін дін қызметкерлерінің жалпы санының 1 634 немесе 35% жоғары білімді мамандарды құрайды (2.7-сурет). Бұл көрсеткіш Қазақстандағы діни білім беру мен басқару саласында білікті мамандарға деген сұраныстың жоғары екенін айқындайды. Осыған байланысты ҚМДБ қарамағындағы дін қызметкерлерінің кәсіби біліктілігін жетілдіру және жаңа кадрларды даярлау мәселесі өзекті болып отыр. Бұл бағыттағы жүйелі шаралар Қазақстандағы ислами білім берудің сапасын арттыруға және институттардың тұрақты дамуын қамтамасыз етуге ықпал етеді.




Сурет 2.7 - Діни қызметтің жағдайы туралы ақпарат

Ескерту: Әдебиет негізінде құралған [65]

Қазақстанда исламдық білім беру жүйесі көпдеңгейлі құрылымға ие және бірнеше бағыт бойынша ұйымдастырылған. Бұл жүйе ел халқының рухани және мәдени дамуына елеулі үлес қосып, дәстүрлі исламның Ханафи мәзһабы негізіндегі құндылықтарын насихаттауға бағытталған. Сонымен қатар, ол діни білімнің қолжетімділігін арттырып, діни бірегейлікті нығайтуға ықпал етеді. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында «Дінтану», «Исламтану» және «Теология» мамандықтары бойынша кадрлар даярлау еліміздің сегіз жоғары оқу орнында жүзеге асырылуда [7, 3-4]. Бұл оқу орындары исламдық білім беру саласында жоғары білікті мамандарды даярлауға және Қазақстандағы діни білім беру жүйесін жетілдіруге бағытталған. Қазақстандағы исламдық білім беру жүйесінің қалыптасуы мен дамуына ықпал еткен жетекші жоғары оқу орындарының қатарында (2.8-сурет):

- «Нұр-Мұбарак» Египет ислам мәдениеті университеті;
- Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті;
- әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті;
- Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті;
- Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті.



Сурет 2.8 - Қазақстан Республикасындағы исламдық білім беру ұйымдары

Ескерту: Әдебиет негізінде құралған [140]

Бұл оқу орындары исламдық білім беру жүйесін дамытуда маңызды орынға ие болып, дін саласындағы жоғары білікті мамандарды даярлау ісінде жетекші рөл атқарады. Қазақстанда «Дінтану», «Исламтану» және «Теология» бағыттары бойынша мамандар даярлау қарқыны жыл сайын артып келеді. 2023 жылғы статистикалық деректерге сәйкес [7, 4-8], бұл мамандықтар бойынша жоғары оқу орындарын 514 түлек тәмамдаған. Олардың ішінде 428 бакалавр, 73 магистр және 13 ғылым докторы бар. Мамандандырылған түлектердің үлесі келесідей бөлінді: Дінтану – 186, Исламтану – 245, Теология – 83.

«Дінтану» білім беру бағдарламаларына (БББ) арналған ресми құжатта Қазақстанның түрлі жоғары оқу орындары бойынша бакалавриат, магистратура және докторантура деңгейлерінде жүзеге асырылатын дінтану және оған жақын салаларға қатысты 30-дан астам білім беру бағдарламасы тіркелген [175]. Қазақстандағы дінтану саласындағы кадр даярлау жүйесі жетекші жоғары оқу орындарында көпдеңгейлі білім беру негізінде жүзеге асырылады. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті дінтану саласында бакалавриат, магистратура және докторантура деңгейлерінде білім береді. Л.Н. Гумилев

атындағы Еуразия ұлттық университеті де осы үш білім беру деңгейінде (бакалавриат, магистратура және докторантура) толыққанды дінтану бағдарламаларын іске асырады. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті пәнаралық бағыттағы білім беруімен ерекшеленеді. Мұнда «Тарих–дінтану» және «Дінтану–саясат» сияқты біріктірілген бағдарламалар бакалавриат, магистратура және докторантура деңгейлерінде ұсынылған. Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті дәстүрлі және пәнаралық бағыттарды біріктіре отырып, бакалавриат және магистратура деңгейінде дінтанушы мамандар даярлауда. «Нұр-Мұбарак» Египет ислам мәдениеті университеті дінтану мен исламтану салаларын сабақтастыра отырып, бакалавриат, магистратура және докторантура деңгейлерінде білім беру бағдарламаларын ұсынады.

Бұл білім беру мекемелерінің үлгісі Қазақстандағы дінтану саласының түрлі деңгейде дамып жатқанын және оның пәнаралық ықпалдастыққа негізделіп жатқанын айғақтайды. Сонымен қатар, Қазақстан жоғары оқу орындарында дінтану білім беру бағдарламалары бірқатар пәнаралық бағыттармен үйлестірілген. 2023 жылы Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің дінтану кафедрасы және Халықаралық қазақ-түрік университеті Х.А. Ясауи «Дінтану-психолог» атты жаңа білім беру бағдарламасын әзірледі. Бұл бастама дінтану ғылымындағы пәнаралық тәсілдерді интеграциялау және білім беру мазмұнын заманауи талаптарға бейімдеу мақсатында жүзеге асырылып, дінтану мен психологияның өзара байланысын нығайтуға бағытталған. Сонымен қатар, А. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінде «Тарих және қоғамдық пәндер мұғалімі» білім беру бағдарламасы аясында діни білім беру бағытына арналған оқу бағдарламасы әзірленуде. Бұл қадам болашақ педагогтердің дінтану саласында терең білім алуына және оқыту әдістемелерін жетілдіруге мүмкіндік береді [7, 12-14]. Дінтану саласы келесі салалармен біріктірілген (2.4-кесте).

Кесте 2.4 - Дінтану бағдарламаларының пәнаралық байланысы

Біріктірілген салалар	Бағдарлама атауы
Философия	Философия-Дінтану, Дінтану және философия
Психология	Психология-Дінтану
Әлеуметтану	Әлеуметтану-Дінтану
Саясаттану	Дінтану және саясат
Тарих	Тарих-Дінтану, Тарих және дінтану

Бұл құрылым дінтану саласының гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдармен тығыз интеграциялануын, сондай-ақ, оның пәнаралық сипатын айқын көрсетеді. Сонымен қатар, Дін істері комитетінің ұсынысы бойынша жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларына жаңа пәндер енгізілуде. Мысалы, «Нұр-Мұбарак» Египет ислам мәдениеті университетінде 2023 жылдан бастап конфликтология, менеджмент және дін психологиясы курстары оқытылуда. Бұл өзгерістер дін мамандарын даярлаудағы кешенді тәсілдің маңыздылығын көрсетіп, олардың қазіргі қоғамның әлеуметтік және діни мәселелерін шешу дағдыларын дамытуға бағытталған. Бұл бастамалар дін саласындағы мамандарды даярлау мен олардың кәсіби біліктілігін арттыруда жүйелі және стратегиялық қадамдардың жүзеге асырылып жатқанын айғақтайды.

Көптеген дінтану білім беру бағдарламалары 2019–2020 жылдары жаңартылған, бұл өзгерістер бағдарламаларды мемлекеттік білім беру стандарттарына сәйкестендіру мақсатында жүргізілген реформалармен байланысты. 2023–2024 жылдары жаңа бағдарламалардың қосылуы – Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Атырау университеті, С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті сияқты өңірлік жоғары оқу орындарының дінтану саласындағы академиялық белсенділігінің артқанын көрсетеді. Дінтану білімінің айрықша ерекшелігі – оның пәнаралық интеграцияға бейімділігінде, бұл гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдармен кең көлемде ықпалдасуға жол ашады. Бағдарламалардың өзектілігі мен заманауи талаптарға сәйкестігі олардың жаңарту мерзімдерімен расталып отыр, бұл саладағы оқу мазмұнының үздіксіз жетілдіріліп жатқанын көрсетеді. Сонымен қатар, Қазақстанда «Теология» білім беру бағдарламасы үш жоғары оқу орнында жүзеге асырылуда. Олар:

1) Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде 6B02229 – «Теология» (бакалавриат) және 7M02262 – «Теология» (магистратура) бағдарламалары ұсынылған. Бұл бағдарламалар түркілік және исламдық мәдени-діни негіздерге сүйенген интеграцияланған сипатқа ие.

2) «Нұр-Мұбарак» Египет ислам мәдениеті университеті 6B02203 – «Теология» (бакалавриат) бағдарламасы аясында ислам теологиясы мен шариғат қағидаттарына негізделген кәсіби дайындық жүргізеді.

3) Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінде 6B02202 – «Теология» (бакалавриат) бағдарламасы іске асырылуда. Бұл бағдарлама 2022 жылы жаңартылған және зайырлы әрі дінаралық теологиялық көзқарасты қамтыған.

Жалпы, Қазақстандағы теология бағдарламалары негізінен исламдық теологиялық дәстүрге сүйенеді. Алайда, кейбір өңірлік жоғары оқу орындарында бұл бағдарлама зайырлы немесе конфессияаралық сипатта. Қожа Ахмет Ясауи атындағы университет қазіргі таңда теология бойынша көпдеңгейлі маман даярлауды жүзеге асыратын жетекші оқу орны ретінде ерекшеленеді. Бағдарлама

санының аздығы теология саласының елімізде әлі даму сатысында екенін көрсетеді. Соған қарамастан, бұл бағдарламалар арнайы бағытталған және сапалы теологиялық білім беруді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Талдау бойынша «Дінтану» және «Теология» білім беру бағдарламаларын жаңғырту үшін келесі ұсыныстарды ұсынамыз:

- *Білім беру бағдарламаларының өзектілігін арттыру*: қазіргі таңда дінтану және теология саласындағы көптеген білім беру бағдарламалары соңғы рет 2019 жылы жаңартылған, яғни қазіргі талаптардан едәуір артта қалған. Осыған байланысты, 2025 жылға дейін барлық бағдарламаларға толық ревизия жүргізу қажет. Бұл процесте жаңа нормативтік-құқықтық талаптар, жаһандық діни ахуалдың өзгерістері және заманауи ғылыми парадигмалар ескерілуі тиіс.

- *Пәнаралық бағдарларды кеңейту*: бүгінгі таңда тек санаулы жоғары оқу орындары ғана дінтану бағытын тарих, философия, саясаттану және психология сияқты пәндермен интеграциялаған. Сондықтан барлық ЖОО-дарында дінтану мен теологияны пәнаралық негізде дамытатын жаңа бағдарламалар әзірлеу қажет. Мысалы, «Дін және құқық» және «Дін және БАҚ» сияқты бағыттар. Бұл еңбек нарығына икемделген және көпсалалы сарапшыларды даярлауға жол ашады.

- *Ғылыми-зерттеу жұмыстары мен PhD деңгейін дамыту*: теология саласында магистратура бағдарламалары ұсынылғанымен, қазіргі таңда докторантура (PhD) деңгейіндегі білім беру бағдарламалары жетіспейді. Осыған байланысты Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті мен Нұр-Мұбарак университеттерінде докторантура (PhD) деңгейіндегі теология бойынша докторлық бағдарламаларды енгізу ұсынылады. Сонымен қатар, ғылыми кадрлар жетіспеушілігін еңсеру мақсатында PhD докторанттарға мемлекеттік гранттар мен шетелдік тағылымдамалар қарастырылуы тиіс.

- *Салыстырмалы дінтану және дінаралық зерттеулер бағытын дамыту*: қолданыстағы бағдарламалардың көпшілігі ішкі конфессиялық шеңберде шектеліп отыр. Бұл шектеулерді жою мақсатында салыстырмалы дінтану, конфессиялық этика пәндерін оқу үдерісіне енгізу ұсынылады. Мұндай пәндер, дінаралық түсіністік пен сараптамалық қабілеттерді дамытуға ықпал етеді, әсіресе, саясаттану, білім беру және бұқаралық ақпарат құралдары салаларында.

- *Практикалық дайындықты күшейту*: бағдарламалардың теориялық бағыттылығы басым болғанымен, қоғамдық салада тәжірибелі мамандарға сұраныс артып отыр. Осыған байланысты оқу жоспарларына қоғаммен жұмыс, экстремизмнің алдын алу, діни медиасауаттылық, уәкілдік қызмет негіздері пәндерін енгізу қажет. Сонымен қатар, мешіттермен, үкіметтік емес ұйымдармен және мемлекеттік мекемелермен тәжірибелік ынтымақтастықты күшейту ұсынылады.

- *Діни білім беруді ұлттық деңгейде стратегиялық үйлестіру*: Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі мен Дін істері жөніндегі

комитет, сондай-ақ, Діни сараптама орталығы бірлесе отырып, келесі стратегиялық шараларды қабылдауы қажет:

- 2025–2030 жылдарға арналған «Дін саласын дамытудың ұлттық стратегиясын» әзірлеу;

- барлық деңгейдегі білім беру бағдарламаларының мазмұнын жүйелеу және біріздендіру;

- ұлттық және халықаралық сарапшылардың қатысуымен бірыңғай дінтанулық білім беру стандартын қалыптастыру.

сондай-ақ,, зерттеу нәтижелері көрсеткендей, «Исламтану» және «Теология» салалары бойынша білім алған мамандар саны «Дінтану» бағытымен салыстырғанда шамамен төрт есеге көп. Бұл үрдіс жоғары оқу орындарындағы оқу бағдарламаларының бағытталуына және қоғамдағы діни білімге деген сұранысқа байланысты болуы мүмкін. Сонымен қатар, сала мамандарына деген сұраныс тұрақты түрде жоғары деңгейде сақталуда, әсіресе өңірлерде. Жыл сайын 1000-нан 1200-ге дейін маманға қажеттілік байқалады, бұл аталған бағыттардың еңбек нарығындағы өзектілігін көрсетеді. Айрықша назар аударуды қажет ететін мәселе – «Исламтану» саласындағы бакалавр түлектерінің саны магистрлік және докторлық дәрежелермен салыстырғанда едәуір басым болуы. Бұл жағдай саланың ғылыми-зерттеу әлеуетіне ықпал етуі мүмкін, себебі жоғары академиялық дәрежелі мамандардың үлесі салыстырмалы түрде төмен деңгейде қалып отыр. Осыған байланысты, зерттеу әлеуетін дамыту және жоғары білікті ғылыми кадрларды даярлау мәселесі өзекті болып табылады.

Бұл салада даярланған мамандар әртүрлі бағыттар бойынша кәсіби қызмет атқарады. «Дінтану» мамандары негізінен мемлекеттік қызметте және академиялық зерттеулер саласында жұмыс істейді. Олар облыстық дін істері басқармаларында және дін мәселелерін зерттеу орталықтарында қызмет етіп, қоғамдағы дін саласына қатысты сұрақтарды зерттеуге және талқылауға белсенді түрде қатысады. Сонымен қатар, бұл мамандар мемлекеттік деңгейде жүргізілетін дін саясатын қалыптастыруға және жүзеге асыруға атсалысады, яғни олардың қызметі мемлекеттік басқару мен дін саласындағы саясаттың тиімділігін арттыруға бағытталған. «Исламтану» және «Теология» мамандары көбінесе өңірлік ғылыми орталықтарда және ҚМДБ бөлімдерінде жұмыс істейді. Олардың негізгі міндеттерінің бірі дін мәселелері бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу және қоғамда діни сауаттылықты арттыру. Бұл сала мамандары ҚМДБ ұйымдастыратын іс-шараларға қатысып, Ислам дінінің негіздерін түсіндіруге бағытталған бағдарламаларды іске асырады.

Елеулі факторлардың бірі «Исламтану» мамандығы бойынша түлектердің үштен бірі әйелдер екендігі. Алайда, олардың басым бөлігі оқуын аяқтағаннан кейін еңбек нарығына кірікпей, кәсіби қызметпен айналыспайды. Бұл жағдай білікті Ислам теологтарының тапшылығына алып келіп, саладағы кадрлық қамтамасыз ету мәселесін күрделендіреді. Осыған байланысты, әйел

мамандардың кәсіби тұрғыда белсенділігін арттыру және оларды еңбек нарығына тарту «Исламтану» және «Теология» саласының болашақтағы өзекті міндеттерінің бірі болып табылады. Қазақстанда жыл сайын 500-ден астам студент «Дінтану», «Исламтану» және «Теология» мамандықтары бойынша жоғары оқу орындарын аяқтап, өңірлік кадрларға деген сұранысты ішінара қанағаттандырады. Дегенмен, саланың ағымдағы жағдайын талдау нәтижесінде бірқатар маңызды мәселелер анықталды. Олар:

- *Кадр тапшылығы*: «Исламтану» және «Теология» салаларында түлектер санының артуына қарамастан, білікті мамандардың жетіспеушілігі байқалады. Бұл Қазақстанның оңтүстік өңірлерінде оқу орындарының шоғырлануы және басқа әлеуметтік факторларға байланысты аймақтық деңгейде әртүрлі сипатқа ие болуында.

- *Өңірлік сұраныс*: Астана, Алматы, Атырау, Ақтөбе, Жамбыл, Маңғыстау және Түркістан облыстарында діни мамандарға деген қажеттілік ерекше жоғары. Бұл өңірлерде кадр тапшылығы өткір сезіліп, дін саласында қызмет ететін мамандардың жетіспеуі байқалады.

- *Тілдік құзырет*: Қазақ және орыс тілдерін еркін меңгерген, сондай-ақ, араб тілінде (құқықтық және діни мәтіндермен жұмыс істеу үшін) қарым-қатынас жасай алатын мамандар еңбек нарығында жоғары сұранысқа ие. Дегенмен, екітілді және көптілді мамандардың жеткіліксіздігі бұл салада қызмет көрсетудің сапасын төмендетуі мүмкін.

- *Жалақының төмен деңгейі*: облыстық Дін мәселелерін зерттеу орталықтарында жалақының төмен болуы жас мамандардың салада ұзақ мерзімді қызмет етуіне ынтасын азайтады. Бұл фактор білікті кадрлардың басқа салаларға ауысуына, сондай-ақ, саладағы кәсіби сабақтастық пен тәжірибе алмасу үдерісінің бұзылуына алып келеді.

- *Ауылдық жерлердегі жағдай*: «Исламтану» және «Дінтану» мамандықтары бойынша білім алған түлектер жалақының төмендігі немесе оның мүлдем болмауына байланысты ауылдық жерлерде имамдық қызметке баруға ынтасыздық танытады [137]. Бұл жағдай ауылдық аймақтарда діни білімнің таралуына және нығаюына кедергі келтіріп, қоғамда дін саласындағы сауаттылықты арттыруға кері әсерін тигізуі мүмкін.

Жалпы, саланың тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін мамандарды даярлау жүйесін жетілдіру, аймақтардағы әлеуметтік-экономикалық жағдайды жақсарту және жас мамандарды қолдау тетіктерін күшейту қажет. Осы бағытта:

- кадр даярлау сапасын арттыру мақсатында ғылыми-зерттеу жұмыстарын дамыту және жоғары дәрежелі академиялық мамандар санын көбейту;

- жас мамандар үшін ынталандыру бағдарламаларын енгізу, оның ішінде еңбекақы мөлшерін арттыру және қызметтік өсу мүмкіндіктерін кеңейту;

- ауылдық жерлердегі кадрлық қамтамасыз етуді жақсарту үшін әлеуметтік қолдау шараларын енгізу (баспана беру, гранттық бағдарламалар, жалақы көтеру);

- тілдік даярлықты күшейту, әсіресе қазақ, орыс және араб тілдерін меңгерген мамандар санын арттыру.

Аталған шаралар Қазақстанда ислами білім беру жүйесінің тиімділігін арттырып, кадрлық тапшылық мәселесін шешуге оң ықпалын тигізуі мүмкін.

Қазақстанда исламдық білім беру жүйесінің жүйелі қалыптасуы «Нұр-Мұбарак» Египет ислам мәдениеті университетінің құрылуымен басталды. Бұл университеттің қызметін бастауы исламдық білім беру құрылымының жүйеленуіне ықпал етіп, оны білім беру саласының ажырамас бөлігіне айналдырды. Жылдар бойғы ғылыми ізденістер мен тәжірибе нәтижесінде «Исламтану» мамандығы қалыптасты. 2011 жылы бұл мамандық ресми түрде тіркеліп, бакалавриаттан бастап PhD докторлық деңгейіне дейінгі академиялық сатыларды қамтитын білім беру бағдарламасы енгізілді. Қоғамның және ғылыми ортадағы сұраныстарға жауап беру мақсатында 2008 жылы магистратура, ал 2012 жылы докторантура бағдарламалары ашылып, бұл Исламтану саласындағы білім мен ғылыми зерттеулердің кеңеюіне ықпал етті [138]. Сонымен қатар, Қазақстанда дін саласындағы мамандардың біліктілігін жетілдіруге бағытталған бастамалар жүйелі түрде жүзеге асырылуда. 2016 жылдың қыркүйегінде «Нұр-Мұбарак» Египет ислам мәдениеті университетінде экстремизмнің алдын алу және дін мамандарының кәсіби деңгейін арттыру мақсатында қайта даярлау институты құрылды. Сонымен қатар, ҚМДБ жанындағы Имамдардың біліктілігін арттыру Ислам институты мен Хусамуддин ас-Сығанақи атындағы Ислам институты жыл сайын 200-ден астам дін қызметкерінің кәсіби біліктілігін жетілдіруге мүмкіндік береді. Алайда, ҚМДБ-да білікті кадрларға деген сұраныс әлі де жоғары болып отыр. 2024 жылғы мәліметтерге сәйкес, бұл қажеттілік жыл сайын шамамен 1250 адамды құрайды, алдағы жылдары оның артуы болжануда. Ең жоғары кадр тапшылығы Түркістан, Атырау, Қарағанды және Алматы облыстарында байқалды, бұл аймақтар діни басқарма мен білім беру саласындағы кадрлық қажеттіліктерге ерекше көңіл бөлуді талап етеді.

ҚМДБ дін қызметкерлерінің біліктілігін арттыру мақсатында өз стратегиясы шеңберінде жүйелі түрде өткізілетін курстар мамандардың кәсіби құзыреттілігін көтеруге бағытталған. 2023 жылғы мәліметтер бойынша, бұл курстарды 1507 дін қызметкері сәтті аяқтаған. Бұл ҚМДБ-ға қарасты жалпы дін қызметкерлерінің 34,5% құрайды. Бұл көрсеткіш дін қызметкерлерінің білім беру бағдарламаларына белсенді қатысуын және өз кәсіби деңгейін жетілдіруге деген ұмтылысын айқын көрсетеді [7, 10-12]. Осылайша, Қазақстанда исламдық білім беру жүйесі институционалдық және ғылыми-зерттеу тұрғысынан дамып келеді. Алайда, саладағы білікті кадрларға деген сұраныс әліде өзекті. Дін қызметкерлерінің біліктілігін жүйелі түрде арттыру, өңірлік кадр тапшылығын

жою, сондай-ақ, исламтану саласындағы зерттеулерді дамыту – саланың тұрақты дамуын қамтамасыз ететін маңызды факторлар болып табылады.

Халықаралық ынтымақтастық аясында ҚМДБ арқылы қазақстандық азаматтарға шетелдік теологиялық оқу орындарында білім алу мүмкіндігі берілуде. Ең танымал бағыттардың қатарына Египеттегі Әл-Азхар университеті, Түркиядағы Хасеки академиясы және тағы басқа елдердегі теологиялық оқу орындары кіреді. Бұл бағдарлама қазақстандық студенттерге халықаралық деңгейде теологиялық білім алуға, заманауи «Исламтану» мен «Дінтану» салаларында ғылыми-зерттеу жүргізуге және дін саласындағы жаһандық трендтерді меңгеруге мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігіне қарасты жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім беру бағдарламаларының бірыңғай электрондық платформасы әзірленген [175]. Аталған платформа білім беру сапасын арттыру, бағдарламалардың ашықтығын қамтамасыз ету және білім беру ұйымдарының қызметін үйлестіру мақсатында құрылған. Осы платформада «Исламтану» білім беру бағдарламасы ресми түрде тіркелген (2.8-сурет). Қазіргі уақытта бұл бағдарлама үш жоғары оқу орнында жүзеге асырылуда. Атап айтқанда, бакалавриат, магистратура және докторантура деңгейлері бойынша білім беру әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен «Нұр-Мұбарак» Египет ислам мәдениеті университетінде жүргізіледі. Ал бакалавриат деңгейіндегі оқу бағдарламасын Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті жүзеге асырады.

Білім беру бағдарламасының атауы	БББ түрі	ЖОЖОБҰ (бейресми)	Мәртебе	Тізілме тіркелу күні
8802202 Исламтану	Қолданыстағы БББ	әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті	Жандартылған БББ	12.08.2019
8002204 Исламтану	Қолданыстағы БББ	әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті	Жандартылған БББ	16.09.2019
7902205 Исламтану	Қолданыстағы БББ	әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті	Жандартылған БББ	25.09.2019
0802201 Исламтану	Қолданыстағы БББ	«Нұр-Мұбарак» Египет ислам мәдениеті университеті	Жандартылған БББ	16.09.2019
0802206 Исламтану	Жаңа БББ	Қ. А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті	Жандартылған БББ	06.09.2020
8002201 Исламтану	Қолданыстағы БББ	«Нұр-Мұбарак» Египет ислам мәдениеті университеті	Жандартылған БББ	23.08.2019
7902201 Исламтану	Қолданыстағы БББ	«Нұр-Мұбарак» Египет ислам мәдениеті университеті	Жандартылған БББ	12.08.2019

Сурет 2.8 - Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары


Ескерту: Әдебиет негізінде құралған [175]

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Исламтану» бағыты бойынша **бакалавриат бағдарламасы** шеңберінде 44 пән оқытылады. Бағдарлама мазмұны көпдеңгейлі араб тілі курстарынан (бастапқы деңгейден кәсіби деңгейге дейін) бастап, ислам ғылымдарының толық циклін қамтиды. Атап айтқанда, Құрантану, хадис, фикһ, ақида, тәпсір, ислам тарихы пәндері ұсынылады. Сонымен қатар, Қазақстанның діни контекстін ескеретін «Қазақстандағы ислам», «Қазақ руханиятындағы ислам құндылықтары» пәндері енгізілген. Қазіргі заман талаптарына сай «Қазіргі діни қозғалыстар», «Ислам және саясат», «Жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» секілді пәндер де қарастырылған. Бағдарламада теория мен тәжірибенің үйлесімі қамтылған: студенттер ислам мәтіндерімен жұмыс істеу, діни құбылыстарға сараптама жүргізу және оларды қазіргі әлеуметтік-когнитивтік контексте бағамдау дағдыларын меңгереді.

«Нұр-Мұбарак» Египет ислам мәдениеті университетінің **бакалавриат бағдарламасы** аясында 80-нен астам пән қарастырылған. Оқу бағдарламасында Құранды жаттау құрылымы алты кезеңге бөлінген жүйелі форматта жүзеге асырылады. Сонымен қатар, Құран, хадис, тәпсір, фикһ және ақида салалары бойынша терең мәтіндік талдауға негізделген пәндер қамтылған. Бағдарламада заманауи діни және әлеуметтік мәселелерге ерекше назар аударылған. Атап айтқанда, Қазақстандағы діни ахуал, діни ағымдардың ерекшеліктері, ислам банкингі және қазіргі фикһ мәселелері сияқты пәндер енгізілген. Ұлттық контексті ескере отырып, оқу жоспарына қазақ ойшылдарының діни-философиялық танымы, қазақ халқының салт-дәстүрлері және Қазақстандағы исламның даму ерекшеліктері туралы пәндер қосылған. Сонымен қатар, араб тіліне ерекше назар аударылып, оны жоғары деңгейде меңгеруге бағытталған тілдік курстар кең көлемде ұсынылған.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде «Исламтану» мамандығы бойынша **бакалавриат бағдарламасы** 50-ден астам пәннен тұрады. Бағдарламада араб және түрік тілдері қатар оқытылады. Бұл тілдік базаны қалыптастырумен қатар халықаралық академиялық және мәдени байланыстарды нығайтуға мүмкіндік береді. Оқу мазмұны исламтану ғылымдарының барлық негізгі бағыттарын қамтиды. Атап айтқанда, Құран, хадис, ақида, фикһ, ислам тарихы және философия пәндері ұсынылған. Бағдарлама кәсіби бағыттылыққа басымдық беріп, уағыз айту, мәтінмен жұмыс істеу және шариғи үкім шығаруға қатысты практикалық дағдыларды дамытуға бағытталған. Аймақтық ерекшеліктерді ескере отырып, «Түркі ислам тарихы», «Ясауитану» және «Қазақ ойшылдарының діни-философиялық мұрасы» пәндері енгізілген. Сонымен қатар, қазіргі заманғы әлеуметтік-идеологиялық сын-тегеуріндерге жауап ретінде «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет», «Діни радикализм психологиясы» және «Діни экстремизмге қарсы іс-қимыл» сияқты пәндер оқытылуда.

«Исламтану» бакалавриат бағдарламасына арналған төмендегі инфографика үш жоғары оқу орнының исламтану саласындағы оқу бағдарламаларын жеті негізгі критерий бойынша салыстырмалы түрде бағаланған (2.9-сурет).



Сурет 2.9 - «Исламтану» бакалавриат бағдарламасы бойынша салыстырмалы инфографика

Ескерту: Автор құрастырған


Жүргізілген салыстырмалы талдаудың нәтижесінде келесі қорытындыларды келтіруге болады: араб тілін меңгерту бойынша «Нұр-Мұбарак» Египет ислам мәдениеті университеті жетекші орынға ие. Классикалық ислам ғылымдарын (Құран, хадис, фикһ, ақида, тәпсір) оқыту бағытында да осы университет алдыңғы қатарда тұр. Ұлттық контексті қамтуда Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті ерекшеленеді, бұл «Ясауитану» мен «Түркі ислам тарихы» пәндерінің енгізілуімен көрініс табады. Рухани-адамгершілік бағытта «Нұр-Мұбарак» университеті мен Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ-нің үлесі айрықша. Ал заманауи әлеуметтік-құқықтық мәселелерге көңіл бөлу жағынан «Нұр-Мұбарак» университеті озық, себебі онда ислам банкингі

мен қазіргі фикһ мәселелері қамтылған. Жалпы алғанда, барлық үш жоғары оқу орнының бағдарламалары зайырлы-құқықтық және діни білімді ұштастыруға бағытталған.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Исламтану» бағыты бойынша **магистратура бағдарламасы** базалық және бейіндік пәндер циклдерінен тұрады. Жалпы бағдарламада 22 пән қарастырылған, олардың әрқайсысы 3–5 академиялық кредит көлемінде оқытылады. Бағдарлама мазмұнында классикалық ислам мәтіндеріне ерекше мән берілген. Атап айтқанда, Матуриди, Тахауи және Насәфи секілді ірі ислам ғұламаларының еңбектері оқу процесіне кеңінен енгізілген. Сонымен қатар, қазіргі қоғамның өзекті мәселелерімен сабақтастық орнату мақсатында «Қазіргі кездегі фикһ зерттеулері», «Ислам экономикасы» сияқты пәндер оқытылады. Бағдарлама Орта Азия мен қазақ ойшылдарының мұрасын интеграциялауға бағытталған. Фикһ және муғамалат (қоғамдық-құқықтық қатынастар) салаларын терең қамти отырып, студенттерді интерпретация және сараптамалық талдау жасау дағдыларына үйретуге ерекше көңіл бөлінеді.

«Нұр-Мұбарак» Египет ислам мәдениеті университетінің «Исламтану» мамандығы бойынша **магистратура бағдарламасы** екі негізгі циклге бөлінген 26 пәннен тұрады. Атап айтқанда, базалық пәндер саны – 10, ал бейіндік пәндер – 16. Бағдарлама мазмұны терең фикһи талдауға негізделген. Онда иджтиһад, пәтуа шығару, мұрагерлік және ислам банкингі мәселелері кеңінен қамтылған. Құран мен хадис мәтіндерін интерпретациялау әдістемесі жүйелі түрде оқытылады, бұл магистранттардың дербес ғылыми-тәжірибелік талдау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Сонымен қатар, ислам экономикасы, атап айтқанда исламдық қаржы жүйесі мен банкинг саласына бейімделген пәндер заманауи әлеуметтік-экономикалық сұраныстарға жауап беруді мақсат етеді. Бағдарламада ориентализм және діни саясат мәселелеріне қатысты пәндердің қамтылуы студенттерді мәдениетаралық зерттеулер жүргізуге дайындайды. Ақида ілімі логикалық және философиялық әдістермен ұштастырылып, сенім негіздерін терең пайымдауға мүмкіндік береді.

«Исламтану» **магистратура бағдарламасына** арналған төмендегі инфографикада екі жоғары оқу орнының аталған бағыттағы оқу бағдарламалары он негізгі критерий бойынша салыстырмалы түрде бағаланған (2.10-сурет).



Сурет 2.10 - «Исламтану» магистратура бағдарламасы бойынша салыстырмалы инфографика

Ескерту: Автор құрастырған


Қорытындылай келе, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің магистратура бағдарламасы классикалық ислам мәтіндерімен, Орта Азия ойшылдарының ғылыми мұрасымен және әдістемелік-теориялық дайындық деңгейінің жоғары болуымен ерекшеленеді. Ал «Нұр-Мұбарак» Египет ислам мәдениеті университетінің бағдарламасы фикһ, ислам экономикасы, банкинг, иджтиһад және пәтуа шығару мәселелерін терең әрі жүйелі түрде қамтыған. Екі жоғары оқу орны да заманауи фикһ пен ғылыми-зерттеу бағыттарын оқытуда жоғары академиялық деңгей көрсетіп отыр. Сонымен қатар, «Нұр-Мұбарак» университетінің бағдарламасында мәдени сипаттағы пәндердің енгізілуі исламтануды кең мәдениетаралық және әлеуметтік контексте қарастыруға мүмкіндік береді. Ұлттық мазмұн тұрғысынан алғанда, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ бағдарламасы анағұрлым мазмұнды әрі терең құрылымдалған.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Исламтану» бағыты бойынша **докторантура бағдарламасы** ислам теологиясының классикалық бағыттарына негізделген пәндерді қамтиды. Оқу мазмұны ғылыми-

философиялық тәсілге және ислам мәтіндерін интерпретациялауға бағытталған. Бағдарламада ханафилік, матуридилік, әшғарилік, фикһ және тасаууф секілді дәстүрлі діни-теологиялық мектептер кеңінен зерттеледі. Мәдени-философиялық тақырыптар да бағдарламада маңызды орын алады. Атап айтқанда, суфизм, құқық пен мораль арақатынасы, ислам мәтіндерінің герменевтикасы секілді пәндер оқытылады. Әрбір пәнде классикалық және заманауи ұстанымдарды салыстыра талдайтын салыстырмалы әдіс қолданылады. Сонымен қатар, бағдарламаның маңызды құрамдас бөлігі ретінде докторлық диссертация жазуға бағытталған академиялық жазу мен ғылыми-зерттеу әдістерін меңгеруге арналған пәндер енгізілген.

«Нұр-Мұбарак» Египет ислам мәдениеті университетінің **докторантура бағдарламасы** ислам құқықтық және саяси жүйелерін терең зерттеуге бағытталған. Бағдарлама мазмұны басқару жүйелері мен құқықтық құрылымдармен сабақтастықта қарастырылады. Онда исламдық басқару моделінің заманауи құқықтық жүйелермен байланысы кеңінен талданады. Методологиялық және рационалды талдау әдістеріне баса назар аударылады. Логика, философия және усул ілімінің (құқықтық қағидалар) негіздері арқылы докторлық деңгейдегі теориялық дайындық қамтамасыз етіледі. Сонымен қатар, пәтуа мен үкім шығару дағдыларына үйрету – бағдарламаның басты бағыттарының бірі болып табылады. Бұл – нақты құқықтық мәселелерге ислам заңнамасын қолдану қабілетін дамытуға мүмкіндік береді. Бағдарлама мазмұнында мәһабаралық салыстырмалы талдауға ерекше орын берілген. Бұл фикһ мектептері арасындағы теориялық және практикалық айырмашылықтарды ғылыми тұрғыда салыстыру арқылы жүзеге асырылады, соның нәтижесінде докторанттар ислам құқық ғылымының көпқырлы құрылымын терең түсінуге мүмкіндік алады.

«Исламтану» докторантура **бағдарламасына** арналған төмендегі инфографикада екі жоғары оқу орнының аталған бағыттағы оқу бағдарламалары сегіз негізгі критерий бойынша салыстырмалы түрде бағаланған (2.11-сурет).



Сурет 2.11 - «Исламтану» докторантура бағдарламасы бойынша салыстырмалы инфографика

Ескерту: Автор құрастырған

Қорытындылай келе, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің **докторантура бағдарламасы** исламның классикалық мәтіндерімен (Құран, хадис, теология) терең жұмыс істеуге, сондай-ақ, суфизм мен діни-философиялық мәселелерді зерттеуге бағытталған. Бағдарламада мәтіндік интерпретация, герменевтика және рухани-этикалық тұғырларды ғылыми тұрғыдан пайымдау маңызды орын алады. Ал «Нұр-Мұбарак» Египет ислам мәдениеті университетінің докторантура бағдарламасы фикһ, рационалды-логикалық ойлау, саяси-құқықтық жүйелер және мәзһабаралық зерттеулерге баса назар аударады. Бұл бағдарламада ислам құқық ғылымының заманауи аспектілері мен теориялық-құқықтық мәселелерін сараптау алдыңғы қатарға қойылған.

Екі бағдарлама да ғылыми-зерттеу компонентінің жоғары деңгейде ұйымдастырылуымен ерекшеленеді. Алайда, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ бағдарламасында саяси және мәзһабаралық зерттеу бағыттары жеткілікті дәрежеде дамымаған. Өз кезегінде, «Нұр-Мұбарак» университетінің

бағдарламасында суфизм және классикалық мәтіндермен жүйелі жұмыс жүргізуге арналған пәндер толық көрініс таппаған.

Осылайша, Қазақстандағы исламдық білім беру жүйесі пәнаралық тәсілдер мен халықаралық стандарттарды ескере отырып дамуда. Жаңа білім беру бағдарламаларының енгізілуі, оқу мазмұнының кеңеюі, сондай-ақ, шетелдік теологиялық орталықтармен ынтымақтастық бұл саладағы мамандардың кәсіби құзыреттілігін арттыруға және дін саласындағы кадрларды даярлау сапасын жақсартуға бағытталған маңызды қадамдар.

Сонымен қатар, қазіргі таңда ҚМДБ исламтану бағдарламалары бойынша мамандар даярлайтын 9 колледжде исламдық білім алуға мүмкіндік бар [139]. 2023 жылғы мәліметтерге сәйкес, колледждерді 371 түлек аяқтады, олардың ішінде: 254 түлек өз мамандығы бойынша жұмысқа орналасқан, 70 түлек жоғары оқу орындарында білімін жалғастыруда, қалған түлектер басқа салаларға ауысқан. Негізінен түлектер ҚМДБ филиалдарында, облыстық діни мәселелерді зерттеу орталықтарында және басқа да мекемелерде қызмет етеді [7, 16-18]. Осылайша, исламдық орта білім беретін колледж-медреселер түлектерінің басым бөлігі Қазақстанның діни мекемелерінде қызмет етуде. Дегенмен, кейбір түлектердің басқа салаларға ауысуы исламдық білім беру жүйесінің түлектерді еңбек нарығында тиімді орналастыруына қатысты қосымша талдауды қажет етеді. Болашақта исламдық білім беру жүйесінің тиімділігін арттыру және білікті мамандарды жұмысқа орналастыру мүмкіндіктерін кеңейту маңызды мәселелердің бірі болып қала бермек. Қазақстанда исламдық білімнің қайта жандануына әлеуметтік, мәдени және саяси үрдістердің өзара әсері ықпал етуде. Бұл үдерісті бірнеше негізгі факторлар арқылы сипаттауға болады [21], [99]:

- *Дәстүрлі мәдениеттің жаңғыруы және адамгершілік құндылықтардың нығайтуы*: қоғамдағы діни сананың эмансипациясы дәстүрлі исламдық құндылықтардың қайта орнығуына және адамгершілік негіздердің күшеюіне алып келді. Бұл үрдіс исламдық білім беру жүйесінің дамуына жаңа серпін беріп, жастардың ислами білімге деген қызығушылығын арттыруда.

- *Діни бірлестіктердің белсенділігінің артуы*: жастар арасында діни бірегейліктің өсуі байқалады, бұл исламдық білімге деген сұраныстың артуына әсер етуде. Жастардың діни білім алу және діни қызметке қатысу деңгейінің жоғарылауы исламдық білім беру жүйесінің кеңеюіне ықпал ететін маңызды факторлардың бірі болып табылады.

- *Заңсыз діни топтардың ықпалына жауап ретінде ислами білім беруді күшейту*: мемлекет діни қауіпсіздікті қамтамасыз ету және радикализацияның алдын алу мақсатында исламдық білім беру жүйесін нығайту шараларын қолға алды. Жастарды дәстүрлі ислам құндылықтары негізінде сапалы діни біліммен қамтамасыз ету заңсыз діни идеологиялардың таралуына тосқауыл қоятын басты механизмдердің бірі ретінде қарастырылады.

- *Діни қызметтің саясилануы*: діннің саясатқа, мәдениетке және білімге ықпалының артуы қоғамда діни сауаттылықты арттыру қажеттілігін күшейтуде. Бұл исламдық білімнің қоғамдағы орны мен маңызын нығайтуға ықпал етеді.

- *Қоғамдағы діни сананың өсуі*: идеологиялық және рухани құндылықтардағы өзгерістердің нәтижесінде исламдық білімге деген сұраныс артып келеді. Бұл жағдай діни білім беру жүйесінің сапасын жақсартуды және оны заманауи талаптарға бейімдеуді қажет етеді.

Жалпы Қазақстандағы исламдық білімнің қайта жандануына ықпал ететін факторлар елдегі әлеуметтік, мәдени және саяси өзгерістермен тығыз байланысты. Бұл үрдістер исламдық білім беру жүйесінің сапасын жақсарту және оны қазіргі заманғы талаптарға сәйкестендіру қажеттілігін көрсетеді. Осыған орай, исламдық білім беру жүйесінің тиімділігін арттыру, жастарды сапалы діни біліммен қамтамасыз ету және дәстүрлі ислам құндылықтарын насихаттау мемлекет пен қоғамның басым міндеттерінің бірі болып қала бермек.

2.3 Медресе-колледждердегі білім беру құрылымы

Диссертациялық зерттеуде Қазақстандағы ислами білім беру жүйесін жүргізудің жеті бағытының бірі болып табылатын колледж медреселердің ұйымдастырылуы жан-жақты талданады. Қазақстандағы колледж медреселерде білім беру жүйесі қазіргі заманғы білім беру стандарттарына сәйкес ұйымдастырылған. Бұл оқу орындары исламдық білімнің негізгі бағыттарын (фикһ, хадис, ақида, араб тілі) және заманауи пәндерді (құқық, экономика, ақпараттық технологиялар) үйлестіру арқылы интеграцияланған білім беру моделін ұсынады. Мұндай құрылым исламдық құндылықтарға негізделген білім беру бағдарламаларын әзірлеуге мүмкіндік береді.

Ислами білім беруді институционализациялау үдерісі 2007 жылы алғашқы медреселердің ашылуымен басталды. 2015 жылдан бастап аталған оқу орындары колледж мәртебесін иеленді. Бұл олардың жалпы білім беру жүйесіне интеграциялануына және діни білім беру құрылымдарын заманауи білім беру әдістемелерімен үйлестіруге ықпал етті. Қазақстанда ислами білім беру мекемелерінің кеңеюі бірнеше кезеңмен жүзеге асырылды [141]:

- 2007 жылы «Астана медресесі» және «Шымкент медресесі» құрылды.
- 2008 жылы «Орал медресесі», «Ақтөбе медресесі», «Әбу Бәкір Сыддық медресесі», «Шамалған медресесі» құрылды.
- 2009 жылы «Әбу Ханифа медресесі» құрылды.
- 2010 жылы Түркістан облысы, Сарыағаш ауданында «Сарыағаш медресесі» құрылды.
- 2012 жылы Тараз қаласында «Ғибатулла Тарази медресесі» ашылды.

Аталған кезеңдер Қазақстанда ислами білім беру мекемелерінің дамуы мен құрылымдық өзгерістерін сипаттайды. Колледж-медреселердің

институционализациялануы олардың білім беру сапасын арттыруға және дәстүрлі діни білімді заманауи оқыту әдістерімен үйлестіруге ықпал етті.



Сурет 2.12 - Қазақстанда 2007-2012 жылдары аралығында құрылған медреселер

Ескерту: Әдебиет негізінде құралған [141]

Аталған кезеңде Қазақстанда жалпы саны 9 медресе ашылып, бұл ислами білім беру жүйесінің жаңа деңгейге көтерілуіне айтарлықтай ықпал етті. Бұл медреселер тек діни білім берумен шектелмей, мәдени және тарихи алмасудың маңызды орталықтарына айналды. Олар Қазақстанның исламдық дәстүрлері мен өзге мәдениеттердің өзара ықпалдастығын айқындайтын білім беру және зерттеу алаңдары ретінде қызмет атқарды.

2015–2016 оқу жылынан бастап медреселер колледж мәртебесіне ие болды. Бұл олардың оқу бағдарламалары мен білім сапасын айтарлықтай жаңартуға мүмкіндік берді. Атап айтқанда, Сарыағаш, Шымкент, Алматы және Ақтөбе қалаларындағы медреселер алғашқы болып мемлекеттік лицензия алды. Бұл лицензия медреселерге «0112000 – Исламтану» мамандығы «0112013 – Имам хатиб» және «011202 3 - Ислам негізінің мұғалімі», «0113000 – Теология» мамандығы «011301 3 – Теолог» және «011302 3 - Араб тілді теолог» біліктіліктері бойынша мамандар даярлауға мүмкіндік берді. Оқу мерзімі білім беру деңгейіне байланысты төмендегідей белгіленді:

- Жалпы орта білім беру негізінде – 2 жыл 10 ай;
- Негізгі орта білім беру негізінде – 3 жыл 10 ай.

Бұл өзгерістер медреселердің институционалдық дамуын қамтамасыз етіп, олардың білім беру жүйесіне интеграциялануын жеделдетті. Сонымен қатар, бұл реформалар медреселердегі білім беру сапасын арттыруға, олардың академиялық және әдістемелік базасын жетілдіруге мүмкіндік берді.



Сурет 2.13 - Қазақстандағы 2016-2017 жылдары аралығында колледж-медреселер

Ескерту: Әдебиет негізінде құралған [141]

Медреселердің ашылуы мен олардың колледж мәртебесін алуы Қазақстандағы исламдық білім беру жүйесінің институционализациясын күшейтіп, ұлттық білім беру жүйесіне қосымша мүмкіндіктер ұсынды. Қазақстанда «Исламтану» мамандығының дамуына арналған нормативтік-құқықтық базаның қалыптасуы исламдық білім беру жүйесінің институционализациясындағы маңызды кезеңдердің бірі болып табылады. Осы мақсатта 2018 жылы қабылданған Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің № 569 және № 500 бұйрықтары исламтану саласында кәсіби білім беруді дамыту үшін қажетті нормативтік-құқықтық негізді бекітті. Бұл нормативтік актілер исламтану саласының білім беру жүйесін реттеуді жүйелі түрде ұйымдастыруды көздеді және оның жоғары және орта білім беру деңгейлеріндегі бағыттарын айқындауға ықпал етті. Атап айтқанда:

- 2018 жылғы 13 қазандағы № 569 бұйрық [5] бойынша «Исламтану» мамандығы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының «Гуманитарлық ғылымдар» бағытына енгізілді.

- 2018 жылғы 27 қыркүйектегі № 500 [4] бұйрық негізінде «Исламтану» мамандығы «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім» сыныптауышына қосылды.

Кесте 2.5 – Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің мамандықтары мен біліктіліктерінің сыныптауышы

№	Мамандық атауы	Білім деңгейінің, мамандық және біліктілік коды	Біліктілік атауы
022 Гуманитарлық ғылымдар (тілдерден басқа)			
0221 Дін және теология			
1	02210100-Исламтану	3W02210101	Азаншы
		3W02210102	Имам
		4S02210103	Имам-хатиб
		4S02210104	Ұстаз
2	02210200-Теология	4S02210201	Теолог
		4S02210202	Ислам теологі
3	02210300-Хадистану	4S02210301	Хафиз
		4S02210302	Хадистанушы
Ескерту: Әдебиет негізінде құралған [4, 22.06.2023]			

Бұл өзгерістер исламтану мамандығы бойынша білім беру стандарттарын жүйелеуге, оның академиялық мәртебесін бекітуге және исламдық білім беру жүйесін Қазақстанның жалпы білім беру жүйесімен үйлестіруге ықпал етті. Аталған нормативтік-құқықтық база исламтану саласындағы кадрларды даярлау жүйесін жетілдіруге бағытталған маңызды қадам болып табылады. Сонымен қатар, ол исламдық білім берудің ұлттық және халықаралық деңгейде танылуына ықпал етеді. Қазіргі уақытта Қазақстанда ислами білім беру ұйымдарының оқу бағдарламалары, кадрлық құрамы және инфрақұрылымы жаңартылып, дін саласындағы кәсіби мамандарды даярлауға арналған нормативтік құжаттар мен құқықтық актілер қайта қаралуда. Бұл өзгерістердің негізгі мақсаты діни білім беру жүйесін заманауи талаптарға сәйкестендіру, соның ішінде салалық біліктілік шеңберін, білім беру бағдарламаларын және біліктілік сыныптауышын жаңарту. 2024 жылы Қазақстан Республикасының техникалық және кәсіптік орта білімнен кейінгі білім беру мамандықтарының жаңа классификаторына «4S02210105 – Исламтанушы» біліктілігі ресми түрде енгізілді. Бұл қадам медресе-колледждерде алынатын діни білімнің жоғары оқу орындарындағы тиісті мамандықтармен біліктілік деңгейі тұрғысынан сәйкестендірілуін қамтамасыз етуді көздейді. Сонымен қатар, 4S02210103 – Имам-хатиб және 4S02210104 – Ұстаз білім беру бағдарламаларына оқуға түскен білім алушылар үшін мамандықтар мен біліктіліктердің қолданылу мерзімі 2028 жылғы 15 шілдеге дейін белгіленген.

022 Гуманитарлық ғылымдар (тілдерден басқа)			
0221 Дін және теология			
02210100 Исламтану	4502210103 Имам-хатиб**	0221	2636-2
	4502210104 Ұстаз**	0221	2636-9
	4502210105 Исламтанушы	0221	
02210200 Теология	4502210201 Теолог	0221	2636-1
	4502210202 Ислам теологі	0221	2636-1
02210300 Хадистану	4502210302 Хадистанушы	0221	2636-9

Сурет 2.14 - Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің мамандықтары мен біліктіліктерінің сыныптауышы ҚР Оқу-ағарту министрінің 22.06.2023 № 180 бұйрығы.

Ескерту: Әдебиет негізінде алынған [4, 23.08.2024]

Аталған өзгерістер исламтану саласындағы білім беру стандарттарын жетілдіруге, сондай-ақ, ислами білім беру жүйесін институционалдық тұрғыдан дамытуға бағытталған. Бұл қадам медресе-колледж түлектерінің алдағы уақытта жоғары оқу орындарында берілетін біліктілікпен үйлесімділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді және «Исламтану» мамандығы бойынша білім алушылардың академиялық және кәсіби мобилділігін арттыруға ықпал етеді.

Осы ретте білім беру жүйесінің сапасын арттыру мақсатында түлектердің біліктілігін толыққанды сәйкестендіру жұмыстары жүргізілуі қажет. Аталған реформалардың нәтижесінде діни білім беру мекемелерінің оқу бағдарламалары мен біліктілік талаптарының қазіргі заманғы білім беру жүйесіне және халықаралық стандарттарға сәйкестігін қамтамасыз ету қажеттілігі айқындалуда. Бұл бағыттағы жаңғырту шаралары дін саласындағы мамандарды даярлау сапасын жетілдіруге және олардың кәсіби біліктілігін арттыруға ықпал етеді. Соның нәтижесінде колледж-медресе түлектері теологиялық білімнің жоғары деңгейінде дайындалып, еңбек нарығында бәсекеге қабілетті мамандар ретінде қызмет етуге мүмкіндік алады. Бұл өзгерістер олардың кәсіби әлеуетін арттырып қана қоймай, исламдық білім беру жүйесінің жалпы сапасын жақсартуға және оның ұлттық білім беру жүйесіне тиімді интеграциялануына ықпал етеді.

Оқу бағдарламалары мен оқу жоспары исламдық білім беру жүйесіндегі оқу-тәрбие процесінің ерекшелігі оның мәдени-ағарту қызметімен тығыз байланыста жүзеге асырылуымен анықталады. Бұл жүйенің негізгі мақсаты мұсылман мәдениетін Қазақстан қоғамына интеграциялау, сондай-ақ, ұлттық дәстүрлер мен мәдениет негізінде жастарға ислам құндылықтарын насихаттау. Қазақстандағы исламдық білім беру жүйесі қоғамның рухани дамуына елеулі ықпал етіп, ислам мәдениетін дәріптеу мен оны қазақ мәдениетімен үйлестіру бағытында маңызды рөл атқарады [129, б. 22].

Сонымен қатар, колледж-медреселердің оқу бағдарламалары теологиялық және зайырлы білім арасындағы өзара үйлесімін сақтауға негізделген. Бұл интеграцияланған тәсіл студенттерге дәстүрлі діни білім алумен қатар, заманауи білім беру стандарттарына сәйкес кәсіби дағдыларды меңгеруге мүмкіндік береді. 2015 жылы басталған білім беру реформасы аясында оқу бағдарламаларына маңызды құрылымдық өзгерістер енгізілді. Қазақстанның білім беру жүйесіне сызықтық, модульдік және кредиттік-модульдік оқыту жүйелерінің енгізілуі оқу процесін басқарудың жаңа моделін қалыптастырды. Бұл өзгерістер білім беру жүйесінің икемділігін арттыруға, білім алушылардың өз бетінше білім алу дағдыларын жетілдіруге және оқыту сапасын жақсартуға мүмкіндік берді. Техникалық және кәсіптік білім беру саласындағы эксперименттік оқу жоспарлары мен білім беру бағдарламалары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2015 жылғы 24 тамыздағы № 3 хаттамасымен бекітіліп [65], қолданысқа енгізілді (2.6-кесте). Бұл құжат білім беру құрылымын жетілдіруге және исламтану саласындағы кадрларды даярлау сапасын арттыруға бағытталған.

Кесте 2.6 – 0112000 «Исламтану» мамандығының 011201 3 – Имам хатиб біліктілігі бойынша оқу бағдарламасы

№	Модуль атауы	Циклдер және пәндердің атауы
1	Жалпы білім беретін пәндер	Қазақ тілі, Қазақ әдебиеті, Орыс тілі, Орыс әдебиеті, Шетел тілі, Дүниежүзі тарихы, Қазақстан тарихы, Қоғамтану, Математика, Информатика, Физика, Химия, Биология, География, Алғашқы әскери дайындық, Дене тәрбиесі
2	Жалпы гуманитарлық пәндер	Кәсіптік орыс тілі, Кәсіптік шетел тілі (ағылшын тілі), Дене тәрбиесі
3	Әлеуметтік-экономикалық пәндер	Мәдениеттану, Философия негіздері, Саясаттану және әлеуметтану негіздері, Экономика негіздері, Құқық негіздері
4	Жалпы кәсіптік пәндер	Практикалық араб тілі, Араб тілі грамматикасы, Қазақстандағы діндер және ағымдар, Ислам әдебі және ахлағы, Исламдағы мәзһабтар мен ағымдар, Ислам мәдениеті және өркениеті,

		Қазақ ойшылдары және ислам құндылықтары, Педагогика және психология, Мемлекеттік тілде іс қағаздарын жүргізу
5	Арнайы пәндер	Құран Кәрім және тәжуид, Тәпсір әдістемесі, Ақида, Ислам тарихы, Хадис әдістемесі, Хадис, Фикһ, Ханафий фикһ негіздері, Ислам ілімдерін оқыту әдістемесі
6	Білім беру ұйымы анықтайтын пәндер	Имамның тұлғалық келбеті, Тасаууф теориясы
7	Өндірістік оқыту және кәсіптік практика	Оқу практикасы: Фикһ мәтіні, Тәпсір, Ақида мәтіні, Уағыз әдістемесі, Ислам рәсімдері, Қазіргі фикһ мәселелері. Өндірістік-технологиялық практика және диплом алдындағы практика
8	Факультативтік сабақтар	Араб каллиграфиясы, Ескі қазақ жазуы, Исламның қазақ салт-дәстүрімен ұштасуы, Информатика, Тереңдетілген шет тілі (араб тілі), Бухгалтерлік есеп және бизнес, Дене тәрбиесі, Өзін-өзі тану
Ескерту: Әдебиет негізінде құралған [65]		

2016–2017 оқу жылынан бастап Қазақстандағы барлық колледждер модульдік оқыту жүйесіне көшті. Бұл жүйе білім алушыларға оқу материалын белгілі бір модульдер бойынша кезең-кезеңімен меңгеруге мүмкіндік береді. Оқу процесінің модульдік құрылымы оқу бағдарламаларын жүйелендіріп, студенттердің әрбір оқу кезеңіндегі жетістіктерін бағалау механизмдерін жетілдіруге ықпал етеді.

2016 жылы «Техникалық және кәсіптік білім беру мамандықтары бойынша үлгілік оқу жоспарлары мен үлгілік білім беретін оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 15 маусымдағы № 384 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Бұл өзгерістер Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 72 бұйрығында бекітілді. Осы құжат аясында «Исламтану» мамандығы бойынша техникалық және кәсіптік білімнің үлгілік оқу жоспарлары мен үлгілік білім беру бағдарламалары дайындалды. 2017 жылы «Техникалық және кәсіптік білім беру мамандықтары бойынша үлгілік оқу бағдарламалары мен үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 31 қазандағы № 553 бұйрығы [142] негізінде оқу бағдарламалары қайта әзірленіп, жаңартылды. Бұл өзгерістер 2.7-кестеде сипатталған.

Кесте 2.7 – 0112000 «Исламтану» мамандығының 011201 3 – Имам хатиб біліктілігі бойынша модульдік оқу бағдарламасы

№	Модульдер	Модульдердің атауы
1	Жалпы білім беретін пәндер*	Қазақ тілі, Қазақ әдебиеті, Орыс тілі, Орыс әдебиеті, Шетел тілі, Дүниежүзі тарихы, Қазақстан тарихы, Қоғамтану, Математика, Информатика, Физика, Химия, Биология, География, Алғашқы әскери дайындық, Дене тәрбиесі
2	Базалық модульдер	БМ 01 Кәсіптік қызмет аясында кәсіптік лексиканы қолдану БМ 02 Мемлекеттік тілде іс қағаздарын құрастыру БМ 03 Дене қасиеттерін дамыту және жетілдіру БМ 04 Құқықтық және экономикалық негіздерді түсіну, әлеуметтік, саяси, этникалық, конфессиялық және мәдени айырмашылықтарды төзімділікпен қабылдау БМ 05 Кәсіптік қызметтің барлық салаларында араб тілін қолдану
3	Кәсіптік модульдер	КМ 01 Ислам рәсімдері мен ғибадатын ұйымдастыру және өткізу КМ 02 Ислам тарихы және мәдениеті туралы білімді меңгеру КМ 03 Ислам ғылымдарының негізгі ережелерін түсіндіру және қолдану КМ 04 Діни-ағартушылық қызметті жүргізу КМ 05 Имам-хатибтың кәсіби міндеттерін орындау КМ 06 Диплом алды практика
4	Білім беру ұйымдары анықтайтын модульдер	-
Ескерту: Әдебиет негізінде құралған [142]		

Осы реформалар исламтану саласындағы техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің институционалдық дамуына ықпал етіп, оқу жоспарлары мен бағдарламаларын қазіргі заманғы білім беру стандарттарына сәйкестендіруге мүмкіндік берді. 2020 жылдан бастап техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде кредиттік-модульдік технологиялар енгізіле бастады. Бұл әдістің мақсаты білім беру процесін икемді әрі нәтижелі ету, сондай-ақ, білім алушылардың білімін нақты әрі объективті бағалау. 2020–2021 оқу жылынан бастап кредиттік-модульдік оқыту жүйесіне көшу аясында оқу бағдарламалары мен оқу жоспарлары оқыту нәтижелеріне негізделі отырып қайта әзірленді. Бұл өзгерістер 2.8-кестеде көрсетілген.

Кесте 2.8 – 02210100 «Исламтану» мамандығы бойынша кредиттік-модульдік оқу бағдарламасы

№	Модульдер	Модульдердің атауы
1	Жалпы білім беретін пәндер*	Қазақ тілі, Қазақ әдебиеті, Орыс тілі, Орыс әдебиеті, Шетел тілі, Дүниежүзі тарихы, Қазақстан тарихы, Қоғамтану, Математика, Информатика, Физика, Химия,


		Биология, География, Алғашқы әскери дайындық, Дене тәрбиесі
2	Базалық модульдер	БМ 1. Дене қасиеттерін дамыту және жетілдіру БМ 2. Ақпараттық-коммуникациялық және цифрлық технологияларды қолдану БМ 3. Экономиканың базалық білімін және кәсіпкерлік негіздерін қолдану БМ 4. Қоғам мен еңбек ұжымында әлеуметтену және бейімделу үшін әлеуметтік ғылымдар негіздерін қолдану
Кәсіптік модульдер		
1	«3W02210101 – Азаншы» біліктілігі	КМ 1. Өзінің кәсіби қызметі саласында араб тілін қолдану КМ 2. исламдық діни жораларды орындау КМ 3. Әлеуметтік құндылықтар жүйесіне тарту
2	«3W02210102 – Имам» біліктілігі	КМ 1. Өзінің кәсіби қызметі саласында араб тілін қолдану КМ 2. Діни және ағартушылық қызметті жүзеге асыру КМ 3. Әлеуметтік құндылықтар жүйесіне тарту КМ 4. Діни, мәдени және әкімшілік іс-шараларды ұйымдастыру
3	«4S02210103 - Имам – хатиб» біліктілігі	КМ 1. Өзінің кәсіби қызметі саласында араб тілін қолдану КМ 2. Діни және ағартушылық қызметті жүзеге асыру КМ 3. Әлеуметтік құндылықтар жүйесіне тарту КМ 4. Діни сараптамалар мен консультациялар жүргізу КМ 5. Діни, мәдени және әкімшілік іс-шараларды ұйымдастыру
4	«4S02210104 – Устаз» біліктілігі	КМ 1. Оқу ақпаратын тарату КМ 2. Әлеуметтік құндылықтар жүйесіне тарту КМ 3. Діни білім беру процесін әдістемелік қамтамасыз етуді жүзеге асыру КМ 4. Сараптамалық, консультациялық және аударма жұмыстарын орындау КМ 5. Діни білім беру ұйымдарымен және діни білім берудегі барлық мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жасау
Ескерту: Әдебиет негізінде құралған [142]		

Кредиттік-модульдік оқыту жүйесінің енгізілуі студенттердің академиялық еркіндігін кеңейтіп, оқу материалдарын дербес игеруіне және өзіндік білім алу қабілетін арттыруға ықпал етті. Сонымен қатар, бұл тәсіл білім алушылардың жеке оқу траекторияларын құруға және олардың кәсіби құзыреттерін қалыптастыруға бағытталған. Бұл реформалар исламтану саласындағы техникалық және кәсіптік білім беру сапасын жақсартуға, сондай-ақ, оқу бағдарламаларын халықаралық білім беру стандарттарына сәйкестендіруге мүмкіндік берді. Қазақстандағы колледж-медреселер оқу

бағдарламаларын әзірлеу барысында әлемдік деңгейдегі исламдық білім беру мекемелерінің тәжірибесіне сүйенеді. Атап айтқанда, әл-Азхар университеті (Египет) және Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті (Қазақстан) сияқты жетекші оқу орындарының бағдарламалары негізге алынған. Колледж-медреселер осы университеттердің оқу бағдарламаларын зерттей отырып, үздік тәжірибелер мен әдістемелерді енгізу арқылы өздерінің білім беру жүйесін жетілдірген. Бұл тәсіл оқу үдерісінің ғылыми-теориялық және әдістемелік негіздерін нығайтып, студенттерге исламдық және заманауи білім салаларын үйлестіре отырып, кешенді білім алуға мүмкіндік береді.

Білім беру реформасы аясында медреселерде діни білім беру мен заманауи ғылым салаларын біріктіруге ерекше назар аударылды. Жаңартылған оқу бағдарламалары исламдық пәндерді (фиqh, хадис, араб тілі) заманауи оқу пәндерімен (құқық, экономика, ақпараттық технологиялар) интеграциялауға бағытталған. Бұл тәсіл білім алушыларға жан-жақты білім алуға және олардың кәсіби құзыреттерін кеңейтуге мүмкіндік береді. Аталған реформалар діни білім беру мазмұнын жаңартуға, исламдық білім беру жүйесін мемлекеттік білім беру стандарттарына сәйкестендіруге, колледж-медреселерде жалпы білім беру сапасын арттыруға ықпал етті. Осы өзгерістер Қазақстандағы исламдық білім беру жүйесін жаңарту мен жетілдірудің маңызды кезеңдерінің бірі болып табылады.

2024-2025 оқу жылы колледж-медреселердің оқу бағдарламалары бірнеше негізгі саланы қамтиды (2.15-сурет), олардың әрқайсысы исламдық білімді терең және жан-жақты меңгеруге бағытталған. Бұл құрылым діни және зайырлы білімнің үйлесімділігін қамтамасыз етіп, исламдық білім беру мекемелерінің білім беру жүйесін халықаралық стандарттарға жакындатуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, ТжКОБКБ білім беру бағдарламаларының реестріне [143] ендірілген.



Сурет 2.15 - Исламдық білім беру траекториясы

Ескерту: Әдебиет негізінде құралған [143]

Ислам тарихы: бұл модуль - исламның тарихын, мәдениетін және өркениеттік аспектілерін қамтиды. Исламның шығу тарихы, оның алғашқы таралуы, маңызды тарихи оқиғалар мен тұлғалар туралы мәліметтер беріледі. сондай-ақ, ислам әлеміндегі мәдени және өркениеттік жетістіктер де қарастырылады.

Қазақ салт-дәстүрі: бұл модуль - Қазақстандағы исламдық білім мен қазақ халқының дәстүрлері арасындағы өзара байланыс зерттеледі. Қазақтың тарихи тамыры мен дәстүрлі құндылықтары, исламның қазақ қоғамына ықпалы мен қазақ мәдениетіндегі исламдық элементтер талқыланады.

Құран Кәрім: бұл модуль - тәжүидке (Құранды дұрыс оқу өнері), сүрелер мен дұғаларды оқуға, сондай-ақ, Құранды тәпсірлеуге арналған. Құранның мәтінін дұрыс оқу және оның мағынасын терең түсіну үшін қажетті дағдылар мен тәсілдер үйретіледі.

Араб тілі: бұл модуль - Араб тілінде жазу, оқу, тыңдау және сөйлеу дағдылары дамытылады. Араб тілі исламдық білімнің негізі болғандықтан, оның грамматикасы мен лексикасы исламдық мәтіндерді түсіну және оқыту үшін өте маңызды.


Фиқһ және методология: бұл модуль - ислам фиқһын (ислам құқығын) зерттейді және пәтуалар мен ислам құқығының дамуы сияқты тақырыптарды қамтиды. Сонымен қатар, ислам заңдары мен оның қоғамдағы практикалық қолданылуы туралы да білім беріледі.

Ислам ақидасы: бұл модуль - исламдық сенім, этика және тасаууф (сопылық) мәселелері қарастырылады. Бұл бөлім исламның негізгі сенім жүйесін, адамның рухани өмірі мен ислам философиясын зерттейді.

Хадис терминологиясы: бұл модуль - хадис терминологиясын меңгеруге, хадис мәтіндерін түсінуге және хадистерді оқуға арналған. Хадистер Пайғамбар Мұхаммедтің (ﷺ) сөздері мен іс-әрекеттерін қамтитын исламдық дереккөздер болғандықтан, оларды дұрыс түсіну маңызды.

Медресе-колледждерде қолданылатын оқу модульдері бір-бірімен тығыз байланысты, олар исламдық білімнің әртүрлі аспектілерін жан-жақты ашуға және білім алушылардың пәндерді толыққанды меңгеруіне мүмкіндік береді. Бұл кредиттік-модульдік жүйе білім алушыларға тек теориялық білім ғана емес, сонымен қатар практикалық дағдыларды да игеруге бағытталған. Осы зерттеу аясында исламдық білім беру жүйесін жаңғырту мақсатында білім беру бағдарламаларын талдау негізінде колледж-медреседегі аудиториялық және факультативтік сабақтарға арналған білім беру бағдарламаларының инфографикалық моделін ұсынамыз (2.16-сурет).

МЕДРЕСЕ-КОЛЛЕДЖДЕРДЕГІ ИСЛАМДЫҚ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ



Сурет 2.16 - Медресе-колледждердегі исламдық білім беру бағдарламасы

Ескерту: Автор құрастырған

Жоғарыда келтірілген мәліметтерді талдай отырып, ҚМДБ талаптары мен қажеттіліктеріне сәйкес колледж-медресе мамандарын даярлау моделін әзірлеу тиімділігі мен заманауи озық технологияларды қолданудың маңыздылығы анықталды. Бұл модель мамандарды даярлауға қажетті әдістерді, оқу-әдістемелік қамтамасыз етуді қамтып, ислам ғылымдары саласында қажетті білім, білік және дағдыларды қалыптастыратын компоненттер жиынтығын ескере отырып құрастырылуы тиіс деген қорытындыға келдік. Исламтану мамандарын даярлаудың исламдық ғылымдарды оқыту моделін әзірлеу барысында келесі кезеңдер жүзеге асырылды:

- ҚМДБ тарапынан мамандарға қойылатын негізгі талаптар мен ұсыныстарды айқындау;

- нормативтік-құқықтық құжаттарды талдау және оларды модельді құру барысында негізге алу;


- модельдің негізгі мақсатын, құрылымын және функционалдық элементтерін анықтау;

- исламдық білім беру ғылымдарын оқу процесіне енгізудің теориялық негіздерін, оқу-әдістемелік қамтамасыз ету жүйесін әзірлеу;

- бағалау көрсеткіштерін анықтау;

- күтілетін нәтижелерді жүйелеп, қорытындылау.

Аталған талаптар негізінде исламдық білімді игерудің ғылыми негіздері бойынша болашақ исламтану мамандарын даярлаудың құрылымдық моделі әзірленді (2.17-сурет).




Сурет 2.17 – Медресе–колледждегі исламдық білім беру мамандарын даярлаудың моделі

Ескерту: Автор құрастырған

Осылайша, әзірленген модель исламтану саласындағы мамандарды даярлаудың жүйелі тәсілін қамтамасыз етеді және білім беру үдерісінің

тиімділігін арттыруға бағытталған. Сонымен қатар, колледж-медреселерде ҚМДБ бекіткен оқулықтар тізіміне сәйкес «Исламтану» білім беру бағдарламасы іске асырылады.



Сурет 2.18 – Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы (ҚМДБ) бекіткен исламтану білім беру бағдарламасын жүзеге асыруға арналған оқулықтардың хронологиялық дамуы

Ескерту: Автор құрастырған

Қорытындылай келе, ҚМДБ исламдық білім беру жүйесін нығайту бағытында айтарлықтай жетістіктерге жетті. Алайда медресе-колледждердің жаңа мәртебесі және білім алушылар санының артуы жүйені одан әрі дамыту үшін арнайы стратегия әзірлеуді талап етеді. Қазақстандағы исламдық білім беру жүйесін жетілдіру үшін дін, азаматтық қоғам және мемлекеттік ұйымдар арасындағы ынтымақтастықтың маңызы зор. Білім беру сапасын арттыру мақсатында мемлекет тарапынан қолдау көрсету, соның ішінде материалдық-техникалық ресурстармен қамтамасыз ету және арнайы стратегиялар әзірлеу маңызды болып табылады. Осылайша, исламдық білім беру жүйесінің тиімділігі мен тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін кешенді реформалар мен стратегиялық жоспарлар әзірлеу қажет.

Педагогикалық құрамның кәсібилігі қазіргі білім беру жүйесінің сапасын қамтамасыз етудің негізгі факторларының бірі болып табылады. Колледж-медреселерде білім беру процесі тек білікті және тәжірибелі мамандардың қатысуымен жүзеге асырылады. Сонымен қатар, ұстаздардың тек діни біліммен шектелмей, заманауи білім беру әдіс-тәсілдерін меңгеруі аса маңызды. Бұл білім беру сапасын арттырып қана қоймай, білім алушылардың

жан-жақты дамуына ықпал етеді. Қазіргі уақытта ҚМДБ тарапынан педагогтердің біліктілігін арттыру курстары әзірленіп, ұйымдастырылуы қажет. Бұл курстар:

- Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің білім беру бағдарламалары реестріне енгізілуі тиіс.

- «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы № 175 бұйрығына сәйкес тіркелуі қажет [144].

Аталған шаралар медресе-колледждер мен жалпы діни білім беру ұйымдарының аттестациялануына, сондай-ақ, педагог кадрлардың кәсіби біліктілігін арттыруға ықпал етеді. Біліктілікті арттыру курстары ұстаздардың кәсіби білімдерін жетілдіруге, жаңа әдістемелер мен технологияларды меңгеруге, заманауи оқыту әдістерін оқу процесіне енгізуге мүмкіндік береді. Қазіргі уақытта медресе-колледж ұстаздарына қойылатын негізгі талаптардың бірі оқыту процесінде заманауи технологиялар мен әдістемелерді тиімді қолдану. Бұл жаңашылдықтар оқу үдерісін тиімді ұйымдастыруға, білім алушылардың оқу мотивациясын арттыруға, білім алушылардың білім алу деңгейін көтеруге ықпал етеді. Діни білім беру ұйымдарының оқыту әдістемелері мен технологиялық мүмкіндіктері жаңартылып, әрі қарай дамытуды қажет етеді.

Инновациялық оқыту әдістері мен технологиялары бойынша жүргізілген зерттеулер нәтижелері көрсеткендей, медресе-колледждердегі оқыту әдістері дәстүрлі тәсілдермен шектелмеуі тиіс. Инновациялық оқыту технологиялары мен онлайн платформаларды қолдану қазіргі білім беру жүйесінің сапасын жақсартуға мүмкіндік береді. Дегенмен, бүгінде білім беру ұйымдарын цифрландыру коронавирустық пандемиядан бері өзекті болды, бірақ исламдық білім беруде АКТ-ны қолдану [145] жеткіліксіз зерттелген. Инновациялық оқыту әдістері мен технологиялары бұл білім беру үрдісінің ажырамас бөлігі. Атап айтқанда:

- Білім беру платформалары, мобильді қосымшалар және интерактивті құралдар білім алушыларға оқу материалдарын өз қарқынымен меңгеруге және ұстаздармен тиімді қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік береді.

- Онлайн білім беру платформаларының қолданылуы білім алушыларға қашықтан оқу мүмкіндігін ұсынады, бұл әсіресе пандемия кезеңінде маңызды рөл атқарды.

Бұл тәсілдер әлемдік білім беру стандарттарына сәйкестікті қамтамасыз етеді, заманауи білім беру үдерісін тиімді басқаруға ықпал етеді, жеке тұлғаның дамуына жағдай жасайды. Цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы білім беру жүйесін жаңғыртуға және оның қолжетімділігін арттыруға мүмкіндік берді. Қазақстанда исламдық білім беруді онлайн форматта ұйымдастыру мақсатында бірнеше мамандандырылған платформалар құрылған. Олардың ішінде Ислам

онлайн академиясы (ioa.kz) және Nur-Mubarak Online Academy (nmacademy.kz) ерекше орын алады.


Ислам онлайн академиясы (ioa.kz) Қазақстандағы тұңғыш классикалық және заманауи ислам ілімдерін жүйелі түрде оқытатын онлайн академиясы [146]. 2019 жылдан бастап жұмыс істеп келе жатқан бұл платформа студенттерге сапалы білім алуға мүмкіндік береді. Академияның негізгі ерекшеліктері:

- 120-дан астам сапалы видеосабақтар арнайы онлайн платформада ұсынылады;

- дәрістерді жоғары білікті доценттер, докторлар және ислам ілімдерін 15 жылдан астам уақыт зерттеген ғалымдар жүргізеді;

- қашықтан оқыту жүйесі арқылы студенттерге икемді білім алу мүмкіндігі беріледі.


Бұл платформа исламдық білім алуға деген сұранысты қанағаттандырып, Қазақстандағы ислам ілімдерін үйренгісі келетін білім алушылар үшін қолжетімді әрі жүйелі оқыту әдісін ұсынады.



Сурет 2.19 - Ислам онлайн академиясы (ioa.kz)

Ескерту: Әдебиет негізінде құралған [146]

Nur-Mubarak Online Academy (nmacademy.kz) исламдық ғылымдарды қашықтан оқытуға мүмкіндік беретін онлайн платформа [147]. Академия келесі бағыттар бойынша курстар ұсынады. Олар: Ислам негіздері, Араб тілі, Фикһ және т.б. пәндер. Академияның маңызды ерекшелігі оның орыс тілді студенттерге бағытталуы. Платформа исламдық білімді орыс тілінде ұсынатын мамандандырылған ресурстардың бірі болып табылады, бұл Қазақстандағы көптілді білім беру жүйесі үшін маңызды қадам.



Сурет 2.20 - Nur-Mubarak Online Academy (nmacademy.kz)

Ескерту: Әдебиет негізінде құралған [147]

Исламдық онлайн білім беру платформалары Қазақстандағы діни білім беру жүйесінің жаңғыруына ықпал етуде. Бұл платформалар исламдық білім беруді кеңінен таратуға, қашықтан оқыту арқылы білімге қолжетімділікті арттыруға, оқытудың икемді және заманауи әдістерін енгізуге мүмкіндік береді. Онлайн академиялардың дамуы Қазақстандағы исламдық білім беру жүйесінің цифрлануына ықпал етіп, діни білім алуға ниетті азаматтар үшін жаңа мүмкіндіктер ашады. Осылайша, діни білім беру ұйымдарының жаңа әдістемелерді енгізуі және білім беру бағдарламаларын халықаралық стандарттарға сәйкестендіруі Қазақстандағы исламдық білім беру жүйесінің сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Білімнің сапасы мен нәтижелері мемлекеттік білім беру стандарттары мен заңнамалық талаптар колледж-медреселердің оқу процесін бақылау және басқару механизмдерін қалыптастыруда шешуші рөл атқарады [148]. Бұл талаптар оқу орындарының білім беру сапасын қамтамасыз ету, оқыту әдістері мен педагогикалық үдерістердің тиімділігін арттыру мақсатында әзірленген. Сонымен қатар, мемлекеттік стандарттар білім беру ұйымдарының заңнамалық нормаларға сәйкестігін анықтаудың негізгі құралы болып табылады. Исламдық білім беру жүйесінің мемлекеттік білім беру стандарттарымен үйлесімділігі оның интеграциясын қамтамасыз етудегі маңызды факторлардың бірі болып табылады. Мұндай интеграция исламдық білім беру жүйесінің сапасын ұлттық және халықаралық деңгейде арттыруға ықпал етеді. Сонымен қатар, исламдық білім беру мекемелерінің мемлекеттік білім беру жүйесіне интеграциясы білім беру мазмұнын жетілдіруге және түлектердің кәсіби құзыреттілігін арттыруға бағытталған.

Колледж-медреселердегі білім беру сапасы арнайы мониторингтік және бағалау жүйелері арқылы бақылауға алынады. Бұл жүйелер оқу орындарының оқу нәтижелерін талдап, олардың халықаралық білім беру стандарттарына сәйкестігін бағалауға мүмкіндік береді. Әр оқу жылында ҚМДБ мен білім басқармалары тарапынан жүргізілетін мониторинг және аттестациялау үдерістері білім беру мекемелерінің жұмыс тиімділігін бағалаудың негізгі құралы ретінде қолданылады. Осы аталған процестер барысында оқу бағдарламалары жаңартылып, педагогикалық құрамның біліктілігін арттыруға ерекше назар аударылады. Білім беру сапасын арттыру мақсатында колледж-медреселер мен білім беру басқармалары арасындағы ынтымақтастық маңызды рөл атқарады. Оқу орындарына әдістемелік көмек көрсету, педагогикалық үдерісті жетілдіру және оқу сапасын арттыруға бағытталған шаралар жүйелі түрде жүзеге асырылады. Бұл білім беру мекемелерінің тұрақты дамуын қамтамасыз етуге және оқыту сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.

Колледж-медресе түлектерінің кәсіби әлеуетін дамыту мақсатында ҚМДБ оларды республика аумағындағы түрлі өңірлерге жұмысқа орналастыруды ұйымдастырады. Бұл үдеріс дін саласындағы мамандарды қажетті қызмет орындарына бөлуді және олардың кәсіби дамуын қамтамасыз етуді көздейді. ҚМДБ колледж-медресе түлектерін мешіттер мен басқа да діни ұйымдарға имам, ұстаз, азаншы және басқа да қызметтерге орналастырады, бұл олардың жергілікті қауымдастықтармен тығыз байланыс орнатуына ықпал етеді. Сонымен қатар, түлектердің кәсіби даярлығын жетілдіру мақсатында ҚМДБ тарапынан үздіксіз білім беру курстары мен біліктілікті арттыру бағдарламалары ұйымдастырылады. Бұл курстар мен тренингтер түлектердің заманауи талаптарға сәйкес кәсіби құзыреттіліктерін жетілдіруге және олардың дін саласындағы қызметінің сапасын арттыруға бағытталған. Осылайша, колледж-медресе түлектері өз білімдерін қоғамға қызмет етуге, исламдық білім беруді дамытуға және Қазақстандағы діни тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағыттайды. Бұл үдерістер исламдық білім беру жүйесінің тиімділігін арттыруға, діни кадрларды сапалы даярлауға және олардың кәсіби өсуін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Білім алушыларға арналған оқудан тыс іс-шаралар медресе-колледждерде білім алушылар тек академиялық біліммен шектелмей, олардың әлеуметтік қолдау жүйелерімен, психологиялық кеңес беру қызметтерімен, діни тұрғыда рухани даму мүмкіндіктерімен және оқудан тыс уақытты тиімді ұйымдастыруға бағытталған шаралармен қамтылған [149]. Бұл білім беру мекемелерінде студенттердің жан-жақты дамуы үшін қолайлы орта қалыптастырылады, олардың әлеуметтік және кәсіби әлеуетін арттыруға жағдай жасалады. Республика бойынша барлық медресе-колледждер студенттерге жатақханамен қамтамасыз ету мүмкіндігін ұсынады, бұл олардың оқу барысында қолайлы тұрмыстық жағдайларын сақтауға ықпал етеді. Жатақханаларда білім алушылар Құранды қайталау және жаттау, сондай-ақ, діни білімдерін тереңдету

мүмкіндігіне ие. Бұл процесс Құранды дұрыс оқу дағдыларын қалыптастырумен қатар, исламдық қағидалар мен құндылықтарды ұстануға бағытталған.

Медресе-колледждердегі білім алушылар өңірлердегі мешіттерде практикалық тәжірибеден өтеді. Практикалық даярлық барысында олар азан шақыру, жұма намазын жүргізу және имамдық қызмет атқару сияқты кәсіби дағдыларды меңгереді. Бұл тәжірибелік жұмыс білім алушылардың кәсіби құзыреттілігін нығайтып, оларды қоғамдық қызметке белсенді қатысуға ынталандырады. Сонымен қатар, медресе-колледждерде студенттердің физикалық дамуын қамтамасыз ету мақсатында спорттық үйірмелер ұйымдастырылады. Бұл үйірмелер студенттердің денсаулығын нығайтуға, командалық рух пен ынтымақтастық дағдыларын дамытуға және олардың зайырлы қоғамда бейімделуін қамтамасыз етуге бағытталған. Спорттық іс-шаралар жастарды өзара сыйластық пен адал бәсекелестік қағидаттарына тәрбиелеумен қатар, олардың әлеуметтік және мәдени дамуына оң ықпал етеді. Осылайша, медресе-колледждердегі білім беру үдерісі тек діни білім берумен шектелмей, білім алушылардың жан-жақты дамуын көздейді. Олар діни білім мен практикалық дағдыларды игерумен қатар, физикалық, мәдени және әлеуметтік құзыреттерін жетілдіреді. Қазақстандағы исламдық білім беруді ұйымдастыруда колледж-медреселердің рөлі маңызды болып табылады, себебі олар заманауи талаптарға сәйкес білім беру мен рухани және кәсіби дамуды біріктіре отырып, жан-жақты тұлға қалыптастыруға ықпал етеді.

Екінші бөлім бойынша тұжырым

Зерттеу нәтижесінде Қазақстан Республикасындағы исламдық білім беру жүйесінің қазіргі жағдайы мен оны жетілдіру бағыттары айқындалды. Қазіргі исламдық білім беру жүйесі халықтың танымдық және рухани қажеттіліктерін ескере отырып, ғылым мен діни ілімдердің өзара үйлесімді дамуын қамтамасыз етуге бағдарланған. Негізгі тұжырымдар:

- Зерттеу барысында Қазақстандағы исламдық білім берудің институционалдық құрылымы, оқу бағдарламалары мен әдістемелік негіздері жан-жақты талданды.

- Ғылыми шолу мен библиометриялық талдау деректеріне сүйене отырып, еліміздегі исламдық білімнің зерттелу деңгейі, жетекші оқу орындары мен мамандардың рөлі, сондай-ақ, білім беру мазмұны мен өзекті мәселелері жүйелі сипатта қарастырылды.

- Қазіргі исламдық білім беру мекемелерінде бакалавриат, магистратура және докторантура деңгейлерінде оқу бағдарламалары жүзеге асырылады. Бұл бағдарламаларда классикалық ислам ғылымдары (Құран ілімі, хадис, фикһ, ақида) мен заманауи пәндер (философия, құқық, педагогика, тіл білімі және т.б.) тең дәрежеде қамтылып, теологиялық білім берудің кеңейтілген үлгісі қалыптасқан.

- Қазақстан Республикасындағы исламдық білім беру жүйесінің мазмұндық құрылымы, әдістемелік негіздері және заманауи трансформациялық үдерістері жан-жақты қарастырылды. Исламдық білім беру құрылымының қазіргі қоғамдағы әртүрлі әлеуметтік топтардың танымдық және рухани қажеттіліктеріне бейімделгені анықталды. Сонымен қатар, оның сапасын арттыру үшін инновациялық тәсілдерді, цифрлық және визуалды оқыту технологияларын енгізу, сондай-ақ, дін саласында кәсіби құзыретті мамандар даярлау қажеттілігі негізделді.

Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері көрсеткендей, Қазақстан Республикасындағы исламдық білім беру жүйесі халықтың діни және зайырлы білім алу қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған. Бұл жүйе діни дәстүрлерді сақтай отырып, оның заманауи білім беру стандарттарына сәйкестігін қамтамасыз етуі тиіс. Қазақстандағы исламдық білім берудің сапасын арттыру үшін ұлттық және аймақтық ерекшеліктерді ескеру, пәнаралық тәсілдерді қолдану және мемлекеттік органдармен, ғылыми орталықтармен ынтымақтастықты дамыту қажет. Осы реформалар мен жаңартулар еліміздің діни білім беру жүйесінің тиімділігін арттырып, исламдық білім берудің жаңа деңгейге көтерілуіне ықпал етеді.

3 ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ИСЛАМИ БІЛІМНІҢ ДАМУ КЕЛЕШЕГІ

3.1 Қазақстан Республикасындағы исламдық білім беру жүйесін жетілдіру: зерттеу нәтижелері

Қазақстандағы исламдық білім беру жүйесінің даму мәселелеріне қатысты бірқатар зерттеулер жүргізіліп, исламдық білімнің қазіргі жағдайы, мүмкіндіктері мен сын-қатерлері жан-жақты талдануда. Г. Сабки мен Г. Хардикардың [150] зерттеуінде Қазақстанда жоғары діни білім алу үшін барлық қажетті жағдайлар жасалғаны атап өтілген. Зерттеушілер Ислам дінінің қазақстандық қоғамның әлеуметтік-мәдени өмірінде маңызды орын алатынын көрсете отырып, заманауи оқыту әдістері мен цифрлық технологиялардың қолданылу деңгейін жетілдіру қажеттілігіне назар аударған.

Д. Мур [151] өз зерттеуінде исламдық білім берудің барлық деңгейіндегі (жоғары оқу орындарынан бастап медреселер мен мектептерге дейін) педагог кадрлардың құрамы айтарлықтай жаңартуды қажет ететінін атап өткен. Автор білім беру саласындағы кадрлық ресурстардың сапасын арттыру арқылы исламтану саласындағы жаңа буын мамандарын даярлау маңызды деп көрсеткен.

А. Халед [152] зерттеуінде Қазақстандағы исламдық білім беру жүйесінің құрылымдық деңгейлерін зерттей келе, оқу процесінің мемлекеттік білім беру стандарттарына сәйкестігін атап өткен. Дегенмен, зерттеуші бұл жүйені институционализациялау мен білім беру моделін жетілдіру қажеттігін алға тартады. Оның пікірінше, исламдық білім беру жүйесін жалпы ұлттық білім беру жүйесіне бейімдеп, коммуникативті және практикалық оқыту тәсілдерін қалыптастыру қажет.

А. Шахин [153] мен Б. Тернер [154] зерттеулерінде Қазақстандағы исламның дамуын зерттей отырып, исламдық білім беру жүйесінің елдің мәдени және саяси дискурсындағы маңызды фактор екенін анықтаған. Олар Қазақстандағы исламдық білімді дамыту қажеттілігі тек ұлттық деңгейде ғана емес, халықаралық контексте де өзекті деп есептейді, себебі бұл жүйе әлеуметтік-экономикалық прогреске негізделіп, жаңа реформаларды талап етеді.

А. Аристовник, Д. Кержич, Д. Равшел, Н. Томажевич және Л. Умек [155] зерттеуінде Қазақстан экономикасына жүргізген талдауында рухани дағдарыспен діни саладағы әлеуметтік шиеленістің артуын атап көрсеткен. Зерттеушілердің пікірінше, тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан билігі діни саланы толық бақылауға алмағандықтан, радикалды және экстремистік діни ағымдардың таралу қаупі артқан. Осыған байланысты олар Қазақстандағы діни оқу орындарының қызметін нормативтік-құқықтық реттеуді күшейтуді ұсынған. Бұл дәстүрлі ислам құндылықтарын сақтау және экстремистік идеялардың таралуына қарсы тұру үшін маңызды.

С. Пейрус, Р. Шайхутдинов және Д. Ахиловтың [156] зерттеулерінде Қазақстан халқының 80%-ы өзін мұсылман деп санайтыны және исламдық білім

алуға деген бейімділіктің жоғары екені анықталған. Алайда, олардың пікірінше, исламдық білім беру институттарының санының артуына қарамастан, олардың қызметін реттейтін бірыңғай стандарттардың жеткіліксіздігі байқалады.

Shaykhutdinov R. [157] және Tazmini G. [158] зерттеушілер исламдық білім беру жүйесіндегі мынадай мәселелерді анықтаған: ұстаздардың біліктілігінің төмендігі, білім беру бағдарламаларында зайырлы пәндердің жетіспеуі, бірыңғай білім беру жүйесінің болмауы, қазіргі заманға сай білім беру бағдарламаларының жоқтығы, лицензиялау, оқу-әдістемелік және материалдық-техникалық база мәселелері.

Осылайша, зерттеу жұмысының нәтижесі көрсеткендей, Қазақстандағы исламдық білім беру жүйесінде түбегейлі реформалар қажет. Сонымен қатар, исламдық білім беру жүйесін ұлттық және халықаралық стандарттарға сәйкестендіру, зайырлы және діни пәндер арасындағы теңгерімді қамтамасыз ету, сондай-ақ, радикалды идеологияларға қарсы күрес жүргізу үшін білім беру саласын нормативтік-құқықтық реттеуді жетілдіру маңызды.

Білім беру дәстүрлі түрде мәдени құндылықтарды, дәстүрлерді, нормалар мен әдет-ғұрыптарды ұрпақтан ұрпаққа жеткізу механизмі ретінде қарастырылады [70, б. 4]. Бұл ұстаным академиялық және педагогикалық ортада кеңінен мақұлданған және мәдени мұраны сақтау мен дамытуда оқу-тәрбие процесінің маңыздылығын көрсетеді [160]. Исламдық білім беру контекстінде бұл процесс мұсылман қауымдастығының мәдени болмысының негізгі аспектісі ретінде ислам құндылықтары мен дәстүрлерін жеткізуге негізделеді. Исламдық білім беру қоғамның рухани және әлеуметтік тұтастығын сақтау құралы ретінде қарастырылып, діни сенімдер мен құндылықтарды ұрпақтан ұрпаққа жеткізудің маңызды элементі болып табылады [161]. Қазақстанда исламдық білім беру тарихи тәжірибені, қазақ халқының дәстүрлі мәдени негіздерін және заманауи қажеттіліктерді ескере отырып, институционализациялау кезеңінен өтуде [162]. Тәуелсіздік алғаннан кейін исламдық білім беру жүйесі айтарлықтай қалпына келтіріліп, қазіргі таңда мемлекеттік білім беру стандарттарына сәйкес еліміздің жалпы білім беру жүйесіне интеграцияланды [163]. Бұл интеграциялық процесс Қазақстанның ішкі және сыртқы білім беру байланыстарын нығайтуға бағытталған. Алайда, исламдық білім беру жүйесінің институционализациясын одан әрі дамыту қажеттілігі туындап отыр. Бұл әсіресе исламдық білім беру моделін заманауи талаптарға бейімдеумен, тиімді коммуникациялық тәжірибелерді қалыптастырумен, Қазақстанның жалпы білім беру жүйесімен үйлестірумен байланысты [164].

Исламдық білім беру жүйесінің негізі Құран мен сүннет, олар мұсылман өмірінің барлық аспектілерін, соның ішінде білім беруді де реттейді. Қазақстанда және басқа да мұсылман елдерінде исламдық білім беру жүйесі тек оқу мен жазу негіздерін ғана емес, сонымен қатар фикһ, грамматика және басқа да арнайы пәндерді қамтитын құрылымдық жүйеге негізделген [165-166]. Бұл жүйе

исламдық білім беру процесінің кәсібилігі мен тереңдігін, сауатты және этикалық саналы тұлғаларды қалыптастыруды, рухани және практикалық білімнің үйлесімді интеграциялануын, жеке тұлғаның моральдық және әлеуметтік жауапкершілігін арттыруды қамтамасыз етеді [167].


Исламдық білім беру жүйесінің ерекшелігі оның оқу-тәрбие үдерісінің мазмұны мен құрылымына негізделеді. Бұл жүйенің басты мақсаты халық арасында мәдени-ағартушылық және рухани ағарту жұмыстарын жүргізу, сондай-ақ, мұсылман мәдениетін қазақ кеңістігіне интеграциялау [21, б. 101]. Сонымен қатар, қазіргі кезеңде білім беру жүйесінің онлайн форматтарға бейімделуі және оның білім беру үдерісінің сапасына ықпалы өзекті мәселелердің бірі ретінде қарастырылуда. Әсіресе, COVID-19 пандемиясы кезінде онлайн оқытудың маңыздылығы артып, қашықтан білім беру әдістерін жетілдіру қажеттілігі туындады [64], [169]. Діни білім беруді жаңғырту мәселесі қазіргі уақытта өзекті ғылыми және педагогикалық сұрақтардың біріне айналып отыр. Бұл үрдіс пандемия кезеңінде ерекше байқалып, қоғамның діни білім беру жүйесін жаңғыртуға деген қызығушылығының артуына ықпал етті [71, б. 145].

Қазақстандағы исламдық білім берудің институттану үдерісін зерделей отырып, діни, мәдени және ұлттық құндылықтарды сақтаудағы маңызды фактор ретінде зерттелген [171, 172]. Ғалымдар исламдық білім беру жүйесінің құрылымын, оның елдің мәдени және діни мұрасымен байланысын талдай отырып, оның Қазақстан қоғамының рухани және мәдени дамуына қосқан үлесін атап өткен. Исламдық білім беру институттары, әсіресе «Исламтану» колледждері, халықтың діни сауаттылығын арттырып, ұлттық құндылықтарды нығайтуда маңызды рөл атқарады. Бұл оқу орындары тек діни білім берумен шектелмей, сонымен қатар қазақ халқының дәстүрлері мен мәдениетін тереңірек зерттеуге ықпал етеді. Институционализация процесі білім беру жүйесінің тиімділігін арттыруға және оның сапасын қамтамасыз етуге бағытталған шараларды қамтиды. Бұл жүйенің дамуы діни білімнің сапасын арттыруды, ұлттық мәдениетті сақтауды және дамытуды, исламдық білім беру құрылымдарының мемлекеттік және зайырлы білім беру жүйелерімен үйлесімділігін қамтамасыз етеді.


Осылайша, Қазақстандағы исламдық білім беру жүйесі тарихи, мәдени және заманауи білім беру талаптарын ескере отырып дамуда. Діни білім беру тек діни догмалармен шектелмей, пәнаралық тәсілдерді енгізу, академиялық стандарттарды жетілдіру және ұлттық құндылықтарды сақтау негізінде дамып келеді. Осы тұрғыда, Қазақстандағы исламдық білім беру жүйесін одан әрі институционализациялау, оны заманауи білім беру стандарттарына сәйкестендіру және білім беру мазмұнын жетілдіру маңызды.

Сонымен қатар, зерттеу жұмысы барысында Қазақстан Республикасындағы исламдық білім беру жүйесінің негізгі мәселелері мен даму тенденциялары анықталды. Бұл мәселелерді тереңірек талдау мақсатында

ұстаздар мен білім алушылар арасында сауалнама жүргізілді. Сауалнама Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінде (Алматы) және Астана медресе-колледжінде өткізілді. Зерттеуге 180 бакалавриат студенті және 28 педагог-оқытушы (Нұр-Мұбарак университеті), сондай-ақ, 18 педагог-оқытушы мен 115 студент (Астана медресе-колледжінен) қатысты. Сауалнама барысында исламдық білім берудің қазіргі жағдайы, оның даму бағыттары және жетілдіру жолдары талқыланды. Сауалнама деректерінің алынған нәтижелері 3.1-суретте көрсетілген.



а) педагогтар арасында жүргізілген сауалнама нәтижелері



б) студенттер арасында жүргізілген сауалнама нәтижелері

Сурет 3.1 а,б - Зерттеу жұмысы негізде жасалған сауалнама нәтижелері

Ескерту: Автор құрастырған

Ұстаздар арасында жүргізілген сауалнама нәтижелері исламдық білім беру жүйесін жетілдіру үшін бірнеше маңызды аспектілерді айқындады:

- *Қоғамдағы діни ұстанымдардың ерекшеліктері:* исламдық білім берудің мазмұны мен әдістемесін қалыптастыруда қоғамның діни құрылымы (моноконфессиялық немесе көпконфессиялық) шешуші рөл атқарады.

- *Діни және зайырлы құндылықтардың арақатынасы:* елдегі діни және зайырлы құндылықтардың үйлесімділігі исламдық білім беру жүйесінің құрылымына тікелей әсер етеді.

- *Тарихи дәстүрдің ерекшеліктері:* Қазақстандағы діни дәстүрлер мен тарихи мұраны есепке алу исламдық білім беру жүйесінің тиімділігін арттырады.

- *Дінтану саласындағы білім беру мақсаттары:* Исламтануға оқыту барысында әртүрлі әлеуметтік топтарға бейімделген арнайы білім беру бағдарламаларын әзірлеу маңызды.

Ислами білім беру жүйесін жетілдіру мақсатында ұстаздар келесі ұсыныстарды білдірді:

- *Теология және дінтану саласында білікті мамандарды даярлау:* жоғары оқу орындарында теологиялық білімнің сапасын арттыру.

- *Діни ілімдер мен ақпараттың Қазақстан азаматтарына қолжетімділігін қамтамасыз ету:* оқу материалдарын әзірлеу және ашық электрондық ресурстарды дамыту.

- *Көпмәдениетті және көпконфессиялық қоғамда өзара диалогты нығайту:* әр түрлі діни және мәдени қауымдастықтар арасында ынтымақтастық пен түсіністік қалыптастыру.

Білім алушылар арасында жүргізілген сауалнама нәтижелері исламдық білім беру жүйесін жетілдірудің бірнеше тиімді әдістерін анықтады:

- *Медиа кеңістікті пайдалану:* интернет арқылы білім беру қызметін кеңейту, онлайн платформалар мен виртуалды қауымдастықтар құру. Бұл білім алушыларға исламдық білім мен мәдени мұраны жаһандық деңгейде зерттеуге мүмкіндік береді.

- *Электрондық медиа жобалар:* білім алушылар өз медиа-жобаларын әзірлеп, электронды газеттер, саяхат блогтары және діни өнерге арналған ресурстар құруды ұсынды.

- *Әлеуметтік желілерде топтар құру:* исламдық білім беру және құндылықтар туралы ақпарат тарату мақсатында арнайы әлеуметтік желі топтарын ұйымдастыру.

Осылайша зерттеу нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасындағы исламдық білім беру жүйесін жетілдіру үшін педагогикалық тәсілдерді жаңарту, инновациялық технологияларды енгізу, және қоғамның әртүрлі топтарына қолжетімділікті арттыру маңызды. сондай-ақ,, «Исламтану» және «Дінтану» саласында жоғары білікті мамандарды дайындау, діни ілімдер мен мәдениеттердің өзара сыйластық негізінде білім беру қажет екендігі көрсетілді.

3.2 Исламдық білім: шетелдік тәжірибе

Қазақстандағы исламдық білім беру жүйесі өзіндік тарихи жолдан өтті. Қазіргі таңда елімізде ислами білім берудің институционалдық құрылымдары бірқатар жетістіктерге жеткенімен, халықаралық тәжірибемен салыстырғанда, жүйе әлі де кәсіби, мазмұндық және құрылымдық тұрғыда жетілдіруді қажет етеді. Осыған орай, Түркия, Мысыр, Малайзия және Өзбекстан елдерінің исламдық білім беру үлгілерімен салыстырмалы талдау жүргізу – Қазақстандағы модельдің әлсіз тұстарын, артықшылықтары мен даму мүмкіндіктерін анықтауға мүмкіндік береді.

Мысыр исламдық білім беру саласында терең тарихи-ғылыми дәстүрге ие мемлекет. Мұндағы басты институт – әл-Азһар университеті, ол ислам әлеміндегі ең көне және беделді діни оқу орны болып табылады. Әл-Азһар жүйесі бастауыш мектебінен бастап, университет деңгейіне дейінгі толық құрылымды қамтиды. Мысырда исламдық білім беруді әл-Азһар шейхының басшылығындағы орталықтандырылған басқару органы реттейді. Бұл орган оқу бағдарламаларын, кадр даярлығын, діни ұстанымдарды және халықаралық ынтымақтастықты үйлестіріп отырады. Сонымен қатар, әл-Азһар түлектері әлемнің түкпір-түкпірінде діни көшбасшы, ұстаз, теолог ретінде қызмет етуде [176].

Кесте 3.1 - Мысырдың исламдық білім беру моделі үлгісі

Салыстырмалы аспект	Мысыр тәжірибесі	Қазақстан үшін өзектілік
Білім беру құрылымы	Әл-Азһар білім беру жүйесі бастауыш мектептен бастап жоғары білім деңгейіне дейінгі толық циклді қамтиды.	Медресе-колледж-ЖОО құрылымын интеграциялау арқылы тұтас исламдық білім кеңістігін қалыптастыру қажеттілігі туындайды.
Орталықтан-дырылған басқару	Әл-Азһар шейхы басқаратын орталық басқару жүйесі бірыңғай оқу бағдарламалары мен стандарттарды қамтамасыз етеді.	Исламдық білім беруді сапалы үйлестіру үшін бірыңғай ұлттық басқару құрылымын жетілдіру өзекті болып табылады.
Зайырлы пәндермен үйлесімі	Діни пәндермен қатар құқық, лингвистика, жаратылыстану бағыттары қатар оқытылады.	Исламтану бағдарламаларын пәнаралық негізде ұйымдастырып, еңбек нарығы талаптарына бейімдеу қажет.

Халықаралық бедел	Әл-Азһар – ислам әлеміндегі жетекші ғылыми әрі діни орталықтардың бірі болып табылады.	Исламдық оқу орындарының халықаралық деңгейдегі танымалдығы мен беделін арттыру стратегиялық маңызға ие.
Кадр дайындау	Діни кадрлар халықаралық аренада жұмыс істеуге бейімделген сапалы біліммен қамтамасыз етіледі.	Қазақстанда дін саласында қызмет ететін мамандарды әлемдік стандарттарға сәйкес даярлау тетіктерін жетілдіру қажет.
Ғылыми әлеует	Әл-Азһардың басты миссиясы – орта жол (васатия) қағидасын ұстану және діни экстремизмге қарсы иммунитет қалыптастыру.	Діни радикализмнің алдын алу мақсатында теологиялық білім беру мазмұнына идеологиялық иммунитет қалыптастыратын компоненттерді енгізу маңызды.

Мысыр моделі исламдық білім беру мен зайырлы ғылымдарды интеграциялау арқылы ислам әлемінде баламасы жоқ білім беру синтезін қалыптастырды. Бұл модель дәстүр мен жаңашылдықты ұштастыра отырып, ислами білімнің халықаралық ғылыми кеңістікпен тиімді ықпалдасуына жол ашатын үлгі ретінде ерекшеленеді. Қазақстан үшін осы тәжірибенің нақты көрінісі – Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінің құрылуы болып табылады [177]. Аталған жоғары оқу орны әл-Азһар университетімен әріптестік негізінде жұмыс істей отырып, отандық исламтану саласының халықаралық деңгейде дамуына серпін берді [178]. Соған қарамастан, Қазақстандағы теологиялық кадрлар даярлау жүйесі әлі де әл-Азһар университетіндегідей көпдеңгейлі әрі институционалдық тұрғыда кең ауқымды қамти алмай отыр [179]. Осы орайда, исламдық білім беру құрылымын әртараптандыру, яғни бастауыш, орта және жоғары білім беру деңгейлері арасындағы сабақтастықты қамтамасыз ету – саланың өзекті даму міндеттерінің бірі болып табылады. Сонымен қатар, исламдық білімді өңірлік деңгейде кеңінен тарату және жергілікті кадрлар даярлау жүйесін жетілдіру қажеттілігі сақталуда [180].

Малайзияның исламдық білім беру жүйесі мемлекеттік және жекеменшік құрылымдардың негізінде дамып, исламдық және зайырлы білімді ұштастыратын дуальды үлгімен сипатталады. Бұл модель *madrasah*, *sekolah agama* және Халықаралық Ислам Университеті Малайзия (PIUM) сынды оқу орындарының қызметі арқылы жүзеге асырылады. Атап айтқанда, PIUM оқу

үдерісінде білім беру ағылшын тілінде жүргізіліп, ислам ғылымдарымен қатар заманауи пәндерге де басымдық берілуімен ерекшеленеді [181]. Малайзияның білім беру жүйесінің маңызды ерекшелігі – исламдық және зайырлы ғылымдарды біріктіру арқылы білім беру дуализмін жоюға бағытталған реформалар жүргізілуі. Мұндай дуальды жүйе білім беру мазмұнын жаңғыртып, заманауи оқыту әдістерін исламдық білім беру бағдарламаларына интеграциялауға мүмкіндік береді [182]. Аталған интеграциялық тәсіл исламдық оқу орындарында кеңінен қолданыс тауып, оқыту тиімділігін арттыруда.

Исламдық білім беру саласында қызмет ететін педагог кадрлар, әсіресе Малайзияның Халықаралық Ислам Университетінде білім алған оқытушылар, технологиялық құралдар мен интерактивті оқыту әдістерін қолдану арқылы жоғары нәтижелерге қол жеткізуде [183]. Бұл әдістер оқыту сапасын арттырып, білім алушылардың оқу материалын меңгеру деңгейін едәуір жақсартуға ықпал етеді. Сонымен қатар, Малайзия университеттері дінаралық диалогты дамыту бағытында түрлі іс-шаралар ұйымдастырып, әртүрлі конфессия өкілдері арасындағы өзара түсіністік пен ынтымақтастықты нығайтуда [184]. Жалпы алғанда, Малайзия тәжірибесі исламдық білім беруді жаһандық білім кеңістігіне интеграциялаудың тиімді үлгісі ретінде танылады. Қазақстан үшін бұл модель өзектілігімен ерекшеленеді және исламдық білім беру жүйесін жаңғыртуда бағдар бола алады (3.1-кесте).

Кесте 3.2 - Малайзияның исламдық білім беру моделі үлгісі

Салыстырмалы аспект	Малайзия тәжірибесі	Қазақстан үшін өзектілік
Интеграция моделі	Исламдық және зайырлы пәндердің үйлесімділігіне негізделген дуальды білім беру моделі жүзеге асырылады.	Исламтану бағдарламаларын қазіргі заманғы ғылымдармен ықпалдастыру арқылы интеграциялық модельді нығайту қажет.
Оқыту тілі	Ағылшын тілінде жүргізілетін бағдарламалар халықаралық академиялық және ғылыми кеңістікке шығуға мүмкіндік береді.	Ағылшын тілді исламтанушы мамандар даярлау – халықаралық ғылыми байланыстар мен диалогқа жол ашады.
Білім беру әдістері	Интерактивті, технологиялық және цифрлық оқыту әдістері кеңінен қолданылады.	Исламдық білім беру жүйесіне заманауи цифрлық технологиялар мен оқыту құралдарын енгізу өзекті.

Тарихи даму	Білім беру жүйесі Малакка сұлтандығынан бастау алып, пондок үлгісінен қазіргі реформаланған құрылымға дейін дамыды.	Кеңестік кезеңнен кейінгі тарихи сабақтастықты ескере отырып, діни білім беру жүйесін жүйелі жетілдіру қажет.
Халықаралық тартылу деңгейі	135 елден 170 000-нан астам шетелдік студент білім алуда; ел білім беру хабына айналған.	Қазақстанда исламтану саласы бойынша шетелдік студенттер мен серіктестерді тарту әлеуеті жоғары, оны дамыту маңызды.
Дінаралық диалог	Конфессияаралық іс-шаралар мен форумдар арқылы мәдениетаралық түсіністік дамытылуда.	Конфессияаралық келісімді нығайтуда исламдық білім беру мекемелерінің әлеуетін арттыру қажет.
Саясат пен қаржыландыру	Ғылыми-зерттеу жұмыстары мен интернационалдандыру саясаты тұрақты мемлекеттік қолдауға ие.	Исламдық білім беру саласын институционалдық және қаржылық тұрғыда тұрақты қолдау механизмдерін қалыптастыру қажет.

Малайзияның тәжірибесі исламдық білім беру аясын кеңейтіп, оны халықаралық білім стандарттарына бейімдеудің тиімді үлгісі ретінде қарастырылады. Бұл елде теологиялық білім беру жүйесі заманауи ғылыми-педагогикалық талаптарға сәйкес құрылып, дін мен зайырлы білімнің өзара ықпалдастығы қағидатына негізделген. Аталған модельді Қазақстан жағдайында бейімдеп қолдану — еліміздегі теологиялық білім беру сапасын арттыруға, сондай-ақ, «Исламтану» мен «Дінтану» салаларында халықаралық деңгейде бәсекеге қабілетті мамандар даярлауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл бағыт ұлттық білім беру кеңістігінде діни білім мазмұнын жүйелеу және оны қазіргі заманның әлеуметтік-мәдени және ғылыми талаптарына сәйкестендіру үдерісінде маңызды рөл атқаруы ықтимал.

Түркия зайырлы мемлекет бола отырып, исламдық білім беруді мемлекеттік құрылым аясында жүйелі түрде жүзеге асырып отырған елдердің бірі болып табылады. Бұл елдегі негізгі исламдық білім беру институттарына имам-хатиб лицейлері, Хасеки жоғары діни оқу орындары және университеттер жанындағы иләһият (теология) факультеттері жатады [185]. Аталған білім беру мекемелері діни және зайырлы пәндерді үйлестіре отырып, тек дін қызметкерлерін ғана емес, сонымен қатар басқа да салаларда қызмет етуге қабілетті білікті мамандар даярлауды мақсат етеді.

Түркиядағы исламдық білім беру процесі Дін істері басқармасы (Diyanet İşleri Başkanlığı) тарапынан бақылауға алынып, оқу мазмұнының қауіпсіздік пен бірлікті талаптарына сай болуын қамтамасыз ету тетіктері арқылы жүзеге асырылады [186]. Теологиялық кадрларды даярлау жүйесі елдегі әлеуметтік өзгерістер, саяси реформалар және халықаралық ықпалдар нәтижесінде айтарлықтай трансформацияға ұшыраған [187]. Түркия Республикасының алғашқы кезеңінде діни көшбасшыларды даярлау мақсатында имам-хатиб мектептері құрылып, кейіннен бұл мекемелер елдегі діни және саяси жағдайдың өзгерістеріне бейімделе отырып кеңейтілді [188].

Діни білім беру саласындағы өзекті мәселелерді шешу мақсатында теология және ислам ғылымдары факультеттерінің оқу бағдарламаларына қайта қарау жүргізілді, сондай-ақ, ресми және бейресми білім беру жүйелері үшін арнайы әдістемелік нұсқаулықтар әзірленді [189, 4–6]. Қазіргі таңда Түркияның исламдық білім беру жүйесі зайырлы және діни білім элементтерін үйлестіруде елеулі жетістіктерге жеткенімен, бірқатар күрделі мәселелер әлі де сақталып отыр. Олардың қатарына дәстүрлі исламдық білім мен заманауи академиялық стандарттар арасындағы тепе-теңдікті сақтау қажеттілігі, білім беру саласындағы шамадан тыс орталықтандыру, сондай-ақ, институционалдық реформаларға деген ішкі қарсылық мәселелері жатады [190].

Осы тұрғыдан алғанда, Түркия тәжірибесі – исламдық білімді зайырлы мемлекеттік жүйеге тиімді интеграциялау және оны мемлекеттік стандарттар негізінде орталықтандырылған басқару арқылы жүзеге асырудың озық үлгісі болып табылады (3.3-кесте). Бұл модель Қазақстанда да теологиялық білім беру жүйесін заманауи талаптарға бейімдеу және институционалдық негізде жетілдіру бағытында маңызды бағдар бола алады.

Кесте 3.3 - Түркияның исламдық білім беру моделі үлгісі

Салыстырмалы аспект	Түркия тәжірибесі	Қазақстан үшін өзектілік
Білім беру құрылымы	Имам-хатиб лицейлері мен иләһият (теология) факультеттері бірыңғай, көпдеңгейлі құрылым ретінде әрекет етеді.	Қазақстанда діни білім мен исламтану бағдарламаларын өзара сабақтастықта дамытатын көпдеңгейлі құрылымды жетілдіру қажет.
Мемлекеттік бақылау	Білім беру сапасын Түркияның Diyanet істері басқармасы мен Ұлттық білім министрлігі бірлесе бақылап, мазмұнын қадағалайды.	Мемлекеттік және діни органдар арасындағы үйлесімді бақылау және реттеу механизмін қалыптастыру өзекті.

Интеграция деңгейі	Исламдық білім беру жүйесі зайырлы жалпы білім беру құрылымымен толықтай интеграцияланған.	Исламтану білімін жалпы білім беру жүйесімен үйлестіру және интеграциялық тетіктерді дамыту қажет.
Кәсіби маман даярлығы	Біліктілікті арттыру және қайта даярлау бағдарламалары жүйелі түрде жүзеге асырылады.	Ислами білім беру саласында кадрлардың кәсіби дамуын қамтамасыз ететін үздіксіз білім беру жүйесін құру маңызды.
Бағдарламалардың қалыптасуы	Иләһият факультеттері оқу мазмұнын тарихи, саяси және әлеуметтік өзгерістерге сай үнемі жаңартып отырады.	Қазақстандағы исламтану бағдарламаларын жаңғыртып, жаһандық ғылыми-контекстке бейімдеу қажет.
Орталықтандыру және сын	Түркиядағы шамадан тыс орталықтандыру кей жағдайда академиялық еркіндікті шектейді деген сын-пікірлер бар.	Діни білім беру саласында орталықтандыру мен академиялық дербестіктің тепе-теңдігін қамтамасыз ететін оңтайлы модельді қалыптастыру қажет.

Түркиядағы исламдық білім беру жүйесі тарихи тәжірибе, саяси реформалар және халықаралық ықпалдар негізінде қалыптасып, дәстүрлі діни білім мазмұнын қазіргі заманғы академиялық стандарттармен тиімді ұштастыруда елеулі жетістіктерге қол жеткізген. Бұл жүйе исламдық білім берудің институционалдық құрылымын нығайтып, теологиялық кадрларды даярлаудың заманауи талаптарға сай моделін қалыптастыруға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, аталған жүйеде институционалдық реформаларға қатысты ішкі қарсылықтар, құрылымдық өзгерістерге бейімделу қиындықтары сияқты мәселелер өзектілігін сақтап отыр. Бұл жағдай діни білім беру саласындағы трансформацияның көпқырлы және күрделі сипатын көрсетеді. Қазақстан жағдайында Түркияның бұл тәжірибесін исламдық білім беруді мемлекеттік басқару құрылымдарымен тиімді үйлестіру, кәсіби мамандардың біліктілігін арттыру, сондай-ақ, дәстүрлі діни білім мен заманауи ғылыми-педагогикалық компоненттерді теңгерімді түрде біріктіру тұрғысынан маңызды әрі пайдалы практикалық үлгі ретінде қарастыруға болады.

Өзбекстан ислам өркениетінің маңызды тарихи орталықтарының бірі ретінде ерекшеленеді. Бұхара, Самарқанд және Ташкент сияқты қалаларда ортағасырлардан бері қалыптасқан медреселер жүйесі ислам ғылымының

дамуына елеулі үлес қосты. Кеңестік кезеңде бұл білім беру құрылымы едәуір қысқартылып, ұзақ уақыт бойы тоқырауға ұшырағанымен, ел тәуелсіздігін алғаннан кейін исламдық білім беру саласын қайта жаңғыртуға бағытталған жүйелі шаралар қолға алына бастады. Тәуелсіздік кезеңінде Өзбекстан үкіметі исламтану саласына ерекше назар аударып, діни білім беру мазмұнын заманауи талаптарға сәйкестендіру мақсатында оқу бағдарламаларына «Дін теориясы», «Ислам құқығы», «Ислам экономикасы» сынды жаңа пәндерді енгізді [191]. Бұл жаңғыртулар дінтану білімін жалпыұлттық білім беру жүйесінің толыққанды құрамдас бөлігіне айналдыруға, сондай-ақ, діни және зайырлы білім беру арасындағы тепе-теңдікті сақтауға бағытталған [192].

Жүргізілген реформалар исламдық білім беру жүйесін халықаралық стандарттарға бейімдеуге, сондай-ақ, кеңестік кезеңдегі тәжірибе мен қазіргі заманғы талаптарды үйлестіруге ұмтылады [193]. Қазіргі уақытта Өзбекстандағы исламдық білім беру жүйесі үш сатылы құрылым бойынша ұйымдастырылған:

Бастауыш және орта білім деңгейі – арнайы орта діни білім беру мекемелері (медреселер);

Жоғары білім деңгейі – Имам Бұхари атындағы Ислам институты мен Ташкент ислам университеті;

Ғылыми-зерттеу деңгейі – Ташкент ислам университетінің жанындағы ғылыми орталықтарда жүзеге асырылады.

Исламдық білім беру жүйесінің мазмұны мен кадрлық саясатын үйлестіру мақсатында «Дін істері жөніндегі комитет» пен «Өзбекстан мұсылмандары діни басқармасы» бірлесе жұмыс атқарады. Бұл институционалдық модель діни білім берудің жүйелілігін қамтамасыз етіп, оның зайырлы қоғаммен өзара ықпалдастығын нығайтуға бағытталған (3.4-кесте).

Кесте 3.4 - Өзбекстанның исламдық білім беру моделі үлгісі

Салыстырмалы аспект	Өзбекстан тәжірибесі	Қазақстан үшін өзектілік
Білім беру құрылымы	Үш сатылы жүйе (медресе – жоғары ислам институты – университет) бойынша қалыптасқан.	Исламдық білімнің үздіксіз және деңгейлес құрылымын қалыптастыру арқылы оқытудың тұтастығы мен сабақтастығын қамтамасыз ету.
Мемлекеттік бақылау	Діни білім беру қатаң мемлекеттік бақылауда; радикализмге қарсы идеологиялық алдын алу жүйесі бар.	Конфессиялық тұрақтылықты сақтай отырып, діни білім беруді үйлесімді әрі жүйелі басқару тетіктерін дамыту.

Интеграция	Шариғат пен зайырлы құқық, фикһ пен қазіргі діни-философиялық ой қатар оқытылады.	Исламтану бағдарламаларын зайырлы бағыттармен үйлестіріп, еңбек нарығы талаптарына бейімделген кәсіби мамандар даярлау.
Бағдарлама мазмұны	«Ислам экономикасы», «Ислам құқығы», «Дін теориясы» секілді жаңа пәндер енгізіліп, мазмұны жаңартылған.	Исламтану бағдарламаларын практикалық және көпсалалы пәндермен толықтырып, қолданбалы сипат беру.
Интернационалдандыру	Білім беру реформалары халықаралық ынтымақтастық негізінде жүзеге асырылуда.	Қазақстандағы исламдық білім жүйесін халықаралық стандарттарға сай жетілдіру үшін серіктес елдермен ғылыми-институционал интеграцияны дамыту.
Сын-қатерлер	Зайырлылық қағидаттарын сақтау мен діни радикализмге қарсы тұруда идеологиялық тұрақтылық маңызды.	Мемлекет пен дін арасындағы тепе-теңдікті сақтай отырып, діни білімді қауіпсіздік және зайырлылық қағидаларымен үйлестіру жолдарын жетілдіру.
